

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
СЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі

Ақпарат және мұрағат
комитетінде

08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204-Ж

Бас редактор

к.пед.н. Нукетаева Д.Ж.

Бас редактордың орынбасары

А.Қ.Рысқалиева-х.е.к., PhD
доктор.

Редакциялық алқа

Алдабек Н.Ж. – т.е.д., профессор

Ыбырайым Б.-ф.е.д., профессор;

Ержанова С.-ф.е.д., проф. м.а.

Ермекова Т.Н. - ф.е.д., доцент;

Сатбекова А.А. - п.е.к., доцент;

Сілейменова Ж.Н.- п.е.д., доцент.

Базылова Б.К. - ф.е.к., доц.;

Рысбаева Г.Қ.- ф.е.к., доцент.

Жауапты редактор

педагогика ғылымдарының

кандидаты, доцент

Жұмақаева Б.Д.

Редактор

Аса оқытушы Нагиева А.Т.

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

050000, Алматы қаласы,

Лейтенант би қышасы, 99.

Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)

Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

№5 (6)

2011

МАЗМҰНЫ

Сабырова З.Қ., Сатбекова А.А. ТҰРБИЕ – ҚОСАМ
АЛДЫНДАСЫ БАСТЫ МІНДЕТ..... 6

О ҚЫТУ ЖДІСТЕМЕСІ

Байтұмбетова П. ҚОСАРЫ ОҚУ ОРЫН-
ДАРЫНДА ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУ.... 10

Ерсеожина Ш.Л. ҚҰРМАЛАС СҮЙЛЕМДЕРДІ
ОҚЫТУДАСЫ ІЗ БЕТІМЕН ІЗДЕНЕ БІЛУ
ҰСТАНЫМЫ..... 13

Жұмақаева Б.Д. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДЕГІ ЛДБИЕТ ПЛНІ
БАСДАРЛАМАЛАРЫ: ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН
ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ 17

Ибраймова Л.Л. ПОЛИЛОГТЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ
ТҰРСЫДАН ТАЛДАУ..... 21

Саметова Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАСЫН
ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАМЕН ЖІРГІЗУДІС
ТИМДІЛІГІ..... 25

Сатимбекова С.А. ИННОВАЦИОННЫЙ УРОК –
КАК СОВРЕМЕННАЯ ФОРМА ОРГАНИЗАЦИИ
УРОКА..... 28

Сембаева А.Е. СІЗ ТІРКЕСІН ДАМЫТА ОҚЫТУ
АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫС ТЕОРИЯЛЫҚ
БІЛІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 32

Тәжіеұлова С. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЕПТІКТЕРДІ
ОҚУ ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖІРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ
ЖАСАША ОҚЫТУДЫС ЛДІС-ТЛСІЛДЕРІ..... 36

Халық Г.Ж. АУДАРМАШЫНЫС МЛТІНДІК
ҚҰЗЫРЛЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 38

ЛДЕБИЕТТАНУ

Абдуллаева Ж. ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ
ПЕРЕВОД КАК НЕОТЪЕМЛЕМАЯ ЧАСТЬ
ЛИТЕРАТУРНОЙ СВЯЗИ..... 42

Базылова Б.К. ДНЕВНИКОВАЯ ФОРМА В
МЕМУАРНО-АВТОБИОГРАФИЧЕСКОЙ
ЛИТЕРАТУРЕ..... 45

Джуренбекова Л. XX САСЫРДЫС ЕКІНШІ
ЖАРТЫСЫНДАСЫ КІРКЕМ АУДАРМАНЫС
ІЗЕКТІ МЛСЕЛЕЛЕРІ..... 50

Жінісова М.Л. «НАСАБ НАМЕ» ЕСКЕРТКІШІНІС
ТІЛІ..... 53

<i>Джүитұлы Т.</i> ҰЗІЛБЕК КІНЖЗБЕКҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАСЫ СУРЕТКЕРЛІК	55
<i>Ергалиева Ж.Н.</i> МИФ В ЛИТЕРАТУРЕ ДЛЯ ДЕТЕЙ.....	58
<i>Ержанова С.</i> ЖАСА МЫСЖЫЛДЫҚТАСЫ ПОЭТИКАЛЫҚ МІМКІНДІКТЕР.....	61
<i>Зайкенова Р.З.</i> Т. РЫСКЕЛДИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ГІМІР ШЫНДЫҒЫ ЖҢЕ КІРКЕМДІК ШЕШІМ.....	64
<i>Кажигалиева Г.А.</i> НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЭМОЦИОНАЛЬНО-СМЫСЛОВОЙ ДОМИНАНТЫ ПОЭЗИИ БИЛИНГВА (НА МАТЕРИАЛЕ ПОЭЗИИ О. СУЛЕЙМЕНОВА).....	71
<i>Ктшекова А.А.</i> АЙТЫС ЖАНРЫНДА КІРІНЕТІН ХАЛЫҚТЫҒЫС ЕРКІНДІК МҰРАТЫ	75
<i>Мұхамбетова Г.Р.</i> «ҚАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫНДАСЫ ІДЕТ-СҰРЫП, САЛТ-ДІСТІРДІС КІРІНІСІ.....	78
<i>Ортаева Э.К.</i> И.В. ГЁТЕНІС «ФАУСТ» ТРАГЕДИЯСЫНЫС ЖАНРЛЫҚ ЖҢЕ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	82
<i>Рахманова Н.М.</i> АСТАРЛЫ ОЙДЫС КІРКЕМ МІТІНДЕГІ МОТИВТЕРІ.....	85
<i>Сабинова Д.А.</i> М. ПРОБЛЕМА ИЗУЧЕНИЯ ПСИХОЛОГИЗМА В ТВОРЧЕСТВЕ О. БОКЕЯ.....	89
<i>Сапар Г.С.</i> АУДАРМА ГІНЕРІ ТУРАЛЫ.....	92
<i>Сарбасов Б.С., Сарбасова И.С.</i> ҚАЗАҚ ТАСЫЛЫМЫНДАСЫ ІЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ.....	96
<i>Тігелбаева А.Н.</i> АБАЙДЫС ІДЕБИ МҰРАСЫНДАСЫ РУХАНИ ІЛЕМ	99
<i>Юсуп П.К.</i> ЕСКЕН ЕЛУБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАСЫ БАЛАЛАР ІЛЕМІ.....	102

ТІЛ БІЛІМІНІС МҰСЕЛЕЛЕРІ

<i>Байбатшаева А.</i> ДИАЛОГ ЖҢЕ ОНЫС ТІРЛЕРІ.....	105
<i>Задаева А.А.</i> ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ТЕРМИНОСИСТЕМЫ И ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА РАЗВИТИЕ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ.....	109
<i>Егенбердиева А.К.</i> КІРКЕМ АУДАРМА МҰСЕЛЕЛЕРІ.....	113
<i>Ескермесова Г.А.</i> ЖАЙ СІЙЛЕМ ДЕСГЕЙІНДЕГІ СІЗДЕРДІС ОРЫН ТІРТІБІ.....	115
<i>Искакова А.Г.</i> ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ ПРОБЛЕМЫ КОММУНИКАТИВНОЙ ОРФОГРАФИИ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	118
<i>Киякова Г.Б., Байсыдық И.Б.</i> ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПЕРЕВОДЧЕСКИХ ТРАНСФОРМАЦИЙ.....	124
<i>Қайдарова Г.К.</i> ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫС ІНДЕСІМ ТІРЛЕНІМІНІС ЗЕРТТЕЛУІ.....	128
<i>Мамиева А.Н.</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГІЛІ ҚОСЫМШАЛАРДЫС ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН БІРЕР СІЗ.....	133
<i>Нагиева А.Т.</i> ОБЩЕЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМАТИКА ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА.....	136
<i>Нурпейсова Г.Т.</i> СЛЕНГТЕРДІС ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ.....	140
<i>Оразбаева А.С.</i> ТІЛДІС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУДАСЫ РОЛІ.....	144
<i>Отарбекова Ж.К.</i> ҚОС СІЗДЕРДІС ҚҰРАМЫНДАСЫ АРАБ-ПАРСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ЖАЙЫНДА.....	148
<i>Румянцева Е.В.</i> ТЕМАТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ ПУБЛИЦИСТИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ – ОСНОВА ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ “ПАЛИТРЫ” ГАЗЕТНОГО АФОРИЗМА.....	150
<i>Рысбаева Г.К.</i> «АРУАҚ» КОНЦЕПТІНІС АНТРОПОЦЕНТРИСТІК БАСЫТТА ЗЕРТТЕЛУІ.....	158
<i>Сейдахметова Р.Г., Базылова Б.К.</i> ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ КАК РЕЗУЛЬТАТ СЕМАНТИЧЕСКОЙ ЭВОЛЮЦИИ ТЕРМИНОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ.....	160
<i>Сембаева А.С.</i> ТІЛ, ОЙЛАУ ЖҢЕ ТАНЫМ	171
<i>Тажимуратова А.Е.</i> ГЕНЕЗИС МОТИВАЦИИ АНТРОПОНИМОВ КАЗАХСКОГО И РУССКОГО ЯЗЫКОВ.....	174
<i>Тжісіұлова С.</i> ҰЛТТАНУСА ҚАТЫСТЫ ТІЛ БІЛІМІНІС САЛАЛАРЫ.....	181

Ханкишиева Э.М. ПРОБЛЕМА НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ СПЕЦИФИКИ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ.....	183
Юсуп А.Н. АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫС ТІЛТАНЫМДЫҚ ОЙЛАРЫ.....	189

МАГИСТРАТУРА

Булкбаева Л.А. РОЛЬ И ВАЖНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТОДА ПРОЕКТОВ В ОБУЧЕНИИ.....	192
Жанабаева Н. ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖҢНЕ АСЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМ- ДЕРДІС ҰЛТТЫҚ ЖҢНЕ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ.....	196
Рысбай Ж.И. СТУДЕНТТЕРДІС СІЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЙЫНДА.....	199
Штмиекова Ж. ЕТІСТІК ТҰЛСАЛЫ ЖЕР-СУ АТТАРЫ.....	201

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

**ХАБАРШЫ / ВЕСТНИК
ЕЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

САЛЫМ ХАТШЫ

ТӘРБИЕ – ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ БАСТЫ МІНДЕТ

Сабырова З.Қ. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
тәрбие ісі жөніндегі проректоры
Сатбекова А.А. – филология факультетінің деканы

Халқымыздың ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздіктің таңы атқанына да жиырма жылға аяқ басты. Еліміз егемендік алып, болашаққа сенімді қадам жасағалы өмірімізде қаншама жарқын жаңалықтар болды. Тәуелсіздіктің тұғырын бекітуге жұмылған халқымыз жасампаздықтың жарқын жолдарына соныдан соқпақ тартып, қоғамдық дамудың өзіндік өзгерістерін жасай білді. Тәуелсіздікпен ілесе келген игіліктер қаншама. Соның бірі де бірегейі – Астананы Сарыарқаға көшіруі деу орынды. Бұл әсте де оңай бола қойған жоқ. Осы туралы университетіміздің ректоры, Парламент Мәжілісінің депутаты болған Д.Ж. Нөкетаеваның 2010 жылдың 9 маусымында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Жүректің сөзі» атты мақаласында «...Көк байрағымызды Отанымыздың кіндігіне тігу ердің ерінің ғана қолынан келер тәуекел еді. Арқа бағзы заманнан қазақтың ата қонысы болған кең жайлауы еді. Елбасы халқын сол жайлауға бастады. Бүгінде сол Арқаның төрінде Ақордамыз орнап, Көк туымыз желбіреп, Есілге жағалай ел қонып, ел ішіне мал толып отырған дәулетті де сәулетті, бақ-берекелі астаналы болған жайымыз бар. Астана – Тәуелсіздіктің символы, халқымыздың мақтанышы! Отанымыздың жүрегі, біздің ұлттық идеямыз, болашаққа бағдарымыз.

Өзінің тарихи миссиясын қапысыз ұғып, ұлтымызды ұлы істерге бағыттаған Тәуелсіздікті баянды ету, Қазақстанды алыс және жақын елдерге таныту, нарық реформаларын жүргізу, он жылда осы дәуірдегі озық үлгідегі Астана қаласын дүниеге әкелу – біздің Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерлігі десек, Елбасы мен Астана екеуін ешкім де бөліп қарай алмайды. Бұл тарих еншісіне тиген ақиқат», – деп орынды атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласын жетілдіру мен дамыту Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың білім саласын жан-жақты қолдауы мен адам капиталын дамытудың маңыздылығы мен қажеттілігін жете түсінуі нәтижесінде қолға алынуда. Оған дәлел білім беру саласының «Қазақстан – 2030» Стратегиялық даму жоспарының басым бағыттары болып белгіленуінде.

Білім беру саласындағы болып жатқан жетістіктер мен жаңалықтар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жете көңіл аударып, жан-жақты қолдау көрсетуі мен бастамалары арқасында жүзеге асып жатқанын ерекше атап айтқан жөн. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жете түсіну, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан, осы салаға барынша ыждаһаттылықпен қолдау көрсету – асқан болжампаздықтың белгісі.

Білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы жақсы түсінді. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады. Бұл ретте «Қазақстан – 2030» Стратегиясында Елбасы: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты», – деп айрықша атап айтса, биылғы жылғы Қазақстан халқына жолдауында: «Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл-күйлеріне байланысты» – деп білім беру саласын дамытудың қаншалықты маңызды екендігіне жұртшылықтың назарын аударды.

Бұл орайда Н.Ә. Назарбаев мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, «Балапан» арнайы бағдарламасы, 12 жылдық оқыту моделі, кәсіптік және

техникалық білім берудің сапасы, интеллектуалды мектептер, жаңа халықаралық университет сынды бірқатар соны іс-шараларды саралап алға қойды.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасырдың білім беру саласы негізгі үш ерекшеліктен тұратынын байқауға болады. Олар: біріншіден, адамдар өмір бойы алған білімдерін жаңғыртып, дамытып отырады; екіншіден, оқушының жас, ой, мүмкіндік ерекшеліктеріне қарай білім беріледі; үшіншіден, бүкіл білім беру жұмысы халықаралық деңгейде басқалармен қатар, қат-қабат іске асырылады. Былайша айтқанда, білім бәсекеге сәйкес, қазіргі кезеңнің талабына сай жұмыс істеуге бағытталады. Бұл ерекшеліктер қазірдің өзінде бізге байқалып келеді.

Өркениет көшіне бет бұрған қыруар істің алатын арқауы болып еептелетін ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек қателеспейміз. Ол – қоғам дамуының кепілі. Білім беру саласында алға ұмтылмай, артта қалу мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне, ұлттың келешегіне кері әсер етеді.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылғы халыққа Жолдауында: «Елімізге экономикалық және қоғамдық жаңғыртудың талап-тілектеріне жауап беретін заманауи білім беру жүйесі қажет», деп атап өткен еді.

Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес, қоғамда өмір сүріп, тіршілік ете білуін талап етеді. Баланың тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады.

Қазіргі таңда нарықтық қатынастарға көшу, саясаттағы жариялылық, азаматтық қоғам орнату талаптары тұрғысынан қарап, өзгермелі қоғамда көп мәдениетті, көпұлтты, әрі көпконфессионалды кеңістікке араласуға дайын, кез-келген жағдаятта өз орнын таба білетін, рухани құндылықтары жетілген, қабілетті тұлғаның дамуына бағытталған тәрбие мазмұнын қамтамасыз етуді көздеп отыр.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты – жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу.

Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық үлкен өмірге енуге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады.

Тәрбие жұмысы – ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгіліктілікті қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды.

Еліміз халықаралық қауымдастық шеңберіндегі мемлекеттермен иық тіресіп, әлемдік өркениет сапына бой түзеген қазіргі кезең жұрт болып ақылдасып, көп болып шешуге тиісті жайттарды алға тартып отыр. Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады.

Осы ретте республикамыздағы жоғары білімнің қара шаңырағы саналатын Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде жоғары білімді кәсіби мамандар даярлау ісі ұлттық құндылықтарға, халықтық тәрбие негізінде білім берудің қазіргі заманғы инновациялық технологияларына құрылған күрделі құрылымды оқу-тәрбие ісі

арқылы жүзеге асырылатынын атап өткіміз келеді. 67 жылдық бай тарихы бар қазақ қыздарының парасат мектебіне айналған университетте оқу ісі мен тәрбие мәселесі ұлттық кадрларды даярлау ісімен тығыз байланыстырылып келеді. Уақыттың талай сынынан сүрінбей өткен оқу ордасы қазіргі таңда да жаңа заман талаптарына сай жан-жақты кәсіби дайындыққа ие, қоғам сұраныстарына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісімен айналысып келеді.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіндегі тәрбие ісінің саясаты іргелі дайындығымен ерекшеленетін, кең өрісті базалық және кәсіби мәдениетке бағытталған, білім мен ғылымның тұтастығына құрылған университеттік білімді сақтаумен шығармашылық тұрғыдан дамытуға негізделген. Университеттің педагогикалық ұжымы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіру ісіне ғана емес, олардың азаматтық жауапкершілігін, отаншылдық рухын, елдік қасиеті мен ұлттық ұжданын да қатар тәрбиелеуге баса назар аударады. Соған орай оқу орындағы *тәрбие ісінің стратегиялық түпкі мақсаты* ел болашағын жасар маманның кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне жағдай жасау болып табылады.

Жастар тәрбиесі мәселесі біздің университетте өзектілігі жағынан ең алдыңғы мәселелердің қатарынан орын алады. Тәрбие жұмыстары студент жастар бойында қазақстандық патриотизм, ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелеу; ұлттық құндылықтарды, мәдениет пен тарихты, әдебиет пен тілді, ұлт ғұламаларының өмірі мен шығармашылығын насихаттау; студенттердің шығармашылығын дамытып, салауатты өмір салтын қалыптастыру; профессор-оқытушылар құрамының тәрбие ісіндегі рөлі мен жауапкершілігін арттыруға ықпал ету; студенттерге әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету, бір сөзбен айтқанда *иманды, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, ұлт болашағына жауапты азамат тәрбиелеу* міндеттерін шешуді көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін университетте «Жоғары оқу орындарында студенттерді тәрбиелеудің Тұжырымдамасы» қабылданды. Осы тұжырымдама негізінде 2011-2012 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі жылдық жоспар бекітілді. Аталған жоспар ҚР Білім және ғылым министрлігі Тәрбие істері және жастар саясаты департаментінің назарына ұсынылып, қолдауға ие болды. Сегіз бағыттан тұратын жоспар мазмұны сапалы жоғары білім мен саналы ұлттық тәрбиені беруге қатар бағытталады. Себебі оқу мәні тәрбиеде, түзу тәрбие болмаған жерде алынған білім қоғам үшін қауіпті. Сондықтан да студенттерге зайырлы қоғам мүддесіне жауап беретін, ұлттық болмысымызға сай тәрбие берілуіне үлкен мән берілді.

Студент жастардың қоғамда алатын орны ерекше, себебі олар – алдыңғы қатарлы саналы қоғамда болып жатқан өзгерістерге көзқарастары бар және сол көзқарастарын жедел әрі шұғыл танытатын, айналасындағы саяси оқиғаларға өз бағаларын бере алатын топ. Аталған топ елдің болашағы болғанымен де, ылғи да көңіл бөлуді қажет етеді. Студенттерді әлеуметтік қолдау мақсатында жастарға сапалы білім беру, салауатты өмір салтын насихаттау, нашақорлыққа қарсы күрес, жасөспірімдер арасында бұзақылықтың алдын-алу, жастарды жұмысқа орналастыру, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, экологиялық білім беру, жастардың бастамаларын қолдау және жастар ұйымдарын дамыту бағыттары жастар саясатының негізі.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші – студент жастардың білім деңгейінің жоғары және олардың парасатты, аса тәрбиелі тұлғалар болып қалыптасуы. Өйткені бүгінгі студенттер – ертеңгі зиялылар. Күні ертең-ақ, олар өндірістік және әлеуметтік басқару жүйесін өз қолдарына алады. Ғылым мен техниканы дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау секілді жауапты міндеттер солардың қолдарында шоғырланбақ.

Қазіргі таңда қоғамдағы ең етек алып келе жатқан ой пікірлердің көбісінің дені бүгінгі ұрпақтың тәрбиесіне келіп тіреледі. «Тәрбие – ұлы іс, онымен адам тағдыры шешіледі», – деп В. Белинский дәл айтқан екен. Қазіргі заманда бәсекеге қабілетті елу

елдің қатарына қосылу үшін, алдымен өзіміздің ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрді, мәдениетімізді сақтай отырып, келешек ұрпақты сол арқылы рухани адамгершілікке тәрбиелеуіміз керек. Салауатты да саналы ұрпақ қамын ойлар болсақ, сол қоғам иелерін жан-жақты, ақыл парасаты мол, ізетті, кішіпейіл, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу – ұстаздың, әрбір ата-ананың қоғам алдындағы борышы.

Бүгінгі таңда қазақ елі 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасын негізге ала отырып, өзінің алдына бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарынан көріну мақсатын қойып отыр. Ел болашағы жастардың бұл міндеттің орындалуындағы алар орны айтпаса да түсінікті. Бұл орайда, Президент Н.Ә. Назарбаев «Жас кәсіби мамандар ел өмірінде болып жатқан үдерістерде өз орнын тауып, болашақты орнатуға белсенді қатысуы керек», - деп атап көрсеткен-ді.

Расында, қандай халықтың да тәрбие негізінде адамға деген сенім мен құрмет, мейірім мен шапағат, сыйластық пен түсіністік жатады. Жастардың тәрбиесімен айналысатын ұстаздар өз ұстанымын осы мақсатты іске асыруға пайдаланса, онда елімізде бейбітшілік пен бірлік, ынтымақ қашанда қанатын жайып тұратыны сөзсіз.

Түйіндей келгенде, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті жаңа уақыт талаптарына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері қалыптасқан, жоғары кәсіби білімді маман даярлау ісін алдағы кезде де жаңа инновациялық бастамалар мен жаңалықтар, ұлттық құндылықтар негізінде жалғастырмақ. Бүгінгі жастар заманның, қоғамның алдыңғы легінде болуға, біздің Қазақстанның жарқын болашағы үшін өз қабілет-қарымын, білім-білігін, өнерін, жастық жігерін аямай жұмсауға тиіс. Еліміздің патриоттарын тәрбиелеуде өзіміздің сүбелі үлесімізді қосуға барлығыңызды шақырамыз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласында егемендік жылдары қол жеткізген табыстары мен ұлттық тәрбие ерекшелігі тұралы кеңінен сөз болады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится об особенностях национального воспитания и его достижениях за годы независимости в сфере высшего образования Республики Казахстан.

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ОҚЫТУ

Байтимбетова П. – оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Фразеологизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-санасының, дүниетанымының айнасы болып табылады, олар-тақырыптық және семантикалық тұрғыда көп аспектілі, ойлау мен танымның ерекше бейнелі, эмоционалды-экспрессивтік реңкке ие және тіл қабаттарының ішіндегі құрылымдық типтері мен синтаксистік модельдері қалыптасқан тілдік бірліктер. Фразеологизмдер сөйлем ішінде қолданылғанда стильдік ерекшелікті, эмоциялық реңкті айқын көрсетуге қызмет етеді. Мысалы, *қуанды* деген сөз бен *екі езуі екі құлағына жетті* фразеологизмінің, *қорықты* деген сөз бен *жүрегі тас төбесіне шықты* фразеологизмінің, арасында мағыналық сәйкестік болғанымен, бұл сәйкестік толық балама бола алмайды. Себебі *қуанды*, *қорықты* сөздерінде фразеологизмдердегідей экспрессивті реңк жоқ. Бұл жөнінде І. Кеңесбаев өз ойын былай тұжырымдайды: «Жеке сөз өздігінен барлық жағдайда ауыс, бейнелі мағынада жұмсалуды міндетті емес».

Тілде сақталған әдет-ғұрыптар мен салт-саналардың іздері де фразеологизмдерде айрықша байқалады. Халықтың бүгінгі күнге дейін жеткен, ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келген әдет-ғұрыптары да фразеологизм уәждерінде айқын көрінеді. Фразеология жеке лингвистикалық пән ретінде ХХ ғасырдың 40-жылдары қалыптасты. Фразеологияның теориялық негізін қалаушылар ретінде француз ғалымы Ш. Баллиді, Ресей академигі В.В. Виноградовты атауға болады. Ә.Б. Олғанбайұлы мен Ғ. Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбегінде: «Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалудың белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркес тиянақтылығы», – деп жазды /2, 187/. Сондықтан фразеологизмдерді топтастыру тіл біліміндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Олай болса, фразеологизмдерді меңгеруді көркем сөйлеуге үйретудің құралы, тілді орынды жұмсауға төселдірудің жолы деп санауға болады. Тұрақты тіркестер студенттің сөздік қорын байытып, оның сөйлеу әрекетін жетілдіруге де оң ықпал ететіні сөзсіз.

Жоғарғы білім беру жүйесіне енген оқытудың кредиттік технологиялары бойынша әр студентті жеке тұлға ретінде қалыптастыруға баса назар аударылады. Оқу-тәрбие үдерісінде ол тек білім алып қана қоймайды, сана-сезімі, рухани дүниесі жетіледі, өзгереді, қалыптасады.

Студенттің жеке әлеуметтік тәжірибесіне байланысты оның құндылық бағдарларын, дүниетанымын, көзқарасын үйреніп отырған тілдің өзіндік ерекшеліктерімен сабақтастықта қалыптастыру қажет. Мұнда оның фразеологизмдер туралы түсінігі мен қолдану дағдыларының болуы шарт.

Оқу үдерісі барысында студенттің танымдық әрекетін белсендіру, жағымды эмоцияларын жетілдіруге айрықша ықпал ететін тілдік құрал – фразеологизм.

Студенттің белсенділігі алған білімдерін өмірде, тәжірибеде пайдалана білуінен көрінеді. Сондықтан олардың танымдық белсенділігін қалыптастыру – оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты. Фразеологизмнің мағынасын фразеологиялық сөздіктен өздігінен іздеуге ұмтылыс, студенттердің сабаққа қызығушылығын ғана тудырып қоймай, оның өз білімін өмірде қолдана алу дағдыларын да жетілдіреді, студенттердің сөздік қорын молайтып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Студенттің танымдық қасиеттері ұлғайған сайын оның сөздік қоры да өсіп отырады. Сондықтан жоғары оқу орнында оқитын студенттердің қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда, танымдық қабілеттерін жетілдіруде фразеологизмдерге ерекше назар аударылды. Өйткені студенттердің сөздік қорын фразеологизмдер сөздігі

арқылы молайту жұмыстары, олардың сөйлеу тілін жетілдіру мақсатымен толық сәйкес келеді. Фразеологизмдер студенттің әр ортадағы сөйлеу мақсатымен, сөз саптау ерекшелігімен үйлесімде беріледі. І. Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» қазақ фразеологиясына ғана емес, қазақ тіл біліміне де қосылған елеулі үлесі. І. Кеңесбаев аталған сөздіктегі қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған мақаласында фразеология туралы: «Тіл-тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын *лексикология* деп атайтын болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін тіл білімі саласын *фразеология* деп атау әбден орынды», – деп жазады /1, 589/. Сабақ барысында студенттер аталған сөздікті пайдалана отырып, студенттердің тіл байлығына, сөйлеу шеберлігіне, сөз саптауына көптеген ықпалын тигізеді. Сонымен қатар үйренген фразеологизмін ауызекі сөйлеу тілінде қолдана білсе, оның ақыл-ойын дамытуға әсер етеді. Демек, фразеологизмді орынды қолданып, оның мағынасын жетік білетін студент өз бетімен сөйлем құрап, оны ауызша сөйлеу тілінде шебер қолдана алатыны сөзсіз. Фразеологизмдерді меңгертуде оның лексикалық және грамматикалық мағыналары өзара сабақтастықта болады. Бұл мәтіндерді лексикалық және грамматикалық талдау кезінде, жаттығу жұмыстарында фразеологизмдердің мағынасын сөздік арқылы түсіндіру нәтижесінде жүзеге асады. Мысалы, *Ат құйрығын кесіп кету; Айна қатесі жоқ; Айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу* деген фразеологизмдердің мағыналарын түсіндіру үшін олардың біртұтас лексикалық мағынаға ие екендігі, олардың бір ғана сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болатыны меңгертіледі. Сөздік қордағы әрбір фразеологизмдерді қатысым әрекетінде қолдану үшін студенттердің сөйлеу қабілетін дамыту студенттердің сөздік қорындағы фразеологизмдерді мағыналарына қарай іріктеп, оларды басқа сөздермен орынды байланыстырып, өз ойын дұрыс, толық жеткізе алуына көмектеседі. Сөйлеу қабілетінің жетілуіне студенттердің сөздік қорының мол болуы әсер етеді, сондықтан сөйлеу қабілеттерін жетілдіру үшін олардың фразеологиялық сөздікпен жұмыс дағдылары дамытылады. Студенттер фразеологизмдерді түсініп меңгерумен қатар оларды ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарында да еркін қолдана біліп, бір-бірімен сөйлескенде, белгілі бір материалдарға жоспар жасағанда, мазмұндама, шығарма және жаттығу жұмыстарын орындау үстінде пайдалануға үйретіледі.

Фразеологизмдерді оқыту барысында оларды қолдану үшін әр түрлі жаттығулар жүйесі ұсынылады: ізденімдік, тіл дамыту тапсырмалары, сөйлем құрастыруға арналған жаттығулар, керекті фразеологизмдерді табуды талап ететін жаттығулар, фразеологизмдерді қатыстырып мәтін құрастыратын жаттығулар, фразеологизмдерді қатыстырып эссе дайындау, фразеологизмдерді қатыстырып сипаттама жасау, фразеологизм жасауға ұйытқы болатын сөздер арқылы жасалатын жаттығулар, синонимдік қатар жасайтын фразеологизмдер, омоним фразеологизмдер, көп мағыналы фразеологизмдер жасайтын жаттығулар, фразеологиялық варианттардың нұсқасын тапқызатын жаттығулар, керекті фразеологизмдерді талап ететін жаттығулар, шығармашылық жаттығулар т.б. Осыған сәйкес төмендегідей жаттығулар жүйесі сабақ барысында студенттерге ұсынылады:

І-жаттығу. Берілген сөздердің синонимдік қатарын тапқызу.

Ойламаған жерден-аяқ астынан

Орақ ауызды -

Түн жамылды -

Топ жарды -

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар -

Оң мен солын айырды -

Төс қағысты -

Жапан дала -

Шашбауын көтерді - т.б.

2-жаттығу. Берілген омоним фразеологизмдердің мағыналарын ашқызу.

Өре түрегелді - 1. аяғынан тік тұрды, ұшып тұрды. 2. қарсы тұрды.

Өркен жайды -

Ойы бұзылды -

Лақ еткізді -

Ит пен құсқа жем болды -

Көрге кірді -

Жүзіктің көзінен өткендей -

3-жаттығу. Суреттерін бере отырып, «Әдемі» (ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, туған айдай, үріп ауызға салғандай т.б.), «Қорықты» т.б. сөздерінің синоним фразеологизмін тапқызу.

4-жаттығу. Көп мағыналы фразеологизмдерді мағынасына қарай топтастыру.

Айтқанына кенбеді -

Аузын ашты -

Таң қалды -

Дәм тәтті -

Мұз балақ -

Ақиық -

Ауыз тиді - т.б.

5-жаттығу. Фразеологиялық варианттардың нұсқасын тапқызу.

Пешенесіне жазылған - бешенесіне жазылған

Ашуына тиді -

Тыныс алды -

Аспанмен таласқан -

Ат кекілін кесті -

Кек алды -

Маңдайының соры бес елі -

Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ т.б.

Берілген жаттығулар арқылы студенттердің ой-өрістері, сөйлеу дағдылары, сөйлесім әрекеттері, тілдің танымдық, қатысымдық қасиеттерін тереңдету, сөйлеу мәдениеттеріне көп ықпал етері сөзсіз.

Фразеологизмдерді оқыту барысында студенттердің сөздік қорын, тіл байлығын, сөздікпен жұмыс жасау тәсілдерін меңгеруі фразеологияның түрлері мен оның құрамын саналы түсінуіне, сөздік қордағы фразеологизмдерді күнделікті қарым-қатынаста жұмсауға дағдылануға әсер етіп, пәнге деген оқу мотивацияларын арттыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

2 Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 255 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары оқу орындарында фразеологизмдерді оқыту мәселелері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается изучение фразеологизмов в высших учебных заведениях.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗ БЕТІМЕН ІЗДЕНЕ БІЛУ ҰСТАНЫМЫ

Ерғожина Ш.Л. – п.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақ тілін оқыту барысында пәннің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын ұстанымдарды анықтау өте маңызды. Ғалымдар мен әдіскерлер топтастыруларын саралайтын болсақ, олардың түрлілігін анықтауға болады. Дегенмен көпшілік топтастырылуда кездесетін ұстанымдардың бірі – «Өз бетімен іздене білу» ұстанымы.

Оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыру үшін өзіндік талабы мен ережелерін негізге алу қажет. Ол ереже оқытудың ұстанымдары болып саналады. Ал ұстаным – жетекші идея, негізгі талап деген мағынаны білдіреді.

Оқытудың ұстанымдары мен оқыту талаптары – оқыту үдерісінің тиімді және мазмұнды болуын қамтамасыз ететін негізгі заңдылық. Білім беру теориясының оқыту ұстанымдары тарихи нақты әрі белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді бейнелейді. Сондықтан тілді оқыту әдістемесінде ұстанымдардың жалпы дидактикалық, жекелеген әдістемелік және оқытудың арнайы мақсатына қызмет ететін ұстанымдарды ажырату қалыптасқан.

Құрмалас сөйлемдерді оқытуда дидактикалық ұстанымдар маңызды орын алады. Дидактик ғалымдар өздері қолданған әдістеріне сай ұстанған ұстанымдардың түрін де, санын да өзгертіп отырады.

Оқушының өз бетімен ізденуі, өз бетімен іс-әрекет етуі оның саналылығына тікелей байланысты. Бұл ұстаным оқушының шығармашылық деңгейін көтеру, яғни шығармашылық әдіс-тәсілдерді меңгеруін міндеттейді. Шығармашылық машық-дағдылар оқушыда алгоритмдік деңгей мен эвристикалық деңгейде жүзеге асады. Мұнда оқушы мұғалімнің бұрын таныстыруы арқылы меңгерілген танымдық әдістермен тежелмейді, оларды қолдану арқылы және басқа түрлерін ойлап табуы арқылы әрекеттенеді. Бұл – дамыған оқушының моделі. Құрмалас сөйлемдерді оқытуда бұл ұстаным бойынша оқушыларға өздік тапсырмаларды орындатудың маңызы зор.

Оқушының өздік жұмысы – олардың оқу-танымдық әрекетінің ерекше түрі. Өздік жұмыстың өзіндік ерекшелігі бар. Ол – оқытушы жағынан тікелей басшылықтың болмауы. Оқушы өздік жұмысты орындау барысында өз бетімен еркін үйренеді және әрекет жасау дағдыларын қалыптастырып, дамытады; сұрақ-жауап арқылы пікірлесуге үйренеді және әрбір іс-әрекетке белсенділік танытады. Ең бастысы өз бетімен іздене білу дағдыларын қалыптастырып, дамытады; сұрақ-жауап арқылы пікірлесуге үйренеді және әрбір іс-әрекетке белсенділік танытады. Ең бастысы өз бетімен іздене білуге дағдыланып, оның жолдарын өз бетімен қалыптастырып және сол жолды табу үшін ізденеді, талаптанады. Бұл бағытта оның білімі мен деңгейі өседі, танымдық қабілеті айқындала бастайды. Оқытушы мен оқушының ынтымақтастығы мен қарым-қатынасы арқылы нәтижеге жетеді.

Мысалы: а) Берілген мақал-мәтелдердің екінші сыңарлары сіздерше қалай өрілуі мүмкін деп ойлайсыздар? Әркім өз бетінше мақалдарды жалғастырып, салалас құрмаласқа айналдырып көріңдер. Осы мақал-мәтелдердің қолданылу орны мен мәнін түсіндіріңдер.

Үлгі: *Өнегелі жігіт өрде озар, ... (Өнерсіз жігіт жер соғар).*

- 1 *Білімді мыңды жығар, ...*
- 2 *Білімдіге дүние жарық, ...*
- 3 *Мыңның түсін танығанша, ...*
- 4 *Жарылғанды жау алады, ...*
- 5 *Ашынған тілді болар, ...*
- 6 *Сөзің тәтті болсын, ...*
- 7 *Сөз құғанға бәле жолығар, ...*

8 *Ат қадірін жоқ білмес...*

9 *Жаман ісінен көрмейді...*

Оқушының нұсқасы

1 ...Білекті үйді жығар.

2 ...Білімсіздің малы арық.

3 ...Бірдің ісін таны.

4 ... Шалағайды дау алады.

5... Жетім бала мұңды болар.

6 ...Ісін сәтті болсын.

7 ...Ұрыншақ тасты таба жығылады.

8 ...Ас қадірін тоқ білмес

9 ...Кінәсізді бөлеге сүйрейді

Мұғалім нұсқасы

1 ...Білекті бірді жығар.

2 ...Білімсіздің күні ғаріп.

3 ...Бірдің атын біл.

4 ...Бөлінгенді бөрі жейді.

5 ...Ашыққан ұры болар.

6... Ашуың қатты болсын.

7 ...Жол қуғанға қазына жолығады.

8 ...Қайда ұшарын оқ білмес.

9 ... Кісіден көреді.

Оқушыларға қазақ мақал-мәтелдерінің жасалу жолдары туралы, ұйқасуы жөнінде мұғалімнің берген бағыт-бағдарынан кейінгі олардың шығармашылық ойлауынан тәп-тәуір туынды дүниеге келді. Дұрыс бағдар берілсе, олардың қиялы өте ұшқыр, небір шығармашылық бағыттағы тапсырмалар мен жұмыс түрлерін орындауға қабілеті ашылады. Тек қана олардың өміріндегі белсенділігі мен таным әрекеттерінің ашылуына, өз бетімен жұмыстануына ыңғайлы жағдай туғызуға қызмет етуіміз керек. Мұндай жұмыс түрлерін орындату оқушылардың сөздік қорын кеңейтеді, әртүрлі жұмыс жасауға деген ынтасы да артады, іскерлік дағдылары артады, құрмалас сөйлемнің түрлерін ажыратып, олардың жасалу жолдарын меңгереді.

ә) Төмендегі берілген құрмалас сөйлемдердің сыңарының баяндауыштарын шартты бағыныңқы сабақтас етіп түрлендіріп жазыңдар. Шартты бағыныңқы сабақтастың жасалу формаларының барлық түрімен жасап көрсетіңдер.

Жүйрік шабыста сыналады, шешен айтыста сыналады, балуан күресте сыналады, батыр ұрыста сыналады (Мақ.) Арқа бусанды, маңдай терледі, шықырлаған аяз естен шықты (С.С.) Зар даусынан кейде ыза мен зіл де байқалады, кейде Абайға қызық көрінетін мақал, мәтелдер айтылып кетеді (М.Ә.)

Оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыру үшін өзіндік талабы мен ережелерін негізге алу қажет. Ол ереже оқытудың ұстанымдары болып саналады. Ал ұстаным – жетекші идея, негізгі талап деген мағынаны білдіреді.

Оқытудың ұстанымдары мен оқыту талаптары – оқыту үдерісінің тиімді және мазмұнды болуын қамтамасыз ететін негізгі заңдылық. Білім беру теориясының оқыту ұстанымдары тарихи нақты әрі белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді бейнелейді. Сондықтан тілді оқыту әдістемесінде ұстанымдардың жалпы дидактикалық, жекелеген әдістемелік және оқытудың арнайы мақсатына қызмет ететін ұстанымдарды ажырату қалыптасқан. Өз бетімен жұмыс жасау дегеніміз – оқушының мұғалім басшылығымен жүргізілетін, алға қойылған дидактикалық мақсаттарға белгілі бір уақыт ішінде жетудегі белсенді қызметі.

Дидактикалық мақсаттар деп білімді іздеу, оны түйсіну, бекіту, алынған білімді жүйелеу, білік-дағды қалыптастыру, дамыту болып табылады. Оқушылардың шығармашылық жұмыстарды өз бетімен орындауы дидактикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Оның өзіндік ерекшеліктері бар. Бір жағынан оқушы орындауға тиіс тапсырмалардың түрлілігі дейтін болсақ, екінші жағынан тапсырмаларды орындау арқылы оқушыларда белгілі бір қабілеттер мен дағдылардың қалыптасуы.

Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын зерттеулердегі ғалымдар пікірінше, өз бетімен жұмыстанудың нақты бір жағдайларда белгілі мақсат пен міндеттерге бағытталуы қажет. Сонымен бірге, өз бетінше жұмыс жасаған баланың бойында білуге ұмтылыс, құштарлық үдерісі жүреді де, белсенді бола бастайды. Білім мазмұны мен деңгейі өсіп, өзін-өзі бақылауы мен тәрбиеленуінің арқасында ерекше танымдық қабілеттері таныла, айқындала бастайды. Бұл үдерістің жалғасуы арқылы оқушы шығармашылығы көрініс табады.

Құрмалас сөйлемдерді оқытуда шығармашылықпен жұмыс істеу үдерісін басқаруда мұғалімнің басқаруы мен оқушының өзін-өзі басқаруы алмасып отырады. Оқушының өзін-өзі басқаруы, яғни жұмысты өз бетімен, өз ізденісімен басқаруы мен бақылауы оның өз жұмысының немесе тапсырманың нәтижесінің дұрыс болуы арқылы байқалады. Өзін-өзі жақсы деңгейде басқара алатын оқушының өз бетімен ізденушілігі мен тапсырманы орындау қабілеті жоғарғы дәрежеде дамиды.

Шығармашылық үрдіс оқытудың деңгейлік көрсеткіші бойынша эвристикалық және шығармашылық деңгейлерінде оқушының өзін-өзі бақылауы мен басқаруы және өз бетімен жұмыс жасауы көп орын алады.

Оқушы шығармашылық жұмысқа бірден келмейді. Сондықтан осы білімдік деңгейге сатылай отырып, қол жеткізетін нәтиженің жемісті болатынына сеніммен қарауымыз керек. Оқушының құрмалас сөйлемнен алатын білімді жете түсініп, терең меңгеруі үшін әрбір деңгейдегі берілетін тапсырмалар өзіндік үлес қосады. Сондықтан әр деңгейде орындалатын тапсырманың түрлері түрлі талап-тілектерді қамтиды. Бұл талаптар әр деңгейдегі (оқушылық, алгоритмдік, ізденімдік, шығармашылық) тапсырмалардың қандай болуы керек, қандай мақсатта берілуі керектігін анықтайды.

Оқушылық деңгейдегі тапсырма қарапайым түрде беріліп, деңгейден деңгейге жеткен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, күрделеніп отырады. Баланың санасы кішкентай кезінен бастап дамып, жетіліп отырады. Қоршаған дүние туралы түсініктерінің алғашқы уақытта кездейсоқ түрде қалыптаса бастайтыны және даму, жетілу процесінің табиғи түрде жүріп отыратыны ескеріледі. Оқу барысы осы табиғи үдеріске қосымша әрі шешуші фактор болып есептеледі.

Оқушының қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдете отырып, өзіндік ізденісі, зерттеушілік үрдісінің жүретін және өз ізденісі нәтижесінде жаңа білімге қол жеткізетін кезеңі ІІІ деңгей (ізденімдік деңгей). Бұл кезеңде оқушыға проблемалық мәселе қойып, оны өздігінен шешуіне жетелейтін жұмыстар мен жаттығулар беріледі. Оқулық бойынша берілген білім көлемін өз бетімен толықтырады. Жаңа материалға байланысты оқулықтан тыс мәліметтермен танысады. Бұл – оқушының өз еңбегінің, өз ізденісінің нәтижесі. Мұндай тапсырмаларды орындау қосымша әдебиеттермен жұмыс жүргізуді талап етеді.

1-тапсырма: «Адасқан сөйлем». Топ-топқа бөлініп берілген құрмаластардың өзіндік белгілерін салыстыра отырып, адасқан құрмалас сөйлемдерді сызық арқылы өзінің тобына бағыттап көрсетіндер. Ал құрмалас болмайды деп шешкен сөйлемді топтан шығарып тастаңдар.

Салалас құрмалас сөйлем

Кешке мейрамға арналған жиналыс болатыны белгілі еді, жігіттердің қырынып алуға көңілдері кетті (Ғ.М.).

Тек Мағаш сөзін аяқтай бергенде, бұлар әңгімесін үзгендей, біраз дабыр-дүбір сырттан естіліп, Абай соған алаң боп, есікке қарап қалды (М.Ә.).

Бір-екі жас болса да үлкендігін білдіріп әлімжеттік жасайды, әйтпесе мына түрін мысқылдап мазақ етер ем (С.Мұр.).

Сабақтас құрмалас сөйлем

Қазан астындағы от қисая жанып, төрдегілерге сары қидың ащы көк түтіні шалқып жетіп, беймазалық жасады (М.Ә.).

Сол үшін де Абай тым құрыса қиялымен басқа өмірге, өзі сүйген басқаша көңіл мекеніне кетуге тырысады, Пушкинмен сыр қосып, жүдеген көңіл жұбаныш іздейді (М.Ә.).

Жаулықты биік салынатын, сәнді киінетін Көпей жұртқа өзінің ажарымен де, естілігімен де, тазалығымен де ұнайтын еді.

Аралас құрмалас сөйлем

Әлі де қала ішінде қоштасатын жерлеріміз көп сияқты еді, ол баяғы басқа күндердің елесі екен, енді ешнәрсеге мойнымыз бұрылар емес (Ғ.М.).

Жүріп келе жатқан жолдарында шаң жоқ, тұтас тығыз аласа көк бетеге, жасыл шалғын бар (М.Ә.).

Батар күннің қиғаш түскен шұғыласына шағылысып, қызғылт қия тастарға кесек-кесек біткен алтындар жарқырайды (Ғ.М.).

Мұнда оқушылар құрмаластың үш түрін өз топтарына орналастыру үшін, оларды әбден салыстырады. Олардың компоненттерінің орналасу жолдарын, ережесін ойша еске түсіріп, ерекшеліктерін дәлелдейді. Үйірлі мүшелі сөйлемді құрмалас сөйлеммен шатастырмай, дәл тапса, үйірлі мүшелі сөйлемнің құрмалас бола алмайтындығы жөнінде жаңа білім қалыптастырады. Бұл оқушы үшін жаңалық ашумен бірдей. Оқушы бұл білімді өз еңбегінің нәтижесінде қол жеткізді.

IV деңгей (шығармашылық деңгей) – оқушылардың жаңа тақырып бойынша білімін қалыптастырудың ең жоғарғы сатысы. Мұнда оқушы шығармашылық жұмыспен айналысады. Оқушы осыған дейін қол жеткізген білімін, яғни құрмалас сөйлем туралы түсінігі, оның түрлерін, салаластың ішкі топтарын, сабақтастың түрлерін, аралас құрмалас туралы түсінігін, олардың жасалу жолдары мен орналасу тәртібі туралы білімін өз шығармашылық жұмыстарында көрсете білуі тиіс. Сондықтан оқушы осы деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында жаңа тақырыпты еркін меңгеріп, I деңгейдегі – қабылдаушы, II деңгейдегі – орындаушы, III деңгейдегі – ізденуші тарапынан өтіп, өз пікірі, өз айтар ойы бар жеке тұлға дәрежесіне көтеріледі. Бұл деңгейдің басқа деңгейлерден өзіндік белгілерімен ерекшеленеді. Олар:

Алдыңғы деңгейлерде оқушыларға тапсырманы орындау жолдары айқын берілсе, бұл деңгейде оқушының шығармашылық қабілетін айқындайтын және оны дамытатын тапсырмалардың мақсаты ғана беріледі. Ал оны орындау жолдары оқушының жеке шығармашылық қабілетіне байланысты.

I–III деңгейлердегі тапсырмаларды орындау барысында барлық оқушының жауаптары нақты әрі бірдей болуы көзделсе, IV деңгейде оқушының өзіндік көзқарасына, дүниетанымына жеке пікіріне, қабілетіне, дарынына байланысты жауаптар да әртүрлі болады.

Мұнда III деңгейдегі сияқты жаңа ақпарат емес, өмірдегі оқушы қиялының дәрежесі арқылы танылады.

Бұл деңгей оқушының белгілі бір шығармашылық қабілетін дамытатын түрлі тапсырмалар, әңгіме, шығарма, өлең, ойтолғау, пікір айту, болжам жасау, суреттеу секілді тапсырма түрлері және ғылыми көзқарасын қалыптастыратын, зерттеушілік,

ізденімдік деңгейін көрсететін реферат, пікір жазу, баяндама, т.б. түрінде беріледі. Ал проблемалық ситуацияны шеше білуге, шешім қабылдауға, өз көзқарасын орынды жұмсауға үйрету үшін сұрақтар беріледі.

2 -тапсырма: Ойтолғау «Туған тілім – тұғырым» тақырыбына ой толғату – өте пайдалы жұмыс. Бұл оқушының ойын дамытып, өзіндік пікірін қалыптастырады.

Бұл тапсырмаға алдыңғы деңгейдегі тапсырмадан сүрінбей өткен оқушы ғана өзіндік ой қорытып, жауап бере алады. Оқушы ой толғай отырып, өзінің шығармашылық жұмысында құрмалас сөйлемдерді қолданады. Тапсырманың негізгі мақсаты – құрмалас сөйлемдер адам ойының күрделілігін, қолданысы шығарманың көркемдік қуатын арттыра түсетіндігіне оқушының көзін жеткізу. Өз ойын күрделі ойлармен өрнектесе, шығарманың жұтаң, ойдың жалаң болмайтындығын дәлелдету.

Қорыта келе, өз бетімен іздене білу ұстанымының білімді меңгертудегі міндеттерді жүзеге асыруға ықпал жасайтындығын айтқымыз келеді. Жеткіншектердің өз ниеттерімен білім алуына тәрбиелеуде, олардың дербестігін кеңінен өрістетуде жалпы адами қасиет сапаларын қалыптастыруда ғылыми негіз болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә. Исабаев. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – А.: Қазақ Университеті, 1993. –159 б.
2. А. Әбілқаев. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Санат, 1995.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада құрмалас сөйлемді оқытудың кейбір ұстанымдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются некоторые принципы изучения сложных предложений.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ӘДЕБИЕТ ПӘНІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ: ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ

Жұмақаева Б.Д.- п.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Кейінгі жылдары жастардың көркем әдебиет оқымайтыны жиі айтылып, баспасөз беттерінде мәселе ретінде көтеріліп жүр. Біз қанша мойындағымыз келмегенімен бұл уақыттың өзі айқындап отырған шындық. Өнердің үлкен саласы, рухани байлықтың қайнар бұлағы болып есептелетін әдебиетке бүгінде қызығушылық та төмендей бастаған. Мектеп мұғалімдері де аға буын өкілдеріне қарағанда оқушылардың әдебиетке қызығушылығының төмендігін айтады.

Осыдан біраз бұрын Ресей телеарналары мен баспасөздерінде көркем шығарма оқуға оқушы ынта-ықыласының төмендеуі, оның себеп-салдарлары мәселе ретінде көтеріліп, дебат, жарыссөз, конференцияларда қозғалды.

Бұндай құбылыстың себебін терең зерделеу үшін әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, саяси, мәдени, рухани мәселелерді саралауға тура келеді. Нарықтық экономика халықтың санасына өз таңбасын түсіре бастады. Адамдардың өмірге деген көзқарастарының қалай қалыптаса бастағанын іс-әрекеттерінен де тануға болады. Көп ата-ана балаларын болашақта табыс көзі болатын мамандықтарға бейімдейді. Мектептерде кәсіби-бағдар жұмысын жүргізгенде оқушылардың көбінің таңдаған мамандықтары да ойымызды бекіте түседі. Халықтың мұндай талғамын жазғыруға да болмас. Себебі заманның өзі осы таңдауды ұсынып тұрғаны белгілі.

Әлеуметтік-экономикалық хал-ахуал өз кезегінде саяси, мәдени, рухани мәселелерді де туындатады. Халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан менталитеті өзгере бастайды. Ол адамдардың көзқарастары мен ұстанымдарына ықпал етеді. Ендігі жерде басты құндылық ақшаға саяды. Осылайша бірте-бірте халықтың психологиясына өзгеріс енеді. Ол қоғамдық сананы қалыптастырады. Өнер, мәдениетке деген көзқарасқа да селкем түсе бастайды.

Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезеңін зерделеген көрнекті ғалым Ш.Елеуенов көркем әдебиеттің бүгінгі таңдағы таралымының азайып кеткенін айта келе: «Әдебиеттің арғы-бергі қозғаған әңгімесін бүгінгі ұрпақ білмей өссе, «адамның адамшылығын түзеу», «дүние сырына қанығу» /М.Әуезов/ мектебінен өтпесе, ана тілінің мәйегінен татпаса, құлағыңның бітелгені, рухыңның суалғаны, кеуденің кереңденгені, энеки сол емес пе? Осыны әбден біле, сезе тұра, әдебиеттің оқушысын құртып жатқанымыз қалай? Көркем дүниедей сұлулық күнін өшіргенде табатынымыз не? Қай мұратқа жетпекпіз?» деп қынжылады /1, 343/.

Бұрынғы кеңес кезеңіндегі он мыңдаған тиражбен таралатын көркем әдеби кітаптар, газет, журналдар, ғылыми басылымдардың бүгінгі таралымы тартылып, кейбір басылымдар жабылып та қалғаны рас. Нарықтық қоғам, әсіресе, руханият әлеміне сырт берді. Қажетінді өзің тауып, өзіңді-өзің қаржыландырсаң, бұл нарық тасқынында аман қаласың дегенді танытты.

Бұрынғы қалыпты тірлігінен жаңылып қалып, енді тәй-тәй тұра бастаған қазақ басаламдарына өзінен сан мәрте күшті бәсекелес шықты. Ол – теледидар, интернет әлемі. Айналасы бір сағат ішінде көруге болатын көркем фильмдегіні сағаттап оқудың қажеттілігі қаншалықты? Сондай-ақ сабылып іздейтін дүниенді иегіңнің астынан-ақ интернетті түрткілеп отырып тауап алатын болсаң, кітаптың, газет, журналдың керегі қанша? Міне, өкінішке орай, бүгінгі жастар арасында осындай жаңсақ көзқарас қалыптаса бастады.

Біздің айтпағымыз мемлекеттік басылымдар немесе халықтың әлеуметтік жайы емес. Халықтың әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, саяси, мәдени дамуына мониторинг жасау үшін бірнеше сала өкілдері мен ғылыми институттардың көмегіне жүгіну қажет болар. Қарапайым халық көзімен қарағанда байқалатын өзгерістер кімге болса да жасырын емес. Тоқталмағымыз өнертану пәні, адамтану пәні, адамның рухани болмысын қалыптастырушы, ой-санасын дамытушы қуат көзі ретінде әдебиет пәнінің бүгінгі оқытылу жайы болмақ. Бүгінгідей өркениет заманында арнаулы пән ретінде арнайы оқытылып отырған тұста оқушыларымыздың көркем әдебиеттен сырттауына жол жоқ сияқтанады. Кезінде халқымыз «дала мектебін» құраған «отбасы мектебінде-ақ» ертегілерді айту арқылы оқушы қиялын шыңдап, жұмбақтар арқылы ойын дамытып, жаңылтпаш арқылы тіл ұстартып, дастандар, батырлар жыры арқылы отаншылдық рухын бекітіп, халық поэзиясы, айтыстар арқылы эстетикалық талғамы мен образды ойын дамытып келгені белгілі. Соның жарқын көрінісі болар, халық ақындар, көрнекті талант иелерінен тапшылық көрген емес. Ал бүгінде мемлекет қаржы бөліп, жалпы білім беретін мектептерде арнаулы пән ретінде әдебиет 5-сыныптан 11 сыныпқа дейін оқытылып отырғанның өзінде оқушыларымыздың күн санап әдебиетке қызығушылығы бәсеңдеп, оқырман қауымның өз мәнінде қалыптаспауы кімді болса да ойландырмай қоймас.

Оның себебін алыстан сабылып іздемей-ақ әдебиет пәнінің айналасынан қарастыру керек болар. Зерделей, байыптай келгенде оқырман қалыптастыруда елеулі рөл атқаратын әдебиет пәні және әдебиет пәнінің бағдарламаларына тірелеміз. Яғни, мемлекеттік стандарт бойынша әдебиетке қаншалықты көңіл бөлініп отыр, жалпы білім беретін мектептерімізде әдебиет пәні қалай оқытылып отыр деген сауалдар туындайды.

Қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасы 1932 алғашқы пән ретінде оқытылған кезден бері сан түрленіп, сан түледі. 1960-90 жылдар аралығында қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасы біршама тұрақталып пәннің ауқымды аясын жүйелеген, бір ізге түскен

болатын. Бағдарламаларының сапалы жасалуында Ш.Кәрібаев, Ә.Қоңыратбаев, Ш.Аманов, С.Тілешова, Ә.Дайырова қатарлы белгілі педагог ғалымдардың сіңірген еңбегі зор. Ол бағдарламалар өткен күннің еншісінде қалып, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері де жаңа бағдарлама жасауға кіріскен едік.

Жаңа бағдарламаларда кеңес кезеңіндегі қалыптасқан жүйеден алшақ кеткеніміз жоқ. Тәуелсіздік алғаннан бергіде әдебиеттану ғылымының жаңа тынысы ашылып, әдебиетіміз көрнекті тұлғалармен толықты. Халқымен қайта қауышқан арыстар мұрасы мектеп бағдарламаларынан орын алды. Бағдарламадағы бір жаңалық: орта буын болып етептелетін 5-9 сыныптар екі салаға жіктеліп, алғашқысы әдебиеттік оқу бағытында болса, 8-9 сыныптар әдебиеттің бастапқы тарихи курсы енгізілді. Ал, әдебиеттің біршама көлемді тарихи курсы 10-11 сыныптарға ұсынылды. Бағдарламадағы бұл өзгерістің сапалы білім қалыптастыруға қаншалықты үлес қосқаны туралы пікір білдіру қиын. Әйтсе де, көзге ерекше көрінетін кейбір олқылықтарға жол берілгендігін айтпаса болмас. Мәселен, орта мектеп бағдарламасында бұрыннан әдебиеттің қысқаша тарихи курсы оқытылатын. 9-11 сыныптарға топтастырылған тарихи курс аясында ауыз әдебиеті, кейбір хандық дәуір әдебиетінің өкілдері, ХІХ ғасыр, Кеңес кезеңіндегі әдебиет, сол кезеңдердегі тарихи, шығармашылық тұлғалар қамтылатын. Жалпы білім беретін мектептер үшін лайықты әдеби білім қоры қалыптастырылатын. Ал жаңа бағдарлама бойынша мектепте оқытылатын тарихи курс екіге жіктеліп барлық тұтас курс 8,9,10,11 сыныптар, жалпы алғанда төрт сынып бойы оқытылады. Былай алып қарағанда университет қабырғасында бір пән бойынша белгілі бір мамандық алуға берілетін бакалаврлық білім мөлшері болып шығады. Егер оқушылар аталмыш бағдарлама арқылы филологиялық терең білім алып шығар болса, төрт жылдық тарихи курсқа еш сынымыз болмас еді. Өкініштісі сол керісінше кейінгі жылдары мәтін оқымайтын, бірде бір шығарма кейіпкерін танымайтын оқушыларымыз көбейіп отыр. Бағдарламада бойынша мектеп қабырғасында оқылатын әдебиеттің тарихи курсына енгізілген авторлар мен олардың шығармаларын санамалап айтар болсақ қанша томдық кітап сөресі шығары белгісіз. Әсіресе 9-сынып оқушыларының арқалаған жүгі ауыр. Сонау ІҮ ғасырдағы Орхон-Енесей жазбаларынан бастап ХХІ ғасырдағы ақын, жазушыларымызға дейін қамтылған. Әрі әр авторға ең көбі 2-3 сағат қана берілген. Аталмыш сынып оқушылары тіпті М.Әуезовтің «Абай жолын» 2 сағат көлемінде оқып өте шығады екен. Бір сынып көлемінде осынша оқу материалын қамтыған бағдарламамен қалай білім қалыптастыруға болатынын авторларымыз ойланды ма екен?!

Жасыратыны жоқ, әдебиет пәнінің бағдарламасы бойынша көп сыныпта оқу ақпараты мөлшерден тыс көп. Кейінгі кезде «білім» деген түсініктің өзі «ақпарат» деген ұғыммен астастырыла, алмастырыла қолданылып жүр. Сондықтан да болар ҰБТ бойынша ЖОО- на есінде оқу ақпаратын көбірек сақтайтын оқушылар жолдама алып жатады. Психолог мамандардың пікірі бойынша есте сақтау қабілетінің кей балада жоғары, кей балада төмен болуы заңды құбылыс. Ал білімділік баланың есте сақтау қабілетінің жоғары болуына түбегейлі тәуелді емес. Яғни білім менгерудің түрлі қызметі бары белгілі. Өкініштісі алынған оқу ақпаратын өз қажетіне қолдана алу, өз санасында қорытып, пайымдай білу (интерпретациялау) деген білім, білікке, машыққа көңіл бөлінбеуге айналды. Сонда білімнің көрсеткіші «қай жылы», «қашан», «қандай шығармалары бар?» деген жалаң сауалдардың жауабы ғана болғаны ма?! Себебі ұлттық тесті көбінде осы тектес сауалдардан құралып жүр.

«Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» атты оқу құралында А. Әлімов бүгінгі ақпарат туралы мынадай мәлімет келтіреді: «Білімнің жылдан жылға дамып, өсіп отырғандығында дау туғызбайтын аксиома. Мәселен, адамзаттық бар білетіні 1800-1900 жылдар аралығынды (жүз жылды) екі есе өскен деген есеп келтіреді ғалымдар. Ал білімнің келесі екі есе өсуі енді елу жылда (1901-1950) орын алыпты. Осыдан кейінгі еселену жиырма жылда (1951-1970) содан соң он

бес жылда (1971-1985) болған екен. Ал қазіргі кезде білім әр бір төрт жыл сайын екі есе ұлайып отыр дейді ғалымдар. Білім тура осы қарқында үдей беретін болса, аз уақыттан кейін адамзаттың бар білетіні әрбір 76 күнде екі есе өсіп отыратын көрінеді...

Қазірге заман - ақпарат заманы, ол жан-жақтан әртүрлі формада (кітап, газет-журнал, теледидар, радио, қарым-қатынас, интернет, жарнама т.б.) орасан зор көлемде ағыл-тегіл келіп түсуде. Алайда адам өзінің шектеулі миымен барлық ақпаратты есте сақтап, игере алмайды, оған уақыты, тіпті өмірі жетпейді... Сонымен, білім-ақпарат» формуласы бүгінгі күні ескірген, білім ақпарат емес деп ұйғаруға әбден болады»- деген ойға қонымды пікір білдіреді/2, 16/.

Мектеп бағдарламаларына көп оқу материалын, көптеген авторларды ендіре беруге тырысу орынсыз. Біздің пікірімізше көркем ойдың көгіне көтерілген классикалық шығармалар арқылы, көрнекті ақын, жазушыларымыздың таңдаулы туындылары арқылы әдеби білім мазмұнын қалыптастыруға күш салынуы қажет деп білеміз. Оның есесіне мейлінше көркем шығарманың өзіне, оны талдауға, практикалық сағаттарға, өзіндік білім мен шығармашылыққа көбірек көңіл бөлініп, оқушылардың таным әрекеті мен эстетикалық талғамын, оқырмандық ынтасын көтерсе, бағдарламаға енбеген шығарманың өзін, тіпті барлық көркем әдебиетті оқуға деген ықылас артқан болар еді.

Қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламаларына қараған қазіргі күйіміз «кілті жоқ сандық толы қазынаға қол жеткізе алмаған жанның немесе теңізде отырып шөлдеген адамның кебін кигенмен бірдей». Олай дейтініміз педагогикалық практика кезінде бірталай мектеп мұғалімдерінің сабақтарын бақылай жүріп біршама жайтқа қанықтық. Бағдарлама бойынша әдебиеттің тарихи курсы оқитын сыныптарда белгілі бір автор ұсынылады да оның бірнеше шығармасы көрсетіледі. Ал оған бар жоғы екі сағат қана біріледі. Жоғарыда атап өткен 9-сыныпқа сабақ беретін әр мұғалімнің академиялық білімі болуы қажет-ау деген ойға тірелесіз. Себебі ІҮ-XX ғасырларды қамтыған бағдарлама бойынша өз мәнінде дәріс даярлау үшін терең білім қажет-ақ. Ал бүгінде сырттай білім алып, мектептерде жұмыс істеп жатқан мұғалімдеріміз жоқ деп есептегеннің өзінде жоғары оқу орнын үздікке бітірген, білікті ұстаздармен әбден қаруланған болуымыз қажет болар. Себебі санаулы сағаттарда өткізілетін сабақ дәстүрлі шолу лекциясы деп білсек, сол лекцияның өзі өте сапалы даярлануы керек. Жалпы жартымсыз сағатқа үйіп-төгіп берген оқу материалын оқытудың жаңа бір тәсілдерін іздестіру керек болар. 2011 жылы шыққан Қоғамдық-гуманитарлық жалпы білім беретін мектептердің «Әдебиет бағдарламасы» бойынша (Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академиясынан 2010 жылы даярланған) 11 сыныптарда барлық шығармашылық тұлға 1 сағат, нақтырақ айтсақ, 45 минутта оқытылады-мыс. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ж.Жабаев, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сияқты ірі тұлғаларымыздың шығармашылығын 1-сағат көлемінде қалай оқытуға болады? Сол бір сағат ішінде авторларымыздың әрқайсысының түрлі жанрдағы шығармалары қарастырылады. Поэзиясы, драмасы, шағын, орта, кең көлемді прозасын да қамту көзделген. Шығармаларына шолу жасаудың өзі елеулі уақытты қажет етеді. Белгіленген уақыт көлемінде осынша материалды қамту мүмкіндігі қаншалықты?

Педагогикалық практика кезінде бақылаған сабақтарымызда көңіл тұшытатын дүние көре алмайсыз. Ең таңдаулы сабақ дегендердің өзі тек оқу ақпаратына сүйенеді. Яғни интер активті тақтадан көрсетілетін әр түрлі материалдар мен сызбалар, ұнтаспа т.б. техникалық құралдарға сүйене айтылатын мұғалімнің біршама сәтті дайындалған шолу дәрісі болып шығады.

Осындай оқу бағдарламасы мектептегі әдебиет сабағының мазмұнына елеулі ықпал етіп отыр. Мұғалімдер де жеңіл жолын тапқан. Көбіне хронологиялық кесте жасату, сол бойынша автордың қысқаша шығармашылық картасына сүйеніп қай шығармасы, қашан, қай баспада жарық көрген т.б. анықтамалық ақпаратты алумен

шектелетін болған. Себебі тестің сұранысы да осы ақпараттар. Сонымен әдебиет сабағымыз статистикалық ақпаратқа толы жалаң мәліметтер жиынтығы болып шыға келеді.

Оқушылардың мәтін оқудан шеттетілгені соншалықты, тіпті М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын әдіскерлеріміздің мәтін оқудан безінген оқушыларға бейімдеп қысқартып бір кітап етіп жинағанын да көз көрді. Төрт кітаптан қысқартылып шағындалып ұсынылған «Абай жолын» да оқыту оңайға соқпаған сияқты. Себебі әдіскерлеріміз сол алғашқы тәжірибесімен шектелді. Кейін басқа авторларымызға мұндай «тәжірибе» жасай қойған жоқ. Әдебиет сабағы рухани өмір сабағына айналу үшін жалаң ақпаратты сырып қойып, шығарманың өн бойына еркін көсілу керек емес пе?! Белгілі әдіскер Е.Н.Ильиннің шығарма талқылау арқылы өткізетін тіл өнері сабақтарындағы «өмірге ену», «тіректер іздестіру», «тіл табысу өнері», «қарсы қадам» т.б. ұстанымдары арқылы оқушы санасынан жүрегіне жол салатын әдіс-тәсілдері әдебиет сабағы үшін аса маңызды/3, 4/. Ал тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияны пайдалана алатын мүмкіндікті бағдарлама жасаудан бұрын есепке алған орынды болар. Әдебиет – қалықтың теңдессіз мұрасы, рухани қазынасы, рухани құндылығымыз. Басты құндылығымызды оқушы бойына дарытарлық мүмкіндік жасамасақ, том-том кітіптар жазу мен бағдарламалар түзудің қандай қажеттілігі бар деген заңды сұрақ туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елеукенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде А.: Алатау, 2006.
- 2 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Алматы: 2009.
- 3 Ильин Е.Н. Путь к ученику. М.: Просвещение, 1988.
- 4 Ильин Е.Н. Рождение урока. М.: Педагогика, 1986.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жалпы білім беретін мектептерге арналған әдебиет пәні бағдарламалары қарастырылған. Әдеби білім мазмұнын қалыптастыруда оқу бағдарламаларының құзырлылық мәселесі қозғалған.

РЕЗИЮМЕ

В статье рассматриваются содержание учебных программ по литературе в общеобразовательных школах и проблема их компетентности в формировании содержания литературного образования.

ПОЛИЛОГТЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ТАЛДАУ

Ибраймова Л.Ә. – ф.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Сөйлесім синтаксисінде сөйлеу актілерінің түрлеріне монолог, диалог, полилогты жатқызамыз. Диалог – әрбір сөйленім сөйлесушіге бағытталып, белгілі бір тақырып мазмұнымен шектелетін сөйлесімнің бір түрі. Диалог жекелеген сөйленімдердің қысқалығымен және олардың синтаксистік құрылымының біршама қарапайымдылығымен сипатталады /1, 132/. Диалогқа қарағанда монолог сөйлесушінің сөзін қажет етпейді, сөйлесім алдымен сөйлеушінің өзіне қатысты болады. Монологтың синтаксистік құрылымы күрделі болып, көбірек тақырыптық мазмұнды қамтуға ұмтылады /1, 132/. Полилог – аты айтып тұрғандай бірнеше сөйлесушінің қатысуымен жүзеге асатын қатысымдық акт. Қазақ тіл білімінде полилог мәселесі арнайы зерттеліп, оның қатысымдық, когнитивтік, стилистикалық т.б. қырлары жете қарастырылмаған.

Әдеби көркем шығармалардағы полилог мәселесінде де зерттеуді қажет ететін жайттар жеткілікті. Дегенмен қазақ тіл білімінде бүгінгі күнге дейін «сахнадан түспеген» функционалды грамматика, құрылымдық грамматика зерттеулерінен гөрі қазақ әдебиетінде полилог, монолог, диалог мәселесі кеңінен қарастырылған. Соның бір дәлелі ретінде Т. Сыдықовтың «Қазақ тарихи романының көркемдік тіні» атты оқу құралын атауға болады. Оның ойынша, «диалог – адам мінезі сараланып көрінетін барометр. ...Диалогтерде уақыттың әлеуметтік-саяси атмосферасын шамалауға болатын детальдар мол ұшырасып отырады. ...Адамның мінез-құлқын, жылдар бойы қалыптасқан, сүйегіне сіңген стереотип әдетін, кейіпкердің қай ұлттың өкілі екенін, пиғыл-ниетін көрсетеді. Полилогта халық тағдыры сынға түскен кезеңдік оқиғаларға байланысты жұрттың ұжымдық пікірі айтылып, көңіл-ауаны, хал-ауалы көрінеді. Бір ғажабы, қазақ жазушыларының полилогтарында қаншама кейіпкерлер қатысса да әрқайсысының сөзі, мінезі-құлқы, әрекеті, адамдық бет-бейнесі, әлеуметтік сана деңгейі, көзқарасы шамаланып, дараланып тұрады /2, 106-113/. Бұл – полилогты қатысымдық, когнитивтік, әлеуметтік лингвистика т.б. тұрғысынан талдауға көмегін тигізетін көзқарас.

Полилог тікелей қатысымдық актінің көрінісі екендігіне ешқандай дау жоқ. Солай болғанда сөйлесім синтаксисіндегі көрінісін тема-ремалық жікке бөлу арқылы байқап көруге болады.

Жағдаятқа байланысты полилогта (жамырай сөйлеуде) бірнеше сөйлеуші қатысқандықтан кімнің сөзі екені нақтыланбайды, яғни «баяншылар» мен «қабылдаушылар» белгісіз бола отырып, қатысым жүзеге асады. Мысалы:

– Мырзалар, – пристав екі құлағын басып біраз тұрды да, қолын жоғары көтерді, – шуламай тәртіппен айтыңдар, не керек сендерге?

– Уа, нан бер, нан!..

– Ажарды босат түрмеден!..

– Мүгедек солдатты босатып бер!

– Баланияз жазаға тартылсын!..

– Асқарды емдетсін!

– Жұмыстан қуылғандар қайтадан алынсын!

– Онысыз жұмыс істемейміз...

– Мырзалар, – пристав басын изеп күлді, – тыңдасандаршы бір. Біз осы айтқандарыңыздың бәрін зерттейміз...(Ә. Сәрсенбаев).

Бұл мысалдан қазақ халқының ұлттық сипатын байқауға болады. Күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі, әсіресе қарапайым (мысалы, әйел затының ортасы) ортада жамырай сөйлеу қалыпты жағдай. Полилогтың құрамында көбіне тема да, рема да бір-біріне ұқсамайды және әрбір сөйленім жаңа ақпарат таситындығы жоғарыдағы мысалдан байқалады. Дегенмен мұнда барлық сөйлеушінің ортақ бір мүддесі бар екендігі белгілі болып тұр.

Сөйлесімде (мәтінде) романың орны маңызды. Себебі алдыңғы сөйленімдердегі жаңа ақпараттар арқылы қарым-қатынас өрбіп отырады. Бұны С.М. Аташев «ой сабақтастығы», «информация тәртібі» /3/ деп атайды.

Жамырай сөйлеуде әрбір сөйлеуші белгілі бір жағдаятқа байланысты жадыдағы ақпараттарды толықтырып, жаңғыртады. Мысалы:

Көптің аты көп. Ұзақ ойланып, талай амалды жөнсіз долбарлағандардың ішінен бір жас жігіт тосын ақыл айтты:

– Жәке, осы былтыр қайтқан Ожан серіні ту-ту Қожа жасауы дей ме, соның зиратына апарып жерлепті ғой. Марқұмның сүйегін қалай иістендірмей, бүлдірмей жеткізді екен?

– Әлгі сері Ожан ба?

– Сол, сол! Өзі де, марқұм, қасиетті адам екен-ау. Көзінің тірісінде жоқ-жітікке малын таратып беріпті дейді. Сонда көп малды таратып бергенше, ылғи күн батып, қас

қарайып кете берсе керек. Сонда, жұрт: «Ожанның малы таратуға жеткенде, құдайдың күні қарай тұруға жетпеді» дейтін көрінеді! Сонау әулиелердің қасына апарса апарғандай-ақ сері ғой!

- Ойпырм-ай, мен де естіп ем, өзі кемі айшылық жер шығар-ау!
- Оу, Қожа жасауы дегенің қай жасау, қай қожа?
- Қай қожа екенін қайдан білейін, көп қожаның бірі шығар.
- Ә-әй, мұның айтып тұрғаны Түркістандағы Хожа Жассауғи зираты да!
- Е, солай демейсің бе?
- Оны Әулие Әзірет Сұлтан Зираты дейтіндері қайда?

– Е, онда Абылай мен Қаз дауысты Қазыбектің де сүйектері жатыр, – десіп, әркім шала-шарпы естіген, білгендерін сөз қыла бастап еді:

– Иә, сөзіңнің жаны бар, – деп, Жаңбыршы кеу-кеулеп кеткен жұртты басты. – Ол Ожанды жылқының терісіне қаптап апарды деседі, өзім естігенім болмаса, көрмеген ісім.

– Апыр-ай, қаптағанда қалай, тұлып қып тігетін шығар-ау!

– Иә, сүйтетін көрінеді. Ол үшін жаңа сойған жылқы терісі керек. Соған орап, ауа кірмейтіндей етіп таспамен бітеу тігіп, сыртын қара маймен майлап тастайтын көрінеді.

– Онда жылқының есебін қалай табамыз, соғым кезі де емес.

– Жылқыны бірдеме етерміз-ау ортамыздан шығарсақ та, – деп Жаңбыршы соңғы кесімін айтты. Не де болса бүгінгі түн асықпайық. Муфтақты алдырайық, көпті көрген қария, әрі мұсылмандық рәсімді білетін адам (С. Жүнісов. Ақан Сері).

Осы мысалда аялық білімнің алатын орны ерекше. Тілдесушілер жадыда сақталған аялық білімнің нәтижесінде тілдік қатынасты жүзеге асыра алып отыр.

Жамырай сөйлеу қатысымды жеңілдетіп, сөйлеушілердің алдына қойған сөйлесім мақсатының, түпкі ойдың жүзеге асуына ықпалы күшті болады. Бұл сөйлесім актісінде барлық сөйлеушілердің араласуымен ортақ мақсат шешіліп, жадыдағы сақталған тілдік ақпараттар жаңғырып қана қоймай, жаңа хабарлармен де толысқанын көруге болады. Жамырай сөйлеуде сөйлесушілерге тақырып ортақтығының болуы маңызды. Тақырыптың ортақтығы тема мен реманың өрілуінің көзі болып саналады.

Көрші-қолаң, бала-шаға мені қоршап алды.

– Кәне, қарағым, көзіңді көрсетші.

– Операцияны қай жеріңе жасады?

– Әй, өзі бұрынғыдан үлкейіп, әдеміленіп кетіпті, былай қара!

– Батыр-ау, өзінің тіккен орны да білінбейді ғой, – десе, енді бірі:

– Ой, тұра тұршы. Бәрінен бұрын операция қалай болады екен, соны айтшы, – дейді (С. Жүнісов. Ақан Сері).

Сөйлеушілердің білім қорының аздығынан немесе аялық білімнің жоқтығынан тақырыптан ауытқуды байқауға болады. Мұндай жағдай тек білім қоры ғана емес, түрлі жағдайлардың әсерінен де болады. Жоғарыдағы мысалда әңгіме көз туралы. Тек екінші сөйлеуші жағдаяттан нақтылы хабардар емес (Операцияны қай жеріңе жасады?). Көзге жасалған операцияны және көздің операциядан кейінгі жағдайы қатысымның өрбуіне арқау болып тұр.

Жамырай сөйлеуде тақырыптан ауытқу қалыпты жағдай. Мәселен, сөйлеушілер бір нәрсе туралы айтып келе жатып келесі бір тақырыпқа ауысып кетеді. Біраз уақыттан соң сол тақырыпқа қайта оралулары да немесе оралмаулары да мүмкін. Мұндай жағдайда тема мен реманың да актуалдануы бірқалыпты болмайды. Оны көбіне ауызекі сөйлесім тілінен жақсы байқауға болады.

Жамырай сөйлеудің бір ерекшелігі – теманы ремаға тарқатып беруі. Оны мына мысалдан байқап көруге болады:

Ақан сері де Көбен бидің көлденең ойын дәл түсінгендей жатақтарға айнала шолып қарап алды да:

– Ал, ағайын, кім де-кім әкейден дүние-зат, ол-пұл алып қарыздар болса, кешірімді! – деп Мұхаммет кеткен жаққа қарады. Мұхамметтің қасында Рамазан да тұр екен. Екеуінің де өңі келмей, долырып, күйіп тұр екен. Ағалары қарағанда ұнатпай, сырт айналып, ағаш арасына қарай сүңги беріп еді, Ақан Рамазанды тоқтатып алды. – Әй, Рамазан тұра тұр. Сіздерге бұл қарызды кешіруші мен емес. Мен бар болғаны әке аманатын орындаушымын. Әлгі Мұхаммет жоқ еді (Ақан оны ұялтайын деп әдейі арашалады). Рамазан болатын. Солай емес пе, Рамазан! (Рамазан салғырт қана басын изеп, жыларманға келіп бұрылып кетті). Әкем марқұм өлерінен бір ай бұрын бізге енші бөліп, әлгі қарыздарды ешкімнен алмандар, өздеріне айтындар, бәрін кештім деп еді.

Жұрт тағы да гу ете қалды. Қолы қысқа жандар қуанысып, кейбірінің көзіне жас үйірілді.

– Жарықтық-ай!

– Топырағы торқа болсын!

– Апырм-ай, қаншама пұлды кешкені-ау!

– Түһ, мына бір арқаны кеңітер жақсылық болды-ау! Жатқан жерің кең болғыр!

– Ой, жарықтық о дүниеде жұмақтың төрінен кетпе!


– Қашан өлгенше бетімнен отым шығып жүруші ем.

– Оу, мен үш рет қарыз алдым-ау.

– Не деген кең адам еді, топырағың торқа болғыр!

– Құдай да жақсыны қоя ма, – дескен Қорамса атына жаудырған алғыстар қалың нөпірдің әр тұсынан естіле беріп араның ұясынша гуілдеп, ұзақ уақытқа дейін бір-бірімен бас шұлғыса сөйлесіп кетті (С. Жүнісов. Ақан сері).

Тақырып біреу, ортақ бір адамды сипаттап, алғыс айтуда. Бұны мынандай схемаға түсіруге болады (5-суретке қараңыз):



Сурет 1 – Полилогтағы сөйленімнің актуалдану схемасы

Бір қарағанда сырт тұлғасы екеуара сөйлесуге ұқсайтын жамырай сөйлеу түрлері де бар. Ол сөйлесушілердің қойған сауалдарының жауабының болуынан көрінеді.

...Аттанар жақ қара санына басқан көмескі көз таңбаға тесіле қарап, бұл жалпы арғындардың таңбасы екенін ажыратқанмен әркім өзінше әр жорамал айтып, қай елдің меншікті малы екенін тап басып танитын ешкім шықпады. Айыл-тұрманы берік, жеңіл қозықұйрық ерден бір белгі тауып айыру қиын.

– Бұл маңның жылқысына ұқсамайды.

– Тегі алыс жақтан жүрген жолаушы болса керек.

– Әлде көкпар тартысып жүріп жығылды ма екен бейбақ?!

– Қой, онда басқа көкпаршылар соншама көз жазып қалмаса керек еді ғой.

– Қасқыр қуып келе жатып жазым болды ма?

– Мына қара қатқақта кім қасқыр қуушы еді, ессіз біреу болмаса...

– Е, кім біледі, жолда кездесіп қалса...

– Не де болса бұл тегін адам емес. Мұнда бір гәп бар: аттан құлайтын адамның сиқы көрінбейді, – дескеннен басқа, дөп басып сәуегейлік айта қоюға ешкімнің батылы бармайтын секілді (С. Жүнісов. Ақан Сері).

Жамырай сөйлеудің ойды жеткізудегі еркіндік, жағдаяттылық т.б. ерекшеліктерін қарай отырып, тікелей ауызекі сөйлеу тіліне тән табиғатын көруге болады. Полилогты түрлі сипатта талдаса, сөйлесім синтаксисінің мәні ашыла түсері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1969. – 606 с.
- 2 Сыдықовтың Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тіні. – Алматы, 1998. – 164 б.
- 3 Аташев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің актуальді мүшеленуі. – Филол. ғылымд. канд. дисс. – Алматы, 1995. – 143 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада диолог, полилог қатысымдық тұрғыдан қарастырылады. Полилогты мәтіндердің өзіндік ерекшеліктері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются полилог и его особенности с коммуникативного отношения.

ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАМЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Саметова Ж. – оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2006 жылдың 18 қаңтарында Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзінде, атап айтқанда «Қазақстанды таяудағы 10 жыл ішінде әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосу стратегиясында» /1/ білім беру мәселесіне де баса назар аударылды.

Сонымен бірге, Елбасының «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен анықталатынын» ерекше атап көрсетуінде де үлкен маңыз бар. Өйткені кез келген мемлекеттің рухани, әлеуметтік- экономикалық дәрежесі сонда өмір сүретін халықтың білім деңгейіне қатысты бағаланады /2/.

Қазіргі уақыттағы білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат-еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ.

Болашаққа үміт артқан мемлекет, ең алдымен білім сапасының іргетасын қалайды. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдыретті күш тек білімге ғана тән қасиет. Ұлы философ Конфуций: «Оқымай ойлану бос әрекет» деген, яғни білім ғана биікке жеткізеді.

Оқушы білімін дамыту үшін жаңа ұғым, жаңа үлгі, жаңа тәсілдер керек.

Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі технологияларды қолдану /4/.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Оқушыға қазақ тілі сабағын жүргізу барысында интерактивті тақтаны қолданудың тиімділігі неде?

Интерактивті тақтаны пайдалану дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны оқушыға беру процесі.

Интерактивті тақтаны сабақта пайдаланудың тиімді жолдары:

- Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану;

- Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру;

- Сабақта ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану;

- Ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізу;

- Жеке тұлғаның интелектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- Технологиялық құрал арқылы алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;

- Білім мен тәрбиенің бірізділігі;

- Жалпы компьютерлік сауаттылық;

- Оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы;

Интерактивті тақта арқылы электронды оқулықтарды пайдалану өте ыңғайлы. Ал білім берудің кез келген саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Әлі де білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқушы өзін қоршаған ортаны барлық сезім мүшелері арқылы танып, біледі, алайда олардың қабылдауы әртүрлі. Ақпараттарды қабылдаудың негізгі арналары: есту, көру және сезу болып табылады. Өзін қоршаған ортадан қабылдайтын мәліметтердің 90 пайызын көру жүйесі арқылы, 9 пайызын есту жүйесі арқылы, тек 1 пайызын сезім мүшелерінің көмегімен қабылдайды. Көру жүйесі – есте сақтаудың түрлері ішінде жетік, үздік дамығаны. Педагог – психологтардың зерттеулері бойынша берілетін білім оқушының ішкі мұқтажымен сәйкес келмесе, онда оқу процесінде қиындық туындайды. Тәжірибе тұрғысынан қазақ тілі пәнін алатын болсақ, мысалы орыс тілді аудиторияда үй жануарларының қазақша атауларымен танысу керек болса, оқулықтан олардың тек атауларын ғана оқи алса, ал интерактивті тақтадан, олардың түрлі-түсті көркем суреттерін, видео-бейнесін, дауыстарын естуге мүмкіндік бар, сондықтан оларға сөздерді тез жаттап алуға себеп мол болады.

Қазіргі кезде мектепте жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы, ең алдымен мұғалімге байланысты. Қазіргі заман мұғалімінен өз пәнінің терең білгірі болуымен қатар, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық, саяси экономикалық, білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаналыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу-тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Оқушы білімінің сапалы болуы бір жағынан мұғалімнің сабақ беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне байланысты болса, екінші жағынан мектептің техникалық материалдық базасының жабдықталуы да әсер етеді. Оқушының мектепте алған білімді тек игеріп қана қоюы жеткіліксіз, оны жетік меңгеру арқылы болашақ өмірінде өз қажеттілігіне жарата білуі керек. Соңғы кездері мектептеріміз сабаққа қажетті электрондық оқулықтармен, интерактивті тақтамен және мультимедиялық кабинеттермен жабдықталуда.

Ақпараттық технологиялардың мүмкіндері пайдаланып жасалынған электрондық баспа оқулығын пайдалану арқылы мұғалімдер мен оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алады. Әсіресе аталған электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың сабаққа

деген ынтасын жоғарылатып, өздігінен мұғалімнің нұсқауынсыз тақырыптарды игеруіне және зертханалық жұмыстарға алдын ала дайындалуларына мүмкіндік туғызады.

-Интерактивті тақтаны қолдану саласы өте кең: электрондық оқыту жүйесі қашықтан оқыту үшін, өздігімен ізденіс барысында, жалпы білімге деген талпыныс бар оқушыларға өте тиімді. Қазіргі заман талабына сай мүмкіндігін көп дербес компьютерлерді өңдей отырып, тарау бойынша оқушылардың дағдыларды қалыптастыру, білім бақылау жұмыстарын бағалауға мүмкіндік береді. Осы арқылы компьютерлік технологияның дамуының тереңдетілуі білім сапасын жоғарылата отырып, мұғалімнің жұмысын жеңілдеті түседі.

Мен өзімнің қазақ тілі сабағымда интерактивті тақтаны пайдаланып өтемін. Бұның тиімді жағы көп: сабаққа қажетті материалдар, кестелер мен сызбалар, анимациялық көріністер, оқушыларды машықтандыру (практикалық және тәжірибелік) фильмдері, анықтама сөздік, оқушы білімін бекітетін дидактикалық материалдар бар. Әр тараудағы тест сұрақтары, әр тапсырманың өзіндік жұмыстары(сөздік диктант, диктант) оқушы білімін бақылауда және оқушының өз бетінше ізденісін туғызуда көмегі зор.

- сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі;

- мұғалімнің ақпараттық – коммуникациялық технологияны меңгеруі;

- оқушының пәнге қызығушылығы;

- білімнің тереңдігі;

- тексеру түрлері, бағалау;

- практикалық дағдыларды игеру мүмкіндігі артады.

- Қорыта келгенде интерактивті тақтаны қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде интерактивті тақтаны сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар электрондық материалдарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша қажетті материалдармен танысып, кестелер және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер, дыбыс пен музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын. Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио- және бейнеақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады.

Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақтаның алдында тұрып жасырулы ақпаратты және объектілерді көрсете алады және өзгертеді. Сабақтың соңында қолданылған материалды есте сақтап, қажет жағдайда қайталап қолдана алады. Мұғалім алдын ала дайындаған сабақты оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бақылауға бағытталған тапсырмаларды орындауға береді. Сабақтың барысында тапсырманы орындау бойынша ауызша түсіндірілу жүргізіледі, интерактивтік тақтаны пайдалану арқылы теориялық материал қайталаанады. Егер оқушы тапсырманы орындаған кезде қиналса, мұғалім алдыңғы сабақта өтілген материалды ашып, өткен сабақты қайталап, түсінуге мүмкіндік береді. Тақтада жұмыс істеген мұғалім мен оқушының орындаған іс-әрекеттерін есте сақтап келесі сабақта қолдануға болады.

Қазіргі таңда мемлекетіміздегі мектептерде интерактивті тақталар жалпылай орнатылып жатқанымен, мектеп басына шаққанда өте аз, тіпті бір мектепте бір ғана тақтадан кездесіп аждады. Сондықтан Қазақстандағы білім беру жүйесі әлемдік

деңгейге көтерілсін десек, интерактивті тақталар саны әр сыныпта болуға тиіс деңгейге дейін жетуіміз керек. Ол дегеніміз шет елдегі iPad-ты оқу үрдісінде пайдаланып жүрген замандастарымызға бір табан жақындағанымызды білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». – Егемен Қазақстан газеті. 19/І-2006. №16.
- 2 Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында». – Егемен Қазақстан газеті 3/ІІІ-2005. №13
- 3 «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы». – Егемен Қазақстан газеті. 16/І-2004. №5.
- 4 «Тәрбие тағылымдары» /озық іс-тәжірбиелер жинағы/. – Алматы, 2007.
- 5 Н.Түндебаева. Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін коммуникативтік оқыту технологиясы. Қазақ тілі және әдебиеті орыс мектебінде, 2007. № 10. – 3-7 б.
- 6 И.К. Кубаева Научно-методические основы обучения казахскому учащимся 5-7 классов в концепции неосферного образования. – Москва, 2007.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі таңдағы оқу үрдісінде кеңінен пайдаланылып жүрген, интерактивті тақтаның қазақ тілі сабағында қолдану тиімділігі көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается эффективность применения интерактивной доски на уроках казахского языка.

ИННОВАЦИОННЫЙ УРОК – КАК СОВРЕМЕННАЯ ФОРМА ОРГАНИЗАЦИИ УРОКА

Сатимбекова С.А. – преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

В педагогике классно-урочная система предусматривает различные формы организации учебно-воспитательного процесса: домашняя учебная работа (самоподготовка), экскурсии, практические занятия и производственная практика, семинарские занятия, факультативные занятия, консультации, зачеты, экзамены. Но основной формой организации обучения в ВУЗе является урок.

В педагогической литературе преобладает точка зрения, согласно которой урок – это вариативная форма организации целенаправленного взаимодействия (деятельности и общения) определенного состава педагогов и учащихся, систематически применяемая (в определенные отрезки времени) для коллективного и индивидуального решения задач обучения, развития и воспитания. Сущность и назначение урока как целостной динамической системы сводится, таким образом, к взаимодействию педагога и учащихся, целью которого является усвоение учащимися знаний, навыков и умений, развитие их способностей, опыта деятельности и общения.

Эффективность и результативность урока во многом определяются его структурой, под которой понимается дидактически обусловленная внутренняя взаимосвязь основных компонентов урока, их целенаправленная упорядоченность и взаимодействие. Структура традиционного урока включает четыре основных элемента: опрос, объяснение, закрепление и домашнее задание. Такой урок формирует знания, но не обуславливает общее развитие учащихся, поскольку элементы традиционной структуры не отражают процесса их самостоятельной учебной деятельности.

С другой стороны, такой урок отражает лишь внешние признаки учебного процесса (организовать, спросить, объяснить, закрепить и т.д.) и не отражает внутреннюю его сторону (закономерности учебного познания, структуру учебной деятельности и др.). Поэтому традиционный урок не может служить для педагога руководством к действию.

Большее внимание сегодня уделяется человеку как личности – его сознанию, духовности, культуре, нравственности, а также высоко развитому интеллекту и интеллектуальному потенциалу. Соответственно, не вызывает сомнения чрезвычайная важность, острая необходимость такой подготовки подрастающего поколения, при которой оканчивали бы учебные заведения образованные интеллектуальные личности, обладающие знанием основ наук, общей культурой, умениями самостоятельно и гибко мыслить, инициативно, творчески решать жизненные и профессиональные вопросы. Поэтому должен происходить постоянный поиск, цель которого – найти новые формы и приемы, позволяющие слить в единый процесс работу по образованию, развитию и воспитанию учащихся на всех этапах обучения. Коллективу преподавателей необходимо реализовать концепцию, которая предполагает необходимость обеспечения учащихся прочными знаниями материала программы с одновременным осуществлением разноаспектного развития и формирования личности каждого обучаемого – с учетом его индивидуальных способностей и возможностей.

Пути и способы реализации этих принципов должны быть в значимой степени творческими, нетрадиционными и в то же время эффективными.

Инновационные уроки, реализуются, как правило, после изучения какой-либо темы или нескольких тем, выполняя функции обучающего контроля и оценки знаний учащихся. Такие уроки проходят в необычной, нетрадиционной обстановке. Подобная смена привычной обстановки целесообразна, поскольку она создает атмосферу праздника при подведении итогов проделанной работы, снимает психологический барьер, возникающий в традиционных условиях из-за боязни совершить ошибку. Такие уроки осуществляются при обязательном участии всех учащихся, а также реализуются с неизменным использованием средств слуховой и зрительной наглядности (компьютерной и видео техники, выставки, буклеты, стенды). На таких уроках удается достичь самых разных целей методического, педагогического и психологического характера, которые можно суммировать следующим образом:

- 1) осуществляется контроль знаний, умений и навыков учащихся по определенной теме;
- 2) обеспечивается деловая, рабочая атмосфера, серьезное отношение учащихся к уроку;
- 3) предусматривается минимальное участие на уроке учителя.

Естественно, что инновационные уроки больше нравятся учащимся в силу их необычности по замыслу, методике организации и проведения, отсутствия жесткой структуры, наличия условий для самореализации и т.д. Поэтому такие уроки должны быть в арсенале каждого преподавателя. Вместе с тем следует учитывать, что на подобных уроках, как правило, отсутствует серьезный познавательный труд учащихся, невысока их результативность. В силу этого они не должны преобладать в общей структуре обучения, преподавателю необходимо определить место нетрадиционных уроков в своей работе.

В.А. Сластёнин пишет «понятие "инновация" означает новшество, новизну, изменение; инновация как средство и процесс предполагает введение чего-либо нового. Применительно к педагогическому процессу инновация означает введение нового в цели, содержание, методы и формы обучения и воспитания, организацию совместной деятельности учителя и учащегося». Характерной особенностью развития урока в конце 80-х-начале 90-х годов являлось то, что в практике общеобразовательной и профессиональной школы имел место активный процесс возникновения нестандартных форм проведения урока.

Нестандартный, или инновационный, урок – это занятие, имеющее нетрадиционную, гибкую, вариативную структуру и ориентированное, главным образом, на повышение интереса учащихся к обучению посредством новой формы организации их учебной деятельности.

В современной педагогике существует большое количество различных инновационных уроков. Можно выделить следующие группы таких уроков:

1. Уроки в форме соревнований и игр: конкурс, турнир, эстафета, дуэль, КВН, деловая игра, ролевая игра, кроссворд, викторина.

2. Уроки, основанные на формах, жанрах и методах работы, известных в общественной практике: исследование, изобретательство, анализ первоисточников, комментариев, мозговая атака, интервью, репортаж, рецензия.

3. Уроки, основанные на нетрадиционной организации учебного материала: урок мудрости, откровения, урок – “дублер начинает действовать”.

4. Уроки, напоминающие публичные формы общения: пресс-конференция, аукцион, бенефис, митинг, регламентированная дискуссия, панорама, телепередача, телемост, рапорт, диалог, “живая газета”, устный журнал.

5. Уроки-фантазии: урок-сказка, урок-сюрприз, урок 21 века, урок-подарок от Хоттабыча.

6. Уроки, основанные на имитации деятельности учреждений и организаций: суд, следствие, трибунал, цирк, патентное бюро, ученый совет, редакционный совет.

Таким образом, можно сказать, что инновационный урок предполагает введение каких либо новых элементов, не использовавшихся ранее, наиболее распространенным является элемент игровой деятельности. Так как в ходе игры учащиеся не только закрепляют и обобщают материал, но и сами принимают активное участие в ходе урока, сотрудничают друг с другом, с преподавателем и т.д.

Для более полного понимания, что из себя представляет инновационный урок рассмотрим некоторые из вышепредставленных.

Деловая игра – средство моделирования разнообразных условий профессиональной деятельности (включая экстремальные) методом поиска новых способов ее выполнения.

Деловая игра позволяет найти решение сложных проблем путем применения специальных правил обсуждения, стимулирования творческой активности участников как с помощью специальных методов работы (например, методом «Мозгового штурма»), так и с помощью модеративной работы психологов-игротехников, обеспечивающих продуктивное общение.

Цель:

- активизация и закрепление знаний учащихся, приобретенных при изучении данной темы;

- анализ, синтез, интерпретация материала в ходе данного урока;

- практическое применение полученных знаний, планирование хода действий.

Основная задача:

- выработка навыков принятия практического решения на игровых этапах «создания» и «развития деятельности» предприятия.

Урок-КВН.

Основными целями и задачами такого урока является:

- обобщение и систематизация знаний учащихся по данной теме – явлениях, процессах и закономерностях;

- развитие способностей обобщать и систематизировать изученный материал;

- объяснение закономерностей и процессов;

- установление причинно-следственных связей;

- строить графики;

- развитие мышления учащихся и их творческих способностей;
- формирование грамотной устной речи;
- воспитывать в учащихся чувство товарищества, умение работы в коллективе; ответственности и самостоятельности;
- развивать познавательный интерес к предмету.

Урок заключается в том, что группу учащихся необходимо разделить на команды, в каждой из которой выбирается капитан. Победителем будет считаться тот, у кого будет больше правильных ответов на предложенные задания. Правильность и полноту ответов определяет специальная счетная комиссия, состоящая из преподавателей, родителей учащихся или старших товарищей.

Задания для такого урока могут быть различными. Это может быть решение задач; фронтальный опрос членов команд по очереди; отгадывание ребусов, кроссвордов; выявление закономерностей; поиск лишних слов и их исправление; демонстрация домашнего задания, предварительно данного преподавателем по выбранной теме; разыгрывание сценок и т.п.

Урок-конкурс.

Проведение такого урока позволяет:

- проверить прочность усвоения теоретических знаний, практических умений и навыков за весь курс обучения;
- систематизировать знания учащихся;
- формировать у учащихся добросовестное отношение к труду, сознательное отношение к выполнению трудовых заданий;
- воспитывать волю к победе;
- прививает учащимся интерес к выбранной профессии;
- развивать у учащихся самостоятельность мышления, творческую инициативу и активность.

Задания для такого урока могут быть примерно такими же, как и для урока-КВНа.

Урок-конференция.

Вряд ли стоит доказывать, что самым надежным свидетельством освоения изучаемого материала является способность учащихся вести беседу по конкретной теме. В данном случае целесообразно проводить урок-конференцию. Урок-конференция – это своеобразный диалог по обмену информацией. На таком уроке, как правило, учащиеся овладевают определенным количеством частотных клише и пользуются ими в автоматическом режиме. Оптимальное сочетание структурной повторяемости обеспечивает прочность и осмысленность усвоения.

В зависимости от поставленных задач тема урока может включать отдельные подтемы. Во всех этих случаях мы имеем дело с обменом значимой информацией. В такой ситуации логично прибегать к элементам ролевого диалога. Такая форма урока требует тщательной подготовки. Учащиеся самостоятельно работают над заданием по рекомендованной преподавателем литературе, готовят вопросы, на которые хотят получить ответы. Подготовка и проведение урока подобного типа стимулирует учащихся к дальнейшему углублению знаний в результате работы с различными источниками, а также расширяет кругозор.

Урок-сюрприз.

Особенностью данного урока заключается в том, что учащиеся не знают, какие задания их ожидают, для этого используются специально приготовленные шкатулки с вопросами, «черные» ящики, конверты и т.д.

Цели такого урока следующие:

- обобщить знания учащихся о понятиях, показать их значение, взаимосвязь;
- расширить кругозор, словарный запас через исторические сведения о величинах, повторить старинные единицы массы, длины, времени;

- выявить имеющиеся знания и понятия процессов, явлений на уровне собственного жизненного опыта;

- воспитывать активность, самостоятельность.

Урок-аукцион.

Этот урок строится как повторительно-обобщающий с акцентом на показ практической значимости изученных вопросов – в этом и цель урока.

Структура урока такова: приветствие; повторение во время опроса основных вопросов темы; объяснение правил аукциона; "продажа" предметов; музыкальная пауза; продолжение "продажи"; музыкальный финал; итоги.

Построить урок – аукцион можно в такой форме: за демонстрационным столом располагаются ведущие в импровизированных костюмах. Перед ними – большой волчок, а вокруг него по кругу расположены "продаваемые" предметы. Ведущий запускает волчок. Остановившаяся стрелка указывает, какой именно предмет будет продаваться. Покупатели, желающие приобрести данный предмет, должны указать его связь с предметом, точнее – с пройденной темой. Называют по очереди; второй ведущий после каждого ответа громко считает: раз, два, ... три. Выигрывает тот, кто до счета "три" последним даст ответ.

Мы рассмотрели только наиболее распространенные нестандартные уроки. При планировании и проведении таких уроков преподаватель может вносить собственные коррективы исходя из выбранной темы для проведения урока и способностей учащихся, также преподаватель, полагаясь на свою фантазию и опыт, может спланировать собственный инновационный урок, который будет иметь место в системе профессионального обучения.

В данной работе остановимся на подробном рассмотрении и планировании такого инновационного урока как деловая игра.

ЛИТЕРАТУРА

1. Макаренко А.С. «Педагогические сочинения».
2. Подлосый И.П. «Педагогика. Новый курс».
3. Асипова Н.А. Казакбаева З. «Инновационные технологии по жизнеберегающему образованию».

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются научно-теоретические основы подготовки учеников к инновационно-проектировочной деятельности, учет которых рассматривается как главное условие противостояния стереотипам и формирования творческого отношения.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада білім беру үрдісін кұрудың педагогикалық стереотип пен шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастырудың негізгі жағдайы ретінде инновациялық-жобалық қызметтің ғылыми-теориялық жақтары қарастырылған.

СӨЗ ТІРКЕСІН ДАМЫТА ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сембаева А.Ғ. – ората мектеп мұғалімі (Алматы обл., Жаркент ауданы
Ақжазық орта мектебі)

Сөз тіркесін бастауыш сыныптарда дамыта оқыту технологиясының міндеттерді шешуге тиімді болатыны, технологияның негізіне жазу теориясы алынумен байланысты деп анықталды. Жазудың өзі тілдің таңбалық болмысын түсіндіруге тірек

болады. Сөз тіркесі синтаксисі туралы қажетті лингвистикалық ұғымдар жүйесін іріктеп, бастауыш сынып оқушыларына қазақ жазу принциптерін анықтау, сөздің сөз тіркесі құру процесі, сөз тіркесі мүшелерінің жазылуы, айтылуы туралы ережелерді үйрету арқылы дамыта оқыту қызметін ұйымдастыру көзделді. Қазақ жазуының теориялық концепциясына сүйеніп, бастауыш сыныпта «тізбек», «тізбектелу», «дыбыстар тізбегі», «буындар тізбегі», «түбір мен қосымшалар тізбегі» сияқты ұғымдарды енгізіп, олардың лингвистикалық түсініктерін меңгерту арқылы ғана тіл бірліктерінің тізбектелуі туралы түсінік қалыптастырады /1, 54/. Бір сөздің орфографиялық түрін талдату арқылы тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің тізбектелуі туралы жалпы ұғым жасату керек. Одан кейін оқушылар өз бетімен сөздер құрамындағы дыбыстардың тіркесімділік қабілеті мен тіркесімділік талғамы, тіркесім талаптары туралы түсінік беріліп, тапсырмалар орындалатылып, қорытынды тұсында тіркесім туралы ұғым жасатылады. Тіл бірліктерінің, дыбыстың түбірдің, қосымшаның, жеке сөздің құрамын талдау арқылы оқушы әр біліктіңмағынасын ашады, соның негізінде әрбір тіл бірлігінің қызметі- өз тектес бірлікпен тіркесіп, өзінен жоғары деңгейдегі жаңа тіл бірлігін жасау екендігіне біртіндеп көзі жетеді. Осы тәріздес жұмыстар арқылы ғана бастауыш сынып оқушыларының ізденімдік-зерттеушілік қызметін ұйымдастыру тиімді болады. Сөйтіп, оқу қызметін оқушы теориялық ойлауы мен тілін дамыту бағытында құруды көздей отырып, сөз тіркесі синтаксисін бастауыш сыныптарда оқытуды жазба тілдің принциптерін меңгертумен байланыстыруды жөн деп қабылдадық. Әрине, бұл дегеніміз- бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуды тек орфографиялық принциптерге негіздеуді ұсыну емес. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін дамыта оқыту барысында жазу принциптерін тірек етудің мүмкіндігін анықтау және оны болашақта нақтылай зерттеу қажеттілігінің өзі – бастауыш сынып оқушыларына фонетикалық және морфологиялық, синтаксистік ұғымдар аясын кеңейте меңгерту мәселесіелелерімен тығыз байланысты.

5-9 сыныптарда сөз тіркесін дамыта оқыту технологиясындағы сөз тіркесінен берілетін білім мазмұнын іріктеуде бұл сынып оқушыларының орфографиялық машық-дағдылары белгілі бірдей дәрежеде қалыптасқаны назарда ұсталынады. Сондықтан да орфографиялық принциптер бұл сынып оқушылары үшін ғылыми жаңа мәлімет болуы көрінбеуі ықтимал. Осындай мәселе біздің алдымызға 5-9 сынып оқушылары үшін сөз тіркесін дамыта оқытуда негізгі теориялық тірек іздеу керектігін танытты. Ондай теориялық тірек ретінде біз мынадай жолды таңдадық:

- сөз тіркесін оқытуда логика элементтерін қолдану және оқушыларға логика элементтерін тілмен байланыстар отырып меңгерту;
- сөз тіркесін лексикамен, морфологиямен байланыстыра оқыту;
- жаңа синтаксистік ұғымдардың енгізілуі;
- қазақ тілінің жүйелі ғылыми курсы салалы фонетика, лексика, морфологияның синтаксистік негізде оқытылуы;
- сөздің синтаксистік қызметіне сөз тіркесін құруға қатысуын да енгізу;
- сөйлем құрылуындағы сөзбен қатар сөз тіркесінің қызметін де алдыңғы қатарға шығару;
- сөз тіркесі мен сөйлем (жай сөйлем, құрмалас сөйлем) жасалуындағы синтаксистік байланыстар мен синтаксистік қатынастар табиғатына терең синтаксистік талдаулар жасату;
- орфоэпия заңдылықтарының жаңа ұғымдарын енгізу;
- пунктуация теориясының ұғымдарын меңгерту;
- сөз тіркесінің текст құраушылық қызметіне байланысты ұғымдар жүйесін енгізу.

Жаңа ғылыми ұғымдарды сөз тіркесін оқытумен байланысты енгізудің өзінде оқушының белгілі бір дәрежедегі даярлығы болуы керектігі естен шығармау қажет. Жаңа лингвистикалық ұғымдар енгізілгенде, оқушының олармен қалай танысатыны, қандай оқу мақсаттарын қоятыны, қандай міндеттерді шешу арқылы жаңа мазмұндық

топтастырулар жасауға жете алатыны анықталады. Мұндай мәселе оқушыны орындайтын оқу әрекеттерінің барынша нақтылауын, жүйеленуін міндеттейді. Оқушы теориялық ұғымды анықтауға, талдауға кіріспес бұрын, мұғалім негізгі оқыту нысаны - сөз тіркесінің табиғаты туралы білім мазмұнын есіне түсіріп, оқушының сөз тіркесі туралы білетін білімдік мазмұнын жаңа аспектіден қарауына басшылық етіп, олардың сөз тіркесі туралы білімін жүйелеп алуына көмектеседі. Осы ретте оқушының теориялық ойлауын дамыту мақсатымен бірге оқушының тілін дамыту мақсаты да бірігіп, сөз тіркесін дамыта оқыту технологиясының толыққандығы айқындала бастайды. Яғни оқушының теориялық ойлауын дамыту міндеті оқушының тілін дамыту міндетімен біріктіріліп, оқушының жан- жақты дамуына жаңа, үлкен арна жасалады. Бұл жерде сөз тіркесінің өзі тектес басқа тіркес түрлерімен салыстыруы, құрмалас сөйлеммен салыстыруы, сөйлем мүшелері мен сөз тіркесінің байланыстығы, текст туралы ұғымдар берілуі туралы айтып отырмыз. Бұл жұмыстардың барлығы, түптеп келгенде, негізгі объект- сөз тіркесі синтаксисінің табиғатын неғұрлым терең, неғұрлым айқын танытуға бағытталады.

Сөз тіркесін дамыта оқытуда эмпирикалық және теориялық таным деңгейлерінің ерекшеліктері осы 5-9 сыныпта аса ескеріліп, эмпирикалық және теориялық деңгейлерде берілетін білім мазмұндары іріктеледі. Өйткені алдымызға қойылған мақсат- оқушылар сөз тіркесін эмпирикалық және теориялық деңгейлерде бірізділікпен талдай отырып, осы тіл бірлігінің грамматикалық тіл бірлігін айқындауға, тіркес түрлерін ажырата білуге, жай және күрделі сөз тіркестерін тануға, сөздердің байланысу тәсілдеріне, байланыс түрлеріне, құрамына, түрлеріне және синтаксистік байланыстармен синтаксистік қатынастар табиғатына терең назар аударулары керек. Сөз тіркесін тілдің барлық ішкі жүйелерімен (фонетика, лексика, морфология, сөйлем, текст) байланыстара оқыту арқылы пунктуациялық, орфоэпиялық талдаулар жасату арқылы мұғалім оқушының сөз тіркесінің жүйелік-құрылымдық табиғатына мазмұндық талдау жасау дағдыларын қалыптастырады /2, 44/.

5-сыныптан бастап, оқушылардың синтаксистік ұғымдарды терең тануы мен синтаксистік ұғымдарды жүйелеуге дағдылануы дамыта оқыту технологиясының міндеті болып саналады. Өйткені, 5-сыныптан бастап оқушылар қазақ тілінің жүйелі курсы оқып- үйрене бастайды. Енді оқушы тілдің ерекше қызметіне ден қойып, бастауыш сыныптарда меңгерген жазудың заңдылықтары мен тілдің заңдылықтарына теориялық тұрғыдан қарауды үйренеді. «Дыбыс және оның мағынасы», «Сөз және оның мағынасы», «Сөз тіркесі және оның мағынасы», «Сөйлем, сөйлем түрлері, олардың мағыналары» деген тақырыптар енді оқушыға тіл бірліктерінің семантикалық тұрғыдан танылуы қажеттігін айқын көрсетеді. 5-сыныпта фонетиканы оқытудағы басты мақсат – фонеманың сөзбен морфемнің мағынасын ажырататын қызметін таныту. Фонема туралы ұғым қалыптасқан оқушыда жазудың фонематикалық, морфологиялық принциптері туралы түсінік қалыптасуға дайын болады. Жазба жұмыстар мен синтаксистік талдауларды дәстүрлі әдістемеден басқаша етіп түрлендіру және олармен көп жұмыс жасау арқылы оқушыларда жаңа, бұрынғы оқытуда айтылмайтын, тіл жүйесіндегі барлық дерлік бірліктердің, фонемадан бастап, морфема, сөз, сөз тіркесіне шейінгі тіл бірліктерінің, түпкі қызметі- сөйлем құрылымына қатысу екендігі туралы ұғым қалыптасады. Сөйтіп, «Тіл – жүйелердің жүйесі» екендігіне ғылыми талдаулар арқылы көз жеткізеді /3, 79/. Мұндай ұғым жасауда оқушылар жаңа біліміне бұрынғы эмпирикалық білімін тірек етуі үйретіледі.

1950-1980 жылдарда әдеби байланыс негізінен белгілі бір үдерістер арқылы жүзеге асты. Атап айтсақ елдер арасында: қаламгерлер, ғалымдар арасында өзара пікір алысулар мен түрлі конференциялар өткізілді. Жазушылардың достық кездесулері ұйымдастырылды. Ақын-жазушылардың мерейтойлары атап өтілді. Елдер арасында әдеби-мәдени онкүндіктер өткізілді. Аударылған шығармаларға қатысты талқылаулар, конференциялар ұйымдастырылды. Мәселен, 1950-жылдары өткен Бүкілодақтық, республикалық конференцияларда көркем аударма мәселесі жөнінде теориялық пікірлер айтылды. 1957 жылы 4-желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті бюросының «Республика баспаларының аударма әдебиетті бастырып шығару жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы» қаулысына орай Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасында құрылған аударма әдебиет редакциясы 1958 жылдың мамыр айынан қазанға дейін Азия мен Африка елдері жазушыларының жиырма бір кітабын қазақшаға аударып, осы жылдың қазан айында Ташкентте өткен конференциясында таныстырды. Бұл жөнінде көркем аударма зерттеушісі Х. Өзденбаев: «Түпнұсқаның өз тілінде басылған бұл кітаптарды конференцияға қатысушылар сүйсіне, қуана қарсы алды, қызығып, мақтап, мақұлдаған пікірлерін айтты» /1, 65/ – деп көркем аударма маңыздылығына кеңінен тоқталды. Бұдан кейін, 1958 жылдың 15-18 қаңтар аралығында Алматы қаласында орыс әдебиетін Орта Азия, Қазақстан, Азербайжан халықтарының тілдеріне аудару мәселесі жөнінде регионалдық кеңес өткізілді. Бұл кеңес Қазақстанда аударма ісінің дұрыс жолға қойыла бастағандығын байқатады. Ал, 1961 жылы Мәскеуде көркем аударма мәселелері жөнінде халықаралық симпозиум ұйымдастырылды. Оған бұл орайда көркем аударманың негізінен орысшадан қазақшаға аударудың сыры мен сынына ерекше көңіл бөлінді.

1960-жылдан бастап әр елдің тіл ерекшеліктеріне қарай жер-жерлерде аймақтық конференциялар ұйымдастырылды. Мәселен, 1961 жылы желтоқсан айында Фрунзе қаласында түркі тілдес халықтардың шығармаларын аудару мәселелері жөнінде конференция өткізіліп, 1962 жылы Қазан қаласында жалғасын тапты. «Онда РСФСР-дегі түркі тілдес халықтардың өкілдері бас қосып, сол халықтардың тілдерінен орыс тіліне және орыс әдебиетін сол халықтардың тілдеріне аудару мәселелерін сөз етті. Бұдан бұрын 1955 жылы Қырғызстан Жазушылар одағы басқармасы президиумының шақыруымен қазақ ақын-жазушылары Фрунзе қаласында болып, екі ел әдебиеті жайында өзара ойларын ортаға салды. Тілдері түбірлес туысқан республикалардың әдебиетін өзбек тіліне аудару тәжірбиесі жөнінде Ташкент қаласында Мәскеуден арнайы мамандардың қатысуымен, үлкен кеңес болып өткен. Онда негізінен қазақ әдебиетін өзбек тіліне аудару мәселелері сөз болған. Аталмыш жиындар бойынша СССР Жазушылар одағы басқармасының жанындағы көркем аударма кеңесі Мәскеуде регионалдық конференциялардың жұмыстарын қорыту мақсатында үлкен мәжіліс өткізілді. Онда қандай шығармаларды аудару керек? Қандай мәселеге назар аудару керек? деген сияқты мәселелер талқыланды. 1966 жылы Мәскеуде өткен дүниежүзілік симпозиумда: көркем аударма теориясы мен тәжірбиесінің өзекті мәселелері;

поэзиялық шығармалардың аударылуы; түпнұсқа мәтініндегі ұлттық ерекшеліктерді беру тәсілдері; т.б. мәселелер кеңінен талқыланып, дүниежүзі бойынша 200-ден астам ғалымдардың баяндамалары тыңдалды. Біздің елден, көркем аударма теориясын зерттеушілер С. Талжанов пен Ә. Сатыбалдиев қатынасып, көркем шығармаларды орысшадан қазақшаға аударудың сыры мен сынына ерекше тоқталып өтті. Жоғарыда аталып өтілген көркем аударма теориясына қатысты мәселелер біздің еліміздегі жазушы-ғалымдарымызды бей-жай қалдырмады. Жасалынған көркем аудармалар талқыланып, аударманың теориялық мәселелері қарастырылды. Мәселен, 1960-жылдардан бастап Қазақ Ғылым академиясының Тіл білімі институтында аударма бөлімі ашылса, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты көркем аударманы зерттеуді жүйелі түрде жүргізе бастады. Белгілі ғалымдар аударма теориясының келелі мәселелерін талқылап, аударматанумен кеңірек айналысып, ғылыми және публицистикалық еңбектерді жарыққа шығара бастады. Атап айтқанда, М. Әуезовтің «Ревизордың аудармасы туралы» (М. Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағы 1969) аталмыш жинақта аудармаға қатысты бірнеше мақалалар бар, С. Нұрышевтің «Аударма туралы» (1961), С. Талжановтың «Көркем аударма туралы» (1962), М. Қаратаевтың «Дүниетаным және шеберлік» (1965), Ә.Сатыбалдиевтің «Рухани қазына» (1967), Ә. Әлімбаевтың «Өрнекті сөз – ортақ қазына» (1967), С. Сейітовтың «Өмір өрнектері» (1967), Ш. Сәтбаеваның «XIX ғасырдағы және XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ-европалық әдеби байланысы» (1972), Т. Әбдірахмановтың «Жаңа ғасыр көгінде» (1969), Ө. Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» (1975), Қ. Нұрмаханов «Дәстүрлі достық» (1962), Т. Әлімқұловтың «Жемісті жолда» (1973) т.б. Бұл еңбектерде түпнұсқа мәтінін аудару жолдары ғылыми тұрғыда қарастырылып, негізінен көркем аудармаларға әдебиеттану тұрғысынан талдаулар жасалынады. Көркем аударманың өзекті мәселелеріне тоқталып, қазақ прозасын орыс тіліне аударудың, орыс прозасын қазақ тіліне аударудың өзекті мәселелеріне тоқталған еңбектер көптеп көрініс тапты. Ә. Сатыбалдиевтің «Рухани қазына», С. Нұрышевтің «Аударма туралы», С. Талжановтың «Көркем аударма туралы», З. Тұрарбеков «Қазақ аудармасының теориясы мен практикасы» атты еңбектері, аударманың арнаулы тарихын сөз ете отырып, оның мәдени-әлеуметтік рөлін қарастырады. Екі бөлімнен тұратын Қ. Нұрмахановтың «Дәстүрлі достық» кітабының бірінші бөлімінде 1960-1980 жылдардағы қазақ аудармасының жай-күйі сөз етіледі. Көркем аудармадағы стиль мәселесіне арналған М. Қаратаевтың «Дүниетаным және шеберлік», атты еңбегінде көркем аударманың даму бағытын, тіліміз бен әдебиетімізге тигізіп жатқан ықпалы туралы, М. Әлімбаевтың мақал-мәтелдердің аударылуы жөнінде «Өрнекті сөз – ортақ қазына», қазақ тіліндегі аударылған шығармалардағы фразеологизмдердің берілу тәсілі жөнінде Ө. Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» көркем шығармалардың аударудағы келелі мәселелерін сөз еткен Т. Әбдірахмановтың «Жаңа ғасыр көгінде», Т. Әлімқұловтың «Жемісті жолда», М. Құрмановтың «Алтын арқау» еңбектері аударматану ғылымын қалыптастыру ісіне қосылған үлес деп атауға лайықты.

Көркем аударма әдебиеттер байланысын жақындастыра түсетін маңызды сала. Сондықтан да, осы кезеңде аудармамен қатар, әдебиеттер байланысы жайында еңбектер де жарық көрді. Солардың бастылары: С. Сейітовтың «Өмір өрнектері», «Әдебиеттер достығы» атты зерттеулерде қазақ әдебиетінің орыс, украина, белорус, түркімен, тәжік, өзбек, қарақалпақ әдебиеттерімен байланысы жан-жақты сөз болады. Ал, ұлттық әдеби компаративистиканың негізін қалаушы Ш. Сәтбаева «Қазақ әдебиетінің ұлтаралық байланысы», «XIX ғасырдағы және XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ-европалық әдеби байланысы», Б. Ысқақовтың «Қазақ-татар әдеби байланысы» зерттеуінде қазақ-татар халықтарының әдеби байланыстары жан-жақты қарастырылады 1960-1980 жылдардың аралығындағы қазақ аударматану үдерістерінің, әдеби байланыстың арнайы және жан-жақты зерттелмегенін байқатады.

1967 жылдың сәуір айындағы Қазақстан жазушылар одағы басқармасының аударма мәселесіне арналған пленумының алдында Ә. Сатыбалдиев аталмыш симпозиумда көтерілген мәселелерге тоқтала отырып, біздің елден басқа республикаларда көркем аударма мәселесін ұйымдастырып, жолға қойып отыратын кеңестердің ашылғандығын, ғылыми институттарда арнаулы бөлімдер, гуманитарлық оқу орындарында көркем аударманың тарихы мен теориясына арналған кафедралар жұмыс істейтінін тілге тиек ете отырып, «...Тек бізде ғана аудармаға деген салқындық көк мұз боп сіресіп тұрып алған еді. Соның салдарынан бұл жұмыс тек өз ығымен, өгіз аяңмен ілбіп қана жүріп жататын да, кейде ептеген шетқақпайға да ұшырайтын» /2/, – деп лайығынша жолға қойылмай келе жатқан аударма саласына мықтап көңіл бөлу керектігін баса айтады. Баспаның жоспарын ықшамдау керек болса, аударма көлемінің азайтылатынын, ақша үнемдеу керек болса аудармаға деген қаламақы кемітілетінін, елдер арасындағы кезекті онкүндіктер қарсаңында, не болмаса біреудің мерейтойларын өткізуге келгенде айнала жүгірісіп, жабыла аударту ұйымдастырылатынын да, ол науқан өткеннен кейін саябырсып қала беретінін ашына айтады. Сондай-ақ, симпозиумда көркем аударма шығармалардың жыл сайын ондаған баспа табақ көлемінде шығып жатқаны, саны көп болғанымен сапаларының нашарлығы сөз болды. Сападан гөрі санның артуына көп көңіл бөлініп кетуінің басты себептері айтылады. Осы арада Ж. Молдағалиевтің Қазақстан жазушыларының V съезінде айтылған сөзін келтіре кетейік: «...әдебиеттің осынау өте маңызды саласына баспасөз жөніндегі республикалық Комитет пен «Жазушы» баспасы тарапынан болсын, Жазушылар одағы тарапынан болсын әлі де жете мән бермеушілік бар. Соңғы жылдары «Жазушы» баспасы аударма кітаптар шығару жоспарын кемітіп жіберді. Мысалы, 1959 жылы олардың жалпы көлемі 800 баспа табақ болса, 1965 жылы 200 баспа табақтан аз-ақ асыпты. Аудармашыларға деген көзқарастың да пәлендей емес екенін ашық айту керек. Олармен алдын ала шарт жасау, аванс төлеу сияқты заңды шаралар «Жазушы» баспасы практикасында жоқ деуге болады» /3, 133/, – деуінен-ақ, көркем әдебиетті аударуды жоспарлау ісінде де жүйесіздік белең алғандығы айқын аңғарылады.

Қазақстан Жазушылар одағы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен, «Жазушы» баспасымен бірлесе отырып, көркем аударма жөнінде арнаулы шығармашылық кеңес құрды. Оның құрамында Ғ. Ахмедов, З. Ахметов, Қ. Тоғұзақов, Қ. Шаңғытбев, І. Жарылғапов, Ә. Жұмабаев сияқты тәжірибелі маман аудармашылар топтастырылды. Сондай-ақ, «Жазушы» баспасымен бірлесе отырып Кеңес Одағы ұлт әдебиеттерінің және шет ел әдебиеттерінің үздік шығармаларын аудару жөнінде жоспар жасады. Осы бір игілікті жұмыстың нәтижесі кезінде Қазақстан жазушыларының кезекті съезінде жоғары бағаланды.

Көркем аударманың жай-күйі туралы айтылған аталмыш пікірлер мен баяндамаларда көркем аударма мәселесі әр кезде де күрделі күйде болғанын аңғартады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көркем аударма теориясы мен тарихының өзекті мәселелері. – А., 2002. – 260 б.
2. Көркем аударманың кейбір мәселелері. – Алматы: Қазмемкөркембаспасы, 1957. – 170 б.
3. Талжанов С. Көркем аударма туралы. – Алматы: Қазмемкөр. – 196-166 б.
4. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье на основе трудов писателей-переводчиков рассматриваются актуальные проблемы художественного перевода второй половины XX века.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жазушы-аудармашылардың еңбектері негізінде XX ғ. екінші жартысындағы көркем аударманың өзекті мәселелері қарастырылады.

НАСАБ НАМЕ» ЕСКЕРТКІШІНІҢ ТІЛІ

Жүнісова М.Ә. – ф.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Бұл кітап орта ғасыр ескерткіштеріне тән Аллаһ Тағалаға мақтаулар айтып басталады, оның елшісі Мұхаммед Пайғамбарға арнау ретінде жазылған. Сонымен қатар бұл жерде қамтылған мәселелер – негізінен атадан балаға деген мұрагерлік. Бұл Насабнаманың төлиесі – Сафи ад-дин Урук Қойлақи мырза. Ол сөзін былай деп жазады: “Мен 93 жыл өмір сүрдім, 53 жыл Хызыр мен Иляста сұхбатта болдым. Біз егін шаруашылығымен айналысқан сайын, олар Аллаһқа дұға қылатын. Олардың дұғасының арқасында күз сайын біз аштықты көрмедік, Аллаһтың бізге еш тарлық зақымын көрсетпеді” – деген сөздермен сөз сапталған. Қойлақи сөзі осы мұрагерлікті жазып отырған кісінің Қойлақи деген жерден екендігін білдіретіні белгілі. Қазіргі Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданына қарасты Қожакент ауылының жанында Сырдариядан ерте замандарда бөлініп, көл болып қалған су бар. Оны жергілікті жұрт көл дейді. Өйткені ол – өте терең және ұйықты көл. Міне, сол көлдің аты Қойлақи көлі деп аталады. Бұдан шығатын қорытынды қазіргі Түркістан қаласына 80 км-дей ара қашықтықта орналасқан. Бұл көлдің аты ғана емес, сонымен бірге Қожакент ауылының ертеден бері қайтыс болған кісілерді жерлейтін мазардың есігіне Қойлақи ата деп жазылған. Бұл Қойлақи ата емес, шындығында жердің аты екенін осы ескерткіштің тілін зерттеу барысында көз жеткіземіз. Өйткені сол аумақты осы күнге шейін қазақтың жүзіне жатпайтын қожалар мекендейді. Ал осы ескерткіш негізінен атадан балаға жазып қалдырған «Қожалар шежіресі» болып саналады. «Қойлақи» сөзі қой, лақ деген сөздердің бірігуінен шыққандығы сөз құрамынан-ақ көрініп тұр.

Насаб наме негізінен Али Муртазадан басталып, Ал Мухаммед қожамен аяқталады. Сонымен бұл шежірені жалғастырып іздеген Мухаммедхан Сайфназаров пен Мұзаффар Шалаповтар.

Насаб наме – XII ғасырлардағы ескерткіштердің ең көрнектілерінің бірі. Автор туралы толық мәлімет жоқ. (Дастанның екі көшірмесі бар. Бірі өзбек (ұйғыр) әрпімен, екіншісі араб әрпімен жазылған. Өзбек (ұйғыр) әрпімен жазылғаны – ең ертедегі көшірмесі. Ал араб көшірмесі кейінірек жазылған. (Екеуі де тарих ғылымында танылған). Транскрипцияланып, белгілі дәрежеде зерттелген. Түркі тілдерінің ішінде өзбек тіліне толық аударылған. Өзбек (ұйғыр) нұсқасына қарағанда араб нұсқасы әлдеқайда толық, құрылысы түсінікті, дұрыс сақталған. Сондықтан біз қазіргі қазақ тіліне де осы М. Сайфназаров пен М. Шалаповтар жариялаған арабша түпнұсқадан аудардық. Зерттеген ғалымдар “Насаб наме” сияқты көне ескерткіштерді тек бір тайпа, бір ұлыс қана емес, түркі халықтарының біразының құрамына енген халықтардың ортақ мұрасы деп таниды.

Насаб наменің жан-жақты танылып, халық мұрасына айналуы жолында қазақ зерттеушілері де азды-көпті үлес қосты. Бұл дастанның әдеби – тілдік мәні аса құнды шығарма екендігін, болашақта зерттеу мәселесін кең қолға алу керектігін айта кеткен жөн. Осы кезге шейін тілдік тұрғыдан зерттеу нысаны болмаған. Шығарманың идеялық бағытына, тарихи мәніне белгілі ғалымдар Б. Кенжебаев (Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1973) пен Х. Сүйіншәлиев (Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1967) кезінде дұрыс баға берді. Дастан зерттеушілер назарына тез түскенімен, оның көптеген мәселелері, атап айтқанда өз тұсындағы көршілес елдер әдебиетімен ішкі байланысы, ондағы қоғамдық ой-пікірдің көрінісі, өзбек әдебиетінде поэзия жанрының қалыптасып, дамуына тигізген өзіндік әсері, т.б. әлі де типологиялық зерттеулер үстінде жаңалықтарымен көрінетіндігі сөзсіз.

Біз “Насаб намені” түпкі бастаулары Y-YI ғасырларда жатқан ежелгі әдебиетіміздің X-XII ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер

жүзі мәдениетіндегі озық бағыттармен байланысты, сонымен қатар берідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты деп қараймыз.

Бұл дастанның түп негізін қалаушы – Сафи ад-дин Урук Қойлақи деген кісі. Қаламгердің туған, өлген жылдары белгісіз. Ол Сыр бойындағы қала-кенттердің бірінен шыққан. “Мен көзім жұмыларда (өлер алдында) аздап уайымдадым. Бұл Насаб намені оқысаңдар, ұлы аталарымның халал мүлкілерін, суларын дағуат қылсаңдар, Ұлы атам саяхатын ашық ұстамасаңдар (жарияламасаңдар) іріп-ашып кеткен даруиштерге және момын-мұсылмандарға бағынбаса, Патша әлсіздік (осалдық) қылса және жеңіл ұстаса – мен Сафи ад-дин Урук Қойлақи мырзамын. Қиямет болса иманнан және жүректен, ол кісіге ұлы дұшпан боламын, – дейді өзі.

Ақын дастанды өзбек, тәжік, араб, түрік тілінде бірдей жазған. Үш-төрт тілді бірдей білу – XII-XIII ғасыр ақындарының көпшілігіне ортақ қасиет. Өйткені ерте дәуірлерге назар салсақ, бір замандарда билеген, үстем болған ру-тайпалардың тілі мемлекеттік қатынаста, ішкі жағдайда, көркем әдебиетте, ғылымда негізгі рөлге ие болған. Бір кезде араб тілі үстем болса, келе-келе Қараханидтер, Сельжұктар тұсында парсы, одан қыпшақтар үстем болған кезде түркі тілі тарих сахнасына шықты. Белгілі ғалым Е.Э. Бертельстің осы туралы мына пікірін келтіре кетейік: “IX ғасырда негізгі әдеби тіл болған араб тілінің орнын X ғасырда парсы тілі басты. Араб тілі тек ғылым мен дін саласында қалып еді. XI ғасырда парсы тілі ғылымға да енді. Ал көркем әдебиетте үшінші ағайыны – түркі тілдік жүйесіндегі әртүрлі тілдер қосылды. Бірақ бұлар – үш түрлі әдебиет емес, үш түрлі тілді пайдаланған бір ғана әдебиет”.

Шығарманы бастамас бұрын Тәңірге сыйынып, медет сұрау – ертедегі әдебиетке тән дәстүр. Онда Қаламгер Тәңірдің ұлылығына бас иіп, оның күдірет-күшінің шексіздігіне таңданады. Дүниеге Пайғамбардың жіберілгенін, оның мирасқорын (үрім-бұтағын) жаратқаны үшін Тәңірді мадақтайды; Ол адамның баласы (мырза), Әлемнің мақтанышы Мұхаммед Аллаһтың елшісі. Ол ғалымдардың ғалымы, ақиқаттың басшысы, құрмет орынның басшысы, басшылардың басшысы (шейхтардың шейхы) және т.б.

“Насаб наме” дастанының қазіргі қазақ тіліндегі бұл алғашқы аудармасы – көркем аударма емес, мағыналық аударма. Көбіне ұйқасы, буын саны сақтала бермейді. Халқымыздың ежелгі мұрасына ілтипатпен қарайтын көпшіліктік шығарманың жалпы мазмұнын түсінуіне мүмкіндік жасау ниеті көзделеді. Әсіресе сонау XII ғасырда жазылған ескерткіш тілінің, қазіргі тілімізге етене жақын екендігін аңғарса деген ниетте болдық.

“Насаб намеде” қамтылған мәселелер негізінен жер-су атауларына бағытталған. Сол жер-суларды қорғаған және жаулап алған хандардың көрінісі. Сонау Ферғанадан (Өзбекістаннан) Отырарға дейінгі шапқыншылық. Шашты, Қашқарды, Сайрамды, Отырарды, Жентті, Испижабты, Қарғалықты, Йасыны басып алған Нахибтерден (жаулардан) азат етіп, өз немерелеріне мирас қалдырып отырған. Атадан балаға келе жатқан мирас (мұрагерлік) ақыры Сафи ад-дин Урук Қойлақи мырзаға қалдырылған. Сол заманда Али Муртазаның тұқымдарының (үрім-бұтағының) бірі Абдур-Рахим өзінің бауырларын Ферғана жеріндегі шабуылға шақырады. Олар Ферғана жерін қорғап қалу үшін Шам арқылы бірнеше қалалардан өтеді. Көптеген қалаларды басып келе, олар ол жерге Исламды таратып отырады. Ақыры Ферғана жеріне жетіп, онда үш күн, үш түн соғысады. Үшінші күні олар Ферғана патшасын жеңіп, Исламды сол жерге енгізеді. Сонымен қатар соғыстың нәтижесінде көптеген мұсылмандар шахид болады. Одан кейін Испиджаб еліне Исламды таратып, халыққа ғылыми-хикметтер насихаттайды. Сосын Иетикент, Қашқар елдеріне де дінді уағыздайды. Абдур-Рахим соңғы шабуылын Қашқарда жорып, сол жерде билеуші болады. Оның бауыры Исхак баб Сайрамға сапар шегіп, сол жердегі нахибтерді иманға, дінге шақырады. Бірақ нахибтер оған қарсылық білдіріп, онымен қылыштасады.

Ескерткіштегі әрбір сөздің қазақ сөзіне жақын-алшақтығын тексеру, қай дәуір тіліне жататынын анықтау – болашақтың ісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – А., 1973.
2. Сүйіншәлиев Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – А., 1967.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XII ғ. ескерткіші «Насаб наменің» тілдік қолданысын зерттеудегі нәтижелер туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о достижениях исследования языкового употребления памятника XII века «Насаб наме».

ӘЗІЛБЕК КІНӘЗБЕКҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СУРЕТКЕРЛІК

Дәуітұлы Т. - аға оқытушысы.(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ақын Әзілбек Кінәзбекұлы 1948 жылы ҚХР, СУАР Іле қазақ автономиялы облысы, Іле аймағы Күнес ауданының Талды ауылында дүниесі ашады. 1966 жылы Іле педагогикалық институтын бітіріп, 1966-1986 жылы еңбек жолын ұстаздықтан бастаған ол проректорлыққа дейін көтеріледі. 1986 жылдан өмірінің соңына дейін «Іле ағарту» журналында бас редактор қызметін атқарған. «Ақкекіл ақын» атанған сыршыл Әзекен 2001 жылы қапияда дүниеден өтті. Шығармашылыққа аты шулы «Мәдениет төңкерісінен» кейін белсене араласқан Әзілбек Кінәзбекұлының артында «Аққулар ұшып барады» (өлең- роман), «Әулиенің ауылы» (дастандар), «Темір қанат» (өлеңдер жинағы), «Алау жүрек» (өлең, поэмалар) қатарлы төрт томдық жинақ қалды. Қытайдағы қазақ әдебиеті мен мәдениетіне осындай сүбелі еңбектер қосқан Әзекен Шынжаң жазушылар одағының мүшесі де еді.

Әзілбек Кінәзбекұлының шығармашылығы жайлы әуелгі сөзді «Мерген деп қалдың-ау» атты өлеңінен бастайық:

Ұлпа қанатқа
Көктемді қондырып,
Алыстан аққу
Ала келгенде.

Әдейі іздеп
Көптен жол жүріп,
Келіп ем байтақ

Даламен мен де. – деген жолдарда аңсау, сағыну, іздеу сезімі жаныңды жай таптырмайды.

Аққулар қалқып
Ежелгі мекен,
Жүр екен айдын –
Шалқар көлінде.
Соншалық секем –

Алғаны не екен,
Лезде олар келді

Тарқар бейімге. – сергек, тәкаппар сұлулықтың жаттан жатырқауы, сескенуі араны алшақтатуға бейімделеді.

Келемін бұғып
Жағалап қарап,
(Жымуға жастан

Болып ем епті.)

Мінеки ұшып,

Сабалап қанат,

Аққулар алыс

Тобымен кетті. Қаншалық ептілікке бейімделгенмен, жасырынғанмен, секемшіл көл еркесі бәрін де жазбай бағып тобымен көкке самғады.

Ех, ұлы құстар,

Еркесі көктің,

Қалды ма шалқып,

Күлген алабың.

Кезеніп мылтық,

Келген жоқпын,

Сірә, сен мені

Кімге баладың?

Келіп ем сені,

Бір көрейін деп,

Сендегі сүйіп,

Меңсіз ақтықты.

Келіп ем сенен

Үйренейін деп,

Құлан таза ойды,

Мінсіз пәктікті.

Келіп ем сенен,

Алайын деп мен.

Қалтықсыз емін

Қапалы дерттің.

Қатарын мәңгі

Қастерлеп өткен,

Өшпес жылуын

Опалы серттің...

... Көрсеттің маған

Бір ғана нәрлі –

Қимылды –

Ұшу алысқа биік.

Қасиетті сол

Бойдағы барды,

Берер ме ең мендей

Арысқа қиып. – Табиғат еркесі ақын жанын, көңіл- күйін қайдан білсін. Солай да ақын аққуға деген ыстық сезімін, іңкәрлігін, ізеттілігін, құрметін еш жасырып қалған жоқ, ортаға жайып салып отыр. Көксеген көрікті ойынан опық жейді. Сонда да үмітін үзбей көз алдында өткен көрініс «алысқа ұшудай» қасиетті маған берер ме екенсің деп жалбарына сұрайды. Жұп-жұбымен жарасып көлде жүзген аққудың абайсызда шырқын бұзып алғанына өкініп, өзінің аққуға деген таза, пәк сезімін сезбегенін айтып «мерген деп қалдың-ау» деп мұңаяды.

Ақынның жарық дүниемен қоштасар алдында қойын дәптеріне жазып қалдырған «Күзгі сағыныш» атты өлеңі, ақын қайтыс болғаннан кейін «Шұғыла» журналында жарияланды.

Күз мынау,

Қырау тартып бір демде іргем,

Әр күні аялы аспан кірбең-кірбең.

Ағашты бір ызғардың желі шайқап

Жапырақ түсіп жатыр бірден-бірден.

Қараймын терезеен ақ қалаға,
Суылдап теңселіп тұр бақтар ана.
Құлазып ақ қар жапқан мына таудай,

Мені де құлазытты-ау Хақ Тағала, – деген өлең жолдарында қарапайым күз көрінісі өзінше айшыққа толы.

Қашан да ақын жаны нәзік, қиялы ұшқыр, сезімі елпең, әсершіл келеді ғой. Сондықтан болар, қарашаның соңына қарай тау басына қар түсіп, ағаш жапырағы төгіліп, сүреңі қашқан көрінісінен бір түрлі әсер ала туындаған көңілсіздіктен ақын өзгеше ой түйіп, бір кездерде біз де осындай бір ызғарлы желге тап болып, жапырақтай сарғайып, сағақтан үзіліп, жерде қалармыз-ау деген бір үрейді аңдатады.

Осы боп өлеңімнің күнде ырғағы,
Тербейді жаз жанымды тың жырдағы,
Білгендей мен кіргенде келгенімді
Ойнақы телефон да сыңғырлады.

Өзіңе бола жүріп көптен ғашық,
Осынша сағынышым кеткен басып,
Өзіңді тағы аймалап тұрғандаймын
Бетіме трубканы еппен басып, – дейді.

Осындағы жұбай аққу секілді ғашықтардың қимыл-қозғалысы мен жүрек лүпілі, нәзік сезімі бір-бірімен қалай беттесіп, қандай өрнек төгіп тұрғандығына қараңыздаршы. Ақын бейне Қыз-Жібек пен Төлегеннің отау үйде бұрынғылардың «шашсипатар» ырымын, шымылдық ішінде өтеп жатқандағы жүректі өбіп аймалайтын қуаныш сезімін өз басына келтіргелі тұрғандай сезімге кенеліп трубканы бетіне еппен басып тұрмай ма?! Бұл неткен нәзік, неткен тәтті сүйіспеншілік десеңші!

Ақын тиянақсыз тербетіліп, мазаны алатын ырғақтан босап, тұғырына қайта қонған қырандай сілкіне бой жазып, көкзеңгір аспанда қанатын жайып қалықтап ұшқысы келген ақиық балапанның шабытын шақырып:

Қанатым құла дүзде ерек тала,
Самғадым бетке алып дерек дана,
Шаршасам шар әлемнің шаңын қауып,
Қуатым өзің берген медет қана.

Сол қуат, осы шабыт, желі кеудем,
Ертеңім, құшсам әйтеу сені деумен,
Салбурын сауырынан көбік ағып,
Келемін бауыр жазып еңіреумен.

Тұрғандай елік күтіп мұқым жайда,
Осынай күш бағыштап қысым бойға.
Тиятын тер шүмегін маңдайымнан,

Көз сүртер қолыңдағы шытың қайда?! – деп шалықтап, шарықтайды. Бұл жүректегі отты құштарлық, терең сүйіспеншілік, пәк махаббат емес пе? Міне бұл ақынның жүрегін сыздатып көңілінің тынышын кетірген, сезімін қытықтап тебіреніске салған «күзгі сағыныштың» бір бөлшегі.

Шығарманың композициялық құрылымына келер болсақ, осы бір шағын көлемдегі «Күзгі сағыныш» атты романстың композициялық бітімі қандай тамаша оюластырылған. Онда бір түрлі симфониялық сипат бар. Ақын бұл романсқа кесек симфониялық шығарманың мелодиялық тынысын беріп, әр бөлекте әр басқа ойнақ салып, сыр шерткен суретті сөз тіркесін жасап, бізге музыкаға толы сыңғырлы әуенмен тіл қатып тұрғандай ағытылады.

Махабатты қашан да дауыл құм басқан,
О, жұлдыздар!
Жайым сол ғой мұңдасқан.
Мәңгі сөнбес,
Жұлдызы бар көгінде,
Менің дағы көңілім бір түнгі аспан.

Күрсінемін көкке сол, қарап алып,
Самайым да қалыпты сәл ағарып.
Қайта оралмас ғұмырдың белгісіндей,
Өркештенген өзен де барады ағып.

Айнымастай жүректің сертін буып,
Жүруші едім өзіңе еркін жуып.
Алыстадым қасыңнан амал қанша,
Тағдыр деген таяқты кемпір қуып! – деп,
жарық жұлдызын ертеден-ақ бағамдаған байқампаз ақын Әзілбек Кінәзбекұлы – сыршыл да сезімтал, қырандай ұшқыр, сұңқардай шабытты, ылғи философиялық ойға жүкті лирикалық бояулы ақын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. – Алматы. Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы, 2000. – 312 бет.
2. Әдебиет энциклопедиясы. 2000. – 114-бет.
3. Таңшолпан журналы. 2009. №6.
4. Іле айдыны журналы. 2001. №6.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ақын Әзілбек Кінәзбекұлы шығармаларының көркемдік қырлары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются художественные особенности творчества А.Кинязбекұлы.

МИФ В ЛИТЕРАТУРЕ ДЛЯ ДЕТЕЙ

Ергалиева Ж.Н. – к.филол.н., и.о. доцента (Алматы, КазгосженПУ)

Сегодня формируется новый тип художественного познания мира, складываются новые модели художественного мышления. Характерным признаком, которого является соединение таких понятий: миф и литература. В истории литературы «миф» – это понятие не новое, оно имеет древние и глубокие корни. Мы иногда задаемся вопросом: «Что такое миф?» – Искусство или наука? Как миф связан с литературой? Начнем с того, чем мы сталкиваемся в обыденной жизни. Например: встречая на каждом шагу знак медицины – чашу со змеей, вряд ли кто-нибудь задумается, почему же изображена именно эта чаша со змеей, и что она атрибут врачевания Эскулапа. Мало кто утруждает себя поисками рождения таких простых ежедневных слов: *январь, март, июнь* – ведь и эти названия месяцев напоминают нам о героях из мифов, о

римских богах Янусе, Марсе, Майе, Юноне. Известный исследователь А.Н. Афанасьев очень точно подметил, что миф есть древнейшая поэзия.

О древнейших свидетельствах духовного богатства мира, говорят и наскальные изображения, которые древние художники высекали на плоских скалах (как будто начертано небрежно детской рукой), начиная с эпохи каменного века, вплоть до эпохи железа. Мир очень богат наскальными изображениями, например, на Урале преобладают изображения оленей, лосей, водоплавающих птиц, гусей, уток, в Казахстане – быков, верблюдов, лебедей – персонажей для космогонических мифов. Есть также изображения светил Солнца и астральных знаков. Встречаются даже целые композиции. Все это свидетельство о том, что древние люди стремились запечатлеть некие мифологические образы, рассказы – одним словом миф был основным проявлением одного творчества. Общие мифы о сотворении Мира, прежде всего Земли, и общие имена богов напоминают нам о единой мифологии. Гениальная способность народа создать единый, гармоничный образ мира, связав в нем все сущее: небо и землю, человека и природу, жизнь и смерть. И все это породили удивительные мифы. Мифы – мы уверенно можем сказать оказались настолько жизнеспособными, что и сегодня вызывают неиссякаемый интерес в археологических цивилизациях в эпохе античности в этом безбрежном океане мифологии, мы пытаемся отыскать то, что близко сегодня нам. Это уроки красоты, добра и правды, а их надо усваивать с детских лет. Ведь детская литература – это ключ к пониманию важнейших для человека истин. Создана целая система мифологических представлений разных народов, которые затем проявлялись в разных жанрах фольклора и литературы. Различные мифы и образы, элементы – мифологемы – оживают в новых и новых произведениях. Многие из них сегодня включены в круг детского чтения.

Считают, зерно мифа – архетип. В работах К.Г. Юнга есть размышления о том, что в архетипическом сознании человека любое отношение к архетипу переживаемое или просто именуемое, задевает нас: оно действительно потому, что пробуждает в нас голос более громкий, чем наш собственный. Он указывает на то, что архетипы как прообразы мифологических мотивов и сюжетов формируются и реализуются в мифотворчестве и в современной науке ими именуется универсальные символы и образы. Наука сегодня систематизирует мифы по их архетипическому зерну. У всех народов есть астральные мифы, календарные мифы, космогонические, тотемические, эсхатологические, антропологические мифы.

Из эпохи в эпоху, из века в век, из поколения в поколения шло переосмысление, переложение старых мифов. Мифы становились на службу новым общественным прослойкам. Мифы постоянно растут и обновляются, наращивая новые слои коры. Миф как живое дерево, от которого отходят могучие ветви. И даже когда его корни жег червь сомнения порожденным, какой-то чуждой духовной средой, и оно падало вместе с той общественно-политической структурой, которую питала, и даже в те мгновения, порожденные им образы, продолжали витать в иных временах. Поэтому мы бережно хранили все представления древних людей о мире, понимания значимости их образа жизни и места в этом мире, опираясь на достижения науки, мы открываем для себя удивительные страницы древней старины. В переломные эпохи всегда находятся люди, как кометы, успевающие в кратчайший срок изменить окружающий их мир. Почему на их примере не учить подрастающее поколение, включая их яркие страницы жизни в детское чтение. До сих пор вызывают поразительный интерес личность древнего завоевателя Александра, который, будучи юношей, даже почти мальчиком смог разрушить великую персидскую державу и долго держал власть над народами Балканского полуострова и восточным миром. Сколько древних биографов пытались воссоздать божественное происхождение Александра.

Занимательные легенды, перешедшие в мифы, ходили и о детстве этого мальчика, будущего завоевателя. Приведу известный пример: о том, как к его матери являлся

какой-то бог в облике змея и будто бы Филиппу однажды удалось через замочную скважину увидеть этого змея на супружеском ложе рядом с Олимпиадой, за это он был наказан соответствующим образом, потеряв глаз. Уверяли, будто родовспомогательницей при появлении на свет Александра была сама богиня Артемида, и это явилось причиной того, что она не уберегла свой собственный храм в Эфесе, подожженный честолюбцем Геростратом. Или о том, как мальчик смело оседлал буйного коня – Буцефала, который настолько поразил его отца Филиппа, что из его уст вырвалось: «Ищи сын мой, царство по себе, Македония тебе мала». Особого внимания заслуживает из рассказов о детстве, рассказ о его обучении у великого философа Аристотеля. Они вместе читали «Илиаду» и Александр брал эту рукопись в походы. Александр сызмальства проявлял большой интерес к учебе. Познания для него были же простой и естественной потребностью, но своего рода средством для осуществления власти над миром. И сегодня автор «Илиады» – Гомер стоит во главе всей истории греческой литературы, и включен в школьную программу Казахстана. Значит, веками не угас интерес к творчеству великого драматурга «Гомер» – был современником расцвета культуры в Двуречье, Египте, городах, государствах финикийского побережья.

Детская книга по пушкинскому определению – учебник жизни. Один из самых интересных переложений эпоса составлен профессором А.Н. Немеровским. Надо отметить, что исследование героико-фантастическую литературы для детей с позиции типологического сходства еще предстоит. Этот аспект не изучен до конца.

Древнейший из известных в мире эпосов содержит такие сюжетные мотивы и детали, которые повторяются затем в других более поздних художественных творениях. Центральным героем детской литературы во все времена является ребенок. И в древних литературах образ ребенка неотделим от чудес, которые он совершает либо основная функция центрального героя явить собой чудо, т.е. совершить необыкновенное. Так формируется о древней культуре миф о Божественном ребенке и имеет ряд структурно образующих мотивов и каждый из них находит отражение мифов, легенд, преданий Древнего Египта под названием «Миф о рождении героя». В этом сборнике есть история мифа о Гильгамеше, как о незаконнорожденном младенце, которого спас орел и отпустил его в сад. А садовник вырастил прекрасного мальчика, который получил имя Гильгамеш и стал царем Вавилона. И сегодня для чтения детей и подростков включен в школьную программу древнешульгерский «Эпос о Гильгамеше». Усвоение с детских лет уроков доброты, красоты и правды, помогают в дальнейшем правильно понять творение разных искусств и саму историю так как, этот эпос изучается школьниками и европейских стран. Мы отмечали, что основной образ детской литературы – это ребенок, творящий чудо. Чудом мы можем назвать не только те способности наделенным всевышним, но и бытовые поступки. Сюжетной линией детской литературы, во многом являются добрые дела, подвиги и шалости. Все это расценивается, как откровение детской души. Согласно древним традициям детские годы – это время, которое дано людям для уважения к божественной сущности ребенка. Ребенок не только удивлял своими чудесами, но и мудростью. Это и рождает цикл мифов о детях-пророках, дети – будущие спасители мира. Это история Моисея, который был « силен и в словах и в делах», интересна и история пророка Мухаммеда, который воспитывался в семье арабов-кочевников, о его таинственном рождении и жизни. По-своему увлекательно излагают В.Ф. Панов и Н.Б. Вахтин в книге «Жизнь Мухаммеда», где герою было всего три или четыре года когда он получил дар особой чистоты, безгрешности дар пророчества.

Для настоящей детской литературы, все эти библейские мифы, играют особую роль, так как привлекают цели воспитания и свобода вымысла. Мифологема Божественного ребенка имеет продолжение в сюжетах литературы для детей и сегодня.

ЛИТЕРАТУРА

1. Неелова Е.М. Волшебно-сказочные корни научной фантастики. – М., 1986.
2. Мелетенский Е.М. Сказание древних славян. – СПб., 1999.
3. Юнг К.Г. Архетип и символ. – М., 1991.
4. Минералова Н.В. Детская литература. – Н., 2004.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается взаимодействие литературы и мифа, которые формируют новый тип художественного познания мира и новые модели художественного мышления.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әлемді көркемдік танудың жаңа түрлері мен көркемдік ойлаудың жаңа модельдерін қалыптастырушы әдебиет пен аңыз қарастырылады.

ӨЛЕҢТАНУДАҒЫ ӨРНЕКТЕР

Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Көркем әдебиетте ой мен өрнек тығыз бірлікте. Суреткердің дүниетанымы арқылы сыртқа көркемделіп, бейнеленіп келуіне байланысты процесті айтамыз. Сөздің көркемдігін таныту үшін сөз бөлшектерінің қызметі айрықша. Сөз кестесіндегі көркемдік жасаушы әшекейдің міндетін атқарады. Өлеңдегі суреттілік, мағыналылық, бейнелілік сипаттарын асыру үшін тілдік қолданыстармен бірге ұтымды композиция, түрлі жанрлық құбылыстар, өлең сөздің әуезділігі болуы керек. Мұндай бірнеше көркемдік тұтастықтың бірін-бірі толықтыруы арқылы өлеңнің реңкі, бейнелілік, көркемдік қасиеті арта түспек.

Әрбір көркемдеуші сөз көркем шығарманың мазмұнынан, сөз тіркесімен айшықтанып зор мағына мен түсінікке, ұтымды ойлар мен тынысты орамдарға жетелейді. Өлеңтануда ең негізгі есепке алынатыны осы көркемдік мәселесі. Өлеңнің әрбір құрылымы, әрбір жолы тек әсем көркемдіктермен қапталып, сұлу мағына мен сымбатты бейне беріп тұруы тиіс. Әдеби көркемдіктер тек белгілі шығарманың түріне қатысты айтылмайды. Мәселен, тек өлеңде ғана оның сипаты дыбыс үндестігімен болсын сөздің құрылымынан болсын көрініс табуы тиіс. Әдеби шығарманың мазмұнын, сипатын ашуда айтылған ойдың саналы түрде жетуі, әсерлі шығуы сияқты айрықша қасиеттерімен өлшенеді. Кейде жекелеген сөз бен сөз тіркестерінің мәні түсініксіздеу, немесе басқа мағына беретіндей екіұшты сипатымен көрініс тапқанда олардың тура мағынасы мен астарлы мағынасын зерделеуді қажет етеді. Мысалы; «Гүл, жапырақ, тал, қайыңның иісі, Басып қалды поэзияның мүйісін» /1, 104 б./ осындағы бірінші тармақтағы сөз тіркестері тікелей мағынасында емес» шұрайлы тіл, шұрайлы сөз, тәтті жыр» мағынасында немесе «көлеңкелермен сүйісіп, қарайған сәтте реңім» тіркесі өзінің тікелей мағынасында емес, ақынның көңілсіз сәттерінің көріністерін беретін мағынада қолданылып тұр. Бірақ қалай болғанда да екі құбылыстардың өздері айқындап тұрғандай астарлы мағына сол салыстыра суреттелетін құбылыстардың негізгі сапасы мен қасиеттеріне негізделіп тұрады. Демек, салыстыру негізінде жасалған көркем сөздер ең бірінші ойды жеткізудегі қызметімен ғана өлшенбейтінін дәлелдейді.

Өлеңде не нәрсені болсын ұғымға түсінікті, халықтың танымына сәйкес ұғынықты құбылыстармен, нақты заттармен салыстырады. Сол үшін астарлы сөздер, салыстырмалы бейнелер, әр түрлі көркем тәсілдер ұлттық өміріміздің шындығын танытуда зор үлес қоспақ.

Поэтикалық тіл жалпы сөз өрнегі белгілі бір халықтың тыныс-тіршілігін, тұрмыстық сипатын, ұлттық ерекшелігін, бүкіл дүниетанымын танытатындықтан

мұның бәрі бір ғана тіл, сөз арқылы көрініс бермек. Ал мұндай болмыстағы үздіксіз даму сол елдің мәдениетіне, сөз өнеріне оның көркемдік ерекшеліктеріне, тілдік тәсілдерінің қалыптасуына, дамуына міндетті түрде әсер етеді. Тіпті кейбір сөздердің қолданылу ерекшелігі белгілі бір ұлттың белгілерін айқын танытып отырады. Халықтық бояу-өрнектердің айшықтығымен танылатын бейнелі сөздер, теңеу, метафора, метонимия, символ, гипербола т.б. көркемдеу құралдарын тұтастырып қарайтын болсақ, бәрінің атқаратын қызметі бірдей екендігін көреміз. Ол сөздің ең шұрайын келтіріп тұратын элементтерден (ой, мағына, түсінік, ұғым, түйсік, талғам, т.с.с.) тұтасып бейнелі, суретті сөз тіркестерін жасауы тиіс. Поэзиядағы көркемдік, әдемілік жайлы түсінік, ғылыми тұжырымдар әр дәуір тудырған шығармашылықпен бірге жасасып келе жатыр. Поэзия тіліндегі сан түрлі суреттілік бітімнің орнығуына да әдеби дәстүрдің ықпалы ерекше. Сондықтан да өзімізге таныс сөздердің, сөз тіркестерінің бірнеше ғасыр өткеннен кейін де өзімізге таныс күйімен қайталанып отыратынына көзіміз жетіп келеді. Бірақ, басқаша құбылыста, басқаша іс-әрекетте, басқаша қолданыстағы бейнелілігімен ерекшеленеді. Бұл әрине, өлеңге ғана қатысты емес, адамның (ақынның) ой-сезіміне де қатысты ерекшелік деп тану керек.

Өзіміз өткеріп отырған кезең, енді ғасырларды емес, мың жылдықтарды тоғыстыратындықтан, ерекше мазмұнмен ерекшелінеді. Шекаралықтың шынайылығы адам қоғамындағы тектоникалық жылжулар туралы қанық болып табылады. Саяси шиеленістер, толастамас соғыстар, табиғаттың дүлей күші, ғалымдану қаупі, мәдени көтерілістің салдарынан – адамның әдеттегі сана-сезімі мен әлемтанымын дүр сілкіндірді. Күнделікті ақырзаман қаупін басынан кешіру – бір жағынан, адамзаттың бүкіл тарихын шолып шығуға деген ұмтылыс – екінші жағынан, отандастардан өмірлік маңызы бар танымдарды қайта қарастыруды талап етті. Мәселен, Маралтайдың «Ақырзаман Алматы» /2, 42 б./ өлеңінде мынандай түсінікке тап боласыз:

Орысың, қытайың да ағылмайтын,
Қазақтан басқа халық сағынбайтын.
Алматы Алла әмірін қабыл алды,
Батырдай басын беріп, бағынбайтын.

Жатқан ел етек-жеңін кеңге беріп,
Шаһары шаһит болды жерге еніп.
Кеңістік көмейінде тозаңдатып,
Бір нәрсе бара жатты дөңгеленіп.

Құдайым, қуат бар ма күшіңе тең?!
Пенденің ойы азды, ісі – бөтен...
Ақсарбас айтпаймысың ақыныңа,
Алматы, аман-сау тұр, ... түсім екен! /2, 43 б./.

Жанр – әлемнің өзгерген көрінісін егжей – тегжейлі бейнелеуге қабілетті санаттардың біріне жатады. Жанрлық сана – сезімінің өз күшіне енуі – міндетті түрде, танымал жанрлық әлем танымдарды жаңғыртуға әкелетін, болмыстың кеңістігі мен уақыты туралы жаңа түсінікті іздестіру кезеңін анықтайды.

Өз-өзін жоққа шығару тетіктері туралы ағымдағы тарихи - әдеби сәттің өзіндігін айқындайды. XX ғасырдың аяғындағы заман адамзаттың әлеуметтік мәдениетінің жаңа деңгейге шығуымен танылады, оның мақсаты – шынайы диалог кеңістігін құру болып табылады. Жан-жақты диалогты іздестіру жолындағы өнер, тіршіліктің және көркем сана – сезімнің өзіндік құрылымының эстетикалық қуатын толықтай игеруге көшеді. Романтизм мен «күміс дәуір» әдебиеті – жанр бөлуші принцип пен шекаралық белгі қызметін атқаратын жердегі, шынайылық қатаң белгіленген жанрлық шекаралардың аясында жаңғыртылатын жердегі классикалық эстетикаға қарағанда – бедерсіз түрде жанр категориясын қабылдады, осының нәтижесінде, ол адамның әлемдегі тіршілік

етуінің мәнін түсінудегі модернистердің әлеуетсіздігін қайта кодтай отырып, келесі буынның ізденіс бағытын мүлдем басқа жаққа бұрған еді. Постмодернизм заманы классикалық әдебиетте де, модернистік әдебиетте де бұрынды-соңды білмеген болмысты түсінудің көпжақты көп өлшемділігіне қол жеткізе отырып, нормативті жанрлық ой – сананың тәжірибесі мен жанрлық қағидаларға деген декаденттік менмендікті біріктіреді.

Жоғарыда келтірілген мәдениеттанушылық теориялар бір – бірімен үндесіп жатқанын байқау қиынға соқпайды: әрбір тұжырымда семиотикалық та, әдеби шынайылықтың тарапынан да ықпалға ұшырайтын, жанрлардың қайта туындау мәселесі жанрлық дүниетанымның тұғырынан қарастырылады.

Тәуелсіздік жылдар поэзиясындағы жанр ғұрыптарының өзектіленуі мен жаңару күшінің қызметін постмодернизмнің «бәсең» дискурсы атқарады. Жанрлық эксперименттердің «бәсеңдігі» өткен – модернистік – эстетиканың ықпалын анықтайды. Модернизмнің мәдени талғаусыз болса да, әлемдік ғұрыптарға енсе де, ол қазақ авторларының XX ғасырдың басындағы шығармашылығында негізгі іске асыруын қойған жоқ. Абай, Шәкәрім, М.Жұмабаевтың поэзиясында қазақтың сөз өнерінің жаңару жолдарының бағыттарын байқауға болады: жаңа мазмұнды және поэтиканың белсенді игеру тек жүз жыл өткеннен кейін мүмкін болады. Замандас ақынның көркем ізденістерінің жан-жақтылығы модернизмнің («әлем сияқты мәтін») және постмодернизмнің («хаос сияқты мәтін») қағидаларының өзара әрекеттестігін айқындайды.

Әдеби мұраға артқан қызығушылық ғұрыптар және жаңашылдықты жай ғана талдаудан ары апарып, ең әртекті деген мәтіндердің (хронологиясына және мазмұнына қарай) кенеттен жақындасуына мүмкіндік берді. II мыңжылдық аяғындағы «тептендікке ие» мәдениеттің кеңістігіндегі жанр әсіресе сұранысқа ие болғанмен, бұл жерде жанрлардың қатаң түрткісі мен мазмұндылығы жойылған еді. Иерархия мен қағидаларға менмендікпен қараған заман, шынайылықты көркем тұрғыдан түсіну үдерісінің барысында әлемнің жанрлық көрінісін жаңадан іске асырды. Постмодернизмнің «бейберекетсіздігі» адамдардың бірлескен тіршілігінің бұдан күрделірек және жақсырақ ұйымдастыру әдісінің іздену бағыттарын анықтады. «Жан үндестікті» табу жағдайы жанрдың элементанымының тұжырымдық ой - сананы танымал етті.

Замандас ақындар өткен заман мәдениетін өзінше жинақтап зерттейді: модернистік жанр шығармашылығы жанрлық тұғырдан бұлжымас қағидалар туралы классикалық эстетика түсініктерімен тұтасып, бүгіндері жанр дүниетанымның жаңарған категориясының қызметін атқаруға көшті. Жанрлық қағида мәдениетінің екеуара сөйлесімнің нышандарының бірі ретінде қабылданып, танымал дәйексөздің қызметін атқарады. Әлемнің жанрлық көріністерінің өзіндік жеткілікті «әлем идеясы» ауқымдырақ тұғырына тап болып, өзінің екеу ара сөйлесім әлеуетінің іске асырылмағанын анықтады. Ақынға постмодерннің мәдениет кеңістігін сауатты түрде игеруге осы жанр категориясы мүмкіндік берген еді. Тегіс емес болса да, сызықтық дамуы бар кез келген жанрдың генезисі, әдебиеттің бүкіл құрылымның соңына дейін ыдыраудан «сақтап» отырады. Жиырмамыншы ғасырдың аяғы мен жиырма бірінші ғасырдың басындағы көркем-поэтикалық эксперименттер генетикалық заңдылықтар мен ережелерді бұзуға деген ұмтылыстарға негізделеді, осылайша, постмодернизмнің бейберекетсіздігін өзінше тәртіпке келтірген, «кері» жүйелеу пайда болды.

Жанрлардың кезең сайын қайта туындауының ең басты себептеріне жеке тұлғалық сана-сезімнің өзгеруі жатады. Жаратушы автордың жүрегінен өтпесе және замандастың санасы қабылдамаса саяси - әлеуметтік те, тарихи – мәдени де, табиғат күйзелістің бірде- бірі, әлемнің жанрлық көрініске ықпал ете алмайтыны анық. XX ғасырдың драмалық сюжеттері адамның-жеке және қоғамдық деп аталатын, қазіргі заманға дейін бөлек болған екі тіршілік аясын шегіне дейін жақындастырған еді.

Алдын-ала болжауға болмас трагедиялардың заманы жылдар бойы мемлекеттің адамның жеке өміріне қол сұғуынан сақтап келген, «менікі» – «ортақ» /3/ деген тоғышарлық бөтеншілдіктен бас тартқызып, немқұрайдылықтың қалың қабатын сейілтті.

Мынжылдық шегі толы саяси тоқыраулар, табиғат сұрапылдары, әлемнің шартараптану қаупі, мәдени көтеріліс – осының барлығы өз нәтижесіне – адамзатты тағдыр ағымымен жылжуға деген ниетінен бас тартуды талап етті. XX ғасырда өкінішке толы және танымал болған Болмыс мәніне деген экзистенциалдық көзқарас кенеттен жаңа қарқынға ие болды: әдебиет тіршіліктің қараңғы-күйзелісті сезімімен шығып, адамзаттың әрбір бірлігінің ерекше екендігін сезінуге жетті. Әрине, егер бұл «бірлік» өзіндік сәулеленуге қабілетті болса, сәйкес, рухани дамуға да ие болары сөзсіз. Мұндай «антропоцентризм» /3/ С.Ақсұңқарұлы, М.Шаханов, Т.Әбдікәкімовтың, Е.Раушанов, И.Сапарбаев, Ғ.Жайлыбай, И.Оразбаев және жиырмасыншы ғасырдың аяғы жиырма бірінші ғасырдың басындағы жас қазақ ақындарының поэзиясында анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Совельева В.В., Лукпанова Г.Г. Волшебное зеркало мадрида // Книголюб. – 2005. – № 82 (3). – С. 31-35.
2. А.Темірбай. Автопортрет. Алматы: Қазығұрт, 2005. -258 б.
- 3 Бердібаев Р. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 1 т. – 224 б.
4. А.А. Потебня. Эстетика и поэтика. – М, 1976. – С.72.
5. Гумбольдт. О различии человеческого языка и влияния этого на умственное развитие человеческого рода. СП,1985-38стр
6. С.И. Сухих. Теоретическая поэтика А.А. Потебни. – Нижний Новгород, 2001-214 с.
7. З. Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1975-178 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала қазақ поэзиясының ғасырлар шегіндегі құрылымдық, жанрлық өзгешелігі сияқты маңызды мәселелерге теориялық тұрғыда баға беруге тырады.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются некоторые фонетические, лексико-грамматические особенности эпистолярного стиля казахской поэтики.

Т. РЫСКЕЛДИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ӨМІР ШЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Зайкенова Р.З. – ф.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

XXI ғасыр басындағы қазақ романының әлемдік өлшемдегі ең елеулі жетістігі – суреткерлік ақыл-ойға тыңнан бір өріс ашылғандығы ма дейміз. Ол қандай өріс дегенде, тәуелсіздік рухымен үндесіп, бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан қазақ диаспорасының соңғы жиырма жылда әдебиетімізге қосқан қордалы үлесіне байланысты болып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ диаспорасының рухани асыл қазынасына өзіндік сырлы бояумен, мол олжасымен келіп қосылған көрнекті қаламгерлер қатарында жазушы Тұрсынәлі Рыскелдиев те бар.

Шетелдегі қазақ әдебиеті туралы сөз болғанда, Шыңжан тарихына арналған кең көлемді эпикалық жанрдың жөні бөлек. Қазақ прозасының биік белеске көтерілуіне ат салысып, қазақтың ежелгі әдеби тілінің иірім, өрнектерін мейлінше меңгерген

қаламгерлердің бірі Шыңжан өлкесінде ұзақ уақыт тұрып, қаламгерлік еңбегінің жемісі ретінде сол елдегі мемлекеттік «Тұлпар» әдеби сыйлығын иемденіп келген Тұрсынәлі Рыскелдиевтің Қазақстанға келгеннен бері де қазақ әдебиетінің қоржынына әжептәуір қомақты дүниелерді қосқандығы атап айтуға тұрарлық. Бұл тұрғыдан алғанда оның 2005-2009 жылдар аралығында «Өлке» және «Қазақпарат» баспалары бөліп басып шығарған көп томдық шығармаларының (жеті том) орны айрықша. Жеті томдықтың үш кітабы «Тасқын» атты трилогиядан тұрса, қалған томдарында «Тау тағысы» атты романы мен сегіз повесть, бір хикаят және алпыс жеті әңгімесі жинақталған екен. Халық жүрегіне жол тапқан тарихи шығармалардың ең бір дәл көрсеткіші суреттеліп отырған дәуір шындығының зерделі пайымдаулары уақыт тынысымен үндесуіне байланысты.

«Тасқын» трилогиясында Қытайдағы қазақтардың 1950 жылдардың соңында жүргізілген саяси науқандардан шеккен жапасы, халық басына түскен қым-қуыт ауыртпашылық бас кейіпкер Ержан бейнесі арқылы ашылады. Қытай коммунистік партиясының белсенді құрушысы болған Ержан өкімет басына атойшыл, әпербақан, ұрда-жық адамдардың көбейіп, солардың «солшылдық» көзқарасынан жойқын апат туындаған кезде барып, өзінің алданғанын бір-ақ біледі. Бас кейіпкер жаңа өкіметтің сойылын қанша соққанмен, енді бәрі кеш еді, ақыры өзі қолмен құрысып, адал идеологы болғандығының құны түкке тұрмайтынын сезінген сайын іші қан жылайды. Сөйтіп солақай саясаттың құрбандығына айналып кете барады.

Ержан бейнесі ХХ ғасырдың бас кезіндегі кеңес өкіметінің саясатына біржола ден қойып, алаш идеясына икемделе қоймаған осындағы «тәуелсіздікті жеңіп алу кеңес революциясынан басталатындығына» кәміл сенген оқығандар бейнесін көз алдыға әкеледі. 1926 жылы С.Сейфуллин «Ұлы өзгеріс, ұлы асудағы көрген, білген әңгімелерді кітап қылып таратамын» деп «Тар жол, тайғақ кешу» романын жазып, «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар», «Асау тұлпар», «Советстан», «Айша», «Жер қазғандар» деп «зор қозғалысты, зор өзгерісті» шын көңілімен жырлағаны – тарихи шындық. Бірақ ең соңында ажалы өзі қос қолдап қарсы алған пролетариат басқарған қызыл террордан келетінін білсе, қайтер еді?..

Т. Рыскелдиевтің «Тасқын» трилогиясындағы Ержан бейнесі аса күрделі тұлға. Оның жүрегінің түбінде жатқан өзіндік «мені» Алаш ұстанымымен үндес, халқының болашағына іштей жан тәнімен қайғырады, сондықтан да ел басына төнген қауіп-қатерден құтылудың бірден-бір жолы кеңес өкіметінің сойылын соғу деп түсінді.

Ержан – өз жұмысын адал атқаруға тырысатын, ешкімге жазығы жоқ, жан-дүниесі мансаппен уланбаған, халқыма көмегім тисе екен деп қана тұратын еркөңілді жігіт. Өкімет басына ұрда-жық диктотор келген кезде жаппай зобалаң туатындығы, мұндай кезде тек қана бас пайдасын ойлайтын әпербақан топ алдыға шығатындығы, адалдың арқаны ұзын емес, тіпті күрмеуге келмей қалатындығын ұққан сайын Ержанға жаныңыз ашиды. Жалғыз Ержан емес, романда ешкімге қылдай қиянаты жоқ көптеген қарапайым адамдардың өзі де «ашылып-сайрау» науқанының құрбаны болып кетеді. Осы арқылы жазушы басқару аппараты шектен шыққан кезде адамдар санасының өзгеруіне себеп болған факторларды тап басып, момын халықтың оп-оңай қолжаулыққа айналуы себептерін ашып көрсетуге ден қояды.

Т. Рыскелдиев қаламынан туған шығармалардың ішінде шоқтығы биік туындыларының бірі – «Тау тағысы» романы. Бұл шығарманың «Тау тағысы» деп аталуы жайдан-жай емес. Бір кезде жер бетіндегі құжынаған жәндіктен қалағанына талғап түсіп, аспан көгінде емін-еркін қалықтаған мұзбалақ бүркіттің бүгінде жерден бірде-бір тышқан таба алмай, шар-тарапты шарлауы – шығарма басталған бетте оқырманға бірден ой салады. Тау тағысының осыншама сергелдеңге түсіп, аспан көгінде сеңделуіне «не себеп болды екен» деген шытырман сұрақ шығарманы ары қарай оқуға жетелей түседі.

Тоят таппай ашыққан бүркіт бұзауын емізіп тұрған өзіне жастайынан таныс маралдың төбесінен айналсоқтап кете алмай жүр. Ойы – маралдың бұзауына түсу. Бірақ ол да енесінің бауырына жабысып шығар емес. Аш балапандары көз алдына елестеп, қанша зығырданы қайнаса да, өжет құс маралдың бұзауына түсуге батылы жетпейді. Бір жағы тау тағысын ұяда жаутаңдап қалған өз балапандары есіне түсіп, аналық сезім билесе, бір жағы кәрілік жеңіп, қажыр-қайратының қайтып қалуы да кекшіл құсқа тосқауыл бола береді. Өрі-сәрі көңіл-күй билеген тау бүркітінің жан сезімін тарс еткен мылтық даусы тас-талқан етеді. Ақыры кәрі маралдың жалғыз бұзауы оны атқан брокеньерлерге де, тау тағысына да бұйырмай қарға-құзғынға жем болады. Оған себеп – Көктоғай кен орнының жаңадан сайланған бас инженері Даурен мен қарт жұмысшы Айтқожаның жеңіл машинамен сол тұстан өтіп бара жатуы. Осы арада қарға-құзғынға былғанған дайын жемтікке түсуге құста болса намыстанған қыран мен бұзауынан айрылған марал қасіретін алма-кезек елестетіп, жазушы табиғатқа төнген алапат қауіп-қатердің себеп-салдарын ашып көрсету арқылы сол тұстағы замана шындығын сипаттайды.

Жазушының ойынша Көктоғайдың тау, тасына көз тікпеген адам жоқ. Тіпті XIX ғасырдың аяғында ағылшындар мен германдықтар да арнайы келіп, ағаштан үй салып, біраз жыл әуре-сарсаңға түсіп, кен орнын ашпақшы болады. Бірақ шетелдіктер ұзақ байырқаламайды. Ұзақ жыл ешкім тұрмай, ағаштары қурап, тозығы әбден жеткендіктен «Құжыртыдағы қу үй» деп аталып кеткен бұл жерді енді Ресей империясы айналдыра бастайды. Жер астында бағалы заттардың молдығын әбден тексеріп алған ресейліктер енді бұл жерді біртіндеп кен орнына айналдыруға қам жасайды.

XX ғасырдың алғашқы жартысында Шыңжан аймағындағы көшпенді халықтың қалыпты тұрмыс-тіршілігіне төнген зардаптың күшейгені сонша ел жаппай көтеріліске шығуға бет алған. Бұл – көптеген қоғамдық қайшылықтарға толы құбылыс. Шығармадағы сюжеттік-тартыстың негізі экология тақырыбына байланысты болса да, автор сол кезеңге тән әлеуметтік шындықты ашып, дүйім елдің басына түскен ауыр азапты жағдайларды суреттеуге пейіл қояды.

Соның бірі – 1939 жылы Шынсысай өкіметінің бұратана елден жаппай суық қару жинауды бастауы. Бұдан Көктоғай халқы да сырт қалмайды. Мылтық ұстасын, ұстамасын ел тізгінін ұстаған атқамінерлердің барлығы «Жапония мен Германияның жансызы» болып ұсталып жатты. Есімхан, Ырысхан сияқты ауыл азаматтары бас болып, дағдарып қалған елге ес жиғызған кезде өкімет саясатына қарсы Көктоғай көтерілісі де бұрқ ете қалады. Міне осы көтеріліске романның бас кейіпкері Айтқожа да туған ағасы Нұрқожамен бірге белсене араласып кетеді. Жазушы тұтас бір кезеңнің тарихи шындығын, әлеуметтік қайшылықтарын, қилы-қилы оқиғаларын бір ғана образдың айналасына жинақтау арқылы уақыт тынысы мен кеңістікті бір арнаға тоқайластырады.

Шығармада дәуір көрінісі хронологиялық хабар түрінде емес, жанды суреттер арқылы табиғатпен тығыз байланыста беріледі. Сондықтан да жер бетіндегі адамдар жердің тозып бара жатқандығын ескермейтіндігін, асты-үстіне шығатындай қауіп төніп тұрса да, соған мән бермейтіндігін жазушы қосалқы бейнелер арқылы яғни хайуанаттар түйсігі, солардың сезім дүниесіне терең бойлаумен танытады. Кейіпкерлер арасында бәлендей тартыс болмаса да, жазушы адам мен табиғат арасындағы байланысқа жаңа серпін береді. Осы арқылы өмірдің ұмытылып бара жатқан диалектикалық заңдылығын еске түсіреді.

Романдағы бір атап өтерлік нәрсе, жазушы айтайын деген ойын жеткізу үшін тағы хайуанаттар мен адамзатты бір-біріне контраст етіп қояды. Осы арқылы ескі өмір мен жаңа заман лебін қатар өрбітеді. Ең бірінші орынға тау тағысы – бүркіт пен жер еркесі – елік алынса, алып қуат пен қажырлы қайраттың символы саналатын аю мен қасқыр да адам күшіне төтеп бере алмайды, яғни жазушының айтайын деген ойы – бүкіл табиғатты уысында ұстап, ойына келгенін істейтін бәрінен күшті құдірет иесі – адам

баласы. Кен орнындағы атан мойын алып эксковатор, ауыр жүк машиналары, ондағы қызу қарқынмен жүріп жатқан жұмысқа аспаннан қараса да, тау тағысы – дәрменсіз. Шығарманың өн бойында аспанда қалықтап, жерге көз тіккен осы бүркіт образы арқылы жазушының өз ойы да көрінеді. Түптеп келгенде, шығармадағы бүкіл қоғамдық қайшылықтардың қайнар көзі экология тақырыбына келіп тіреледі.

Кен орнының салынумен бірге орман-тоғай ғана емес, ондағы мекен еткен аң-құстың бәрі де жойылып біткен. Заманында Ертіс өзенінің басын мекендеген жолбарыс, сілеусін, аю, қабыландарды былай қойып, бұл жердің бұғы-марал, елік, арқар-құлжа, таутеке-тауешкі дегендері өрістегі малмен араласып жайылады екен. Бұлар түгіл қазақ халқы ерекше қастерлейтін ата-баба зираты да су астында қалды. Өз ойын осылайша өрбіткен жазушы енді келер заман бейнесіне көз тігеді.

Бас кейіпкер Айтқожа – жаңадан құрылып жатқан кен орнының қарт жұмысшысы. Бойына біткен басқалардан ерекше қара күш пен табиғатындағы тазалық оны өз ортасында сый-құрметке бөлейді. Романдағы бүкіл оқиға осы бір қарапайым еңбек адамының айналасында өрбиді. Шығармада ескі мен жаңа осы Айтқожаның өткені мен қазіргісі арқылы алма-кезек сөз болады. Шегініс түрінде беріліп отыратын осы кейіпкердің өмір тарихы арқылы жазушы ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы Шыңжаңдағы заман ахуалын көз алдыға әкеледі. Ел басына күн туған қиян-кескі соғыста өзімен бірге көтеріліске аттанған сүйген қызы Ақмеруертке оқ тиіп, жараланғанда, оны құтқарам деп Айтқожа да жау қолына түседі. Бір-бірін қалтқысыз сүйген екі жастың азапты өмірі басталады. Ақыры соғыс аяқталып, түрмедегі үш жыл тартқан азап пен шеккен зардаптың бәрі артта қалып, бойындағы құдай берген күш-қайраттың арқасында аман-есен елге оралған Айтқожа Ақмеруерттің тірі екенін, оқ тиген аяғы дер кезінде салынбай, кемтар болып қалғанын, өзінен жасы үлкендеу төрт баласы бар момындау бір шаруаға тигенін естиді.

Босағасынан бүркіт үзілмеген, тақымынан мылтық түспеген кезінде құралайды көзге атқан мергендігімен аты шыққан Жиенбай ердің жалғыз қызы, асқан сұлу әрі әкесіне тартқан көзсіз мерген қыздың тағдырына іштей налыса да, қолдан келер қайран жоқ. Мұның сыртында екеуінің үй ішінен де ешкім тірі қалмаған. Көтеріліс аяусыз жанышталып басылғаннан кейін елдегі ашаршылық бұлардың әке-шешесін қоса жалмаған көрінеді. Ағасы Нұрқожа да соғыстың алғашқы күндерінде-ақ шейіт болған.

Барар жер, басар тау іздеген Айтқожа Кен орнына таяу жерде орналасқан нағашы ағасының үйін табады. Ешкі сатып алуға келген қазақша тіл білетін орыс инженері Айтқожаның түр-тұлғасына қызығып, оны кен орнына жұмысқа шақырады. Көктоғай кен орнына Андрей деген орыс инженерінің тартуымен жұмысқа алынған Айтқожа енді тағдырға деген бүкіл ашу-наласын Көктоғайдағы жұмыстан алады. Оның бар жанын салып, аянбай істеген жұмысы далаға кетпейді. Кен орнын ашып отырған Ресейден келген жергілікті орыс басшылары Айтқожаны ерекше құрметтеп, айтқан өтінішін жерге қалдырмайды, тіпті демелыс күндері бірге демалып, арасында аңға да бірге шығып жүреді.

Жазушы Айтқожаның басынан өткендерін асыл тас іздеуге шыққан жаңадан келген бас инженер Дауренге баяндау арқылы жеткізіп отырады. «Қырық неше жыл кен тауды кеулесіп, асыл тасын ақтарыстым. Сонда жер ананың тәніне мен де жара салыстым ғой? Ал асыл тастардың маған өкпесі жоқ. Қайта менің өкпемді кемтар етті... ажарымды алды. Қырық жыл бойы мен тасты кемірдім, тас мені кемірді. Қазір жұмыстың бәрі машинамен бітеді... Біздің кезімізде қайда ондай дүниелер? Бұқаның мұрнын жұдырықпен тескенбіз. Дүлей қара күшпен істедік. Сендер кентаудың әбден кемеліне келген кезінде келіп отырсындар ғой. Қазіргі жұмыс – жұмыс па, құдай-ау! – деп Айтқожа арада кеңк-кеңк күліп алды», – дейді.

Даурен – оқыған көзі ашық азамат. Жаңа заман өкілі. Ол кен орнының қарт жұмысшысы Айтқожаны қатты қадірлеп, тәжірибелі маман ретінде қасына ертсе, ол оның білерлігі бар азамат екендігін танытады. Айтқожа – оқымаған адам болса да,

көкірегі сайраған дала академигі. Жер қойнауын меңгергені сонша, асыл тастың тұртүрін жазбай таниды. Қай жерден не табылатынын біледі, әрі әңгімешіл, өз өмірін Дауренге баяндау арқылы Көктоғай өңірінің бүкіл келбеті мен азапты тағдырын толығымен сипаттап шығады.

Айтқожаның ұзақ өмір жолындағы есте қалатын бір оқиға – Ақмеруертпен екеуінің арасындағы қарым-қатынас. Жастайынан тай-құлындай тебісіп, бірге өссе де, екеуінің арасындағы шынайы сезім алтыбақанда оянады. Бұған себеп аюдай Айтқожаны көтере алмаған алтыбақанның құлауы. Бір-бірін құшақтай жығылған екі жас арасындағы кенет оянып, бүршік жара бастаған махаббат сезімі екеуінің тізе қосып, көтеріліске аттануына себеп болады. Бірақ екі ғашықтың бірге өткізген күндері ұзаққа бармайды. Өзге түгіл өзіне қимай алақанына салған Айтқожаның Ақмеруертті пәк күйінде жау қолында қалса, оның өзі Үрімжідегі түрмеден бір-ақ шығады. Тағдыр тәлкегіне түсіп, енді қайтіп кездеспейтіндей көрінетін осы екі кейіпкерді жазушы қиыннан қиыстырып әкеліп қайта табыстырады.

Бірақ бұл кездесудің жөні мүлде бөлек. Ашаршылықтан кейін шаруасы жұтаған ел кен орнына жұмыс іздеп ағылып келе бастайды. Арзан жұмыс күшіне мастанған кен басшылары жұмысқа жарайтындарын ғана талғап, мүлде аш-арықтарды жолатпауға айналады. Міне осылардың ішінде Ақмеруерт те топты жанды соңынан сүйретіп, кен орнына жетеді. Андрей атты бастыққа қайта-қайта кіріп жүріп, Айтқожа оның әлжуаз күйеуін өз қасына алып, Ақмеруертке де асханадан жұмыс тауып береді. Содан бұл екі отбасының арасында достық қарым-қатынас орнайды. Ақмеруерттің Бекежан деген күйеуін Айтқожа басында онша ұната қоймаса да, бірге жұмыс істей келе, оның пиғылы дұрыс, Айтқожаның күшіндей ерен қайраты болмағанмен, өз ісіне адал, жұмысты жанын салып істейтін, шөгел азамат екенін таниды. Мұның аяғы екі үйдің тығыз араласып кетуіне ұласады. Осылайша бір кездегі бір-біріне деген ғашықтықтың аяғы шынайы достыққа ұласып, бұлар аралас-құралас тіршілік етеді. Айтқожа мен Ақмеруерт арасындағы сәтсіз махаббат тарихын бәрі білсе де, өз тағдырына мойынсынған осы бір жұмбақ жан ешкімге сыр бермеген қалпында өмірден бәрінен ертерек озады. Оны өмірден ерте әкеткен әке-шешеден өлідей, ғашығынан тірідей айрылып, жанын жегідей жеген өмірге деген мұң-нала ғана емес, түн баласына ұйқы көргізбейтін аяғын кемірген аурудың зардабы еді. Осылайша бір кездегі жұрт аузына ілігіп, ешкімнің қолы жетпеген сұлу мерген қыз диктаторлық өкіметтің құрбандықтарының бірі екенін жазушы шеберлікпен жеткізеді. Егер заман тыныш, өз арнасынан ауытқымаса, ауылдың қарапайым қызы осыншама жапа тартар ма еді? Ақмеруерт мұндай болғанда, өкіметке қарсы бел шешіп күрескен аңсар-мұраты асқақ жандар «қайтті екен десеңші» деген ой оқырман көңіліне өз-өзінен ұялайды.

Төрт ұлы да жетесіз болып, ақыры төрт жаққа кеткен балаларына ие бола алмаған Бекежан да көп жылдар өткен соң ақыры Ақмеруерттен көрген жалғыз қыздың қолында қайтыс болады. Өлімнің жөнелтілу рәсімінің бәрі осы қаршадай қыз бен Айтқожаның басына түседі. Бекежанның Дабыр, Сабыр, Дүгір, Сүгір деген ұлдары арқылы жазушы келер заман ұрпағына көз тігеді. Бекежанның тұңғышы Дабыр аймақтағы бір мекемеде әжептәуір қызмет істесе де, өзінен кейінгі інілеріне ақыл-кеңес беріп, әкесінің мүрдесін көтеруді ағайын-туыстың бар кезінде ақылдасып алғанның орнына әкесін жерлей сала, алды-артына қарамай қаладағы жұмысына асығып, жеңіл машинасына отырып кетіп қалады. Сабыр да солай. Қалған екеуі алқаш, өз бастарымен әлек. Тағы бар салмақ Ұлжалғасқа түсетін түрі бар. Осы арада бірге тумаса да, туған інісіндей болып кеткен Малтабар сияқты азаматтар көмек қолын созады. «Бекежанға мүрдехана тұрғызатын ұл тумаса, мына мен де тұрғызуға жараймын!» дей жаздап, Айтқожа өзін әрең ұстап қалады. «Жақсы жылқы мінезқор болғаны сияқты, Малтабар бала кезінен тентек еді. Бекежан өлімін жөнелтуде осы Қаратаңқайға жете алмадық бәріміз. Кісілік деген осындайда сынға түседі», – деп, (215 б) Айтқожа өздерінің өмір жолын, көрген

мехнаттарын мысал ете отырып, Бекежанның артында қалған ағайын-туыстарына ақыл-кеңес береді.

«Тегінде берекелі ел едік. Атаның ақылынан шықпай, халқымыздың салтын, жөн-жосынымызды сақтап келгенбіз. Әр елде әр заманның азғыны болады. Бірақ азғын ұрпағы тым көбейіп ұлт зауалға қарай бет бұрады. Бір кезде кейбір шетелдіктер қытайларды апиынмен улаған. Сонан бастап, оларда азғын ұрпақ көбейді. Құмырсқадай өрген көп қытай империяның құлы болмады ма? Кейін есін әрең жиып, елдігін сақтап қала алды. Ал, қазағым, қайда кетіп барасың? Қайран Бекежан-ай сенен де осындай ұл туыпты-ау...» (214 б.) – деп ойлаған Айтқожа жалғыз қызы Гүлзайраның өзінің жолын қуып, оқыған маман ғана емес, айналасына жұғымтал алғыр да іскер болып өскеніне іштей шүкіршілік етеді.

Жазушы қандай қиындық көрсе де, кісілік қалыптарын жоғалтпаған осы бір адамдардың өткен өмірін суреттеу арқылы келер заманға көз тігеді. Бекежан қырық жыл еңбек еткен кен орнынан бірде-бір басшының келмеуі, ешқандай жөн-жобаны білмейтін төрт баласының зиынсыздығы, қыз да болса, Ақмеруерттен туған Ұлжалғастың әжетке жарауы алма-кезек сөз болады.

Бас кейіпкер Айтқожа ұзақ жыл отаспай жүріп, Нұршағи деген момындау келген кесек тұлғалы қызбен бас қосады. Бұл кезде аяғын кемірген ауру меңдетіп жатса да, Ақмеруерт Бекежанға Айтқожа мен Нұршағиды қонаққа шақыртқызып, Айтқожаның әйеліне «менің көзімдей көріп жүрсін» деп қолындағы гауһардан көз орнатқан екі алтын жүзіктің бірін сыйға тартады. Ауру әйелдің бір кезде Айтқожаның ғашығы болғанын естіп-біліп алған кесек бітімді, «қалың етті» Нұршағи жүзікті қолына алып, аты жоқ саусағына сыймаған соң, шынашағына сүлесоктау сұға салады. Мұның бәрін байқап жатса да, Ақмеруерт оған ренжімейді. «Ол өзі салдыр-салақтау, жөн-жосынды онша ескермейтіні байқалды. Бір жақсысы, сырдаң-сыпсың, алақұйын мінезі жоқ көрінеді. Қитұрқы, тарғалаң, тарпаңдықтан аулақ, момақан жан секілді. Оның бас-аяғына барлай қарап, сөз-әрекетін байыптап бағып, сын көзбен қарап отырған Ақмеруерт: «Адал жан екен, Айтқожаның бағы ашылайын депті. Тағдыр қалап қосқан-ау, байғұстарды... Жасы келіп қалған еркекке осындай әйел қажет қой...» – деген ойға келеді.

Роман соңында Айтқожа жалғыз қызы Гүлзайраның ауылдың бәрі жек көретін алаяқ Байжұманың баласымен көңіл қосып жүргенін естігенде, ешкімге «тіс жарып, тіл қатпай, тарс бүркеніп» жатып қалады. Байжұманың Аллаберген деген баласының өз басында мін болмағанымен, оның әкесінің қылықтарын ойлағанда Айтқожаның ұйқысы шайдай ашылады. Ақыры өз тағдырына үнсіз мойынсынған Айтқожа «ақ сүттенген құланиек таң терезеден сығалағанда» ғана көзі ілінеді.

Бұл кезде жас қайыңның бұтағында түнімен қонақтап отырған кәрі бүркіт таң бозынан ұшып, Көктоғай аспанына көтеріледі. «Азынаған аспан желін кәрі қыран қанат топшысымен қанжардай тіліп зу-зу етеді»... Тау арасындағы татыранда жападан-жалғыз жортып келе жатқан арлан, кәрі көкбөрі қыранның айбарынан зәре-құты ұшып, шыбын-шіркей безіп, «енді құтылдым-ау» дегенде алдынан шыға келген машина көкбөрінің одан әрмен зәре-құтын ұшырады.

– Ананы атып алу керек қой, – деді бастық қытай Дауренге.

– Оны қайтесіз? Өлі жүні түспеген кәрі қасқыр екен, – деп Даурен басын шайқады.

– Бұл неден қорқып қашқан?

– Анадан, – деді Даурен, төмендеп шүйіліп келіп, жалтарып кеткен ұябасар бүркітті көрсетіп. Түз бүркіті енді қасқырдың соңына түскісі келмеді. «Оның соңындағылар да аз емес екен ғой?» – деген ой сап ете түсіп, беталысынан жалтарып кетті. Кеудесі сырылдап, кәрі қасқыр ырсылдап қалды. Өл-дәрмені құрып, көзінің алды тұманданып, жанынан түңілді. Жеңіл машина мен ауыр автомомильдердің гүрілі

күшейе түсіп, оны тірсектетіп келеді...», – деген түйіндеумен романның соңғы нүктесі қойылады.

Шығарманың бағасы өмірдің сәулелі не көлеңкелі жағын басым бергендігімен емес, мәселе жазушының ақиқат өмір шындығын бере білуімен өлшенсе керек. Романдағы сөз болатын кен орны мен табиғатты байланыстырып тұрған біртұтас жүйе сол уақыттың барлық шындығын ашып көрсетуге бағытталған. Алып күштің иесі Айтқожа да, тау тағысы қыран бүркіт те, дала тағысы көкбөрі де өз тұрғыластарының алды болса да, келер заман ағымына тосқауыл бола алмайды. Күш-қайраты қанша тасып тұрғанмен, ірі империяның алып қуатына төтеп беру қайда? Аздаған қарсылықтың күлі баяғыда-ақ көкке ұшқан. Ендігі жерде үшеуі де тек қана өліп қалмаудың әрекетімен күн кешуде. Қартайғанда тіпті қолдан келер қайран жоқ. Солай болса да, тағдырға үнсіз мойынсұнған шығарма кейіпкерлерлерінде бәрібір маза жоқ. Қуса жетпейтін, қашса құтылмайтын белгісіз бір алып күш сондарынан титықтатып қалар емес. Осы арқылы жазушы оқырманға терең ой салады. Несібеңнен қағылсаң да, көрешегіңе тәуелдісің, көнбеске амалың жоқ. Түптеп келгенде, бұл – бұратана елдің көрешегі, алла берген несібеңді аузыңнан тартып жеп жатса да, соған өмірбақи көну керек, әйтпесе өлесің, басқа жол жоқ.

Міне тәуелсіздік алғанымызға 20 жыл толып отырғанда, әдебиетіміздегі мұндай шығармашылық жетістікті елемей, ескермей кетуге әсте болмайды. Бұл тәуелсіздік әкелген мүмкіндік, басқа уақытта мұндай шығармалардың жарыққа шығуы мүмкін де емес еді. Сондықтан да бостандықтың мән-мағынасын ұқтырып, азаттықтың күш-құдыретін танытатын жазушы қаламынан туған «Тасқын», «Тау тағысы» сияқты қомақты дүниелер біздің заңды мақтанышымыз.

Түйіндей келгенде, Т. Рыскелдиевтің қаламына тән атап айтатын бір ерекшелік – оқиға сюжетін шашыратпай бір арнада ұстай білуінде, екіншіден, адам жанының терең құбылыстарын дөп басып, шынайы бейнелей алуында. Роман басталғаннан созылатын адам мен табиғат арасындағы динамикалық байланыс желісі сюжет өзегінен бір елі ажырамайды. Жаңа заман ағымы романдағы жоғарыда аталған үш кейіпкерге де жат көрінетін тыныс-тіршілігімен еніп келеді. Осындайда ұлы Абайдың отыз жетінші қара сөзіндегі: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер», – деген тәмсіл сөзі еске түседі. Ал Т. Рыскелдиевтің «Тау тағысы» романын оқығанда келер уақыт бейнесі әртүрлі қырынан көз алдыға елестейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т. Рыскелдиев. Тау тағысы. Роман. – А: ҚА, 2006.
2. Т. Рыскелдиев. Тасқын. Трилогия. – А: ҚА, 2008.
3. З. Қабдолов. Сөз өнері. – А., 1978.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Т. Рыскелдиев шығармашылығындағы өмір шындығы мен көркемдік шешім жайлы сөз болады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются художественные решения и жизненная правда в творчестве Т. Рыскелдиева.

НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЭМОЦИОНАЛЬНО-СМЫСЛОВОЙ ДОМИНАНТЫ ПОЭЗИИ БИЛИНГВА (НА МАТЕРИАЛЕ ПОЭЗИИ О. СУЛЕЙМЕНОВА)

Кажигалиева Г.Ж.А. – к.филол.н. (Алматы, КазгосженПУ)

Как известно, для полиязычных и многонациональных стран, к которым можно отнести Казахстан, актуальна проблема взаимодействия языков и культур. От того, в каком направлении развивается это взаимодействие, во многом зависит политическая ситуация в стране.

В Казахстане на протяжении длительного периода времени сосуществуют два языка: казахский и русский, и большинство жителей страны являются билингвами.

Разумеется, билингвизм (и шире полилингвизм) – это благо. Специфику двуязычия наглядно демонстрируют художественные произведения, созданные билингвами. Они в определенной степени космополитичны, но в то же время их можно охарактеризовать как глубоко национальные. Каким же образом выявить то, что отличает билинговокультурные художественные произведения? И в чем состоит их парадоксальное своеобразие? Можно ли средствами одного языка передать дух, культуру, мировосприятие другого народа?

Для соответствующего анализа мы выбрали произведения известного казахского поэта-билингва О. Сулейменова. В России его считают национальным казахским поэтом, в Казахстане – русскоязычным поэтом. На наш взгляд, и те и другие либо лукавят, либо все упрощают. Поэзия (как любое явление) – это сочетание формы и содержания. В произведениях билингвов – это гармония двух языковых картин мира, представляющих бикультурное (поликультурное) мышление.

Основным средством репрезентации лингвокультурологического содержания художественного произведения являются лингвокультуремы /1, 2008/. Изучение лингвокультурных концептов позволяет раскрыть общие закономерности и специфику человеческого освоения мира посредством языка.

В поэзии О. Сулейменова лингвокультуремы можно разделить на 3 основные группы:

- 1) казахские (*Махамбет, Бетпак-Дала, аргамак*);
- 2) русские (*Пушкин, Рязань, ива*);
- 3) международные (интернациональные, региональные) (*Колумб, Хайям, пустыня*).

В художественном мире сулейменовской поэзии они, как правило, тесно взаимосвязаны и представляют не разность культур, а их единство; это широкий взгляд на мир, в котором отражается мировосприятие настоящего гуманиста, человека, владеющего двумя языками, впитавшего культуру разных народов.

Лингвокультуремы в поэзии О. Сулейменова имеют эмоциональную окрашенность. Они – символы и ключевые эмотивы. Лингвокультурные концепты наиболее эмоционально заряжены, так как они отражают не только состояние конкретного человека (автора), конкретной ситуации, но и эмоции, переживания целого народа, его историческую память.

К лингвокультуремам мы относим не только нарицательные существительные, представляющие национально-культурные символы и понятия, но и лингвокультуремы-имена собственные (географические наименования, имена, фамилии и т.д.), так как в художественном тексте, в произведениях О. Сулейменова они выступают именно в таком качестве. Так, например, в стихотворении «Бетпак-Дала» данное имя собственное является эмоциональным ядром стихотворения. Его лингвокультурная, эмоциональная коннотация эксплицитна. Она раскрывается поэтом эмоционально и ярко. Стихотворение построено на эмоциональных контрастах

(Спокойное широкое седло, скупое равнодушное движенье ≠ Над головою раскаленный камень, пустыня взбешена, копыта высекают желтый пламень из белой глины) и эмотивной лексике (стыдно смотреть в глаза, отупев, спокойное седло, скупое равнодушное движенье, пустыня взбешена):

*Бетпак-Дала/ Всегда такая голая,/ Что стыдно лошадям смотреть в глаза.../
Моя кобыла,/ Отупев от голода,/ Не слышит повода,/ Глядит назад./ Нет колеи,
Бетпак-Дала – Дорога./ Ой, дорого ей заплатил казах,/ Пустыня – От порога до порога./
Все сто дорог / Вели его назад./ Размеренная смена поколений,/ Спокойное широкое седло,
Скупое равнодушное движенье, / Укачивая,/ Всадника вело. / Над головою /
Раскаленный камень,/ Пустыня взбешена,/ Копыта высекают желтый пламень/
Из белой глины.*

Однако противопоставление, контраст Спокойное широкое седло, скупое равнодушное движенье ≠ Над головою раскаленный камень, пустыня взбешена, копыта высекают желтый пламень из белой глины не представляется удивительным для тех, кто владеет казахским языком и знаком с казахской культурой и культурой кочевников, так как он отражает менталитет нации, его культурные традиции. Пустыня и степь формируют рассудительный, спокойный, неторопливый образ жизни.

Без знания казахской культуры невозможно адекватно понять, прочувствовать и другое стихотворение поэта – «Молитва батыра Мамбета перед казнью».

Увидеть кадры из жизни казахов-кочевников, ощутить дух казахских батыров, проникнуться их чувствами – может только тот, кто является настоящим билингом, ибо эмоциональная глубина произведения раскрывается через культурологическое содержание, в частности, через соответствующие казахские или региональные лингвокультураны. К ним относятся следующие слова: бисмилля, зиндан, Аллах, аруах, казан, лепешка. В контексте данного произведения как лингвокультураны можно рассматривать и такие эмотивные /2, 1987/ лексемы, как *седло* (я родился в седле – кочевник), *конь* (я забуду, как пахнет запаленный конь – жизнь и быт казахов-кочевников), *клич* (боевые кличи воинов, батыров), *меч* (оружие батыра), *кречет* (мое сердце – оцепанный кречет – птицы из вида соколиных: беркут, кречет и др. символизируют свободу, гордость), *месяц*, *луна*, *пустыня*, *барханы*, *верблюды* (символы, лингвокультураны восточной (казахской) поэзии). Требуется особого лингвокультурологического анализа и то, что связано с религиозными обращениями. Начало стихотворения – начало мусульманской молитвы (Бисмилля!), далее следует короткая эмоциональная исповедь (своего рода молитва): *Бисмилля!/ Я в далеких походах забуду себя. / Я в битвах – по году./ В обидах – по горло./ Я родился в седле,/ Умираю в цепях, / Меня водят пешком, как собаку, по городу./ Я забуду, как пахнет запаленный конь, / Я забуду в зиндане гортанные кличи,/ Утром тело разрубят и бросят в огонь, / Мое темя забудет былое величье./ Я забуду, как жены боялись меня,/ Я как меч обнаженный, / Но ржа меня режет./ Сердце в горле как яростная змея.*

Но затем меняется настроение (герой как будто становится спокойнее, смиряется с участью, но не теряет мужества, он остается настоящим батыром, готовым принять смерть), и поэтому батыр Мамбет обращается уже к «истокам», духам предков и последние его слова о прекрасном, о красоте родного края, о том, что для него важнее всего:

Э, не так!/ Мое сердце – оцепанный кречет./ Все забуду./ Молитвы – спасенье свое,/ И пожары, и битвы, аллаха забуду.../ Аруах!.. / Ясный месяц в пустынях встает,- / И уходят в барханы/ За самкой верблюды.../ И в казахских казанах шипит молоко.../ И собаки рвут шкуры друг другу от скуки.../ Я в зиндане лежу глубоко-глубоко,/ А луна, как лепешка последняя, катится/в руки...

Если в приведенных выше стихотворениях О. Сулейменова встречаются в основном казахские лингвокультураны, то в следующем наблюдается необычное соединение разных языковых картин мира и стереотипов. Хотя на первый взгляд это

трудно заметить, так как созданное произведение, яркое и целостное, эмоционально гармоничное. Это стихотворение «Ночные сравнения».

Ты как мед,/ как вспомню – зубы ноют,/ Ты как шутка,/ от которой воют,/ Я ничтожен, кто меня обидит!/ Видел ад, теперь бы рай увидеть./ Ах, зачем тебя другие любят,/ Не люби, да разве это люди./ Они ржут, собаки, до икоты, Это же не люди, это – кони!/ А когда язык ломает зубы!/ А когда глаза сжигают веки!/ Как, скажи, мне брови не насунить,/ Глянуть – /И остаться человеком!/ И лягушкой ночью не заплакать,/ Я люблю тебя,/ как любят квакать,/ Как вдова – кричать,/ Как рыба плавать,/ Я люблю тебя, как слабый –/ Славу,/ Как осел – траву,/ Как солнце небо./ Ты скупа, тебе прожить легко,/ Даже нищий дал мне ломоть хлеба,/ Как дают ребенку молоко./ Если б звался я, дурак, Хайямом,/ Если б я, проклятый, был Хафизом,/ Если б был я Махамбетом, я бы!../ Только все стихи уже написаны./ Так в горах любили и в степях,/ Так любили – и смеяь и плача./ Разве можно полюбить иначе!../ Я люблю тебя, как/ я – тебя...

В нем на русском языке представлена восточная лирика, украшенная казахским орнаментом. Автор не скрывает, что это своеобразное «подражание» любовной лирике Востока, но вместе с тем в нем есть лингвокультурема, указывающая на то, что написано оно и под влиянием поэзии и духа Махамбета Утемисова (стихотворение «Я – это я»). Однако, несмотря на стиль произведения, сравнения, казахские и региональные (восточные) лингвокультуремы *Хайям*, *Хафиз*, *Махамбет*, эмотивность стихотворения строится и на русских стереотипах. В чем можно убедиться, внимательно прочитав следующий отрывок: *Ах, зачем тебя другие любят,/ Не люби, да разве это люди./ Они ржут, собаки, до икоты,/ Это же не люди, это – кони!*

Как известно, в русской языковой картине мира конь – концепт, имеющий как положительную, так и отрицательную эмотивность. О чем свидетельствуют русские пословицы и поговорки: *Женихи, что лошади, – товар темный. И конь не валялся. И крылатый конь спотыкается. Был конь, да изъездился. Без коня казак кругом сирота. Казак голоден, а конь его сыт.*

Для казаха конь – это благородное животное, воплощение красоты, силы, свободы, быстроты и благородства, символ светлого, чистого, и поэтому в казахском языке нет и не может быть подобных сравнений. Ярким свидетельством могут служить пословицы: *Имя молодца либо конь прославит, либо жена. Быстроногий конь, когда – конь, а когда – крылья. Там, где находится лошадь, там не бывает нечистой силы.*

На примере стихотворения «Ночные сравнения» мы видим, что билингвокультурные тексты действительно отличаются от традиционных, не только лингвокультурными концептами, но и их эмоциональным фоном.

Весьма своеобразно в лингвокультурологическом плане и стихотворение «Айналайн».

Кочую по черно-белому свету./ Мне дом двухэтажный построить/ советуют,/ а я, как удасться какая оказия,/ мотаюсь по Африкам, Франциям, Азиям./ В Нью-Йорке с дастанами выступаю,/ в Алеппе арабам глаза открываю,/ вернусь,/ и в кармане опять – ни копыа;/ копые заведется – опять на коня!/ Последний ордынец – к последнему морю!/ На карту /проливы, саванны и горы!/ А нас хоронили – ногами на запад,/ Лежат миллиарды – ногами на запад/ Под желтым покровом монгольской степи – /Тумены ногаев, болгаров, казахов,/ Не зная, что Азия западней Запада,/ Запад – восточней Китайского моря,/ А нас хоронили ногами на запад!.. /Шумит за спиною последнее море./ Кружись, айналайн, Земля моя!/ Как никто,/ Я сегодня тебя понимаю,/ Все болезни твои на себя принимаю, /я кочую, кружусь по дорогам твоим...

Кажется, что уже само название указывает на то, что в тексте будет представлен фрагмент казахской культуры. Действительно, прежде всего читатель обращает внимание на казахские лингвокультуремы *кочую*, *ордынец*, *тумены ногаев*, *българов*, *казахов*, *айналайн* и образы и параллели, посредством которых передаются идея,

содержание произведения. Безусловно, центральная лингвокультурема *айналайн* (1) кружусь вокруг тебя; 2) обращение к дорожному человеку), связанная с древним ритуалом, способом лечения больных людей, раскрывает смысл следующего отрывка из стихотворения: *Кружись, айналайн, Земля моя!/ Как никто,/ Я сегодня тебя понимаю, Все болезни твои на себя принимаю,/ Я кочую, кружусь по дорогам твоим...*

Однако либо потому, что произведение написано на русском языке, либо потому, что автор является билингом, (и для него порой незаметны некоторые культурные различия), а, может быть, преднамеренно автор употребляет в стихотворении лингвокультуремы русского происхождения. Это фразеологизм *в кармане опять – ни копы* и предложение: *А нас хоронили – ногами на запад*. Особенно интересна последняя фраза, повторяющаяся 3 раза. Почему она не вписывается в казахскую языковую картину мира? У казахов в отличие от русских принято говорить *выносить головой вперед* или *лицом (головой) в сторону Мекки*, то есть ключевым является слово *голова*, а не *ноги*.

Что касается фразеологизма *в кармане – ни копы*, то здесь поэт указывает на его происхождение: *и в кармане опять – ни копы*; (переносное значение, русский фразеологизм); *копы заведется – опять на коня!* (прямое значение, тюркское заимствование).

В билинговокультурном тексте, как показывает анализ стихотворений «Айналайн» и «Ночные сравнения», один культурный срез является, как правило, эксплицитным, явным, а второй – может быть скрыт. И для его выявления и определения требуется хорошее знание языков и культур двух народов.

Как уже было отмечено, наряду с казахскими в поэзии Олжаса Омаровича немало русских лингвокультурем. Поэзия О. Сулейменова – это не только экскурс в казахскую историю, но и прекрасные картины русской природы. Так, в стихотворении «Русь Врубеля» пред нами предстает пейзаж средней полосы России:

Край росистых лесов/ И глазастых коней,/ россыпь рубленых сел,/городов изваянья,/ и брусничные ночи,/ и россыпь огней./ Росомашьи размашистые расстоянья./ Жизнь – и выдох сквозь зубы,/ И радость, и грусть./Глупость осени. Шубы./ И русое небо./ И морозы./ И странные взгляды Марусь./ И хрустящие, жаркие/ Щеки хлеба./ Я могу перечислить – и весь мой рассказ:/ Русь – река под обрывом,/ И это не мало./ Ночь июльская./ Ивы. И месяц раскосый./ Я, как ты, задыхаюсь,/ Когда обнимаю...

В произведении целый ряд лингвокультурем: *край росистых лесов, россыпь рубленых сел, брусничные ночи, шубы, русое небо, морозы, странные взгляды Марусь, хрустящие, жаркие щеки хлеба, Русь – река под обрывом* (так как, как правило, русские деревни строились возле рек), *ивы*, которые в сочетании с эмоциональными, образными сравнениями и эпитетами создают яркое художественное «полотно». Не менее эмоционально окрашены такие образы-сравнения, как: *Русь – река под обрывом; Жизнь – и выдох сквозь зубы, И радость, и грусть*. Еще один важный компонент эмотивной составляющей – структура предложений. Их однотипность (в основном номинативные предложения), употребление в начале предложений союза *и*, перечислительно-градационная интонация и неожиданная кажущаяся недосказанность в конце.

Таким образом, эмотивность данного произведения базируется на трех китах: русских лингвокультуремах, их эмотивном окружении и эмотивной структуре предложений. Стихотворение по своему содержанию и эмоциональному наполнению можно отнести к национальным, то есть отражающим только культуру и мировоззрение русского народа.

Проведенный таким образом анализ стихотворений О. Сулейменова позволяет резюмировать, что эмотивность художественных творений, созданных поэтом-билингом, может быть как ярким национальным (в нашем случае: казахским или русским), так и билинговокультурным.

ЛИТЕРАТУРА

1. Воробьев В.В. Лингвокультурология. – М.: РУДН, 2008. – 336 с.
2. Шаховский В.И. Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. – Воронеж, 1987. – 223 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются национально-культурные особенности поэзии О.Сүлейменова.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада О. Сүлейменовтың поэзиясындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктер қарастырылған.

АЙТЫС ЖАНРЫНДА КӨРІНЕТІН ХАЛЫҚТЫҢ ЕРКІНДІК МҰРАТЫ

Көшекова А.А. – ф.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқы тәуелсіз ел болып, өзінің Қазақстан деп аталатын кең-байтақ мемлекетін құрды. Бұл оқиғаның қадір-қасиетін, оның бізге қаншалықты қиындықпен келгенінен білеміз бе? Осы туралы ой толғасақ, алдымен төрткіл дүниеге көз жіберіп, төңірегімізді шолып, ондағы болып жатқан өзгерістерді саралап көру қажет сияқты. Жалпы, ғалымдардың деректері бойынша жер бетінде 3,5 мыңдай ұлттар мен ұлыстар бар екен, алайда, жер бетінде небәрі 200-ге жуық мемлекет қана бар. Көріп отырғанымыздай, өзінің жеке тәуелсіз мемлекетін құру бақыты кез келген ұлттың маңдайына бұйыра бермейді. Бірақ жеке дербес мемлекетін құруды аңсамайтын халық болмайды. Дүниеде қазірдің өзінде жеке мемлекетіне қол жеткізе алмағандықтан, ең болмаса автономия алуды аңсап, күресіп жатқан ұлттар көп (Испаниядағы баскілер, Ирак пен Ирандағы курдтар, Шри Ланкадағы тамилдер т.б.) .

Біздің «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқымыз құдіретті Жаратқан иемнің қолдауымен, талай ғасырдан бері аңсап келе жатқан тәуелсіздігін алып, дербес мемлекетін құрып, зор бақытқа қолы жетіп отырған таңдаулы ұлттардың бірі. Халқымыздың аяулы қыз-келіншектері де елдің тәуелсіздігі, бостандығы жолындағы күресте әрдайым алдыңғы сапта болғаны белгілі. Кешегі қызыл империяның қабырғасына қанжардай қадалған Желтоқсан көтерілісіне де қазақ қыздары белсене қатысты. Солдаттардың күрегінен басы жарылып, алаңда шашынан сүйреліп, қанға батқан арулар, Ләззат, Сәбира сынды осы көтерілістің кезінде қаза тауып, түрмеге түсіп, түрлі зорлық-зомбылыққа ұшыраған қыздарымыз қаншама!

Халқымыздың ғасырлар бойы өз еркіндігі үшін бел шешпей, күресіп, осынау кең даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен арымай-талмай қорғап келгені белгілі. Қазақтың өз елін, жерін, қорғау үшін күресінің және оған әйел-қыздардың белсене қатысуының фольклорлық шығармаларда бейнеленуі туралы әңгіме қозғар болсақ, алдымен жұртымыздың аса көркем кемел дүниесі, классикалық эпосы «Қобыланды батырды» атап өтер едік. Қобыландының өз елін, жерін қорғаған, халқының тәуелсіздігі үшін күрескен батыр екендігі даусыз. Эпостың мәтініне көз жүгіртсек, Қобланды алдымен ноғайлы елін шауып, Қырлы қала, Сырлы қала сияқты қалаларын басып алған басқыншы қызылбастың ханы Қазанға қарсы шайқасады. Бұл қазақ елін сырттан келген жаудан қорғап, оны басып алған дұшпанды қиратып, езілген жұртын азат етіп, бостандыққа шығарудың көрінісі екені айқын. Бұдан соң Қобыланды туған жұрты қыпшақтарды басып алып, құлдыққа салған Алшағырмен соғысады. Кейін Шошай батыр бастаған қырық мың әскермен шайқасады. Мұның

бәрін қазақ халқының өзі мекендеген кең сахараны қорғау үшін ғасырлар бойы үздіксіз жүргізген күресінің көрінісі деп қарауға болады.

Қобыландыны қазақтың өз елін қорғаған батырларының жиынтық бейнесі деп білсек, бұл эпостағы қыз Құртқа образы халықтың даналығын, көрегендігін бойына жинақтаған ерекше бейне. Осы эпостағы атақты батырлармен үзеңгі қағыстырып, найза өңгеріп, жауға қарсы шайқасатын өжет, айтқанынан қайтпайтын қайсар Қарлыға бейнесінің көшпенді халықтың рухы еркін, батыр қызының фольклордағы көрініс табуы екені сөзсіз.

Айтысты ауыз әдебиетінің әлеуметтік жүгі мол, ауқымды синкреттік салаларының бірі десек, мұнда да әйел-қыздарымыздың бостандыққа, еркіндікке ұмтылуының, белсенді азаматтық позициясының кемел үлгілерін көптеп кездестіреміз. «XIX ғасырдағы айтыстардың, әсіресе, оның екінші жартысындағы айтыстардың бір өзгешелігі, мұнда көбінесе, әйел ақындардың аттары еркек ақындармен қатар жүреді» деген екен атақты жазушымыз С. Мұқанов. Айтыста, әдетте, ақындар бір-бірінің жеке басының кемшілігін табуға тырысып, одан соң өз елінің игі жақсыларын мадақтап, қарсы тараптың белгілі, атақты адамдарын сынайды. Осындай кездерде негізінен отарлық бодандыққа түскен халықтың ауыр тұрмысы, патша өкіметінің жандайшабы болып, ел-жұртына қысым жасаған бай-батшалардың теріс әрекеті тәрізді тамыры терең әлеуметтік мәселелер қозғалып жатады. Мәселен, Әсет пен Рысжан қыздың жұмбақ айтысында патша өкіметінің қазақ даласын басқарушы органдары – ауылдағы ұсақ әкім онбасы, болыс, би, ояз, губернатор, тіпті, сенат, патша да сын нысанасына айналады. Жұмбақтаушы олардың әрбірін жеке жұмбаққа айналдырады, ал шешуші оларды тауып қана қоймайды, жергілікті халықты отарлық қанауға ұшыратқан, зымияндық саясатын әшкерелеп те береді. Осылайша, айтысушы екі тарап, азаттықты аңсаған халықтың көкейінде жатқан отаршыларға қарсы ой-пиғылды көркем тілмен жұмбақтап бейнелейді.

Төңірегіндегі халықтарды бірте-бірте бодандық бұғауына салған Ресей империясы қазақ сахарасына тереңдеп еніп, панасыз елге үстемдігін жүргізіп отырды. Тәуелсіз ел болып, өз билігін өзі ала алмаған жұрт бұған амалсыздан көнді.

Ауған, азған сорлы елге
 Патшаның қолы ойнақ сап,
 Бидайықтай қуырған,
 Қолқасын қойдай суырған...
 Ойнатқан оқты мылтықтан,
 Қаптаған мың сан қазақты,
 Бөріктіріп бөкендей,
 Көрінеу көрге бір тыққан...
 Безек қаққан бес атар,

Сүнгіді қанға тұмсықтан, -деп Бөлтірік ақын жырлағандай, дәрменсіз, қолында өзін қорғайтын әскері жоқ елдің қарулы патша жасағына қылар айласы болмады. Алайда, халқымыздың бостандық тәуелсіздік үшін күресі ешқашан толастаған емес.

Патша залым болды бұқараға,
 Бұқара қарсы тұрмай болмас шара...
 Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,
 Басыңды жер астына тықпақ болдым,
 Рас десең, рас сөз мен айтайын,

Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым, –деп, Иса Дәукебаевтың «Бекболат» жырында айтылғандай, Ресейдің отарлық саясатына қарсы қазақ сахарасында талай рет қанды көтерілістер болғаны белгілі. Мұндай халық наразылығы жоғарыда атап өткеніміздей айтыс жанрының шығармаларында да кең көрініс тауып жатты.

Айтыс өнерінің аса үлкен аумақты бөлігі қыз бен жігіттің айтысы екені белгілі. Мұндай айтыстарда қазақ қыздары барынша батыл, еркін сөйлейді. Көкейінде тұрған

ойды аяусыз бетке айтып, қарсыласын есінен тандыра келемеждеп, әшкерелейді. Бекжан мен Әлиманың айтысындағы:

Еркектің көп екен ғой масқарасы,
Сақалдың араласқан ақ-қарасы.
Шіріп кеткен кеуденді сүйрегенмен,
Кімнің саған барады жас баласы? –

деген сияқты өткір шумақтардан кейбір басқа халықтардағыдай емес, қазақ қызының қаймықпай батыл сөйлейтін еркіндігін, парасатын көргендей боламыз.

Кезінде кеңес өкіметі жүргізген қатал саясаттың, отаршылдық жымысқы іс-әрекеттерінің себебінен қазақ халқы бірте-бірте тілінен, дінінен айырылып, халықтық сипатын жоғалта бастағаны да жасырын сыр емес. Осы кезде халқымыздың рухын бір көтеріп тастаған әрі батыр, әрі ақын ағамыз Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасы болатын.

Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген
Жөргегімде таныстым мұң тілімен
Жылағанда жүрегім күн тұтылып
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген...

...Қарсыласпай өлмедім, қан татырдым,
Құлап қалсам атымнан, қайта тұрдым.
Сансыз басты диюдай сан тіріліп,
"Мен – қазақпын" дегенді айта тұрдым, –

деп жырлаған ақынның отты жырлары талайдың жүрегіне нұр құйып, азаттықтың ақ таңының жақындап қалғанын сездіргендей еді. Ұлы ақынның көрегендігі айнымай келіп, еліміз талай ғасыр бойы аңсаған тәуелсіздігін алды. Бүгінгі ұрпақ бар даусымен Жұбан ағаның үнімен:

Мен қазақпын, белдімін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта бергім, –

деп еркін жырлауына жол ашылды.

Көптен күтіп қолымыз жеткен тәуелсіздігіміз баянды болып, кең пейілді қазақ жұртының бірлігі бұзылмасын деп тілейміз. Тәуелсіз қазақ мемлекетінің іргесі берік, бақ-дәулеті молайып, бабаларымыздың ұлы армандарын келер ұрпақ жүзеге асырар деп сенеміз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Айтыс», I том. – А.: Жазушы, 1965.
2. «Айтыс» II том. – А.: Жазушы, 1965.
3. «Айтыс» III том. – А.: Жазушы, 1966.
4. Бөлтірік шешен. – А.: Ғылым, 1994.
5. Ж. Молдағалиев. Мен Қазақпын. – А.: Атамұра, 2007.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада айтыс жанрында көрінетін халықтың тәуелсіздік, еркіндік мұраты қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о подвигах казахских девушек в борьбе за независимость.

«ҚАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫП, САЛТ-ДӘСТҮРДІҢ КӨРІНІСІ

Мұхамбетова Г.Р. – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
(ШҚО, Көкпекті ауданы, Көкжота орта мектебі)

XV-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани өмірі біздің кезімізге дейін жеткен ертедегі халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы дәстүрлерін көрсетеді. Олар түгелдей алғанда сол кезде қазақтарда үстем болған патриархаттық-феодалдық қатынастарға негізделген. Қазақтардың көптеген әдет-ғұрпы олардың әдеттегі құқығының ертедегі нормаларымен байланысты болды, олардың негізі атақты қазақ хандары Қасым («Қасым ханның қасқа жолы») мен Есімнің («Есім ханның ескі жолы») құқықтық ережелерінде салынған болатын, ал XVII ғасырдың аяғында, Тәуке хан билік құрған кезде қазақтың үш жүзінен шыққан көптеген қазақ билерінің, соның ішінде халық зердесінде қалған атақты Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбек би мен Әйтеке бидің қатысуымен Тәуке ханның «Жеті жарғы» деп аталатын заңдары жүйеге түсіріліп, құрастырылды /1, 16/.

Қазақтың әдет-ғұрпы мен дәстүрлері көбінесе көшпелі малшылардың күнделікті шаруашылық қызметінде атқарылатын әр түрлі салт-жорасынан көрінеді. Мәселен, көктемде қыстаудан көшкенде қыстау мен малды отпен тазарту салты міндетті түрде сақталған. Бұл үшін қыстаудың маңынан екі жерден от жағып, барлық малды солардың арасынан айдап өткен, мұның өзі мұсылман дініне дейінгі от киесіне деген нанымға байланысты еді. Жазда қоныс аударған кезде әрбір ауыл көш керуенінің салтанатты безендірілуіне ерекше көңіл бөлген. Бұл үшін алдыңғы түйеге қырғауылдың ұзын қауырсынынан төрт басты қарқара орнатқан. Мұндай көш халық арасында «*қарқаралы көш*» деп аталады. Қарқаралы түйені ауылдың ең құрметті әйел немесе ең жас келіні жетекке алған. Халықтың түсінігі бойынша, қырғауылдың әдемі қауырсыны көзі түскендердің назарын өзіне аударып, көш керуеннің көз тиюден және жол-жөнекей әр түрлі қолайсыз жағдайлардан сақтайтын болған /2, 23/.

Сондай-ақ, «*Қамбар батыр*» жырында:

«Сусар бөрік басында,
Үстіне киіп құлпыдан.
Керей ұлы Келмембет
Сөйлес қылып келеді» /3, 436/, –

деп сырттан келген бөтен адам үй иесін баса-көктемей «Сөйлес», – деп дауыстап қонақ келгенін білдіріп, рұқсат сұрау ғұрпын бейнелеген.

Жыр басында астарлап сөйлей отырып қыз баланы айттырудың жоралғысын мына шумақтардан көруге болады:

«Саусағы алтын сұңқарға,
Ілдірейін деп келдім.
Көлдегі үйрек, қазыңды,
Алтайы қызыл түлкіңе,
Қосайын деп ойлап ем
Құмай жүйрік тазымды.
Тікбекке ақ үй сұраймын
Ел қонбаған сазыңды.
Бұйырып патшам жіберген,
Қайталмаймын бұл жерден
Іздеген жоғым табылмай» /3, 43/.

Халықтық әдет-ғұрпы қазақтардың отбасы-неке қатынастарында сақталатын әр түрлі салт-жораларда мейлінше толық ашылды.

Қазақтар некенің әр алуан түрлерін білген, бірақ некенің ең көп тараған және негізгі түрі құда түсу және келінді қалың мал беріп алу жолымен үйлендіру болды. Құда түсу салтын жастардың ата-аналары немесе жасы үлкен туыстары жүзеге асыратын еді. Құда түсу туралы келіссөз жүргізуден бұрын күйеу баланың ата-аналары жорамалданып отырған құда түсер үйдің жақсылы-жаманды оң немесе теріс жақтарын дәлелдейтін барлық мән-жайларды біліп алатын. Осындай құпия «барлаудан» кейін ғана күйеудің әкесі ресми ұсыныс жасау үшін қыздың әкесіне өзінің сенім білдірген адамын «жаушы» етіп жіберетін. «Қамбар батыр» жырындағы осындай «жаушы» ретінде Келмембет жіберілген. Келмембет тағы сөйлейді:

«Сен сұрасаң Әзімбай
Айтайын келген жөнімді,
Арада жүрген жеңгемін
Киемін қымбат тоныңды,
Мәрт кісінің белгісі
Бітірсең тездеп сонымды;
Ешкім саған тие алмас
Ұстасаң менің қолымды;
Жаушы қып патшам жіберді...
...Бүгін саған мейманмын
Таңдап сой семіз қойыңды:
Құда түсіп, құйрық жеп
Қыламыз қызық ойынды...» /3, 438/, –

дейді.

Егер қыздың ата-анасы ұсынысты қабылдаса, күйеу жағынан құралдардың келу мерзімін белгілеп, жаушыға «*шеге шапан*» деп аталатын шапан жапқан. Сонан соң күйеудің әкесі белгіленген мерзімде құдалар жіберіп, олар қалың малдың көлемі туралы, жасау-жабдықтар туралы, қалың мал төлеудің алдын ала белгіленген мерзімдері және тойды өткізетін уақыттың өзі туралы ресми келіссөз жүргізген.

Құдалық туралы екі жақтың келісімі антпен бекітілген, бұл үшін құрбандыққа шалынған қойдың бауыздағандағы қанын ағаш тостағанға (аяққа) толтыра құйып, екі жақтың да бос құдасына апаратын, олар оған оң қолының саусақтарын малып, ал неғұрлым ерте кезде оған найзасының немесе жебесінің ұшын салып, сонымен бірге құдалық уағданы бұзбау туралы ант берген сөздер айтатын болған. Ант беру рәсімі жасалғаннан кейін ақсақалдар қан толтырылған тостағанға қарап отырып аят оқу арқылы уағдаластыққа бата берген, бұл қазақтарда «*батаяқ*» деп аталды. Осы жол-жораның құрметіне күйеу жағынан келген бас құда қалыңдыққа тарту-таралғаны және қалыңдыққа «*қарғыбау*» немесе «*үкітағар*» (ен салу) деп аталатын сыйлықты атаған, бұл сыйлық қыздың осыдан бастап айттырылғанын білдірген. Осыдан кейін уағдаласушы жақтар заңды құда деп саналып, оларға жаңа пісірілген құйрық май мен бауырдан арнаулы «*құйрық-бауыр*» деген тағам тартылған. Құдалардың оны бір-біріне асатуы екі жақтың туыстық қатынастарының ұзақ жылдарға орнатылғанын бейнеленген. Құдаларға аттанар алдында сый ретінде «*куит*» кигізген /4, 2/.

Күйеудің әкесі келісілген қалың малдың негізгі бөлігін бергеннен кейін күйеу қалыңдыққа өзінің алғашқы ресми сапарын жасаған, ол «*ұрын бару*» деп аталады. Осы сапар кезінде болашақ ерлі-зайыптылар, әдетте бірінші рет кездесетін, сондықтан олардың бұдан кейінгі тағдырына ұрын барудың зор мәні болды, олар бірін-бірі біліп, ұнатып кетуі мүмкін еді. Кейде бұл кездесу тең емес некені болғызбай тастайтын. Демек, қазақтың «ұрын» термині түріктің ертедегі «*urun*» (тығылу, бауырына басу) деген сөзінен шыққан болуы мүмкін. Түріктің ертедегі «*bagirsaqni bulza bagırqa urun*» (егер ізгілік көрсең, қабыл ал) деген қазір де бар сөзі осындай жорамалдың растығын айқын дәлелдейді.

Күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары алғашқы кездесуді өткізуге мұқият дайындалатын. Қалыңдықтың туған-туысқандарына алуан түрлі көп тарту-таралғы беріп, күйеуге тәжірибелі жігіт (күйеу жолдас) бастаған 5-6 адамнан тұратын қошеметшілері еріп барған. Күйеудің қасына ерген адамдары үшін қалыңдықтың жақын туысының үйінде келесі күні дәстүрлі «*қыз қашар*» кеші өткізілген. Кештің аяғына қарай қалыңдық құрбыларының қарсылығына қарамастан, жеңгелері оны арнайы отау үйіне апарады, онда алдын ала төсек салынып қойылады. Жас жеңгелер күйеуді сонда шақырады, ал басқа әйелдер күйеудің аяғының астына «*бақан*» (киіз үйдің шаңырағын көтеруге арналған сырғауыл тастап, оның алдынан «*желі*» (құлын байлайтын арқан) тартады. Халықтың нанымы бойынша, бұлар – қасиетті заттар, олардан аттап өтуге болмайды, ал бұл жағдайда одан ақы төлеп айналып өту керек. Сондықтан күйеу бола жеңгелерге *ақы (кәде)* төлейді де, олар күйеу баланың жолынан кедергіні алып тастайды. Бірақ бұндай көріністердің барлығы жырда онша көрінбейді, яғни Назым бұл әдеттерді орындайды. Назымның әдет-ғұрыпты бұзып еріксіз қалың малға сатылуға көнбейтін қыз екендігі «*Тоқсан үйлі Тобыр*» жырында өте айқын берілген. Мұнда ол өз әкесі Әзімбайға:

«Айғыр емен, ат емен
Жал-құйрығын сүзілтіп
Бауырыңа салғандай» /5, 94/, –

дейді.

Бұл жырда халықтың өлең-жырларында қолданылып келген дәстүр жаңа әдістермен толтырылған. Мұнда тұрмыс-салт өлеңдерінің дәстүрінде аңсап, арман ететін бой жеткен қыздың сипаттары да толықтырылады. Назымның өз басын толық бағалай білетіндігі, махаббатты жолында жан алмайтындығы, өзінің ішкі сезімін қорғау үшін батылдық пен нақты әрекет істей алатын қыз екендігі айтылады. Назым – ақ түйғын, аққу, қоңыр үйрек, балапанын ерткен қоңыр қаз. Оның денесі аппақ қардай, екі беті қарға толған қандай, көзі құралайдың көзіндей. Осы сияқты сипаттардың нәтижесінде рухани тәрбиесі де, дене тәрбиесі де жан-жақты жетілген мінсіз адамның бейнесі көрінеді. Қамбарды Назым оның күшіне, ерлігіне қызығып сүйеді. Назым Қамбардан өзінің ойында арман етіп жүрген жігітінің сипатын, батырлығын көреді. Сондықтан да «Он екі баулы өзбекті» және «ноғайлы» елін қалмақ шабуылынан қорғайды деп сенеді.

«Бара жатқан Қамбарды
Назым сұлу көздеді.
Шын батырға кез келді.
...Соған ғашық болғаным
Қалмақтың берер деп едім
Жалғыз-ақ өзің жазасын» /5, 95/.

Қамбар мен Назым арасындағы ғашықтық және батырдың Назымға үйленуін баяндау олардың руының Махтым ханға қарсы күресімен байланыстырылып берілген. Назым Қамбарға деген адал махаббаты үшін күреседі. Ноғайлы елінің билері, «*көп жылағанша бір қыз жыласын*» деп Назымды Махтымға бермек болып, кесім шығарған кезде де ол өзінің бетінен қайтпайды.

«*Тоқсан үйлі Тобырда*» XIX ғасырдағы елдің тұрмыс жағдайлары кейіпкерлердің іс-әрекетін өзгертуге де әсер еткен. Мысалы, ұрыс қызған кезде сартылдап найза сынып, зуылдап садақтың оғы ұшып жатады, сонымен қатар күрсілдеп зеңбірек атылып, аспанға ракета ұшып жатады.

Сайып келгенде, XIX ғасырдағы ел тұрмысының бұл жырға тиген ең басты әсері: тұрмыстағы әлеуметтік қайшылықты ашып көрсету, кедейлердің жай-күйін жақсартудың қажеттігін сөз қылу және қалың малсыз үйлену мәселесін көтеру. «*Тоқсан үйлі Тобыр*» жырында ескіден келе жатқан дәстүрмен қатар көп жерлерде жаңалық араласып басқа батырлар жырының дәстүріне ұқсамай отырды. «*Тоқсан үйлі Тобыр*»

жырында және Қамбар туралы басқа жырларда да ел қыдырып әулие іздеп молаға түнеп, аруаққа сиынып батыр бала сұрап жүрген қубас шал-кемпірлер жоқ. Және батырдың бала күніндегі ерлігін суреттеу, өзіне жылқыдан ат таңдап алу, сүйген қызына таласқан басқа жігітпен сынасып, садақтан оқ атысу, бәйгеде сынасу сияқты жырлардан кездесетін суреттеулер де жоқ. Жырдың басында сөз Назымның сұлулығы туралы болады. Одан кейін Назымның өжеттілігі, еріктілігі қалың тойда өзіне күйеу боларлық жігіт таңдағанда және Қамбарға алғашқы кездескен жерлерінде толық, өте айқын суреттелінеді. Назымда көзге түсерлік сипат көп. Оның міндетін алтын күймесі, киетін алтынмен әшекейленген қамқа тоны, беті-қолын жуатын алтын құманы бар. Оның алтын күймеге жегіп жүретін қос қара атының қамыт-доғасы да алтыннан, седелкесі күмістен жасалған, божысы жібектен есілген және басқа да бай дүние-мүлік бәрі оның әмірінде. Назым тек қымбат бағалы киімдермен денесінің кіршіксіз аппақтығымен, бетінің қызылдығымен, қасының қаламдай сызылып тұрғандығымен және әсем сұңқар бойымен ғана суреттелінбейді, сонымен қатар, Назым таза жүректі адамгершілік қасиеті мол тілекті адам. Оның ең басты қасиеті де осында.

Ал, Ә. Диваев нұсқасындағы «Қамбар батыр» жырында осы салт-дәстүр, әдет-ғұрып бойынша Әзімбайдың Назымға күйеу тандату үшін істеген тойды толық суреттеу, Назымның қалмақтың ханымен сөйлескені, қалмақ ханы Қараманның құда түсуі, Қамбар мен Назымның арасындағы ішкі сезім көріністері мұнда жоқ. Дегенмен, Ә. Диваев вариантындағы «Қамбар батыр» жырының мына бір көрінісін айта кетсек:

«Қалмақ ханы Әзімбайдың ауылына құда түсуге екінші рет адамдарын жібереді. Әзімбай сасқанынан құдалыққа келген қалмақтарға сый-құрмет көрсетіп, қарсы алады да, Қамбарға астыртын кісі жібереді. Қамбардан хабар келгенше Әзімбай құдаларды «құрметтеп» Келмембеттің оң жағында отырады, құдалық салты бойынша сойылған қойдың етін бір топ жігіттер қонақтарға табақпен тартып жүреді, құдалардың иығына қымбат ішіктер жабады. Дегенмен тұрмыс-салтқа байланысты суреттеулер бұл вариантта аз кездеседі».

Ертедегі қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша отбасында қыз балаға 12-13 жасқа толғанда бойжеткен деп есептеліп, оны тұрмыс құруға бейімдейді. Қалыңдықты ерекше көз тартатындай бағалы киімдер кигізіп, ал асыл тасты бұйымдар қыздың ажарына көрік беретінін айтып өттік. Енді соны бұл жырда қалай суреттелгенін мына өлең жолдарынан көруге болады:

«...Алпыс сомдық әр кезі
 Үстіне асыл кигізді,
 Жорғадан жегіп қара көк
 Күймелі арба мінгізді
 Көзі түскен бенденің
 Жүрегін оттай күйгізді».

* * * * *

«Тоғыз қабат торқадан
 Қамзол киді қынама...»

* * * * *

«Қыз Назым шықты бұрандап
 Он сегіз толған жасына
 Кәмшат бөрік келісіп,
 Бриллиант қойды басына» /3, 420/.

Халықтың ауызша шығармашылығы мен адамдардың күнделікті өмірінде салт-жоралық және лирикалық өлеңдердің, ертегілердің, мақал-мәтелдердің рөлі зор. Әсіресе, салт-жора поэзиясы халық тұрмысының ажырасыз бөлігі еді, салт-жора мен әнсіз тұрмыс мүмкін емес болатын. Ол қарапайым қазақтың да, атақты қазақтың да өміріндегі барлық маңызды шаралар мен рәсімдерде (қуанышта да, қайғыда да) орындалып отырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. V томдық II томы. – Алматы: Атамұра, 1998.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1994.
3. Қамбар батыр. Қазақ эпосы 1 кітап. – Алматы, 1957.
4. Садырбаев С. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – Алматы, 1990.
5. Қамбар батыр. Жазушы. – Алматы, 1968.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада «Қамбар батыр» жырындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр көрінісі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются обычаи и традиции в эпосе «Камбар батыр».

И.В. ГЁТЕНИҢ «ФАУСТ» ТРАГЕДИЯСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖӘНЕ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ортаева Э.Қ. – оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Неміс халқының жалынды патриоты, Иоганн Вольфганг Гёте Германияда дүниеге келген. Ол әрі жазушы, әрі ақын, әрі драматург, әрі режиссёр болды. Оның өмір жазирасына көз жіберсек, өмірде ол араласпаған ғылымның саласы жоқтың қасы екендігін байқаймыз.

Оның ірі шығармасының бірі – «Фауст». Енді сол жөнінде қысқаша тоқталсақ. Ескі шірік дүниеге қарсы күрес, прогресс үшін, қарапайым адамның бостандығы мен бейбіт еңбегі, бақытты өмірі үшін күрес – міне, осыны арқау еткен ұлы ақын өзінің әлемге әйгілі бұл шығармасын 60 жылдай жазып, бүкіл саналы өмірін соған арнады.

«Фауст» өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап, күні бүгінге дейін дамылсыз дүние жүзі халықтарының тілдеріне аударылуда. Орыс тіліне «Фауст» 20-дан астам рет аударылды. Оны аударуға 44 автор қатысқан. Олардың ішінде В.А. Жуковскийдің, Н.А. Холодковскийдің және Б. Пастернактың аудармалары кең тараған. Бұл шығарманың орыс тіліндегі аудармасының өз тарихы бар десе де болғандай.

Адамзат баласының жарқын болашағына шексіз сенген ұлы ойшыл ақынның қаламынан туған осынау кемеңгер туындыны қазақ оқырман қауымына таныстырып, тұңғыш рет неміс тілінен қазақ тіліне аударған – Медеубай Құрманов болды.

«Фаусты» басқа бір тілге аударғанда оны бар қасиетімен мүлде толық жеткізіп беру қиын. Оның ішінде «Фаусты» қазақ тіліне аударудың өзіндік қиыншылықтары бар», – дейді М. Құрманов /1/.

М. Құрманов бұл трагедияны аударудың қиын екендігін былайша дәлелдейді:

Біріншіден, «Фауст» – ұзақ жазылған шығарма. Онда бүтін бір өмір, өзінің сан қилы қайшылықтарымен суреттеледі.

Екіншіден, қазір жалпы көркем аудармаға деген талап өте жоғары. Оқырмандар санасы әбден кемелденіп, бекіп-нығайғаны сонша, оларды құр ұлы есімдермен алдандыра алмайсың. Гётенің ұлы ақын екенін, «Фаустың» қандай шығарма екенін жұрттың бәрі біледі. Ал сол шығарманың ұлы екендігін аудармада дәлелдеп шығу, демек түпнұсқаға мейлінше жақын аудару оңайға соқпайды /1/.

И.В. Гётенің бұл шығармасы трагедия түрінде жазылған.

Трагедия жанры алғаш гректердің мәдениеті қалыптасып, сахналық өнері дами бастағанда пайда болып, сонан бері әр заманда, әр елде қанат жайып өркендеп келеді.

XVIII-XIX ғ.ғ. И.В. Гёте осы жанрда көп еңбек еткендердің бірі болды.

И.В.Гётенің «Фауст» трагедиясы сахнаға арналып жазылғанымен пішіні мен көлемі жағынан кәдімгі драмалардан ерекшеленіп тұрады.

Бір жағынан «Фауст» трагедиясын *драмалық поэма* деуге де болады. Өйткені мұнда оқиға желісі ширақ өрістеп, кейіпкерлердің іс-әрекеті ерекше бейнеленген және трагедия легінде ой жүйесі өлең сөздің өрелі өрнегімен көзге түскен.

Сонымен қатар мұнда *лириканың* да нышаны байқалады. Яғни, ақын трагедияда кейіпкерлердің көңіл-күйін, жан-сезімін ерекше шеберлікпен суреттеген.

Демек, бұдан біз Гётенің трагедиясында жеке адамның ойлану-сезінуін терең көрсететін лирикалық тәсіл мен тұтас бір шиеленіскен уақиғаны баян ететін эпикалық жанрға тән көркемдік тәсілдің қабысып, ұштасып жатқандығын байқаймыз.

Сонымен қатар ақын трагедияда қоғамдық өмірдегі қайшылықты, әділетсіздік пен озбырлық сияқты жиренішті құбылыстарды *өткір сынға* алады. Ол феодалды монархтар, яғни бай-патшалар өздерін басқалардан ерекше көрсетеміз деп қанша қымбат әшекейлі киімдер кигенімен, олардың арам пиғылды ойларының сырын бұл әшекейлер жасыра алмайтынын келемеждеп айтады.

Осы сөзімізді дәлелдеу үшін мына бір үзіндіні мысалға келтіруге болады:

«...Надень парик с миллионом завитков

Повысь каблук на несколько вершков

Ты – это ты, не что иное» /2/.

Осы бір үзіндіні М.Құрманов былай аударды:

«Кім болсаң сен сол қалпыңда қаларсың,

Парик киіп, мейлің бұйра жалғап ал,

Біз өкшемен, сән киініп балға бар,

Бәрібір сен қаз-қалпыңда қаларсың» /3/.

«Фауст» трагедиясы шығарманың негізгі идеясын көрсететін «Көктегі прологпен» басталады. Пролог салтанатты гинмен ашылады. Осы гимннен кейін трагедияның басты персонаждарының бірі – Мефистофель пайда болады. «*Мефистофель*» *ежелгі еврейлік сөздерден тұрады*. «*Мефиз*» – бұзушы, «*Тофель*» – өтірікші деген мағынаны береді.

Трагедияның 1-ші бөлімінде ортағасырлық университеттер 4 факультеттен: Философиялық, Медициналық, Юристік және Діни факультеттерден тұрғандығы және онда Фаустың білім алғандығы жөнінде айтылады. Алайда Фауст өзі оқыған ғылымдармен қанағаттанбайды. Бұл ойын ол лирикалық монологтары арқылы жеткізеді. Оның монологтары қайғы-қасіретке толы екенін көреміз.

Трагедияның басты кейіпкердің бірі – Мефистофель «халыққа өз пайдамды тигіземін» деген үлкен мақсаты бар Фаустқа бөгет жасап, оны бұл жолдан тайдырмақ болады. Тіпті оның көңілін басқа жаққа аудару мақсатымен шайтанның асханасына апарып, оны жасартқызады және Маргаритамен ұшырастырады.

Бірақ, бұдан Мефистофель үнемі жаман жағымен әсер етеді деген ой тумау керек. Тіпті Мефистофельдің өзі Фаустың «Сен кімсің?» деген сұрағына:

«Часть силы той, что без числа

Творит добро, всему желая зла /2/»

Бөлшегімін кара күштің – адамды зар қақтырып,

Ойлайтыным – жаманшылық, істейтінім – жақсылық /3/» – деп жауап бергеніне қарап, бұл кейіпкердің жақсы да қасиеттері бар екендігіне көз жеткіземіз. Мефистофельдің өмірге деген, адамға деген көзқарасының күмәнді, кекесінді болуы Фаусты ойландырып, оны өмірмен күресуге, сонымен қатар тек алға жылжып, биікке көтерілуіне түрткі болады. Мефистофель өзінің студентпен әңгімелесуінің барысында «Фауст» трагедиясының басты идеясының бірі – сол кездегі ғылымның өзгеріссіз, дамусыз тұрғандығын жеткізеді.

Демек, бұдан шығатын қорытынды Гётенің көркемдік шеберлігі деп – оның трагедиясының негізгі мазмұнында сол кездегі осындай келеңсіз философиялық мәселелерді көтергендігінде деуге болады.

Трагедияның бірінші бөлімінің маңызды орнын Маргаританың басынан өткен оқиғалары алады. 14 жасқа енді толған Маргарита Фаустпен кездесіп, олардың арасында нәзік сезім пайда болады. Маргаританы жолдың бойында кездестірген Фаустың:

«Сұлу бикеш, үнсіз қалай қалайын?

Рұқсат ет тек шығарып салайын!» – деген өтінішіне Маргаританың:

«Сұлу да емес, бикеш тағы емеспін,

Есіркемей қойса нетер мені ешкім /3/» – деп жауап қайтаруынан қыздың қарапайым отбасынан шыққандығын аңғаруға болады. Алайда тойлары болмай жатып қосылған екі ғашықтың махаббаты ұзаққа созылмайды. Қыздың Валентин деген ағасы қарындасының ары тапталғанына қатты намыстанып, Фаустпен жекпе-жек барысында қаза табады. Валентиннің өліміне қарындасы өзін кінәлайды. Маргарита босанғаннан кейін өз баласын өлтіріп, түрмеге түседі.

Осы образ арқылы Гёте сол кездегі алданып қалған қарапайым қыздардың осындай бақытсыз тағдырларын көрсетеді.

Трагедияның 1-ші бөлімі бәріне өзін кінәлі санаған Маргаританың қайғылы өлімімен аяқталады.

Трагедияның 2-ші бөлімі XIX ғасырда жазылған. Егер трагедияның 1-ші бөлімі 25 қойылымға бөлінсе, ал 2-ші бөлімі 5 акттан құралады.

Екінші бөлімнің бірінші актында Фауст Маргаританың өліміне өзін себепші санайды. Сонда Ариэль деген періште Фаусты уайымнан арылту үшін эльфаларды көмекке шақырады. *Эльфалар* – өмірдегі мәңгілік қуаныштың символы болып табылады. Бұдан кейін көрініс өзгере бастайды. Енді Гёте өзі өмір сүріп жатқан дәуірдің әлеуметтік мәселелерін талқылайды.

Келесі акттарда Фауст пен Мефистофель маскарад ұйымдастырып, өздері де грек мифологиясындағы персонаждар киімдерін киеді. Маскарад болып жатқанда өрт шығады. Осы арқылы Гёте сол кездегі француз төңкерісін көрсетеді.

Трагедияның 2-ші бөлімінде Фауст үлкен қала салып, халықты сонда қоныстандырады. Ұзақ жылдар бойы ақиқатты іздеген Фауст адамдардың тек еңбек арқылы өздерінің алға қойған мақсаттарына жететіндігіне көз жеткізеді.

Трагедияның соңы Фаустың өлімімен аяқталады.

Қорыта келе, «Фауст» трагедиясы сол дәуірдің ерекше шығармасы, жанрлық әрі құрылымы жағынан өзгеше туынды деп айта аламыз. Неміс әдебиетінде бұл шығарманың орны қашан да маңызды болып қала беретініне кәміл сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М. Құрманов. Неміс поэзиясын аударудың кейбір мәселелері (Гёте, Шиллер, Гейне шығармаларының аудармалары негізінде) Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1971.
2. «Фауст». Перевод Б. Пастернака. – Москва, 1956.
3. М.Құрманов «Фауст». – Алматы, 1969.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада «Фауст» трагедиясының жанрлық және құрылымдық ерекшеліктері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются жанровые и структурные особенности произведения И.В. Гёте «Фауст».

АСТАРЛЫ ОЙДЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ МОТИВТЕРІ

Рахманова Н.М. – ф.ғ.к. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақ әйелдерінің тағдыры қазақ қаламгерлерінің назарынан да, қаламынан да тыс қалған жоқ. Жиырмасыншы ғасыр басында жазылған шығармалардың кейіпкерлері Жамал да, Қамар да, Шұға да рухани теңдікке, бостандыққа ұмтылған, нәтежесі ішкі армандарымен түйіспесе де өз тағдырларына өзі арашасы болуға ұмтылған әрекетшіл кейіпкерлер. 20-30 жылдардағы прозаға сезім сергелдеңіндегі сезімтал кейіпкерлердің орнына Айша, Раушан, Жәмила, Есбике сияқты жаңа қоғаммен бірге өзін де, өзгені де өзгертуге даяр қайраткер кейіпкерлер келе бастады. Сонымен бірге әлеуметтік мәселелер ғана қазақ әйелдерін ойландырмағаны жазушыларға тағы бір пара кейіпкерлерді ұсынды. Олар тағдыр қыспағы рухани дүниесін бөлшектенген Шолпан, Ғайша, Күнікей, Ақбілек, Зылиха сияқты кейіпкерлер. Неге қаламгерлер қазақ әйелдерінің сан қилы тағдырын суреттеуді алдыңғы кезекке шығарды? Адамзат қоғамы үшін әйел, ана ұлағатының орны ежелден ерекше. Қаламгерлер ұрпақ тәрбиелейтін жандардың жаратылыс ырғағынан танбауын қалаумен бірге ұлт тамырының тереңдігі, құнары сақталуын аңсаған әріден ойлаған пайымдарын өз кейіпкерлерінің бойынан көрсетуге тырысты. Қоғам дамуының қайшылықтары осы кейіпкерлердің ой-санасында, қимыл-әрекеттерінде бой көрсетті. Жаңа даму кезеңімен бірге ұлттық жақсы дәстүрлердің, тәрбиенің, ежелгі үлгілердің ұмытылып, жүдеп бара жатқанын жазушылар әлеуметтік астарлы оймен мегзей жазды.

Сан қырлы саңлақ дарын иесі Ж. Аймауытов – қазақ қыздарының тағдырын, мың сан азабын қопара жазған қаламгер. Қазақ өміріндегі түрлі әлеуметтік мәселелелер қазақ қыздарын айналып өтпеген. Сыртқы дүниенің дүлей соққысынан қаңбақтай ұшып, тағдыры алдында дәрменсіз сенімі шайқалған Ақбілекті автор тұтастығы жоғалған, рухани бөлшектенген кейіпкер деңгейінде суреттейді. Шығарма соңындағы «оқып, адам болған» Ақбілек автордың қамқорлығымен заман талабына икемделген кейіпкерге айналады. «Ақбілек секілділер өмірді жасайды» дегенге автор да, оқырман да дүдәмәл көңілмен қарайды. Жалпы шығармадағы кейіпкер біздің санамызда біз оқыған кітаптағы қалыпта емес, есте сақтаған бейнеде қалады. Көпшілік оқырман Ақбілек бейнесін романының соңындағы кеңестік ықпалмен өзгерген, өзіне сенімді қайраткер бейнесінен гөрі шарасыз, ертеңге күмәнді, қорқыныш иектеген кейпінде есте сақтайды. Жазушы ағат қадам басқан кейіпкерлерінің бойына қазақ қыздарының дағдырған көңіл күйін сыйдырғандай қалып танытады. Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесіндегі “жазығы” деген сөз астарына не сыр бүгіп тұр, оқырманды ойлантатын сырлы сұрақ осы. “Жазық” күнәға жетелейтін философиялық категория. Ж. Аймауытов көркем шығарманың мақсаты – оқырманды ойландыру екенін қатаң ұстанған суреткер. Күнікейдің жазығының не екенін оқырманның өз ой додасына тастайды. Көркем шығарма – бәрін өзі айтып, бәрін өзі шешіп бермейтінінің тағы бір дәлелі.

Автор ана тәрбиесінің салмағы туралы өрелі ойын Шекердің «қызына қарлығыштай шыжбақ боп жүруі жеткілікті ме?» деген сұрақпен өріп, күніреніп жатқан Күнікей трагедиясына шешесінің де жазығы бар дегендей бірден Шекерге көңіл аударады. “Бірақ Шекер шеше болам деп бекер арам тер болды. Баланы іспен емес, сөзбен, үлгімен емес, ақылмен үйретпекші адам сорлы ғой. Шекер өзіне “құдай жұқтырмағанды” қызына оқыды. Қызы көргенін тоқыды “Бозбаламен өзі неге ойнайды?” деген сұрау Күнікейдің ойына ерте бекіді. Он төртке аяқ басқан соң-ақ, көзі жайнап тұрған Күнікей апасынан құрық әкетті” /1, 349/. Адамның болмысы ойында, сөзінде ғана емес, қимылы мен іс-әрекетінен де көрінеді деген ойды автор санаға сыйғалатады. Шекердің пешенесіне жазылған тағдырына опасыздығы қызына сабақтай.

Не нәрсенің де баяны бастауында деген ойды автор Күнікейдің жастық шағын суреттеген тұста ұқтырады. Көргенін тоқыған Күнікей не нәрседе де шешесіне ұқсап,

жас Шекер болып елестейтін тұстары бар. Автор көзге көрінбейтін нақты дүниелердің басын қосып, ойды тереңнен ширектіріп отыр. Жазушы “Күнікейдің жазығын” Күнікей басындағы тағдырдың мағынасыздығынан іздегендей болады. Күнікей шешімі жат әдеттің басы. Автор оның жазықты болуына шешесі Шекер мен өзінің дәстүр мен ұлттық тәрбиені салақсытуы, қалыс қалдыруы дегендей кейіп танытады.

“Күнікейдің жазығы” повесіндегі күрделі де, шым-шытырық берекесіз өмірдегі адамдар қатынасының сан алуандығы, қажетті деп танылған ортаның көріністері жинақталып та, дараланып та ортаға шығады. Оны көрсетуде автор кейіпкер монологын, авторлық баяндауды, уақыт пен кеңістікті де ұтымды пайдаланған. Күнікей бойында сезімнің алуан түрлі келбеті бар. Оны үміт пен қиял, елес пен үрей, нәпсі мен қасірет түйілістері қинаса да Күнікей солардың бірде-бірінен қашпай, өзін соларға арнауға әзір. “Күнікейдің жазығы” повесінің оқырманға берер түсінігі – салмағы да салдары да бар түсінік: адам өзін баптап, өмірге жасақтайды және өзін-өзі құрта да алады, себебі ол тіршіліктегі ең жоғарғы түйсіктің иесі. Адам айтқанға құлай қоймайды оны тәрбиелеу үшін үлгі керек, Шекердің үлгісі Күнікейді неге соқтырды? “Қызға қырық үйден тыйым” деген дәстүрлі мәдениеттен өзгеру қайда апарады? Қазақ мәдениетіндегі талай ұрпақ ұя бұзбай жүріп өткен жол, қастерлі игіліктерге қауіп төнді, сол қауіп авторға “Күнікейдің жазығын” жаздырды.

Уақыт көркем шығармаларды таптық таным тұрғысынан сомдауды қажетсініп жатса да, әлеуметтік кеңістіктің ызғарлылығы, жүдеулігі Б.Майлин сынды қаламгерді баяз таптырмай қоғам бейнесін сыншылдықпен де, сыншылдықпен де суреттеуге себепші болды.

Б. Майлиннің алты бөлімнен тұратын «Әже» әңгімесіндегі суреттелетін оқиғалар тізбегі төңкерістен кейінгі уақытты қамтиды. Әңгімеде сұлу да сылқым Зылиха жуас Қарымсаққа тұрмысқа өз қалауымен шыққанымен, кедейленген қазіргі тұрмысына риза емес. «Әже, қарным ашты» деген ұлы мен қызының сөзі оған шаншудай. Күйеуін де қорашсынады, мынандай ажармен бәйбіше болып, малынып отыру да арманы. Зылиханы дел-сал қылып, ойы мен санасын арпалыстырған Қоржынтайдың: «Қазір слабоданың заманы, Кәрібай саған сыртыңнан ғашық, өзі жұрт ағасы, асқан бай» деген азғырынды сөзі. Б. Майлиннің 1987 жылғы бес томдық шығармалар жинағынан «қазір слабоданың заманы» деген сөздер алынып тасталған. Жаңа заман әкелген әйел басына азаттық, теңдікті байлықпен шатастырған Зылиха, бай болса ғана басқа жұртпен теңесетіндей, бақытқа бөленетіндей сезімде болады. Осы сезім жетегімен Қоржынтайдың қолқасына «Жарайды» деп қалғанын өзі сезбей қалады. Тіпті құдай қосқан қосағы мен балаларын тастап кетіп бара жатып та, өз ісіне өзі есеп бермейді. Жазушы Зылиханы жан дүниесіндегі аласапыранды былай суреттейді: «Қане жүр» деп Қоржынтай қысып барады. Қоржынтайдың сыбырын әзірейілдей көріп, Зылиханың денесі, тітіркеніп сала берді. «Менде нең бар, мен байымды, балаларымды тастап әзәзілдің жолына түсе алмаймын!» деп, үйінен қуып шыққысы да келеді. Бірақ, басты тұмандаған қара күш ерікті билеп, ырық бермейді, сүйретіліп орнынан тұрып, не қыларға білмей дағдарғанда, Қоржынтайдың бұрын бір айтқаны есіне түседі, «балаларыңды бірден ала кетуге болмайды, барған соң сотқа арыз бергін, алады да береді. Сенің балаң Кәрібайдың баласы, сенің балаларыңның оған жаттығы болмайды», – деп еді Қоржынтай. Зылиха талған көңілге осыны сеп қылғандай, осыны ойлап өзін өзі айналдырғандай болып ақтық рет балаларын сүйіп, «алтын босағасын» аттап, жөн тартып еді...» /2, 109/.

Слабоданың заманы желпіндірген «Зылиха енді Кәрібайдың тоқалы болып, Ажар бәйбішеге күң атанып, малайдың жұмысын істеп жүр». Өткен күні көзден бұл-бұл ұшқан. Жұқа киіммен Кәрібайдың үйінен қашып шыққан Зылихаға суық өтіп, айықпас дертке душар болады. Осы тұста автор ойланбай от басқан Зылиханың әрекеті арқылы арды-ұятты ұмытқан әйелдің опынуымен бірге, Кәрібай, Қоржынтай сияқты

пысықайлардың да жаңа заманда әйел теңдігін қалауынша бұрмалап, қоғамның ілгерілеуіне тұсау болғанын сездіреді.

Жазушы Зылиханың ішкі монологында: «Мен сендерді ескермедім, сендерді жылатып тастап, өзіме бақыт іздемекші болды. Қарымсақтың жаман үйінен, жетпейтін кем-тар дүниесінен аттап өтіп, жұмақтың есігін ашпақшы болдым. «Пәлен жерден пәленшенің қатыны қашты» дегенді естігенде, менің ойымша, солар адам көрмеген бір қызықты тұрмысқа кіріп жатқан секілді болушы еді, ақырында сол ынтықты көріп, көңілді бастым...» деп өзіне өзін төреші етеді /2, 111/.

Автор Зылиханы ісіне, мінез-құлқына қарай жазалайды. «Пәлен жерден пәленшенің қатыны қашты» деген байырғы қазақ ұғымына тосын сөз, бұл жаңа заманмен ілесе келген сөз. Зылиха бұғаулы өмірден теңін іздеп қашқан жоқ, онікі керісінше қашыс болдыс. Жазушы әйел теңдігі мәселесін әркім өзінше ұққанын ескерте кетумен бірге, Зылиханың өзіндік болмысындағы дүниеқоңыздықты, байлық жолында көз жұмбайлыққа баратынын жарық дүниеге ілесе келген мінез-құлқындағы тұрақсыздықтан іздейді.

Автор Зылиханың түсі арқылы әңгіменің негізгі тұжырымын жасайды. «Ұлпаны маңдайынан сүйіп, Бақытжанды алдыма алып, енді емізе берем дегенде еңгезердей бір кара кісі арт жағымнан келіп желкеме түйіп келіп жіберді, «лағынет, арам қолыңмен жас нәрестені, күнәсіз періштені не бетіңмен ұстап отырсың!» деді... Алдым терең жар екен деймін, омақата құладым». Бақытын бағалай білмеген Зылиханы автор түсіндегі сөзі арқылы жазалайды.

Б. Майлин – жаңа қоғаммен бірге келген қайшылықтардың халық басындағы болмысын ашуға барын салған қаламгер. «Раушан коммунисте» автор заман қалаған кейіпкерді жасай отырып, өз мұңын, өз тұжырымын бірге жеткізеді. Жаңа қоғаммен бірге тіршіліктің тал бесігінің бұзылғанын, халықтың табиғатында жоқ қылықтар өрбігенін, ұлттық әдет – ғұрыпқа сызат түскенін, имандылық күйрегенін “дауыстар” жарыса айтуда. “Жас адамның қасарысып, ата-анасының батасын алмауы жақсы ырым емес қой”, “Баяғыда жас күнімізде, ердің бетінен алу дегенді білмейтін едік... Байдың бетінен алу мықты күнә деп саналушы еді. Осы күні соның бірі бар ма?...”. Өмір болған соң күнә да болады. Повесть кейіпкерлері ата-ананың қалауынсыз жар таңдауды, күйеуіне әйелінің қарсы келуін күнә санайды. Қазақ халқының табиғи әлеуметтік дамуы жүрісінен жаңылып, басқа, бөгде жолға салынғанына наразылықтарын білдіреді.

Б. Майлин халықтың сол кезеңдегі психологиялық өзгерістерін айна қатесіз қағазға түсірген. Сол тұстағы орта үйреніп қалған “әйелдерден” басқа әйелдерге кез бола бастады. Соның дәлелі Мариям, Раушандар. Ерлердің көңіліндегі “әйелдерге” бұлар ұқсамайды, қазақи орта оларды жатсынды. Раушан алған бетінен қайтпайтын, өрлігі кесек мінез иесі. Болыстық жиынға “Ешкімнің ақылының керегі жоқ, барамын деген соң барамын!...” деп қасарысып отыр. Жиында Мариям “бірдеме айтасыз ба?” деген соң сөйлеу үшін сөйледі, алдын ала саналы түрде дайындаған сөзі жоқ еді, оны дайындауға өресі де жетпейтін. Раушанның ел алдында алғаш сөйлер сәттегі қалтырағаны, буыны босағаны, еріні дірілдегені бәрі табиғи нәрсе, кез-келген адам оның орнында сөйтер еді. Ал оның “өзіміздің балалар ғой, бұлар ешкімге айтпас” деп Раушанға сыр қып айтқан кемпірдің қызының орнына жиынға келген әрекетін жиналыстағы жұртқа жайып салуын қалай түсінеміз? Бұл жаңа үкіметке жағыну ма? Әлде көзін көрмеген Дәметкенге теңдік әперуге құлшыныс па, немесе бейсаналық па? Раушанды жаңа үкімет қолпаштады, мақтады, олар қолпаштаған соң Бәкеннің де “төбесі көкке тигендей болды”. Сөйтіп Раушан өзінікін ғана жөн санауға дағды қалыптастыра бастады.

Автор Раушанның ұлттық болмысына қаяу түсе бастағанын сездіріп қана қоймай, басты кейіпкерін ұлттық танымның, болмыстың аясынан шығарып жібереді. Раушанға дейін қазақ әдебиетінде бірде-бір әйел кейіпкер “пұртекез істеп өзінді қазір айдатып жіберейін!” деп күйеуіне сес көрсетіп, айбат шекпеген. Күйеуін “айдатам” деген ойдың

өзі қазақ әйелінің ұлттық ойлау жүйесінде жоқ құбылыс. Еркіндікпен келген жат леп Раушанды қазақтың өмір салтына жат әрекетке жетеледі. Күйеуін пір тұтқан ежелгі қазақ әйелінің болмысына Раушан қимылы кереғар. Тіпті Бәкеннің сөлбірейіп өз үйінен шыға жөнелуі де қазақи түсінікке жат. Шаңырақ иесі өз үйінен еріксіз шығып бара жатып та әйеліне сес көрсете алмайды, Бәкенді ол әрекетке жібермей тұрған өзінің табиғи момын мінезі десек те, оның көңілінде жаңа үкіметтен қорқу, сескену сезімі басым. Яғни төңкеріспен келген үрей қазақ еркектерінің мысын басып, табиғатында жоқ қылықтар өрбітті.

Морт кеткен Бәкенмен табысу үшін Раушан іздеп барып, “ендігәрі сенің айтқаныңнан шықпаймын!” деп жалынды да, соққысын да жеді, тепкісін де көрді, сонда да сұрланып, мелшиген Бәкеннің қайтары жоқ. Раушан үйіне келіп ойға кетті. Бәкенді үйге қайтара алмаған Раушанның ішкі монологі арқылы автор кейіпкердің өз ұғымына сай ойлау үрдісін береді және өзін-өзіне ақтатады. “Енді не қыл дейді?.. Демесіннің айтқанын істемеді деп ашуланатын не жөні бар?.. Күлзипаға таба қылатындай не жазығым бар еді?! Енді қайтып сенің бетіңді көрсем бе? – деген сертті аз-ақ айтпай қалған”. Бәкен де “Енді қайтып оны қатыным деп айтпаймын, оның бетіне қараушы болмаймын!” деп өзіне-өзі серт береді. Бірін-бірі жақсы көретін Раушан мен Бәкен жаңа заман әлегімен бірін-бірі іштей жатсына бастады. Семья бүлінді. Раушан Бәкенге айтпай, әрі күйеуінен сұранбай Орынборға оқуға кетеді. Ал осы хабарды жеткізген Жақсылыққа Бәкеннің оқша атылып сабауы да бейсаналықтың үлесі. Бәкен Раушанның орнына ауылнай болып сайланғанда Демесіндерше айтсақ “қой үстіне боз торғай жұмыртқалады” бірақ бұл Бәкенге қайырсыз болып жабысты; мың түрлі істеген заңсыздығы үшін Бәкен сотқа тартылып, үш жылға түрмеге жабылып та үлгереді...”. Автор повестің аяғын заман талап еткен үрдіспен аяқтайды.

“Раушан коммунист” сыртқы ықпалдың әртүрлі мінез-құлыққа, мұрат-мақсатқа әсерін, адамдар арасындағы ендігі қарым-қатынастың өзгешелігін мейлінше шынайы суреттеген шығарма. Ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-салт бетін өзгерткенде: “Коммунистің не екенін білмеймін, бірақ әйелдерге болысады дегенді естігенім бар еді. Болысатыны рас болса, маған болыссын, мені мынаның таяғынан құтқарсын. Осы бәледен құтқаратын болса, шоқындырып жіберсе де ырзамын” деген әйелдің өтініші оқырманды ойлантары сөзсіз. Автор “шоқынуға ырзашылықтың” әлеуметтік, психологиялық астарынан секем алғандай қалып танытып, “Раушан бұған жәрдем беру түгіл, өзі біреуден жәрдем сұраудың жайын қарастырып отыр еді” деп көктей өтеді.

Б. Майлин повесте салған жерден қазан төңкерісін түсіне алмаған қазақ даласының оны қабылдау үстінде қым-қиғаш қақтығыстар мен қиыншылықтарға ұрынғанын суреттеуде жаза баспас реалистігінен жанылмаған. Автор заман шындығын ашуда кейіпкерлердің өзіндік ерекшелігін, әр түрлі қақтығыстардың, әлеуметтік, психологиялық мәнін ашуда кейіпкердің ішкі өміріне, рухани әлеміне еркін кіру нәтежесінде повестің көркемдік сипатын арттырған.

Әйел затының тәні мен жанынан туындаған нәзік сезімге бой ұру – М. Әуезов шығармаларының деніне ортақ. Әйелдің ішкі жан дүниесіне, әйел махаббатының жариялануына таңсық көзбен қарайтын қауымға жазушы әйелдердің ойын, айтарын мәңгілік уақыт тілімен айшықтап айтып берді.

М. Әуезов трагедиялы ортадағы адамның болмысына үңілуге көп көңіл бөледі. Оның кейіпкерлерін қатерге бас тіктіруінің өзінде сабақ бар.

«Кінәшіл бойжеткен» әңгімесінде автор Ғайша сынды трагедиялық пенденің басындағы кереғар қайшылығын жайып салып, ақтау мен айыптау төрелігін оқырман пайымдауына қалдырады. Күйкі тірлігіне ашынған ызасы Ғайшаны ықылассыз өлімге жетелегенмен айнадағы мүләйім жүзі намысын жеңеді. Автор Ғайшаны тектен-тек айна алдына әкеп у іштіргелі тұрған жоқ. Кейіпкердің сыртқы әлемі мен ішкі әлеміндегі сәйкессіздіктің көрінісін аңдату байқалады. Бұрын да махаббаттан тауы шағылған Ғайша Ғаббаспен арадағы суық әңгімеден кейін, өзінің ары алдындағы

айнаға қарап жауап береді. Ғайша бейсаналы түрде басынан өткен біраз нәрселерді ұмытып кетуге тырысады. Ұмыту ең қатыгез әділетсіздік, сонымен бірге ең кереметі өзінді-өзің жұбату тәсілі екенін Ғайша сезінгендей. Жалғыздықты сезінген, күйінген, өзін де өзгені де кінәлай отырып, өткен өмірін өкінішпен еске алған Ғайша тәлкекке түскен күндеріне санасыз түрде, ессіз қарсылық білдіреді. Бірақ құлазыған көңілі қанша арпалысқа салса да, Ғайша өз болмысының тұтқынынан шыға алмайды. Қуанса да, қайғырса да шынайы сезімді ұмытқан Ғайша өз санасымен өзін-өзі ақтап алды. Автор өзін-өзі өлім жазасынан азат еткен Ғайшаның әлі де алдамшы жұбаныштың жетегінде өмірін өткізетінін ишаратпен сездіреді.

Әуезов кеңес үкіметі әкелген теңдіктің парқын махаббат әлемінде де, әркім әрқилы түсінгенін бедерлейді. Автор оқыған азаматпен қоса оқыған бойжеткеннің мұрат-мүддесін мысқылдай аңғартады. Қала салтына, басқа ұлт өкілдеріне еліктеген қазақ қыздарының моральдық өлшемі авторды алаңдатқандай.

Қазақ қаламгерлері өздерімен замандас қазақ қыздарының тағдырына немқұрайды қарай алмады. Олардың заман ағымындағы тынысын, жан дүниесіндегі бағыт-бағдарын шынайылықпен суреттей отырып, қазақ ұлтының болашағын тәрбиелеушілердің өз табиғаты, өз болмысы, өз оралымына сай болуын қалағандай қалып танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 560 б.
2. Майлин Б. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1962. 3 т. – 432 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада саяси-әлеуметтік жағдайдың қазақ әйелдерінің ұлттық болмысын өзгертудегі әсері және авторлық ұстаным сөз болады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются влияние социально-политического положения в изменении национального бытия казахских женщин и авторская позиция.

ПРОБЛЕМА ИЗУЧЕНИЯ ПСИХОЛОГИЗМА В ТВОРЧЕСТВЕ О. БОКЕЯ

Сабилова Д.А. – преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Особенно это значимо сегодня, когда общественное сознание россиян, пройдя путь от образа «человека-винтика» к образу «человека-фактора», продолжает движение к новому, точнее, хорошо забытому старому образу – образу человека-личности. Человеческая личность с ее удивительно тонким сложным, богатым и противоречивым внутренним миром находится в центре научного и художественного познания, и углубленный интерес к такому многоаспектному понятию как художественный психологизм, прежде всего, связан с эволюцией российского литературоведения, что связано с выходом за тесные рамки советского литературоведения и обращением к открытиям западной психологии и философии, социологии.

Многосоставность современного коммуникативного пространства актуализирует непосредственную связь художественного психологизма с эмпирической практикой индивидуализированного сознания, через которую преломляются все коренные проблемы литературоведения, (а именно изучение категории художественного характера, особенностей проблематики, определяющей идейно-эстетические функции конфликта, сюжета, системы образов в произведении, выявление мировоззрения и творческого метода писателя, жанровой специфики литературного произведения и т.д.).

В центре изображения всегда должен находиться индивид в целом, включая неисчерпаемое многообразие явлений его внутреннего мира.

Человеческая личность с ее удивительно тонким сложным, богатым и противоречивым внутренним миром находится в центре научного и художественного познания, и углубленный интерес к такому многоаспектному понятию как художественный психологизм, прежде всего, связан с эволюцией литературоведения, что связано с выходом за тесные рамки советского литературоведения и обращением к открытиям западной психологии, философии, социологии.

Признание тесной связи литературоведческой категории с психологическими изысканиями значимо на сегодняшний день, особенно в свете проникновения в постсоветское научное пространство зарубежных мировоззренческих дефиниций, определивших развитие литературоведения в XX веке, что раскрывает обращение к понятийному и терминологическому аппарату наиболее влиятельных направлений литературоведения: структурализма, (включая структурный психоанализ Ж. Лакана, структуру познания М. Фуко), нарратологии (в том числе анализ дискурса Р. Барта, Ю. Кристевой), герменевтики (феномен понимания и интерпретации Х. Гадамера); мифологической критики (влияние архетипа и коллективного бессознательного). Осознание выработки особой психологической плоскости в литературных текстах приводит к углубленному рассмотрению исследователем тех психологических теорий, которые определяют кодифицирующую значимость механизмов психологии в литературном пространстве текстов.

Психологическая наука во всем мире, в том числе и казахстанская психология, все уверенней вторгается во все сферы человеческой практики. В последнее десятилетие все большую популярность и значимость в Казахстане обретает гуманистическая психология. Ее цель состоит не в формировании в соответствии с социальным заказом «человека благополучного», а в поисках путей и средств самореализации высшей сущности индивида.

Стоит сразу определить, что мысль о подчиненности литературы психологии необоснованна. Так, исследователь А.Б. Есин определяет психологическую достоверность как «свойство литературы, которое может возникнуть в художественном произведении (если этого требует содержание и общая система стиля, а может и отсутствовать и даже сознательно нарушаться)» /1, 138/.

Общечеловеческой ценностью; живой, реальный человек не сводится к совокупности психических и физиологических функций, а существует как уникальное я, как интегральное единство телесного, душевного и духовного опыта; безоценочное понимание и безусловное принятие его (человека) уникального внутреннего мира во всей полноте и напряженности его жизненных проблем) тесно взаимодействуют с концепцией современного литературного процесса, акцентирующей внимание на уникальности внутреннего мира каждого человека. Оралхан Бокей стремится рассмотреть человека как существо, которое постоянно решает, чем он будет в следующий момент. Свобода и ответственность человека за аутентичность его бытия, за правильное нахождение и реализацию им смысла своей жизни – вот главные критерии понимания человеческой жизни XX века, по О. Бокееву.

Психологизм – это изображение искажения реальности в плотной среде между внутренней и внешней гранью, внутри души /2, 89/.

Творческая личность О. Бокеева, в целом, конечно, не романтическая. По типу таланта О. Бокеев – художник объективный, художник реалистического плана. Его художественной мысли, даже в ранних произведениях, присуще стремление к воссозданию действительности, стремление к пластичности, четкости и конкретности изображения. Тем не менее, О. Бокеев, духовный склад и творческая личность которого отличались поразительной многогранностью, способностью самозабвенно отдаваться жизненным и литературным впечатлениям (герценовское «жить во все стороны»), на

определенный период оказался глубоко захваченным романтическим движением. Романтизм был веянием времени. В нем чувствовалось тревожное, порывистое дыхание. Будучи сравнительно недолгим, романтический период явился для поэта периодом замечательных творческих достижений, не утраченных впоследствии и вошедших в художественную систему зрелого Бокеева как одна из ее граней.

Слово приобретает особую многозначность, символичность, поставленное в определенный контекст, влечет за собой целую цепь ассоциаций. В процессе психологического анализа, осуществляемого в лирике, как отмечает Л.Я. Гинзбург, особую роль играют такие детали, как внешность, жест персонажа. Орудием душевного анализа служит здесь синтетическое по своей природе слово.

В «Словаре по литературоведению» под редакцией Николаева Петра Алексеевича определение психологизму звучит так: «Психологизм в литературе – полное, подробное и глубокое изображение чувств и эмоций, мыслей и переживаний литературного героя».

Можно сделать вывод, что психологизм – это прежде всего попытка автора описать внутренний мир героя художественными средствами /3, 11/.

Одним из новаторских проявлений писательского мастерства в наследии О. Бокеева является особое использование психологизма.

Бокеев старается преподнести внутренний мир человека читателю, используя незначительные, на первый взгляд, детали, намёки, отказ от традиционной портретной характеристики, метафоры и фразеологизмы, несобственно-прямую внутреннюю речь, главная задача которых – изобразить психологические состояния своих героев.

Общеизвестно, что психология каждой отдельной личности неповторима, уникальна по своей природе. Но она формируется в определенных исторических, социальных, национальных и иных условиях и вне этих условий, как известно, рассматриваться не может. Как возникает и развивается то или иное внутреннее состояние человека под воздействием конкретных обстоятельств, среды, времени определяет социально – и исторически детерминированный психологизм. С этим связана, конечно, и зависимость психологизма от особенностей эпохи, типа художественного сознания, обуславливающих изменения и в специфике художественного психологизма. Правомерно выделение Б.О. Эйхенбаумом двух основных типов психологизма, господствующих в литературе в зависимости от подходов писателя к раскрытию душевной жизни личности: «индивидуализирующий» и «типизирующий». В системе «индивидуализирующего» и «типизирующего» психологизма средства и приемы психологического анализа могут быть направлены на дифференциацию изобразительных характеров, на прояснение либо их индивидуальных, ярко выраженных черт (при сохранении типического), либо на выявление типических черт, присущих определенной среде (при сохранении индивидуальности их выражения) /4, 4/.

Данные тенденции, т.е. использование «индивидуализирующего», «типизирующего» и «универсализирующего» психологизма, находят свое отражение и в современной литературе. Одни авторы стремятся представить яркие запоминающиеся, психологически убедительные характеры эпохи; другие создать «сверхтипы» человеческой психологии, и в тоже время изобразить тончайшие, порой едва различимые движения души, разнообразнейшие психические реакции и состояния своих героев.

ЛИТЕРАТУРА

1. Есин А.Б. Психологизм русской классической литературы. – М., 1988. – С.138.
2. Коул М. Культурно-историческая психология. – М., 1997. – С. 89.
3. Леонтьев Д.А. Возвращение к человеку // Психология с человеческим лицом. – М.: Смысл, 1997. – С. 11.

4. Страхов И.В. Психологический анализ в литературном творчестве. – Саратов, 1973. – С. 4.
5. Иезуитов А. Проблема психологизма в эстетике и в литературе // Проблемы психологизма в советской литературе. – Л.: Наука, 1970. – 39-57 с.

РЕЗЮМЕ

В статье описывается проблема изучения психологизма в творчестве О. Бокеева.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада О. Бөкеев шығармашылығындағы психологизмді зерттеу мәселелері қарастырылады.

АУДАРМА ӨНЕРІ ТУРАЛЫ

Сапар Г.С. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ тілінде тамаша, көркемдік дәрежесі жоғары аудармалардың пайда болуымен ерекшеленеді. Ұлттық аударма саласын қалыптастыру ісіне Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтар ат салысты.

1937 жылы дарынды аудармашылар ұсталып, сотталып, айдалып, атылып кетті. Ұлтшыл-алашордашылар ақын-жазушылардың отызыншы жылдардың өне бойындағы аудармаларын жариялауға рұқсат етілмеді. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов мен Жүсіпбек Аймауытов аудармалары 1928 жылдан кейін қасақана аталмай келді. Осы аса көрнекті қайраткерлердің аудармалары ақталғаннан кейін 1989 жылдан бастап мерзімді баспасөз беттерінде жарық көре бастады.

Алғаш рет аударма жинақ бастыру ісін бастаушы болған А. Байтұрсынов, И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке кітап етіп шығарды. Сонымен қатар «Маса» жинағының алғашқы басылымына Пушкиннен аударылған «Ат», «Данышпан Олегтің ажалы» өлеңдері, «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш» ертегілері енгізілген.

Шәкәрімнің бізге белгілі аудармалары мыналар: А.С.Пушкиннен аударған «Дубровский әңгімесі», «Боран», Л.Толстойдан аударған «Асахардион Лаэли», «Психи-ган-хан», «Ұждан», «Қолшатыр бұйрығы», «Үш сауал», «Криз патша» шығармалары.

Қазір Ж.Аймауытовтың аудармасымен басылған Гогольдің «Бақылаушы», А.С.Пушкиннің «Тас мейман», «Сараң сері», А.Дюманың «Дәмелі», Дж.Лондонның «Телегей теңіз», К.Берковичтің «Өрбике», С.Чуйковтың «Тау еліндегі оқиға» атты шығармалары табылып отыр. Олардан басқа В.Шекспирден, Г.Мопассаннан, Р.Тагордан, М.Горькийден аударған шығармаларын ол кезінде мерзімді баспасөзде жариялаған.

Мағжан Жұмабаев Гетенің «Орман патшасы» өлеңін, Гейненің «Күннің батуы», М.Лермонтовтың «Сарғайып келген егін толқынданса», «Тұтқын» өлеңдерін, А.Феттің өлеңін, М.Горькийдің «Сұңқар жыры», «Жұртын сүйген жүрек», «Ана», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы» әңгімелерін, Вс.Ивановтың «Сай», «Темірбай», «Жолығу» әңгімелерін, Мамин-Сибиряқтың «Ақбоз ат» әңгімесін қазақшалаған.

Жоғарыда аталған аудармаларды талдағанда аудармашылардың қолына түскенді емес, қазақ тұрмысына қажетті деген шығармаларды іріктеп, белгілі жүйемен тәржімалағанына көз жеткіземіз. Мысалы, Байтұрсынов әрбір мысал соңында өзіндік қорытынды ой түйеді. Аударманың қазақ ұғымына лайықты, оқырманға түсінікті болу

жағын көздеген ақын әрбір аудармасының соңынан ойын, айтайын деген өсиетін өз жанынан қосып отырады. Крылов мысалдағы оқиғаларға өз көзқарасын білдірмей, жасырын ұстаса, А.Байтұрсынов міндетті түрде түйін жасайды, оқырманын мысалдан қорытынды шығаруға итермелейді. Ал Мағжан Жұмабаев Горькийдің «Сұңқар жырын» түгел аудармай, оның бас жағы мен аяқ жағы, татар шопаны Рагиммен таныстыратын тұстарын аудармай кеткен. Горькийдің «Старуха Изергиль» әңгімесінен Данкоға қатысты тұсын аударып, «Жұртын сүйген жүрек» деп атын өзгерткен.

Екі тілді терең білген әрі биік ақындық дарынға ие аудармашылар басқа халықтардың туындылары ішінен қазақ ұғымына, тыныс тіршілігіне сай, көркемдігі басым, ғибраты мол, ой-сананы оятар, үлгілі түрлерін, қазақ топырағында жиі кездесетін жайттарды көрсетуге қолайлы, халық ұғымына жеңіл, тартымдыларын екшеп-іріктеп алып аударған. Олар аудармаларында шығарманы механикалық түрде қайталамай, оған ұлттық рең бере төл туындыға айналдыруға тырысады. Айтылатын ойдың салмақтылығына, қазақ оқушыларының жанына жақын да түсінікті, сезімін оятарлық дәрежеде болуына баса назар аударған. Ақындар аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Аудармашылардың туындылары да, ондағы сөздері де қарапайым, ұғымға жеңіл, үгіт-насихат, тәлім-тәрбие түрінде болып келеді. Олар барлық туындыларында негізінде бір проблеманы, ел өміріндегі саяси әлеуметтік проблеманы, оқу-ағарту мәселелерін сөз етеді. Терең оймен жазылған төл туындылары оқушыны жақсылыққа, имандылыққа, ізгілікке, адамгершілікке, ақ ниеттілікке, өнер-білімге жетелейді. Аудармашылар аударып отырған туындының мазмұнын сақтай отыра, оны қазақ рухына, қазақ өміріне, түсінігіне сәйкестендіріп берген.

Әрқайсысы өзі тұтас бір әлем деп айтуға тұрарлық ақындар аудармаларының тағы бір ерекшелігі – олар мәселені таптық шеңберге ғана бағындырмай, адамгершілік, ізгілік тұрғыдан келеді. Мысалы, қай ақыннан аударғаны белгісіз А.Байтұрсыновтың «Нәбік аты» өлеңінің негізгі арқауы кедей мен бай арасындағы тартыстан басталып, соңғы түйінінде кедейдің ішінде де, байлардың арасында да адамгершілігі мол, аталы сөзге тоқтайтын адамдар бар екені айтылады.

Туған халқын ағартуға ұмтылған қазақтың озық интеллигенциясының өкілдері көркем аударма проблемасына ерекше ыждағаттылықпен қараған. Жүсіпбек Аймауытов «Аударма туралы» мақаласында аударудың принциптері туралы сөз қозғайды. Ол көркем әдебиетті аударғанда қарапайым адамға ұғымды ету мақсатын көздемей, мәдениетті жұрттың үлгісін, сөз қолданысын бар бояуымен, кестесімен бере білу қажеттігіне назар аударады.

Аударма өнері туралы Шәкәрім былай дейді: «Ақын-жазушы өзінің жазған тума шығармасына жауаптылықпен қару қажеттігі сөзсіз. Ал өте жауапты нәрсе – біреудің шығармасын аудару. Бұған өте шеберлік керек. Шығарманы аударушы адам сол шығарманың барлық мазмұнын түсінумен қатар, жазушының нәзік сезімін, шеберлігін, шығарманың қандай күйде, қандай рухта жазылғанын жақсы білу керек. Демек, аудармашы сол аударманың авторынан ой-санасы, сезімі төмен болса, онда аударма дәл болып шықпайды. Шығарма аударылғанда рухынан айырылып қалса, онда аудармашының жазушыға қиянат істегені болады» /Шәкәрім. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988, 120 б./

Әдебиеттің көптеген жанрларында өнімді еңбек еткен Жүсіпбек Аймауытов көркем аударма жөнінен 20-жылдары әдебиетке араласқан қаламгерлердің қай-қайсысынан болсын озық тұр. Әдебиет сыншысы Смағұл Садуақасұлы Ж.Аймауытұлына «ол еуропалық жазушыларды еркін әрі жатық аударған», – деп кезінде лайықты баға берген екен («Молодой Казахстан» жинағы, Мәскеу, 1928, 7 бет). «Ревизорды» қазақшалаған Ж.Аймауытовтың ұлы Гогольдің шығармаларымен бірге оның актер шеберлігі мен режиссура жайындағы еңбектерімен таныстығы пьесаға жазған авторлық түсіндірмеден көрініп-ақ тұр. Ол болашақ қойылымның жекелеген

сахналарымен бірге оның пластикалық шешімінің эскизін тайға танба басқандай сызып беріп отыр. Әр көріністің сахналық бейнелеу үлгісін, міндет-мақсатын, кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын, бүгінгі тілмен айтқанда, мизансценаларына дейін анықтап берген.

Француз жазушы Фердинанд Дюшеннің «Тамилла» атты романын Ж.Аймауытов өндеп, өзгертіп, өзінше керек емес деген жерлерін қысқартып аударған. Ол роман кейіпкері Тамилланы Дәмелі деп алып, оның басылуына «өзгертіп аударған» деп ескертеді.

Ахмет Байтұрсынов поэзиясының үлкен бір арнасы – оның аудармашылық өнері. А.Байтұрсыновтың «Қырық мысал» кітабы 1922 жылы қайта басылып жарық көрді. Мұнда басылған «Нәбік атты» өлеңі «Тәржіма» деп жазылғанымен, осы күнге дейін Тәржіма деген аты болмаса, төл шығармадай оқылады. М.Ю.Лермонтовтың «Мцыри», А.С.Пушкиннің «Балықшы мен балық», И.А.Крыловтың «Есек пен үкі» тәржімадан гөрі қазақ тілінде қайта жырлаған нәзира өлеңдер секілді. Бұл да 20-жылдар поэзиясы үшін А.Байтұрсынов бастап берген жаңа бір беталыс еді.

Бұл арада А.Байтұрсынов неге И.Крылов мысалдарын аударды екен деген сұрақ туады. Ол осы «Қырық мысал» жинағына жазған «Замандастарыма» деген өлеңінде:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,
 Өзірге қолдан келген осы барым.
 Қанағат азға деген, жоққа сабыр,
 Қомсынып, қоңырайма құрбыларым.
 Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,
 Күн қайда үздік шығар топты жарып.
 Ат тұрмас аяғында желі болса,
 Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып.
 Бар болса сондай жүйрік қызар деймін,
 Естілсе құлағына дүбір барып.
 Әйтпесе арық шауып оңдыра ма,

Жүргенде камыт басып, қажып-талып, – деп халқына басқа елдердің шығармаларындағы жақсылықтарды үлгі етіп алу керектігін айтқан. Тұспалдап, меңзей, ишарат арқылы сөйлеудің қазақ мінезіне үйлесімді екенін жақсы ұққан ақын осы еңбегі арқылы қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салады.

Ақын аудармаларын талдау барысында А.Байтұрсыновтың өз мысалдарында ұлттық мақал-мәтелдерді пайдаланғаны анықталды. Мысалы, «Әлін білмеген әлек», «Халық айтса, қалып айтпайды», «Не ексең, соны орасың», «Жазмыштап озмыш болмас», «Көз кетсе көзілдірік емі», «Ұялған тек тұрмайды», «Алланың адам басы добы», «Боларсың дұшпан түгіл досқа күлкі», «Аузыңды құрғақ қасық босқа қажар», «Сыйға - сый», «Садаға бастан құлақ», «Жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса, - деген, - досқа істеңіз» және т.с.с.

Байтұрсынов аудармаларында қазақ тұрмысына жат, сай емес есімдер қазақшаланған. А.Байтұрсынов орыс халқының Полкан, Барбос атты иттерін қазақтың Мойнақ, Жолдаяқ есімдерімен ауыстырды. Ал Васька, Степан, Демьян, Трофим, Клим қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне үйлестіріліп ақын аудармаларында Құрамыс, Көпбергенбай, Қисықбастарға айналған. Сонымен қатар мысалдардағы кейіпкерлер қазақи мінезімен, қазақ салтын сақтауымен, қазақша сөз саптауымен ерекшеленеді.

Мысалдың мазмұнын Крыловтан алады да, уытты қаруды өз халқының даналығынан, ана тілінің ішкі мүмкіндігінен іздестіреді және Крыловша дәл басып табады. Түпнұсқа мазмұнынан ауытқымай, соны өз сөзімен жеткізуге тырысқан ақын орысшасындағы көркемдік бөлшектерді түсіріп алмай, соншалықты ұқыпты беруге ұмтылған.

Крылов әр нақылын қысқалап қайырса, Байтұрсынов әр хикиясын тәптіштеп, егжей-тегжейлі баяндау машығын ұсынады.

Бірсыпыра мысалдарды аударғанда жалпы мазмұнын жадына түйіп алады да, соны оқиғалы қара өлеңге айналдырып, өз сөзімен баяндап береді. Нәтижесінде шығарманың негізгі өзегі өзгермесе де, көлемі өсіңкіреп отырады.

А. Байтұрсынов аудармаларының тағы бір ерекшелігі – Крыловта ғибратты сөз, мораль алдымен берілсе, А.Байтұрсыновта өлең соңында қорытындыланады.

XX ғасыр басында ұлттық аударма саласын қалыптастыру ісіне Шәкәрім Құдайбердиев те ат салысты. Шәкәрім аудармаларының ішіндегі ең елеулісі – «Дубровский әңгімесі». Шәкәрім Пушкиннің «Дубровский» хикаясын қазақ тіліне өлеңмен аударған. Біз бұл жерде «Дубровскийді» аударма деп отырғанмен, Шәкәрімнің өзі «аудардым» немесе «тәржімаладым» деген сөздерді қолданбайды. Бұл аударманың негізгі ерекшелігі – прозаны поэзиямен аудару. Повесть аудармасына 124 жолдан тұратын өз тарапынан берілген арнаулы ақын Пушкин шығармасын дәлме-дәл аударуды мұрат тұтпағанын, өз тұсындағы оқушы, тыңдаушы қауымының қабылдау дәрежесін ескергенін айтады. Аударманың еркін түрін қолданғанын автор «Жазбаймын дәл өзінше Пушкин сөзін» деп алдын-ала айтып алады. Қазақ ұғымына лайықталғанмен, Шәкәрім аудармасы повестің композициялық желісін толық сақтаған. Пушкин прозасын аудармашы қазақтың он бір буынды қара өлеңімен аударған. Аударманы талдау барысында ақын орыс сөздерімен қатар түпнұсқада кездеспейтін сөздер мен тіркестерді қолданғаны анықталды.

Шәкәрім Пушкиннің «Дубровский» повесін поэма етіп аударды (1924 ж.). Шәкәрімнің «Дубровский әңгімесін» аударма деп емес, тақырыпты қайта жырлау деп айтуға болады. «Аударманың бұл әдіс тәсілі бойынша аудармашы өзінен бұрын жасаған ақын шығармасының сюжет, фабуласын негізге ала отырып және ол шығарманы өз заманына, өз ортасына лайықтап қайта жырлайды», - дейді ғалымдар Қ.Алпысбаев пен Г.Қазыбек /Алпысбаев Қ., Қазыбек Г. Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибиесі. Алматы, 2001. 72 б./

ТҮЙІНДЕМЕ

В статье рассматриваются суждения об искусстве перевода, высказанные А.Байтұрсыновым, Ж. Аймауытовым, Ш. Кудайбердиевым.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются суждения об искусстве перевода, высказанные А.Байтұрсыновым, Ж.Аймауытовым, Ш.Кудайбердиевым.

ҚАЗАҚ ТАҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Сарбасов Б.С. – ф.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Сарбасова И.С. – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі (ШҚО, Көкпекті ауданы, Көкжота орта мектебі)

Халқымыз жас ұрпақты оқытып – тәрбиелеу жайында небір сындарлы пікірлер айтқан. *«Баланы сүйсең, тәрбиесін сүй», «Баланы мақтау жетілдірмейді, баптау жетілдіреді»* – дейтін мақал-мәтелдер баланы құр «айналайын» дей бермей, оны адамгершілікке, имандылыққа, мәдениеттілікке баулуға ой тастайтын нақыл сөздер.

Қазақ тағылымының ұстанған негізгі бағыты – ата-бабалардың үлгі-өнегесі, ақыл-кеңесі, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздік – дербестікке ұмтылысы. Бұл – алдан күткен арманы, ойға алған негізгі мақсаты. Тәрбие – ұрпақ үшін күрес құралы.

Қыз-келіншек, әйел-ана, әже-кейуана тағылымы өшпес із қалдырды. Ол – қазақ тілінің ана тілі деп аталуы. Мұндай жағдай қазақ әйелінің өзіндік қасиетін де, басқалардан айырмашылығын да танытады. Бұл – әйел қауымына көрсетілген зор құрмет! Әйелдер тек қана ерге ие емес, жерге де, елге де ие, олардың жасаған ісі, қалдырған ізі ақсақалдық мектептен ешбір кем емес, оның әманда тазалығына, жаңарып-жаңғыруына орасан жағдай жасады. Бұл тағылымды жоққа шығаруға немесе елемеуге болмайды!

М. Әуезов «Адамдық негізі – әйел» деген тұңғыш туындысын (1917 ж.) әйел тақырбына арнапты. Ғалым: «Адам баласы – тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балаларының бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп, үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын адамшылыққа кіргізген – әйел» – депті /1/.

Ұлы ойшыл осы сөзімен әйел – қоғамның ұйытқысы екенін әйел еркіндікке жетпесе, адамшылық та күрмеулі болатынын қадап айтып, егер, қазақ, мешел болып қалмайын десең, бесігіңді түзе, әйелдің халін түзе! – деп сол тұстың да, қазіргі біздің заманымыздың да ең зәру идеясын ұсынып еді.

Қазақ елі ел болғалы, қазақ қазақ болғалы өмірбақи анасын сыйлап өткен. Ертеден келе жатан наным-сенімдердің түп тамыры да – ана. Аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп табынады қазақтар. Ұмай ана – Қамқоршы, жарылқаушы, демеуші, жанұя, отбасының пірі. Мұсылман дінінде бүкіл адамзаттың анасы деп, аналардың анасы деп Хауа ананы құрмет тұтады. Хауа ана – Адам атаның зайыбы. Мұхамед (с.ғ.с) пайғамбарымыз әйел затын аса биік бағалап: «*Әуелі анаңа, тағы да анаңа, тағы да анаңа, содан соң Отаныңа жақшылық жаса*», – деп өсиет айтып кеткен. Бүкіл түркі халықтарына ортақ «Құтты білікте» Жүсіп Баласағұн былай деп кеткен:

*Әйел алмақ болсаң егер, қарарсың,
Жіті бағып таңдаулысын аларсың.
Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы,
Пәк ұлтты болсын жанның тұнығы.
Дұрыс үйдің қызы ол, қол тимеген,
Сенен өзге еркек жүзін көрмеген.
Сені сүйіп басқа жанды білмеген,
Жаман, тексіз қылық істеп жүрмесін –*

деген екен /2/. Қазақ әйелдері ерін, күйеуін бәрінен де биік санап, сыйлап өткен. Өйткені, ол – мал табарың, ол – айбат-қорғаның, ол – төбеңдегі – шаңырақ.

Осындай тәрбие, иман-адамгершілік, иба-көрегенділік, көрік-сымбат бар ма қазір? Бар әрине. Сырты сымбаттылар көп те, ибалы-имандылар аз. Себеп? Себебі, жат тәрбие, жат әдет-ғұрып, кірме қылық қазақ қоғамын өрмекшідей торлаған. «*Қызға қырық үйден тыю*» деген сөз бүгінде өз мәнін жоғалтып бара жатқан сияқты.

Қазақ тағылымының ортасы үй іші, аулы, руы, аймағы бүкіл атырабы. Осы органың бел ортасынан табылатын аналар мен әжейлер еді. Ана-әже-кейуаналардың қимыл-ісі, әрекеттері, ой-қиялы, бар арман тілегі, мақсат-үміттері, елжіреу-еміренулері келешек ұрпақ еді, сол ұрпақ жолында өлімге де басын байлайтын еді, адам төзбес қиындықтарды басынан кешіруге де даяр еді /3/.

Есімін мәңгіге қалдырған аналар қаншама! Олар сұлулықтың символы болды, оларды ерекше қастарлеген тұспалдар мен поэтикалық портреттер қаншама! Талай-талай ерлер сүйген қызының намысы үшін құрбан болмады ма?

Қазақ та ақын қыз да, ақылгөй де, батыр қыз да көп болған ғой. Білек күшімен, шешен тілімен, ақыл парасатымен үлгі болатын батыр қыздарымызға тоқтала кеткенді жөн көрдік:

Томирис – Тұран патшасы Афрасиябтың қызы. Патшайым болып ел басқарған батыр қыз.

Зарина – Сақ патшасының қызы. Ел тағдыры үшін өз махаббатын құрбан етеді. «*Жеке басымның бақытын елімнің еркіндігіне айырбастай алмаймын. Махаббаттан да жоғары нәрсе бар, ол – менің елім*», – дейді Зарина.

Бөрте ханым – Шыңғыс ханның әйелі. Қоңырат тайпасының қызы. Жат елдікке пенде болғанмен ұрпақ тәрбиесінде өз елінің ұлттық тағылымын меңгерте білген.

Гауһар – Қабанбай батырдың жары, арғын – бәсентин Малайсары батырдың қарындасы.

Есенбике – Олжабай батырдың анасы, үйсін Қарасай батырдың қызы.

Назым – Қабанбай батырдың қызы. *Айтолқын* – Абылай ханның қызы. Бұл батыр қыздарымыз ұлттық намысты ту етіп, халық тағдыры үшін ерлермен бірге қан майданда ерлік көрсеткен батыл жандар.

Бопай – Кенесарының қарындасы, бес жүз сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ерен ерлік көрсеткен батыр қыз.

Мамыр – Байқазы арғынның қызы. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» дастанындағы өжет қыз. Өз махаббаты үшін құрбан болған батыл қыз.

Еңлік – Қарабатыр-Ықан деген кісінің қызы. Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» дастанындағы батыл қыз. Нағыз махаббаттың мәңгі символы ретінде танылған өжет қыз.

Айбике – Бұланбай батырдың жары, барлаушы сарбаздардың басшысы болған қыз. Талай шайқастарда жауынгерлердің ұлттық рухын көтеріп, ерлікке шақырған батыр қыз.

Домалақ ана (Нүрила) – Бәйдібек бидің әйелі. Нүрила барлық адамдарға өте мейірімді, ақылды, әулие әйел болған. Домалақ ананың осындай қасиеттерін бүгінгі ұрпақ бойына сіңіріп өссе, онда келешегіміздің көкжиегі одан сайын кеңі түсер еді.

Қаламтыр ана – Балуан Шолақтың анасы. Жазушы С.Мұқанов «Балуан Шолақ» романындағы аналар бейнесін қызықты етіп сомдаған. Өмірде өнегелі болған аналар бейнесі көркем өнерде жас ұрпаққа ғибрат берерліктей тәрбиелік маңызы зор.

Айша Қобыланқызы – атақты Қожаберген жыраудың жары. Халқымыздың тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» кезең боп таңбалаған зұлмат замандағы қазақтың мұңы мен зарын, арманы мен аңсарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, дәуірдің дауылпазындай дабыл қағып, ерлік пен елдікке үндеген әйгілі «Елім-айдың» әнін шығарған батыл қыз.

Халықтың басына түскен осынау қайғылы оқиға Қожаберген жырауға «Елім-ай» дастанын жаздырса, оның зарлы әуенін Айша анамыз қарт Қаратаудың қанталапай болған өңірінде тұңғыш рет әуелетті. Ел анасы, халықтың ата жұртын аңсаған мұңлы әуені Айша анамыздың аузымен айтылып, осы өңірден қазақ жерін шарлап кетті. Қазақ нәрестесін бесік жырымен тербетсе, «Елім-ай» әнімен батырлыққа, намысқойлық пен бірлікке үндеді. «Елім-ай» әні орындалғанда сай сүйегі сырқырамайтын қазақ жоқ. Соны бозторғайдай шырылдай шырқап, артта қалған келесі ұрпаққа ел ұранындай етіп қалдырған Айша анамыздың есімі тәуелсіз елімізде мәңгі ұмытылмас бейне.

Елімізге қауіп төнген кешегі екінші дүниежүзілік соғыста «ер апаларының» ерліктерін жасаған қазақтың Мәншүк пен Әлиясы шығыс халықтарының мақтаны. Ел басына қиындық түскенде батыр қыздарымыздың ерлігі ерекшелене көзге түсетінін тарих та, өмір де дәлелдеп келеді.

Алашорда үкіметінің іргетасын қалауға өзіндік үлестерін қосқан әйелдер қауымынан А. Досжанова, Н. Құлжанова, Г. Асфендиярова, М. Шәпеннова, Г. Тынышбаева, Е. Бөкейханова, М. Төгісова, Б. Байбосынова сияқты қазақтың күрескер әйелдерінің есімін үлкен құрметпен атап мақтан тұту – бүгінгі ұрпақ, әсіресе, қыз бала тәрбиесінде маңызы зор демекпіз.

Желтоқсан оқиғасының батыл қыздары Ләззат Асанова, Сәбира Мұқаметжанова сияқты ұлттық намысты берік ұстаған, ерлік пен елдікті ұран қылған ұлтжанды қыздарымыз қаншама!

Ақын-жазушылар – халық тағылымының, халық өнегесінің қайнар көзі, халық кеңесшісі, ой елегі, аспандағы қыраны, саңқылдаған сұңқарлары: Шолпан Иманбаева, Мәриям Хакімжанова, Күләш Ахметова, Марфуға Айтқожина, Фариза Оңғарсынова, Ақұштап Бақтыгереевалар сөз өнерінің зергерлері. Олар – сөз шеберлері, талант иелері, талапты, ынталы халық пікірін жөнге салып, соны заман талабына сай да, орайлы да, түсінікті болу үшін, тер төккен, ой еңбегінің тарланбоздары /4/.

Ақын-жазушыларымыз өзіндік қолтаңбасы бар, актриса-әртіс апайларымыз – туған халқымыздың көзі мен құлағы, ішкі сезімдерінің айнасы, дүниеге көзқарасы, тағылымы, әдемілігі. Олардың сөздері мен айтқандары – қазақ халқының тағылымы, намыс пен жігер – қайрат тағылымы.

Осыған орай, ұмытуға болмайтын халық ескертпесі есте жүрсе: *«Қыздарымызға нәзіктік, сұлулық, ұяңдық, ибалық, сыпайылық, әдемілік, инабаттылық, өнерлілік, іскерлік, шеберлік, пәктік, сүйіспеншілік, рухани байлық, адалдық, қайрат-жігері бәрінен де ар тазалығы – осындай қасиеттермен қыздар зор тағылым иесі!»*

М. Әуезовтің «Абай жолы» романында Зере, Ұлжан бастаған барлық келіндерін жинап: *«Байлауын байлады. Енді түге, жат жиынның алдында жас балаларыңның жақсы талабын жер қылмаңдар. Өліге жасаған қызметтеріңнен бастарын кішіреймес. Араз-құраздарыңды ұмытыңдар... Балаларым мен келіндерім, сендер төбеңмен жүріңдер. Отымен кіріп, күлімен шық қонағының... Шалдықсаң да, қабақ шытпа. Қуанып, жарқырап жүріп, күтіңдер!»* – дейді елжіреп /5/.

Бұл келтірілген деректер бүкіл қазақ әйелінің қажыр-қайратын танытады. Үлкендерді тыңдауының өзі – тағылым қазақ қыздарының жөргегінен үйренген мәдениеті. Сол мәдениеті кейіннен қайратқа айналды! Қыз бала қай халықта болмасын әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен іңкәрліктің символы. Қыз абыройы – болашақ отбасының, босағаның беріктігіне қатысты мәселе. Қазақ халқы *«Қыздың жолы жіңішке»* деп, оның абырой сақтауын қатаң қадағалап отырған /6/. Қыз баланың абыройы оның ақыл-парасатына, инабаттылығына, махаббатты жоғары бағалауына, іске бейімділігіне, өнерпаздығына, білімдарлығына байланысты.

Әр ата-ана, туған-туысқан, бауыр өз қыздарының абыройлы болуына ерекше мән беріп, қадағалайды. Қыз абыройлы болу үшін оның мінез-құлқы ибалы, инабатты болу керек. *«Қыз қылығымен жағады»* деген мақал содан қалған.

Әрбір үйдің тірегі, жүрегі бола білген әйел қоғамда да осы сипатқа ие. Қазақ Ананы – нарға балаған. Кез келген ананың мақсаты ұрпағын ұлттық рухта тәрбиелеу. Ал мемлекетті қорғайтындар – ұлтын сүйген рухты ұлдар мен қыздар. Ана осы рухты сіңірумен де қоғамда басты орын алады. Жас ұрпақтың сана-сезімін ата-ана имандылық, инабаттылық арқылы тәрбиелейді. Жаман әдеттерге тосқауыл қоятын – дін мен ана тілі. Аналар осы екі құндылықты отбасында әрқашан баласының санасына сіңіріп айтуға міндетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана. – Алматы, 2006.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995.
3. Баласағұн Ж. «Құтты білік». – Алматы, 1994.
4. Тілеужанов Т. Халық тағылымы. – Алматы, 1996.
5. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы, 1996.
6. Өмешұлы Ә. Шаңырақ шаттығы мен ләззаты. – Алматы, 1994.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақ тағылымындағы әйелдер бейнесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается образ женщины в казахском мировоззрении.

АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ӘЛЕМ

Түгелбаева А.Н – оқытушы-магистр (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқының XIX ғасырдың аяғынан күні бүгінге дейінгі тарихында ұлы ақын, ағартушы, данышпан Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының алар орны ерекше. Халқымыздың талай-талай айтулы ақындарынан Абайдың жолы-жөні бөлек, парасат-пайымы кең, өресі өте биік. Оның әрбір сөзінің кең мағынаға толы екендігі дәлелденіп болғандай. Қайсы бір өлеңін оқысаңыз да, әсем сурет, бейнелі де, кестелі мағына-көріністі көресіз. Түпсіз терең тұңғыықтан ақырын-ақырын шымырлап, келе-келе тұла бойыңды тұтас билеп кететін бір тылсым, құпия сиқыры тағы бар. “Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілерсің” деп атамыз қазақ айтқандай, бала Абайдың, жас Абайдың тәлім-тәрбие алып, үлгі-сөзін естіп өскен екі шешесі болған. Әңгіме-аңыздың көл-дариясы, аяулы әжесі – Зере де, екіншісі – өз туған анасы – Ұлжан. Әкесі Құнанбай өз заманының айтулы ел басқарған, аға сұлтаны болып, заманында азулы, каталдығы мен әділдігі қатар, оңы мен солына бірдей, Аллаһтың ақ жолымен жүруді қолдап, мешіт ашқан. Қажылыққа барып, Меккеде тәкия (қонақ үй) салдырған. Абайдың өмір сүрген заманы да оңай болмаған, ескі заманның ыдырап, жаңа уақыт, жаңа дәуірдің бірте-бірте бет бұрған кезі еді. Орыс шаруаларының жер жыртуы, жаңаша оқу, сауда-саттық, алыс-жақын шет жерлермен түрлі мақсаттағы қарым-қатынас жасау дамып келе жатқан. Жаңа сипаттағы қиын бір кез туды, адам адамды түсінуден қалып бара жатты. Ел ішінде бұзық, ұры-қары, арыз көбейді. Ұлы ақынның өзі айтқандай, ел іші “алтыбақан алауыз” болатын. Абайды он жасқа келгенде әкесі Семей қаласындағы діни оқу орындарына, алғашқыда Ғабдулжаппар молдаға берген, кейінірек Ахмет, Риза деген молдаға тапсырған. Абай медреседе үш жыл оқиды. Ұлы ақын жас кезінде болыс та болды, ел де басқарды, есейе келе өлең жазумен, ойына келгенін ақ қағазға түсірумен айналысады. Абай бізді нәзік өлеңімен де, кесек-кесек пәлсапалық ой-пікірімен де, сұлу сазды әуендерімен де бірде қанаттандырса, бірде ойландырады. Абайдың ұлылығы мен кеменгер данышпандығы да осы болса керек!

Абай жүрегін толғантқан сөз қасиеті – түптің түбінде ойшыл ақынның, жаратқан ие, дін ислам туралы толғаныстары ішкі ырғақ, оралымы қандай? Пәлсапалық исламиятты ақын қалай қабылдады? Жаратқан иені ақын танымы, ақынның ішкі әлемі құптады ма, әлде наразылық сезімін туғызды ма? Жауап іздеу арқылы біздер біраз жұмбақ, құпияның көрпесін көтереміз. Абай өз замандастарын да, кейінгі ұрпақ бізді де Аллаһ туралы жеңіл әңгімеден аулақ болуға шақырады. Абай тағылымындағы Аллаһ тағала – адами бейнеден гөрі алыста, көз жетпес көкжиекте ме, аспанда ма – беймәлім, күшпен ұшып жүретін, бәрін де көре білетін, сезе жүретін күн сәулесіндей таңғажайып құбылыс, құдіретті күш. /2, 12/ Адам бейнесінен қашықтап кеткен рухани тірек, дін исламдық ие секілді. Абай ұғымында ол ақылға сыймас шындық, сондықтан ақын Аллаһ пен Адам арасындағы жалғастырушы күш – махаббат деген.

Дененің барша қуаты,
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса тәңірі үшін. /1, 86/

Аллаһтың растығын Абай махаббат арқылы дәлелдемек болып, «махаббатсыз дүние бос» дейтіні де сондықтан. Көп оқып ғылымға үңілген Абай он сегіз мың ғаламның патшасы бір Аллаһ екеніне шек-шүбә келтірмейді, қайта жалғыз жаратушының құдіретін жырлап та, қара сөзбен толғап та айтқан:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан оның төрті
Алланы танытуға сөзі айырмас...

Махаббатпен жаратқан адамзатты
 Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті
 Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп /1, 58/

Және хақ жолы деп әділетті,— деп бар ықылас-пейілімен айтқанына қалтқысыз сенеміз. Әлем халықтарының әрқайсысы өзінше пір тұтатын төрт діни қасиетті кітаптың иелері – Мұса (Тәурат), Дәуіт (Зәбүр), Иса (Інжіл), Мұхаммед (Құран) екені – дау тудырмайтын шындық. Осы аталған төрт пайғамбар да Аллаһ жолында адал қызмет еткен абзал жандардан саналады.

Ал, соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) жолы да, мәртебесі де бөлек, ерекше тұлға екені көпке мәлім. Өз заманындағы тұлғалардың бәрін де ақтарып-төңкеріп қараған, оларды талдап, талғап оқыған Абайдың бүкіл шығармасы Аллаһты бір, пайғамбарды хақ деп тануға арналған десек, ешбір қателеспейміз. Ақын өз балаларына айтқан өсиеттерінде Аллаһтың құдіретін жан-жақты баян етеді: “Бұл қиянатшылар – жарты адам, жарты молда, жарты мұсылман. Олардың адамдығының, кәмәләт таппағы – растықтың жолы. Қиянат – хақиқат пен растықтың дұш-паны. Ғылым – Аллаһтың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адалдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат – құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды,—...”. делінсе, халқымызда Абайға дейін ғылымды жан-жақты осылай түсіндірген оның түбін-тегін, бұлақ көзін ашқан, қалай үйрену керектігін, қайтсе білімнің тұрақтайтынын орынды көрсетіп берген мұндай еңбек болған емес.

Аллаһ тағала Абайдың көкірегіне ғылым нұрын бала жасынан құйғанға ұқсайды. Оқығанын хаттап, естігенін жаттап өскен (Абай) ғұлама “Құдайсыз құрай сынбайды” деген ата-бабамыздың ұлағатты сөзін жадында мықтап ұстап өскендіктен, жаратқанға беріле сыйынып, ел-жұртына сын көзбен қарапты. Халқының жақсылығы мен осал тұсын безбендеп, артықшылығы ешқайда кетпес, жетпей жатқан жағын баса айтайын деп, ел-жұртының кемістігін жіпке тізіп, санамалап айтуындай айтқан-ақ екен. Ұрсып та айтқан, құдіретті құдайды аузына ала отырып, қорқытып та көрген, елдің бойындағы “қыңыр-қисықтық” түзелмесіне көзі жеткен соң, осы халқым оқыса, адам болып кетер, дүниенің кілті, ғылымда деп жұртын өнер мен білім алуға шақырады /3, 13/.

Абай Аллаһты тану үшін ғылым білу керек, ілімі кем құдайды танымайды, құдайын танымаған өзін де танымайды дей келіп: “Құдай тағала дүниені кәмәләтты шеберлікпен жаратқан, һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан. “Адам баласына адам баласының бәрі дос”– деп жазады ақын өзінің 34-қара сөзінде. – Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюуың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей. Ақиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, машхарда сұралуың – бәрі бірдей. Екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіпің, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Бұл дүниеге бәрің де қонақ екенсің. Сондықтан біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің малы мен бағына күндестік, қызғаныш жасап, көз аларту дұрыс еместігін айтады. Қай ақын, жазушы болмасын, ауыз әдебиетінен үйренеді, Абай да ауыз әдебиеті үлгісімен өлең жазған, солардың бірі “Патша құдай сыйындым” деген туындысында:

Патша құдай сыйындым,
 Тура баста өзіңе.
 Жау жағадан алғанда,
 Жан көрінбес көзіме.
 Кеселді түйін шешілсе,
 Керден мойын кесілсе,
 Келмей кетпес кезіне.
 О да — Құдай пендесі,
 Түспей кетер деймісің,

Тәңірдің құрған тезіне?! /1, 99/

Дүниені дүрліктірер ғажап болмысты көз алдына көлденең тартып, қалай дәлме-дәл тап басқан?! Бұдан артық есі бар адамға еске салып, ескерудің қажеті бар ма? Бұдан “Ақылың болса – өз парызыңды, өз ғибадатыңды Аллаһтың алдына тартып бұлдаушы болма!” – деген тағылым-тұжырым шығады.

Абай өзінің өлең-жырлары мен ғибратты қара сөздері арқылы жақсылық пен жамандықты құдай жаратты, ал оларды істейтін құдай емес. Ауруды жаратқан құдай, бірақ ауыртқан құдай емес, байлық пен кедейлікті жаратқан құдай, бірақ бай қылған, кедей қылған құдай емес, осыларға нанып, сенсең, ұқсаң дұрыс болар деген. Әсіресе, құдай тағала құдіретін тілге тиек етуге білімнің білімі, ақылдың ақылы ғана теңдесе алатынына іштей табиғи түйсігімен сезінген. Сезінген сайын мағыналы да, күрделі ойлардың жетегіне жүгінген. Құран сүресі – кім көрінгеннің аузына алып, былдырлатып тарқата беретін бәдіктің бытпылдығы емес, қасиеттінің – қасиеттісі, тереңнің – тереңі деп бағалайды ақын. Әр нәрсенің түп негізі, болмыстың иесі – Жаратқан ие. Ал сол істің, сол мінездің, сол тағдыр талайының, сол сергелдеңнің себепшісі жұмыр басты пенденің өзі дегенге келтіреді. Себеппен салдар тумайтыны, салдардан себептің туындайтыны өмір пәлсапасынан белгілі, оны күнделікті тұрмыс-тіршілікте өзіміз де көріп отырмыз.

Ойды ой қозғайды, сөзден пікір сабақталады. Ақын шығармалары арқылы “Жазмыштан озмыш жоқ” деген халық даналық-тұжырымын қолдай түскен ой-пікірді көреміз. Абай исламға жүрегімен ұйып, сеніп, жүгініп отырып, жыр төкті. Өз жүрегінің лүпілін шариғат, хақ жолының ғаламдық үніне қоса білуге ұмтылды. “Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз (шетсіз, шексіз деген мағынада) болады, – дейді ақын 38-қара сөзінде. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ, сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол – таза мұсылман, толық адам делінеді. Көріп отырсыз ба, жаратқан иеміздің жолы шеті мен шегі жоқ, басталуы-беймәлім, аяқталуы – тағы жұмбақ, өзгеше бір әлем. Сол ғажайып өзгеше әлемнің есігін ашып, дәм-тұзын татып, тіршілік ләззатына бату, жар сүю, бала өсіру, шабытты көңіл-күйге бөлену адамзат баласына ғана бұйырған. Сонда Абай айтқан толық адам: шексіз, шетсіз дүниенің рахымын, шүкіршілігін жүрегімен сезіне жүргенді қалайды. Ұят пен аз сөзділіктің иманның екі түрі екендігін еске салады. “Жаратқан ие – сұлу, ол сұлулықты жақсы көреді. Жаратқан ие – кешірімшіл, кешірім жасағыш адамдарды өзіне жақын тұтады. Жаратқан ие пендесінің ниетіне, іс-әрекетіне қарап іш тартады. Әрбір адамның теріс жақтарын есепке алу-ықтияттылық. Пенденің сауап таразысына салатын жақсы мінезінен артық дүние, ісі жоқ. Сауап таразысына дәулетің де, атақ, абыройың да салмақ бола алмайды. Жақсы адамдар бұл дүниеде қайырлы істерді молырақ атқара алмағанына өкінсе, ал жаман адамдар таразы алдында жаманшылығынан қайтып тәуба қылмағандығына өкінеді” – дейді данышпан ақын. Міне, Абай аңсаған толық адам қалыбы, сипаты осындай болуы керек дейміз кейінгі ұрпақтарға.

Қазақ өлгенге бата оқып, тіріге салауат сұрағанда “иманын жолдас қылсын” дейді. Үлкендер хақтан күндіз-түні иман тілейді. Абайша айтсақ: “Әрбір ақылы бар кісіге иман –парыз, иманы бар кісіге ғибадат – парыз”. Абайша иман дегеніміз – Сіздің ішкі қалыбыңыздың сыртқы көрінісі – көлеңкесі: кісіні нұрландыратын, ісін оңға бұрып, мерейін үстем ететін, шүкіршілік, тағат, сабыр, нұрлы ақыл беретін қадыр-қасиет. Иманы жоқ кісі адамшылық қалыбын жояды. Дін исламның имансыз – шайтан деген қағидасы Абай өмірі мен өлеңінің өзегі болғанына бір ғасырдан астам уақыт өтті. “Шайтан деген – өзіңнің ойың. Ой иесі “шайтан” жүрегіңе неше түрлі ой салады” – деп данышпан түп-тура, дәл ескерткен.

Абайдың ислам дінін, мәдениетін терең меңгерген жан екендігі соңында қалдырған бай мұрасы арқылы бүгінгі қазақ-мұсылман заманында, толық дәлелденіп отыр.

Өмір, дүние дегенің – ағып жатқан су екен,

Жүрген-тұрған жұмысың ойлап тұрсаң у екен, – деп, саналы пенденің басынан өтетін ғұмырына баға-байлам жасаған, данышпан ақынның асыл қасиетін байқаған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: “Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерен құбылыс саналардай ерекшелігі – отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына – тайталасты, жиренудің орнына – үйренуді, жарамсақтанудың орнына – жарастықты, мансап қуған баққұмарлықтың орнына – білім қуған бәсекені сіңіріп, ұлтымыздың рухани қайсарлығын атымен, жаңа қасиеттерімен байытқандығы. Өйткені, халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді” – десе, Президентіміздің Абайды елім деген азамат екендігін жан-жақты түсінгені деп білеміз.

Ұлы Абай бір Аллаһқа өзі сеніп қана қоймай, құдайға құлшылық етудің жолдарын да түсіндіріп, жазып кеткен. Жаратушы хақ адамзат баласын ерекше абзал етіп, басқа жанды-жансызды адамға қызмет ету үшін жаратқанын ғылыми жолмен дәлелдеп берген, шын мәнінде, Абай – хакім деуге болатын асыл да, айрықша жан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Садықова Р.А. «Абай шығармаларының тілдік сипаты». – Алматы: Қайнар, 1991. – 106 б.
2. Арымбетов Д.Н. «Абай және философия». – Алматы: Олжас, 2003. – 28 б.
3. Беймбетов М.А. «Әлемнің әдебиетіне өрнек қосқан...». «Қазақ әдебиеті», 1995.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Абайдың әдеби мұрасындағы рухани құнды дүниелер сипатталады. Абай өлеңдерінде насихатталатын ғылым мен білімнің ақиқаты, өмірлік пәлсапасы, даналығы мен өсиеті осы мақалада тереңінен қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается литературное и духовное наследие Абая.

ЕСКЕН ЕЛУБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ӘЛЕМІ

Юсуп П.Қ. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарынан бастап лирикалық өлеңдері мен балаларға арналған шығармаларымен көзге түсе бастаған Ескен Елубаев – бүгінде қазақ балалар әдебиетінің ақсақалы, қолына қалам ұстап, «балаларға базарлығым» бар дейтін жастардың ұстазы, үлгі алып, бет түзейтін тұлғасына айналған сөз шебері. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ мысал өлеңдер мен лирикалық өлеңдер жазып, балалардың ең жақын досы «Балдырған», «Қазақстан пионеріне» жиі-жиі жіберіп тұрады. Ақынның «Тастың аты тас» дейтін өлеңі 1958 жылы «Ара» журналында жарық көреді. Тырнақалды туындысының жарыққа шығып, ауыл көлемінде «ақын» атана бастаған жеткіншек «өлең ауыруына» ұшырап, бұл қасиеті оның келешек өмір жолын айқындап береді. Шығармашылығын лирик ақын ретінде бастаған Ескен Елубаев бірте-бірте тек балаларға ғана жазатын жазушыға айналады. Оның себебін ақын «Балаларға арнап біржола өлең жазып кетуіме университетті бітірген соң, «Қазақстан пионері» газетінің редакциясына қызметке орналасуым да сеп болған шығар деп ойлаймын. Балаларға өндіре жазуға қызмет істеп жүрген ортаның да ықпалы көп тиетініне көзім жетті» /1,165/-, деп түсіндіреді.

Балаларға әдебиет жасаушы ақын болсын, жазушы болсын бала күнінен табиғат ананың құшағында, ыстығына - күйіп, суығына - тоңып, қырға - өрмелеп, еңіске - құлдырап, даланы - кезіп, орманда - адасып, суына - шомылып, шалғынына - аунап,

шаңына - тұншығып, батпағын - кешіп өскені абзал. Балалар ақын - жазушыларының өмір жолына, шығармашылық лабораториясына қарап отырсаңыз, осы құбылыс әр жерде - ақ кездеседі. Толық үйлесімде дамып, өмір сүретін табиғаттай Е.Елубаевтың да балаларға арналған шығармалары жинақы, шағын әрі жұп-жұмыр боп келеді. Ақын «Өзен» деген өлеңінде:

Тау басынан,
 Құзардан,
 Тасты соғып
 Бұза алмай,
 Тау өзені
 Келеді,
 Ойнақтаған
 Бұзаудай.
 Ал еңісте ағады
 Жайбарақат жұлынбай,
 Маң-маң басқан,
 Жай басқан

Сүтті сауын сиырдай /2,335/ - деп, өмір фактілерін образға бөлеп елестетеді, табиғат суреттерін баланың күнде көріп, өзі ішінде жүрген құбылыстармен астастырып, шебер суреттейді. Бір - ақ ауыз сөзді қысқа ғана өлеңде балаға таныс, бірақ, көркемдеп, образға салып, салыстыра сипаттағанда өзгеше бір әсем әлем бейнесі көзге елестейді. Қазығынан шығып, арқаннан босаған ерке бұзаудың ойнағындай құзардан құлап аққан тентек өзеннің еңіске түскенде арыны басылып, ағысы тежеліп, өрістен қайтқан сауын сиырдың жайбарақат күйіне түсуі сияқты ауыл баласының күн құрғатпай көз алдында өтетін оқиға поэтикалық бейнелеуде ерекше сұлу образдық суретке айналған.

XX ғасырдың 60-70 жылдарында көркем әдебиетіміздің кенжелеп қалған саласы балалар әдебиетін өркендету ісі жаппай қолға алынғаны сол кезеңде өндіріп еңбек еткен ақын - жазушыларымыздың шығармаларынан анық байқалады. Коммунистік партияның кейбір идеологиялық ұстанымдарына иек артып алған солақай сыншылардың жадағай, біржақты пікірлеріне қарамастан, бала психологиясын, олардың дүниетанымын түсіне білген көптеген ақын - жазушылар қазақ балалар әдебиетінің алтын қорына енетіндей асыл мұраларын қалдырды. Жас ақын ретінде Е.Елубаев та сол уақыттарда әдебиетте белең алған схематизмге, стандарттылыққа ұрынбай, өз шығармашылығында соны өріс тауып, жаңа леп әкелді. Е.Елубаев – өз шығармаларын баланың жас ерекшелігіне қарай жазған алғашқы қаламгерлердің бірі. Бөбектер мен жеткіншектердің қабылдау ерекшеліктерін, ойлау және табиғатты тану қабілеттерін ескере отырып жазған қысқа өлеңдері мен тақпақтары, әдеби жұмбақтары мен ертегілерінің балалар сүйіп оқитын шығармаға айналуының себебі де осы. Бұл туралы белгілі әдебиет сыншысы С.Қирабаев былай дейді: «Бөбектерге арнап кітап жазу, әрине, оңай жұмыс емес. Оқушы жас болған сайын, ол оқитын кітаптың да ерекшеліктері айқындала түсуі керек... Балаларға арналған кітаптың ерекшелігі – оның мейлінше қарапайым, нақтылы, әдеби образға бөлеп жазылуымен байланысты. Бөбектердің кітабы оқушыны әрі көңілдендіретін, қуанышқа бөлейтін, жеңіл оқылатын, оның үстіне баланың санасын оятарлықтай ойға құрылуы керек» /3,387/. Ақынның «Күзде», «Шатыр», «Екі қол», «Жау, жаңбыр», «Қарап тұрсам өзім», «Қақ суы», «Қар» сияқты өлеңдері - мектеп жасындағы балалардың таным көгжиегін кеңітетін, табиғат сырларына үңіліп, өмір шындығын танытатын ұтымды шығармалар. «Шатыр» өлеңінде:

Теміржол бойы бағана,
 Сымында көктем құстары.
 Жып-жылы қазір далада,
 Дала да үйдей қыстады...

Жапырақ жайған бүр жарып,
Емендер – жасыл қол шатыр.
Көктемнің бала жаңбыры
Көшеге шықса жүгіріп.
Астына емен шатырдың,
Қаламыз біздер тығылып – деп, немесе, «Күзде» деген өлеңінде:
Қайтқан құсты көрдің бе,
Қаптай ұшқан әуелеп.
Күткен күзбен келдің бе,
Сыңсып бағың мәуелеп.
Қамба толы астыққа,
Алғыс саған, алтын күз,
Бір уыс дән шаштық та,

Қап – кап қауын алдық біз – деп, табиғаттың, қоршаған ортаның сұлулығын, әсем көріністерін бала санасына жеңіл, ойнақы тілмен суреттей отырып, еңбексүйгіштік, тапқырлық сияқты жақсы қасиеттерді де насихаттайды. Ақын өлеңдерінде шұбалаңқылық, тіл шұбарлығы, баланың қабылдауына ауыр сөздер мүлдем ұшыраспайды деуге болады. Қайта, оның өлең, ертегілерінде нақтылық, қысқалық, кез келген суреттеулерді бейнелі образға тез айналдыра қоятын шеберлік көрініп тұрады. Оның бүлдіршіндерге арналған әріп жұмбақтары - тіл ұстартуда, баланың сөздік қорын қалыптастырып, молайтуда таптырмас құрал.

Қарда бар,
Шықта жоқ.
Жарда бар,

Ықта жоқ – деп, «Р» дыбысын жұмбақтай отырып, табиғатты, өзі өмір сүріп отырған қоршаған ортаны жаңа - жаңа тани бастаған балаға «шық», «жар», «ық» сияқты сөздерді таныстырады. Мағынасын білмейтін, жаңа сөзге тап болған бала оның мәнісін міндетті түрде ересектерден сұрайтынын, кішкентай баланың «бұл немене?» психологиясын жақсы білетін ақын осындай ұтқыр да тапқыр тәсілдерге барады. Бұл күндері жетпісті алқымдап, ақсақал ақын болған Ескен Елубаевтың шығармашылық қуаты әлі де болса сарқылмаған. Соңғы жылдары оның балалар мен бөбектерге арнаған көркем дүниелері «Балдырған», «Ұлан» сияқты белгілі басылымдарда жиі – жиі жарық көріп, жас ұрпақты тәрбиелеуде зор ықпал етіп келеді. Балалар мен ересектердің сүйсіне көріп, тамашалайтын, ол сценариін жазған «Саған күшік керек пе?» толықметражды көркем фильмі де қазіргі қазақ көркем өнеріне қосылған үлкен үлес.

Жас ұрпаққа өмірі өнеге, еңбегі үлгі болған, «балалар бағының бағбаны» атанған Е.Елубаевтың шығармашылығы әлі де болса жан – жақты зерттеуді қажет ететін мол мұра.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ совет балалар жазушылары. Алматы: «Жалын», 1987
2. Күміс кебеже. Қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері. Алматы, 2003
3. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Қазығұрт», 2007
4. Білгеннің пайдасы. Алматы: «Жазушы», 2009

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада белгілі балалар ақыны Е.Елубаевтың бөбектерге арналған кейбір шығармалары талданады.

РЕЗИЮМЕ

В данной статье рассматриваются некоторые особенности произведений известного детского поэта Е. Елубаева.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**ДИАЛОГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

Байбатшаева А. – жоғары санатты мұғалім (Алматы қ-сы, №95 мектеп)

Қазақ тіл білімінде диалог туралы алғашқы пікірлер А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтардың еңбектерінде айтылғаны белгілі. Диалогтың қазақ тіл біліміндегі зерттеулеріне келетін болсақ, А.Қ.Айтбөбетованың «Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама» (2007) атты зерттеуін атауға болады. Еңбекте ауызекі сөйлеу және көркем шығарма мәтініндегі диалогтық лексикалық, синтаксистік, стилистикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалып олар қазақ және орыс тілі материалдарымен салғастырыла, пайда болу табиғатының, қызметінің негізгі көрсеткіштері бірдей екендігі айқындалған /1/. Ал Г.С. Иманғалиева «Типология диалога» (на материале казахского и русского языков) (1999) еңбегінде диалогтарды екі тілдің материалдары негізінде психолингвистикалық, этнолингвистикалық, әлеуметтік- лингвистикалық факторлар арқылы салыстыра зерттейді /2/.

Автор диалогты хабарламалық, прагматикалық, модальдік деп үш түрге бөліп қарастырып, оларды іштей әңгімелесу, хабарласу, пікіралмасу, сұхбаттасу, түсінісу, мақұлдау, талқылау, өтіну, қорытындылау т.б. түрлерге жіктейді.

Диалог феноменінің философиялық астары жанды тілді түсінуде ғана емес, алдымен өзіне және өзгеге деген қарым-қатынасын қалыптастыруда жатыр деуге болады. Демек, диалогтық тіл – репликалардан тұратын ұдайы қабылдаулар арқылы әсер ететін тілдік қызметте белсенді рөл атқаратын сөйлеудің түрі. Олай болса диалогтың өзіне тән ерекшелігі – екі немесе одан да көп тұлғалардың сөйлесудегі шұғыл сөз алмасулар болып табылады.

Диалогтық тілдің негізгі құрылымдық және мазмұндық компоненттерін құрайтын екі адамның сөйлесуін әдетте реплика дейміз. Диалогтық тілге мазмұндық (сұрақ, жауап, толықтыру, түсіндіру, пайымдау, тарату, келісу, өарсыласу), тілдік этикеттің т.б. түрлері және репликалардың құрылымды байланысына тән.

Репликаларға қатысты Д.Б.Абдыкаримованың «Типология реплик казахского и русского диалогов» (1999) және Ж.С.Қаңлыбаеваның «Коммуникативтік акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі» (2006) атты еңбектерін атауға болады /3/.

20-ғасырдың орта шетінен бастап, диалог лингвистикалық зерттеулердің ғана емес, психология, психолингвистика, мәдениеттану, прагматика, сөйлеу актілерінің теориясы, тіл мәдениеті, лингвостилистика ғылымдары да тілдік қарым – қатынасты зерттеу барысында диалогқа жүгінді. М.Хайдеггердің пікірінше «тек диалогта ғана тілдің бар болмысы толық ашылады», – дейді. Диалогты тұтастай және диалогтық тілдің бірліктері ретінде қарастырғанда да зерттеушілер алдымен оның коммуникативтік позициясынан гөрі мазмұндық, құрылымдық, грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударады.

Ал 20-ғасырдың екінші жартысынан бастап жедел дамыған лингвистикалық прагматика диалогтың коммуникативтік қырларын, коммуникативтік үдерістегі субъектілердің (адресат пен адресант) бір-біріне өзара әрекеттерін әсерін жан-жақты қарастыруға күш салады. Сондай-ақ лингвопрагматикалық зерттеулер коммуниканттар мініездірінің әрқайсысының диапазонын тілдік қатардың түрлері мен мәнерін тілдік қарым- қатынастың жанрын (к ақпараттың диалог, достық әңгіме, талас, тартыс) кеңінен қарастырады.

Орыс тіл білімінде диалогтық тілді ең алғаш психолингвистикалық және әлеуметтік лингвистикалық аспектіде қарастырған ғалым Л.П. Якубинский болды.

Л.П.Якубинский диалогтық тілдің құрылымдық жүйесін, адресат пен адресанттың жалпы ортақ апперцепциялық базасы болатын коммуникацияның вербалды құралдарының рөлін т.б. мәселелерін қарастырады. Л.П. Якубинский диалогтың түзілісін қарастыруда оның репликаларды түзудегі « толымсыздығын» және субъектілердің реплика алмасудағы өзара байланыстары мен өзара бағыныштылығын ашып көрсетеді. Диалогтың құрылымын қарастырған М.М. Бахтин «Диалогические отношения – явления гораздо более широкое, чем отношение между репликами композиционно выраженного диалога, это почти универсальное явление, пронизывающее всю человеческую речь и все отношения и проявления человеческой жизни, вообще все, что имеет смысл и значение» – деп барлық қарым-қатынас түріне диалогтылық тән екенін көрсетіп оның модучтық және диктумдық екі негізгі элементін нұсқайды. Ғалым диалогтың модустық элементі – субъектінің мазмұнға қарым-қатынасын көрсетсе диктумдық – элементі – ойдың негізгі мақсатын білдіреді дейді.

Ал Н.А. Ильина диалогтарды микродиалог (материяның негізіндегі) микродиалог (адамның әлемге жақындасуы), мегадиалог (космостық кеңістік) деп бөледі. Сондай-ақ диалогтық тілді орыс ғалымы А.К. Соловьева да ұзақ жылдар бойы зерттеп, оның мынадай мәселелерін қарастырды. Ғалым диалогтың семантикалық түрлілігін көрсетуде, белгілі бір ортақ тұжырымдарға сүйенетін лингвистикалық ерекшеліктерін айқындайтын мүмкіндігін бөліп көрсетіп диалогтың құрылымдық-семантикалық табиғатына назар аудартады. Бұл ретте диалогтың түрлерінің қысқаша және жиынтық жалпы ерекшелігін айқындау, жалпы сөйлеу ағынындағы берілген диалог түрлерінің, синтаксистік моделін құрастыру мәселелері, диалогтағы лексикалық – синтаксистік параллелизм құбылысын дамыту, репликалар түзіліміне назар аудару, сөйлеудің интеллектуалдық негізін көрсету қажет. Бұларға қоса, диалогтық тілге кешенді талдау жасау кезінде прагматикалық, лингвистикалық т.б. мәселелерді де қоса қамту керек деп есептейді.

А.К.Соловьева диалогты мынадай төрт түрге бөліп көрсетеді: диалогтық тартыс (диалог – спор), диалогтық талас (диалог – ссора), диалог арқылы түсіндіру (диалог – объяснение), қостау диалогы (диалог – унисон) – мұнда екі әңгімелесуші бір-бірінің пікірін қостап отырады. Және олардың өзіндік ерекшеліктерін талдап көрсетеді. Ғалым диалогтық тілдің мазмұнын, лексика-семантикалық құрылымының мінездемесін, жүргізілу тәсілін, аяқталуын қарастырады. Бұл ретте, автор, диалог–тартысқа экспрессивтік реңк логикалық сәтті қамтиды, репликалардың параллелизмі, қатысушы тұлғаның репликасы тартысқа қатыспауы мүмкін, бірақ шешуші сәтте қолданылады.

Түсіндіру диалогы – логикалық сәттің әлсіз берілуіндегі экспрессивті бояудың көп болуы, қайталап сұрау кезіндегі репликалардың параллелизмі, мұнда монолог болмайды, әңгімелесушінің ойын бөлмейді, диалогқа қатысушының біреуінің жеңілгендігін анық мойындаумен аяқталады. Диалог – таласта қате әлсіз логикалық сәттің берілуі, экспрессивтіліктің жоғары деңгейі қамтылады. Мұнда да монологтық репликалар болмайды, лексика-синтаксистік параллелизмдер болуы мүмкін, репликалардың жеке берілуі болмайды, диалогтың аяқталуы диалог мазмұнымен сәйкес келе бермеуі де мүмкін.

Ал, соңғы аспект қостау диалогы (унисонный) мазмұны нәтижелі аяқтала бермейді. Мұнда логикалық және экспрессивті сәттер, монологтық репликалар иррелевантты болып келетіндігін анықтайды. Монологтық тілдің ірі семантикалық-құрылымдық бірліктері күрделі синтаксистік тұтастық ретінде қабылданады. Соңғы жылдары сөйлеудің диалогтық түріне жататын диалогтық бірлік (диалогическое единство) мәселесі де біршама зерттелді.

Диалогтық бірлік логикалық бірліктердің алуан түрлерін (түсіндіру, талқыға салу, сипаттау, хабарлау) яғни диалогтың басты қызметтерін прагматикалық бағытпен тығыз байланыстырады. Бұларды кешенді қарастыру барысында диалог қызметін былай бөліп көрсетуге болады: Ақпараттық – иллюстративтік, айғақтық және сюжеттік-

психологиялық бағытты күшейту қызметі. Диалогтық бірліктің коммуникативтік нүктесін (ядро, ұяшық, минимум) айқындағанда, ондағы ортақ стимул – репликалар мен реакциялық репликалардың қолданылуын де ескеру қажет. Кейбір диалогтар өте ауқымды болуы мүмкін, бірақ оның негізін екі әңгімелесушінің репликалары ғана құрайды. Енді біз осы уақытқа дейін белгілі болған орыс ғалымдарының еңбектеріндегі диалогтың түрлерін атап көрейік:

а) Қостау диалогы – екі сөйлеуші де бір-бірінің пікірімен келісіп, бірін- бірі толықтырып отырады.

ә) Полемикалық диалог – сөйлеушінің бірі екіншісінің сөзін қақпайлап, сөзбен қақтығысып отырады.

б) Нақтылау диалогы

в) Эмоционалды қарсылық білдіру диалогы

г) Сұрақ – жауап диалогы

д) Сұраққа кері реакцияны білдіретін диалог

е) Жауапқа қарама-қарсы сұрақ бағыттау диалогы

ж) Сұраққа модальдық әсерді білдіретін диалог.

Г.Брыдина диалогтарды логикалы интеллектуалды, бұйрық талап диалогы эмоционалды диалог деп бөліп, «диалог тілдесулердің тақырыптық және құрылымдық бірігуі», әлеуметтік қарым – қатынаста диалог көп қолданылатын форма болғандықтан онда шындық болмыс көрсетіліп адам өзінің ойын сезімін де білдіреді», – деген анықтама береді.

Әрине диалог күрделі композициялық-стистикалық және мағыналық бірліктен тұрады. Одан басқа репликалардың өзара қарым-қатынастарына авторлық комментарийлер, репликаларға қатысты барлық «микроэлементтер» (стимулдық реплика, сұрақ, шешім, т.б.) кіреді.

Тілдік коммуникацияның прагматикалық табиғатын ашуда диалогтың мақсатты бағытын қарастыру қажет. Қарым-қатынастың жоғарыдағылардан басқа мынадай жалпы түрлерін атауға болады: ақпарат беруші диалог, прескриптивті диалог, ақиқатты анықтау немесе шешім қабылдау мақсатындағы ой алмасулар, екі тұлғаның арасындағы қарым – қатынасты реттеу, эмоционалды, интеллектуалды т.б. Бұлар күнделікті шынайы сөйлеу барысында көп кездесе бермейді. Олар мақсаттарына қарай тура және жанама мағыналарында қолданылып пікірлесушілердің интенциялық жағдайларын, коммуникативтік қызығушылықтарын анықтайды.

Кино мәтініндегі диалог немесе сахналық диалог кино тілін түсінудің өзегін құрайды. Атап айтқанда, қарапайым, күнделікті тұрмыстық жанды сөйлеуден бастап, эмоционалды бояуы қанық, поэтикалық тілге дейінгі ұқсастықтарын қамтиды. Жанрлық-стистикалық негізіне қарамастан барлық пьесалар (драма, комедия, трагедия, мелодрама т.б) ең алдымен өнер туындысы болып саналады, ал бұлардың бәрінде бастан-аяқ диалог өрбіп отырады. Сондықтанда бұл жерде сахналық диалогтың екі есе қызметі көрінеді. Ол сахнадағы диалог пен өмірдегі диалог. Осы ретте сахналық диалогтың өмірдегі диалогтан бірнеше айырмашылықтарын көрсетейік:

а) Сахнадағы диалог белгілі бір уақытты, кезеңді қамтуы тиіс;

ә) Ол автордың әбден пісіп-жетілген ойларын көрсетеді;

б) Сахнадағы диалог кинодағы әрекетті дамытып түрлі жолдармен ары қарай өрбитін келесі диалогтармен жалғасын тауып отыруы тиіс;

в) Сахналық диалогтың пьесаның қашан жазылғанына қарамастан, уақытпен, ырғақпен, қарқын ережелерімен санаспауына болмайды.

Осы кино мәтініндегі диалогтардың бір қатары «Қанталапай», «Жетімдер» фильмдерінде былай көрініс тапқан.

- *Аттың деймісің, қайран жазықсыз жануарым – ай!*

(Атасы мен баласының бір-бірімен тілдесуі) Қаршыға, қалайсың?

- *Жақсы.*

- *Осында оқуға тапсырдың ба?*
- *Ия.*
- *Сенде осында оқуға тапсырдың ба?*
- *Жақсы болды, бірге оқитын болдық.*
- *Ағаларыңның үйінде шығарсың?*
- *Сен ше?*
- *Мен де.*
- *Жүр, онда паркке барып отырайық.*
- *Жүр.*
- *Қала деген сұлу ғой ия, солай емес пе?*
- *Мүмкін.*
- *Сен де ағаңның үйіндесің мен де ағамның үйіндемін.*

Бұл – қостау диалогы. Бірақ екі кейіпкердің әңгімесі әрі қарай полемикаға ұласады:

- *Шыныңды айтшы, бір түрлі ыңғасыз ия?*
- *Түк те ыңғайсыздығы жоқ,*
- *Қойшы, Қаршыға, мен білемін ғой.*
- *Біз сияқты білім іздеп келген жігіттер өз беттерімен өмір сүруі керек.*
- *Мен пәтер мәселесін ойластырып қойдым, бірге тұрайық та.*
- *Сонда пәтер жалдап тұрамыз ба?*
- *Ия, бірге пәтер жалдап тұрамыз.*
- *Онда тұрған ештеңе жоқ.*
- *Кеттік.*

(Қаршыға мен Мелісбектің тілдесуі)

Диалог – таласта қате әлсіз логикалық сәттің берілуі, эксперссивтіліктің жоғары деңгейі камтылады. Мұнда да монологтық репликалар болмайды, лексика-синтаксистік параллелизмдер болуы мүмкін, репликалардың жеке берілуі болмайды, диалогтың аяқталуы диалог мазмұнымен сәйкес келе бермеуі де мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айтбенбетова А.Қ. Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама. А.,2007
- 2 Иманғалиева Г.С.Типология диалога (на материале казахского и русского языков. Алматы, 1999.с. 176.
- 3 Абдыкаримова Д.Б. Типология реплик казахского и русского диологов. А.,1999; Қаңлыбаева Ж.С. Коммуникативтік акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі. А., 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада диалогтың түрлері анықталып, күрделі композициялық және ұғымдық бірлік ретінде қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются диалог как синтез сложных композиционных и смысловых единиц. Определяется виды диалогов.

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ТЕРМИНОСИСТЕМЫ И ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА РАЗВИТИЕ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Задаева А.А. – ст. преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Лингвистическая терминология (метаязык лингвистики) формируется по мере развития науки о языке, отражая различные лингвистические направления и творчество отдельных языковедов. Лингвистическая терминология казахского литературного языка после конституционного закрепления за ним, наряду с русским языком, статуса государственного языка в Казахской республике (1923 г.) прошла сложный путь становления и развития. Она в значительной мере была определена первыми школьными и вузовскими курсами казахского литературного языка, первыми учебными программами и учебниками, первыми лингвистическими статьями на казахском языке (20-30-е годы).

Как известно, в 20-е годы в работах А. Байтурсынова (1873-1937) были заложены основы казахской лингвистической терминологии, уточнены и дополнены первые грамматики казахского языка, составленные П.М. Мелиоранским и В.В. Катаринским.

В 30-е годы казахское языкознание, испытавшее с конца XIX века значительное влияние традиционного русского языкознания, достигло значительных успехов в изучении казахского языка. Эти годы ознаменовались не только созданием первых учебников и программ по казахскому языку для средней и высшей школы, но и становлением казахского языкознания как науки. В это время публикуются специальные научные исследования казахских лингвистов С. Аманжолова (1903-1958) и Х. Жубанова (1899-1938). Так, большой вклад в дело формирования и развития казахской научной терминологии внесли такие работы Х. Жубанова, как «О специфике слов-терминов», «Принципы терминологии казахского литературного языка, принятые государственной терминологической комиссией», «О терминологии казахского языка». Труды Х.Жубанова в области казахской терминологии являются основополагающими по настоящий день, поскольку четко излагают принципы употребления терминов в казахском языке. В этих принципах предлагалось использовать исконно казахские слова в качестве терминов и отмечалось вместе с тем необходимость заимствования терминов в соответствии с их написанием в русском литературном языке. Эти принципы получили дальнейшее развитие и уточнение в трудах казахских ученых С.Б. Баишева, А.А. Абдрахманова, С.К. Кенесбаева, А.Т. Кайдарова, О. Айтбаева, Р.А. Урекеновой и других. Исследование С. Аманжолова «Краткий курс синтаксиса казахского языка в научном освещении» (Алматы, 1940) заложило основы научного синтаксиса казахского языка, явилось первым вузовским учебником по теоретическому курсу современного казахского языка.

В дальнейшем казахская лингвистическая терминология продолжает совершенствоваться в процессе вузовского преподавания казахского языка, тюркологических и общелингвистических дисциплин на казахском языке, в процессе разработки теоретических проблем языкознания. Вместе с тем в казахском языкознании все еще наблюдается «неупорядоченность терминологической системы, разнотой и пестротой в ее элементах-терминах» (Ж. Молдажаров «Истоки формирования казахской лингвистической терминологии». – Вопросы казахского языка и литературы, VIII, Алматы, 1971, с. 10).

Лингвистическая терминология казахского языка находится в процессе эволюции, видоизменяется и обогащается, поскольку расширяются сферы его функциональных возможностей. Причем новые термины создаются как путем лексического калькирования (ориентация на собственно казахскую лексику, – семантическое заимствование), так и путем лексического заимствования (ориентация на

интернациональную лексику, в основном, на греко-латинские образования в русской лингвистической терминологии). Отметим, что в собственно казахскую лексику входят также арабско-персидские элементы, полностью освоенные казахским языком.

Теория вариантов орфограмм и их опознавательных признаков разрабатывалась в специальных исследованиях, нашла отражение в действующих стабильных учебниках русского языка 1970-1990 гг. Исследование Н.Н. Алгазиной строилось на тщательном изучении характера и причин орфографических ошибок учащихся. Анализ ошибок учащихся, их доскональное изучение составили в методике орфографии заметное научное направление. Считаем, что исследователь Г.Н. Приступа /9/ составил достаточно полную типологию упражнений по орфографии для учащихся, исходя из нескольких критериев: в зависимости от характера мыслительной деятельности учащихся (упражнения аналитические, синтетические и аналитико-синтетические); в зависимости от последовательности их выполнения (пропедевтические, иллюстративные, закрепительные, повторительно-обобщающие, творческие); в зависимости от способа их выполнения (устные, письменные, смешанные), все упражнения соответствуют установкам коммуникативного изучения русской орфографии. Эффективность упражнений связывается ученым с правильным подбором дидактического материала так, чтобы были соблюдены интенсивность наличия изучаемой орфограммы, усложняющаяся степень трудности подведения слов под правило, повторяемость материала, представленность типичных и сложных случаев написания, а также смешиваемых орфограмм и др.

Роль правил заключается в обобщении однородных орфограмм и обучению данным правилам всех учащихся, поэтому ученый Д.Н. Богоявленский предлагает «схему структуры навыков основных типов орфограмм»: 1) фонетические написания (слухо-артикуляционное восприятие – зрительное представление – письменная реакция); 2) традиционные написания (слухо-артикуляционное восприятие – семантико-зрительное представление – письменная реакция); 3) семантическая орфография (морфологическая и смысловая): слухо-артикуляционное восприятие – смысловое или грамматическое значение – зрительное представление – письменная реакция. Правила с точки зрения психологии их усвоения Д.Н. Богоявленский делит на три группы: одновариантные правила; многовариантные (обычно

двухвариантные) правила; правило-рекомендация, правило-прием, в основе которых лежит «распознавание грамматической природы орфограммы и подведение ее под соответствующее правило».

Таким образом, Д.Н. Богоявленский рассматривает психологические особенности формирования навыков правописания вообще, применительно к группам написаний и правил в частности, что значительно обогащает методику изучения орфографии в целом. Современный этап развития орфографической науки, методики и психологии обучения правописанию имеет прочную базу предыдущих изысканий и новых достижений, которые актуализируют данное научное направление.

ЛИТЕРАТУРА

1. Голев Н.Д. Помехи письменной речи как проблема коммуникативной орфографии русского языка. – М., 2002.
2. Гаспаров Б. Язык. Память. Образ: Лингвистика языкового существования. – М., 1996.
3. Истрина Е.С. Методика русского языка в средней школе. – М., 1935.
4. Томсон А.И. К теории правописания и методологии преподавания его в связи с проектированным упрощением русского правописания. – Одесса, 1903
5. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. – М., 1968.
6. Иванова В.Ф. Принципы русской орфографии. – Л., 1977
7. Пешковский А.М. Избранные труды. – М., 1959.
8. Алгазина Н.Н. Трудные случаи правописания. – М., 1971.
9. Приступа Г.Н. Основы методики орфографии в средней школе. – Рязань, 1978.

РЕЗЮМЕ

В статье обобщаются основные принципы русской орфографии, основанные на коммуникативном подходе к языку.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тілдік коммуникативті көзқарасқа негізделген орыс орфографиясының негізгі принциптері жинақталған.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПЕРЕВОДЧЕСКИХ ТРАНСФОРМАЦИЙ

Киякова Г.Б. - старший преподаватель, Байсыдық И.Б.- магистр-преподаватель
(г.Алматы, КазгосженПУ)

При переводе с русского языка на английский или любой другой язык причина, побуждающая к переводческим трансформациям, чаще *всего* кроется в присутствии английскому языку видении мира и связанном с этим явлении языковой избирательности. При переводе имеет место не только контакт двух языков, но и соприкосновение двух культур. Описывая предметную ситуацию, английский язык может выбрать иную, чем в русском отправную точку в описании, использовать иной предикат или конфигурацию признаков. Для него, в частности, характерно преимущественное использование глагольных форм.

Е.В.Бреус мотивирует переводческие трансформации следующим образом: «Смысл оригинала передаётся при помощи переводческих соответствий, имеющих не только иное языковое выражение, но и отличный от оригинала набор сем, а это и порождает необходимость во всевозможных переводческих трансформациях» /1/.

Несмотря на то, что при переводе, осуществляя те или иные трансформации, переводчик не отдаёт себе отчёт в том, с какой целью он это сделал. Переводчик трансформирует текст на интуитивном уровне, каждая переводческая трансформация мотивирована, т.е. вызвана той или иной причиной.

Мотивы и причины использования переводческих трансформаций каждый лингвист видит по-своему. Г.М.Стрелковский объясняет использование переводческих преобразований следующим образом: «Переводчик воспринимает исходящую от отправителя информацию в виде конкретных произведений речи. Именно в этих речевых произведениях и реализуется коммуникативное намерение. Следовательно, переводчику необходимо так преобразовать речевое произведение одного языка в речевое произведение другого, чтобы передать коммуникативное намерение отправителя. Важным требованием является точность в переводе, которая должна определяться не точным соответствием между единицами двух языков, а функциональной тождественностью. Точным может считаться лишь такой перевод, который обеспечивает тождественность функции речевого произведения при эквивалентности смыслового оригинала и его транслята» /2; 88/. Таким образом, трансформации используются переводчиком для того, чтобы текст перевода был также функционально тождественен исходному тексту. С этой точкой зрения перекликается мнение Л.К. Латышева. Он высказывает эту мысль в более развёрнутом виде: Прежде всего, он предлагает термин *коммуникативная компетенция*. Под коммуникативной компетенцией им понимается комплекс предпосылок, без которого невозможна языковая коммуникация. Л.К.Латышев делит коммуникативную компетенцию на составляющие, каждая из которых играет свою роль в процессе восприятия и интерпретации текста. Отсутствие у получателя текста необходимой предварительной информации приводит к ситуации, когда «слова понятны», но непонятна суть сказанного. Что касается несоответствия текста привычным речевым стандартам, Л.К.Латышев считает, что оно может вызвать как положительный, так и отрицательный эффект: «Если непривычность способа выражения – результат неумения, недостаточной коммуникативной компетенции, то она становится фактором, препятствующим успешной коммуникации. Происходящая от не компетенции «необычность» речи затрудняет её восприятие, отвлекает внимание от содержания» /3; 30/. Таким образом, воздействие, оказываемое текстом на адресата, определяется соотношением свойств текста с «коммуникативной компетенцией адресата. А для того, чтобы в переводе произвести регулятивное воздействие текста, необходимо, чтобы соотношение свойств переводного текста с коммуникативной компетенцией носителя переводящего языка было бы аналогично (приблизительно равно) соотношению свойств исходного текста с коммуникативной компетенцией носителя исходного языка. Таким образом, переводной текст должен быть неравен исходному тексту в той степени, в какой коммуникативная компетенция носителей переводящего языка не равна коммуникативной компетенции носителей исходного языка. Это целенаправленно создаваемое переводчиком неравенство двух текстов компенсирует неравенство двух коммуникативных компетенций таким образом, чтобы возникало относительное равенство двух соотношений, которое и обеспечивает эквивалентность регулятивного воздействия двух текстов.

Итак, причинами переводческих трансформаций являются существенные расхождения коммуникативных компетенций носителей исходного языка и носителей переводящего и пика и необходимость «сгладить» их ради достижения равноценности регулятивного воздействия исходного и переводного текста. В целом, Л.К.Латышев называет 3 основные причины переводческих трансформаций:

1. Расхождения в системах исходного и переводящего языков, которые могут быть следующими:

- а) в одном из языков отсутствует категория, свойственная другому языку;
- б) внутри одной и той же категории членения различны;
- в) сопоставимые лингвистические категории не вполне совпадают по объему значения.

2. Расхождения норм исходного и переводящего языков. С нарушением нормы мы сталкиваемся в тех случаях, когда смысл фразы понятен, однако вызывает представление о неправильности речи (нормативных отклонениях).

3. Несовпадение узуса, действующего в среде носителей исходного и переводящего языков. (Узус – правила ситуативного использования языка. Он отражает речевые привычки и традиции данного языкового коллектива) /4; 189/.

Выделяется восемь мотивов применения трансформаций, с целью добиться более высокой степени эквивалентности:

1. Стремление избежать нарушения норм сочетаемости единиц в языке перевода, так называемых буквализмов;
2. Стремление идиоматизировать перевод, т.е. использовать выражения и конструкции, наиболее употребительные в переводящем языке;
3. Необходимость преодоления межъязыковых различий в оформлении однородных членов предложения;
4. Стремление избегать чуждых переводящему языку словообразовательных моделей;
5. Стремление избегать неестественности, не эстетичности некоторых повторов, громоздкости, неясности и нелогичности выражения;
6. Стремление к более компактному варианту перевода;
7. Стремление донести до рецептора важную фоновую информацию или снять избыточную;
8. Стремление воссоздать трудно передаваемую игру слов, образность.

Необходимо отметить, что все причины использования грамматических трансформаций сводятся к двум основным: *объективные* и *субъективные*. По объективным причинам происходят трансформации, связанные с культурными различиями носителей двух языков, с различиями грамматических структур языков, и т.п. К субъективным причинам относятся: недостаток времени в условиях устного перевода, собственный стиль переводчика, является ли переводчик носителем исходного или переводного языков.

При этом необходимо уточнить, что существует два основных вида грамматических замен: устойчивые межъязыковые соответствия, образованные с помощью грамматических трансформаций и контекстуальные, образующиеся в процессе перевода в зависимости от контекста. Все эти замены происходят по причине различий в структурах двух языков – языка оригинала и языка перевода:

1. Положение языковой единицы в системе языка (части речи);
2. Внутриязыковые факторы;
3. Грамматические категории:
 - Категория падежа
 - Категория числа
 - Категория рода
 - Категория определённости-неопределённости
 - Категория степени качества
 - Категория вида и времени
 - Категория залога
4. Различие синтаксиса в русском и английском языках.

В русском языке синтаксические и морфологические аспекты равноценны, а в английском, что характерно для аналитического языка, отношения выражаются

синтаксическими средствами, поскольку морфологическое начало играет подчинённую роль. Такой приоритет синтаксиса часто создаёт трудности для перевода, которые переводчик должен уметь преодолевать, используя в переводе грамматические трансформации.

Р.К.Миньяр-Белоручев отметил, что соответствующие семантические единицы, в разных языках могут также иметь разную значимость, т.е. занимать различное положение в системе языка. Слово может быть более употребительным в одном языке, а в другом иметь более узкое или даже терминологическое значение /5; 28/. Слова могут также иметь различное грамматическое значение. В одном языке слово может быть употреблено только как существительное, а в другом как существительное, глагол и прилагательное. Несмотря на относительную близость частей речи по составу в обоих языках, более глубокое знакомство с ними свидетельствует о значительном различии между ними. Это различие, прежде всего, заключается в расхождении в составе грамматических категорий и средств их выражения в обоих языках.

Другой немаловажной причиной грамматических трансформаций, по словам Л.А.Черняховской, является *различие синтаксиса в русском и английском языках*. Кроме того, коммуникативная нагрузка смысловых групп, оформленных разными членами предложения, подчёркивается разнообразными языковыми средствами, различными в разных языках /6; 24/. Так в английском языке подлежащее, для которого характерна начальная позиция, часто оказывается компонентом с минимальной коммуникативной нагрузкой, а к концу предложения она постепенно возрастает. Семантический словопорядок нарастания коммуникативной нагрузки, таким образом, совпадает с синтаксическим членением на грамматический субъект и предикат (субъект – тема, предикат – рема). Именно этот фактор является причиной синтаксических перестроек при переводе с русского языка на английский и наоборот. Например, русская тематическая группа, имеющая свободную синтаксическую реализацию, при переводе на английский язык оформляется как подлежащее; за счёт этого, таким образом, сохраняется начальная позиция смысловой группы. Изменением её синтаксической функции семантический словопорядок приводится в соответствие с синтаксическим /6; 25/.

Грамматические свойства языковых единиц состоят из целого ряда языковых явлений: форма слова, словосочетания, предложения, порядок элементов, грамматические значения форм, контекстуальные функции форм и значений.

Следует учитывать все факторы, которые могут влиять на применение грамматических трансформаций, а именно:

- 1) синтаксическую функцию предложения;
- 2) его лексическое наполнение;
- 3) его смысловую структуру;
- 4) контекст (окружение) предложения;
- 5) его экспрессивно-стилистическую функцию.

Логическая структура предложения может требовать от переводчика не только изменения, но и сохранения иноязычной конструкции, когда это связано с точностью передачи логического ударения.

Как сказал А.Д.Швейцер, контекстуальное окружение предложения также может требовать его грамматической трансформации в переводе. Чаще всего это наблюдается при переводе английских периодов или ряда предложений, начинающихся с одного и того же личного местоимения /7; 83/.

Несмотря на то, что устный перевод, также как и письменный не может обходиться без трансформаций, переводчику нужно быть осторожным в их применении, т.е. разумно их использовать. Излишнее количество переводческих

трансформаций ведёт к вольности перевода, результатом которой может стать неестественность, неправильность и даже непонятность речи.

ЛИТЕРАТУРА

1. Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского языка на английский. - М: УРАО, 2000. - 207с.
2. Стрелковский Г. М. Теория и практика военного перевода. - М.: Воениздат, 1979,- 288 с.
3. Латышев Л. К. Курс перевода. Эквивалентность перевода и способы её достижения. - М: Межд. отн., 1981, - 198 с.
4. Латышев Л.К. Межъязыковые трансформации как средство достижения переводческой эквивалентности. //Семантико-синтаксические проблемы теории языка и перевода. - М., 1986. - 107 с.
5. Миньяр-Белоручев Р.К. Общая теория перевода и устный перевод. - М: Воениздат, 1980. - 237 с.
6. Черняховская Л. А. Перевод и смысловая структура. - М.: международные отношения, 1976, - 298 с.
7. Швейцер А.Д. Теория перевода. Статус, проблемы, аспекты - М.: наука, 1988. - 364 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада аударма бірліктерінің қолдану ерекшеліктері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье говорится об особенностях использования переводческих трансформаций при переводе с русского на английский язык.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ҮНДЕСІМ ТҮРЛЕНІМІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қайдарова Г.Қ. - ф,ғ,к-доцент (Алматы қаласы, ҚазмемқызПУ)

Н.И. Ильминский «үндесім (үндестік) заңы» деген атпен оған арнайы тоқталған және үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде атайды: «Закон созвучия по которому и известном слове, сколько бы оно длинно ни были, все гласные и согласные должны быть либо толстые, либо тонкие, - закон общий всем языкам тюркского семейства, существует и в киргизском наречий» [1, 14]. Бұл жерде сингармонизмнің түркі тілдерін топтаудың белгісі ретінде қабылданғанын көреміз. Үндесім құбылысын тілдік белгі ретінде алған ғалым қазақ тілін осы белгісіне сүйеніп түркі тілдерінің қатарына жатқызып отыр.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтай келіп, дауыстыларды екі топқа жұптап берген, өйткені олардың айтылымы жоғарыда көрсетілген үндесім заңына сәйкес екіге жіктелетінін көрсетуге тырысқан: «Гласные – а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү. Согласные - п, б, м, у[w], т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, й, қ, ғ, к, г, ң. Гласные расположены нами по-парно. Первую в каждой паре назовем толстою, вторую (и ә) тонкою. Толстые, в отношении степени толстоты, сходны с русскими, тонкие же все равномерно чужды остроты русских гласных, напр. те киргизское - русскому тэ» [1, 6]. Автор қолданған «жуан жіңішке» атауларының да сол кезде қалыптаса бастағанын көреміз. Ең бастысы орыс тілінің ықпалымен «твердый/мягкий» атауларының тікелей аудармасын іздемей, «толысть/тонкий» атауларын алғанын байқаймыз. Бұл атаулар қазақ тілінде орнығып, тұрақты және үйреншікті зерттеу құралына айналып отыр.

Ғалым еңбегінің аса бір құнды тұсы деп оның дауыссыздарға қатысты айтқан пікірін алуға болады. Н.И.Ильминский қазақ тілінде дауыссыздардың да жуан-жіңішке болып айтылатынын

аңғарған: «Подобно гласным согласные бывают толстые и тонкие. Гортанные различаются в этом отношении так резко, что нельзя было бы не дать им особого начертания; прочие же согласные все и каждая могут быть толстою и тонкою смотря по гласной, напр. ат, ет. И так как это определяется системою звуков (ерекшелеген – біз), то мы и не отличили этой двоякости согласных никаким значком» [1, 8]. Бұл жерде ғалым пікірінің екі жағын атауға болады. Бірінші, дауыссыздардың жуан/жіңішкелігін дауысты дыбыстарға таңып отыр. Өйткені ол кезде сингармонизм құбылысын «гармония гласных» деп ұғынған. Сондықтан дауыстылардың ықпалын зерттеушілер басым деп бағалаған. Екіншіден, дауыссыздардың жуан/жіңішке белгісін тілдің ішкі жүйесінен тауып отыр. Бұл сол кездегі фонетикалық теория деңгейі үшін өте жоғары нәтиже деп қарау керек. Шындығында да, қазіргі зерттеулердің нәтижесіне сүйенетін болсақ, онда дауыссыздардың жуан/жіңішкелік белгілері қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін көрсететін бірліктер болып табылады.

Белгілі ғалым В.В.Радлов өзінің неміс тілінде жарық көрген атақты еңбегінде сингармонизмнің фонетикалық сипатын «произносятся при одинаковом положении губ и языка» [2, 2] деп берген болса, оның тілдегі қызметін «...причина возникновения гармонии гласных лежит в морфологии и теснейшим образом связана с внутренней формой урало-алтайских языков» [3, 50-51] деп түсіндіреді. Ғалымның фонетикалық қорытындысы түркі тілдеріндегі сөз тіл мен еріннің тұрақты бір қалпымен айтылады дегенді көрсетсе, ал сингармонизмді морфологиямен байланыстыруын оның құрылымдық қызмет атқаратынын көрсеткені деп түсінеміз.

Ал В.В.Радлов қалдырған оның негізгі мұрасына келетін болсақ, ол туралы оның атақты «Опыты...» сөздігін қайта бастырып шығарушылар былай деп бағалаған еді: «Опыт словаря тюркских наречий» - итог полувековой работы выдающегося ученого, основателя отечественной школы тюркологии академика Василия Васильевича Радлова (1837-1918) – пользуется всеобщим признанием как единственное в своем роде богатейшее собрание лексики и фразеологии многочисленных живых и древних тюркских языков... материал по многим тюркским языкам и диалектам подчас можно найти только в этом словаре» [от издательства] [3]. Сол ғасырдағы үндесім құбылысынан жан-жақты мәлімет беретін мол мысалды осы сөздіктен таптық. Жоғарыда айтылғандай, сингармонизмнің бұзылмаған үлгісін сол күйінде қағазға түсірген зерттеушілердің ең беделдісі В.В.Радлов болғанын көреміз. Сондықтан да ғалым мұрасын өзіміздің зерттеу нысанымыз ретінде молынан пайдаланғанымызды айта кетуіміз керек. Оның атақты «Сөздігінен» қазақ тіліне қатысты аса бай материал табылып отыр. Ол табылған материалдың құндылығы сол кездегі қазақ сөзінің айтылым үлгісі таза ауызекі сөйлеу тілінен алынғандығында деп есептейміз.

Академик В.В.Радловтың теориялық тұжырымдарын проф. К.Ш.Хұсайыновтың еңбегіне [4] сүйеніп талдадық, өйткені В.В.Радлов еңбегінің түпнұсқасын қолға түсіру аса қиын екені зерттеушілерге мәлім. Проф.К.Хұсайынов өзінің алдына қойған мақсаты туралы былай дейді: «Цель данной работы - рассмотреть теоретические положения В.В.Радлова, которые имеют непосредственное отношение к истории изучения казахского языка, а также для выявления особенностей развития казахской лексики в советскую эпоху, сопоставить лексические материалы по казахскому языку, собранные В.В.Радловым в начале второй половины прошлого столетия, с фактами современного казахского языка» [4,4]. Біз үшін, бір жағынан, В.В.Радлов еңбегіндегі лексикалық материалдың айтылым үлгісінің маңызы зор болса, екінші жағынан түркі тілдерінің дыбыс құрамын талдаған зерттеу нәтижелері маңызды болып табылады. Ендеше ғалым еңбегінің лексикалық және теориялық талдауларының нәтижелеріне бірдей назар аударуға тырыстық.

В.В.Радлов түркі тілдеріндегі сингармонизмнің артикуляциясын талдай келіп, оның негізгі артикуляциялық көрінісі ретінде өзіндік белгілерді ұсынады, олар: ауыз қуысының толық қалпы, яғни еріннен көмейге дейін; ауыз қуысының ықшамдалған

қалпы, яғни тістен көмейге дейін; ауыз қуысының жартылай қалпы, яғни еріннен тіл алдына дейін; ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни тістен тілдің алдына дейін. Ол туралы «В.В.Радлов, разделяя классическую для тюркских языков восьмерку гласных на две группы – лабиализованные и нелабиализованные, последние, на наш взгляд, вполне обоснованно назвал зубными гласными, так как по его описаниям при воспроизведении нелабиальных гласных именно зубы выступают в качестве передней границы рто-глоточного резонатора» [4, 73] деп жазады проф. К.Хұсайынов.

Жалпы түркологияда әбден қалыптасып қалған теория бойынша сингармонизмді «гармония гласных» деп қарастыру осы еңбекте де толық орын алған. Мысалы, монография авторлары «Сингармонизм – организующее средство тюркского слова, средство его цельнооформленности, установления границы слова в тюркском речевом потоке. Определяющим элементом в сингармоническом комплексе является гармония гласных, ибо слово состоит из слогов, а основную слогаобразовательную функцию несут гласные, которые в сочетании с согласными образуют различные типы слогов в тюркских языках» деп жазады.

Проф. М.Жүсіпұлы «Тілдің дыбыс қорын сингармонизм фонологиясының бағытында зерттеу үшін, біріншіден, ізденушінің алдында тұрған мәселелерге функционалдық (динамикалық) көзқарасты қалыптастыру керек; екіншіден, қазақша сөйлеу процесінде дыбысталу дағдысының және қазақ артикуляциялық базасының (дыбыстау мүшелерінің) сингармонизм заңына нық бейімделгенін анықтау керек еді. Ал, бұлардың ұйтқысы – сингармонизм заңы екендігі, сондықтан ол сингармониялық және бейсингармониялық (акцентті-фонемалық) дыбыстау дағдылары мен артикуляциялық базаларды салыстырып зерттегенде айқын байқалады» [5,7] деп, болашақ зерттеушілердің алдына күрделі мәселе қояды. Егер сингармонизм мәселесін толық шешу керек болса, онда оны жеке бөліп қарамай, басқа тілдердегі өзі тектес тілдік бірліктермен жарыстыра қарастыру керек екенін ұсынады. Сонымен қатар сингармонизмді оның тілдік қызметі тұрғысынан байыптағанда ғана оның табиғатын дұрыс түсінетін боламыз. Басқаша айтқанда «Сингармонизм – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің просодиялық таңбасы, сөз құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) қамтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тура қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру. Сөз, сөздің құрамындағы буындардың барлығы бір сингармониялық тембрмен сипатталады» . Сөйтіп сингармонизм қазақ тіліндегі күрделі құбылыс ретінде сөздің просодикалық белгісі екен, ол сөздің құрамындағы дыбыстардың бәрін қамтиды, соның нәтижесінде дыбыстардың басы бірігіп, бүтін бір сөзге айналады. Ендеше қазақ сөзі тек сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады, сингармонизм арқылы ғана дұрыс танылады.

Кез-келген тілдің фонема құрамы тұрақты болғанымен, олардың тілдегі көрінісі «шексіз» болады. Фонема көрінісінің шексіз болуына әртүрлі фонетикалық жағдаяттар себеп болады. Қазақ тілі дыбыстарының сөйлеу үстіндегі түрленімінің құрамы да осындай фонетикалық жағдаяттарға байланысты. Егер фонетикалық жағдаят белгілі болса, онда сол фонетикалық жағдаяттан туындайтын дыбыс түрленімінің мән-мағанасын ашып, оны сипаттап беруге болады. Ол үшін фонетикалық жағдаяттан туындайтын ұғымды анықтап алу керек, сонан соң сол ұғымға лайық атау табу керек. Сөйтіп барып қазақ тілі дыбыстарының түрленім үлгілерінің құрамын табамыз, әрі қарай олардың фонетикалық (артикуляциялық-жасалым, акустикалық-айтылым, перцепциялық-естілім) сипаттамасының негізінде жүйесін анықтаймыз. Басқаша айтқанда, қазақ тіліндегі дыбыс түрленім үлгілерінің басын біріктіріп тұрған заңдылықты ашамыз.

Қазақ тіліндегі дыбыс түрленім үлгілерінің әрқайсысының өзіне тән ұғымдары мен атаулары болады. Қазіргі фонетикалық зерттеулердің басты мақсаты - әр түрленімге тән ұғым-атаулардың шегарасын ажыратып, жіктеп беру. Кез-келген дыбыс түрленімі оның жасалымы, айтылымы, естілімін түгел немесе ішінара қамтып кетуі мүмкін, сол өзгерістердің ішінде бір белгісі басым көрінетін болады. Түрленім үлгісінің басты белгісі ретінде сол басым түрленім белгісін аламыз.

Қазақ тіліндегі дыбыс түрленімінің басты-басты үлгілерін сараптап көрейік.

Бірінші, қазақ тілінің іргелі заңдылықтарының бірі - үндесім құбылысы (үндестік немесе сингармонизм заңы). Буын немесе сөз құрамындағы кез-келген дыбыс үндестік заңына лайық түрленіп отырады. «Тіл-тілде сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстарды ұйыстырып, бас-аяғы бүтін бір сөз етіп тұратын лингвистикалық құбылыс болады... Қазақ тіліне тән мұндай құбылыс - үндесім (сингармонизм) құбылысы немесе үндесім заңы (сингармонизм заңы)» деп аталады, басқаша айтқанда буын не сөз құрамындағы дыбыстардың (дауыстылардың да, дауыссыздардың да) бір әуезбен айтылуын үндесім құбылысы дейміз. Егер: дыбыс жуан әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та жуан әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін жуан әуезді түрленім дейміз; дыбыс жіңішке әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та жіңішке әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін жіңішке әуезді түрленім дейміз; дыбыс ерін әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та ерін әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін ерін әуезді түрленім дейміз; дыбыс езу әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та езу әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін езу әуезді түрленім дейміз.

Олай болса, дыбыс үндесім әуезіне байланысты түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін жинақтай келіп үндесім түрленім дейміз. Үндесім түрленім тек буын деңгейінде көрінеді.

Екінші, бір буынның құрамындағы дыбыс өзімен көрші екінші буынның құрамындағы дыбыстың әсерінен түрленуі мүмкін. Көрші буындағы дыбыстың көрші буындағы дыбысқа әсері жасалу орнына, жасалу тәсіліне және дауыс қатысына тікелей байланысты болады. Көрші дыбыстар ілгерінді/кейінді бір-біріне әсер ете береді. Егер: көрші дыбыстың жасалу орны еріндік болса, онда көрші дыбыс өзінің жасалу орнын жоғалтып, жасалу орнына қарай еріндік болып айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін орын түрленім дейміз, өйткені дыбыстың тек жасалу орны ғана түрленеді; көрші дыбыстың жасалу тәсілі жуысыңқы болса, онда көрші дыбыс та жуысыңқы болып айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін тәсіл түрленім дейміз, өйткені дыбыстың тек жасалу тәсілі ғана түрленеді; көрші дыбыс дауыс қатысына қарай ұяң болса, онда көрші дыбыс та ұяң болып айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін дауыс түрленім дейміз, өйткені дыбыстың тек дауыс қатысы ғана түрленеді.

Олай болса, дыбыс артикуляциялық белгісіне байланысты түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін үйлесім түрленім дейміз. Үйлесім түрленім морфемалар жігінде ғана кездеседі.

Үшінші, дыбыс өзімен іргелес дыбыстың әсерінен түрленуі мүмкін. Іргелес дыбыстың іргелес дыбысқа әсері тілдің тік қалпына, көлденең қалпына және ерін қатысына байланысты болады. Іргелес түрленім тек дауыссыз бен дауыстының тіркесінде кездеседі және іргелес дыбыстардың дауысты сыңары басым болады. Іргелес түрленімге тілдің тік және көлденең қалпы мен ерін қалпы бір мезгілде қатысады. Түрленім осы үш белгінің араласуынан құралады.

Олай болса, іргелес түрленімге үстеме артикуляциялық белгілер қатысады. Дыбыстың бұл түрленімін іргелес түрленім дейміз. Іргелес түрленім буынның дауыссыздан басталған бас шенінде немесе дауыссызға аяқталған аяқ шенінде кездеседі.

Төртінші, дыбыс өзінің сөздегі орнына қарай түрленуі мүмкін. Дыбыстың сөздегі орны оның айтылымына тікелей әсер етеді. Дыбыстың артикуляциялық белгілері түгел (жасалу орны, жасалу тәсілі, дауыс қатысы, қарқыны, созылықлығы т.б.) қатысуы

немесе ішінара қатысуы мүмкін. Сондықтан дыбыс сөздің қай шенінде тұр, соған байланысты оның айтылымы құбылып отырады. Егер: сөздің басында тұрса, онда жартылай созылық және босаң айтылуы мүмкін; сөздің ортасында тұрса, онда қысқа және бос айтылуы мүмкін; сөздің соңында тұрса, онда созылық және нық айтылуы мүмкін. Олай болса, дыбыс айтуға кететін уақыты мен айтылым күшіне байланысты түрленді екен.

Олай болса, дыбыстың барлық белгілері маңызды. Дыбыстың бұл түрленімін шеп түрленім дейміз. Шеп түрленім сөз деңгейінде көрінеді.

Бесінші, дыбыс екі сөздің шегарасында тұруына байланысты түрленуі мүмкін. Сөз тіркесінің құрамындағы оның сыңарларының өзара фонетикалық байланысы дыбыстың жасалымына әсер етеді. Дыбыстың бұл түрленіміне де артикуляциялық белгілердің бәрі бірдей немесе ішінара қатысуы мүмкін. Егер: сөз тіркесінің сыңарлары өзара тығыз байланыста (тұрақты тіркес) болса, онда дыбыс түрленімі көрнекі және тұрақты болады. Дыбыс түрленімі көрнекі (айқын) және тұрақты болатындықтан, дыбыстың бұл түрленімін көрнекі түрленім дейміз; сөз тіркесінің сыңарлары өзара босаң байланысты (еркін тіркес) болса, онда дыбыс түрленімі көмескі және тұрақсыз болады. Дыбыстың түрленімі көмескі және тұрақсыз болатындықтан, дыбыстың бұл түрленімін көмескі түрленім дейміз; сөз тіркесінің сыңарлары өзара бос байланысты болса (көрші тіркес), онда дыбыс түрленбей, өз жасалымын сақтап қалады. Дыбыс түрленбей, өз айтылым үлгісін сақтап қалатын болғандықтан, дыбыстың бұл түрленімін бейтүрленім дейміз.

Олай болса, дыбыс өзінің айтылым айқындығына қарай түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін тіркес түрленім дейміз. Тіркес түрленім сөзаралық деңгейде көрінеді.

Алтыншы, дыбыс сөздің айтылым әуеніне байланысты түрленуі мүмкін. Дыбыс өзі құрамында тұрған сөздің қандай сөйлемнің құрамында тұруына байланысты түрленеді. Әдетте сөйлем мағыналық қызметіне қарай белгілі бір әуенмен айтылады, ендеше оның құрамындағы сөздер сол мағыналық әуенмен айтылады, сөз құрамындағы дыбыс та сол мағыналық әуенмен айтылады. Егер: сөйлем хабарлы әуенмен айтылса, оның құрамындағы сөз де хабарлы әуенмен айтылады, сөздің құрамындағы дыбыс хабарлы әуен ықпалымен түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін хабарлы түрленім дейміз. Өйткені түрленім дыбыстың бірқалыпты айтылуына тікелей байланысты; сөйлем сұраулы әуенмен айтылса, оның құрамындағы сөз де сұраулы әуенмен айтылады, сөздің құрамындағы дыбыс та үдемелі әуен ықпалымен түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін сұраулы түрленім дейміз. Өйткені түрленім дыбыстың айтылу әуеніне тікелей байланысты; сөйлем бұйрық (лепті) әуенмен айтылса, оның құрамындағы сөз де бұйрық (лепті) әуенмен айтылады, сөздің құрамындағы дыбыс та бұйрық (лепті) әуен ықпалымен түрленеді. Дыбыстың бұл түрленімін бұйрықты түрленім дейміз. Өйткені түрленім дыбыстың айтылу қарқынына тікелей байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1860. -
2. Радлов В.В. Фонетика северных тюркских языков. - Лейпциг, 1882 (неміс тілінде).
3. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. В 4-х томах (8-и книгах). Санкт-Петербург, 1888-1911.
4. Хусаинов К.Ш. В.В. Радлов и казахский язык. - Алма-Ата: Наука, 1981.
5. Джусупов М. Фонемография А. Байтурсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: ФАН, 1995.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақ тілі дыбыстарының үндестік заңын зерттелуі туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются исследования закона сингармонизма звуков казахского языка

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӨЛІ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН БІРЕР СӨЗ

Мамиева А.Н. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ф.Ф.Фортунатовтың теориясы бойынша сөздің морфологиялық құрамын (сол сөздің құрамына кіретін жеке элементтерді) жіктеп, ыдыратып, бөлшектеп және сұрыптап талдағанда, негізгі морфема (түпкі түбір немесе этимологиялық түбір не негіз) және қосымша қызмет атқаратын көмекші морфема жеке-жеке өзара бөлініп шығады. Соңғы, яғни көмекші морфема әр тілде әр қалай аталады: *постфикс*, *суффикс*, *интерфикс*, *трансфикс*, *аффикс*, т.б.. Қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген қосымшаларды (көмекші морфемаларды) жалпы тіл білімінде айтылып жүрген терминдердің ішінде «аффикстер» деп атауға тура келеді. Түркі тілдерінде аффикстер өзі жалғанып тұрған түбірдің тұлғалық көрсеткіші есебінде сол түбірдің (сөздің) материалдық табиғи болмысынан (кескін-кейпінен, морфемдік құрамынан) ажырап, өзіндік ерекше бір сипат алады. Аффикс («жалғанған», «қосылған» деген мағына беріп) – өзі қосылған сөздің тұлғасын (түрін), осыған орай оның мәні мен мағынасын, қызметі (функциясы) мен қолданылу ерекшелігін (аясын, өрісін, басқа сөздермен тіркесу қабілетін, сөйлем ішіндегі орнын, т.б. мүмкіндіктерін де) өзгертетін грамматикалық тұлға (формант). Аффикстер бірде префикс (түбір сөздің басында тұрса), кейде индекс (түбір сөздің ортасында келсе), енді бірде суффис (көбінесе, түбір сөзден кейін жалғанса) болып өзара үш түрге бөлінеді. Бұлар әрқайсысы қолданылу орнына не ерекшеліктеріне қарай жеке-жеке бірнеше түрлерге (топтарға) жіктеледі. Қазақ тіліндегі (жалпы түркі тілдері не агглютинативтік-жалғамалы тілдердегі) аффикстер түбір сөзден кейін жалғанады да, олар о бастан біртұтас түбір сөздің не алдынан, не ортасынан орын алмайды, сөздің тек соңында тұрады. Біздің тілімізде түбір тұлға бір бөлек те, аффикс оның өзіндік тағы бір тұлғалық көрсеткіші ретінде екінші бөлек болып, олар өзара жіктеліп келеді, аффикс өз алдына жеке түрде сараланып шығады. Қазақ тіліндегі «қосымша» деген сөз осы «аффикс» деген терминнің баламасы (эквиваленті) бола алады /1, 24/.

Қосымша морфема (тұлға-форма) – сөз құрамындағы элементтердің ең бір кішкентай, ұсақ түрі, одан әрі жеке бөлшектерге бөлінбейтін, бірақ белгілі бір мағынаны білдіретін фонеморфемалық форма. Морфемикада осындай формалардың әр алуан түрлерін «морфтар» деп атайды. Олар морфемалардың мәтіндегі (сөз құрамындағы) нақтылы көрінісі болып есептеледі.

Қосымша морфтар (аффикстер) түбір сөздермен тікелей байланысты болады да, сол түбір сөздерге тәуелді қосымша элемент ретінде қолданылады, бірақ олар өзі жалғанып тұрған түбір сөздермен қатар корреляциялық (тепе-теңдік, ұқсастық) қатынасқа түсе алмайды да, жек-дара тұрғанда жұмсалмайды, өйткені олар ешқандай лексикалық (семалық) мағына бере алмайды, грамматикалық байланыс жасауға ғана қатыса алады. Осыдан барып олар түбір сөздерге жалғанбай тұрып, тілдің белгілі бір элементі ретінде ешқандай қызмет атқара алмайды. Қосымшалар сияқты жұмсалып, дәл солардай көмекші қызмет атқаратын түбір сөздермен байланысты көмекші сөздер мен шылау сөздер түбір лексемалармен бірге қатар қолданылып, сөйлем құрамында грамматикалық қатынасқа түсе алады, бірақ олардың бәрі де (әрқайсысы бір-бір единица болғанымен) сөзжасам саласында «жартылай аффикстер» деп аталады да (өйткені олар түбір сөздермен бір шама салыстырмалы түрде ғана относителді түрде байланыста болады), грамматикалық қатынасқа түсетін тиісті корреляттармен өзара байланыса отырып, қатар қолданылады. Дәл осы көрсетілген қосымша морфемалар мен көмекші сөздердің арасында болатын функциональді ерекшеліктері есте ұстағанымыз жөн. Қазақ тіліндегі өлі жұрнақтардың қалыптасу тарихына байланысты бұл айтылып отырған айырмашылық белгінің өзінше мәні бар.

Атқаратын қызметі (функциональдық) жағынан топтап (жіктеп немесе классификациялап) қарағанда қосымшалар осы уақытқа дейін «жалғау» және «жұрнақ» болып, екі топқа бөлініп қаралатын еді. Бұлардың екеуі де грамматикалық (категориялық) мағынаны білдіретін болғандықтан, «форма тудырушы қосымша (жұрнақ, жалғау)» болып аталады. Грамматикалық формаларға, С.Исаевтың айтуы бойынша жалғаулар (көптік, тәуелдік, септік, жіктік) және форма тудыратын жұрнақтар (сын есімнің шырай тудыратын тұлғалары, етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік, тұйық етістік, рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары) жатады /2, 28/. Әрине, грамматикалық мағынаны білдірудің қазақ тілінде бірнеше тәсілдері бар: семантикалық, синтетикалық, аналитикалық, негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесуі, сөздердің қосарлануы, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі /2, 22-26/.

А. Ысқақовтың ойы бойынша, «синтетикалық тәсіл арқылы туатын сөз формаларын категориялық маңыздары мен қызметтеріне қарай сөз жалғастыратын (сөз жалғастырғыш) формалар, сөз түрлендіретін (сөз түрлендіргіш я форма тудырғыш) формалар және сөз тудыратын (сөз тудырғыш) формалар деп үш салаға бөлген дұрыс» /3, 83-84/. С. Исаев сөз формаларының қазақ тілінде екі-ақ түрі бар деп қарайды: 1) сөзге форма тудыратын қосымшалар жалғану арқылы жасалатын синтетикалық формалар немесе синтетикалық формалары; 2) негізгі сөзге көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалатын аналитикалық формалар немесе сөздің аналитикалық формалары /2, 42/. Бұл жерде автор «қосымшалар» деп жалғаулар мен жұрнақтар тобын айтып отыр. Байқап қарасақ, сөз жалғастыратын формалар да сөз тудыратын формалар сияқты сөзді түрлендіріп, өз алдына форма тудыра алады, сондықтан бұл екі топтағы қосымшаларды біріктіріп, бір топ етіп, қосымшалардың аясында да қарастыруға болатын сияқты, өйткені осы екі топқа жататын қосымшалардың барлығы да сөз тұлғасын өзгертіп өзінше бір басқа форма жасай алады да, сөз бен сөзді өзара жалғастырып тұрады, сол үшін жұмсалады, яғни олардың «сөздің синтетикалық формалары» болып аталуы орынды да.

Жалғаулар белгілі бір грамматикалық мағыналар беру үшін жалғанады да, грамматикалық формалар ретінде сөз топтарының әр алуан аясында тұрақты болып қалыптасып кеткен парадигма бойынша түрленіп келіп отырады, ал жұрнақтар өз алдына ерекше бір лексика-семантикалық топ құрап, жаңа мағыналы жаңа сөз тудыру үшін жұмсалады. Олар сөзжасам мәселесінің басты көрсеткіші болып табылады, бірақ бұлар да грамматикалық категориялардың ауқымынан шығып, алшақтап кете алмайды. Жұрнақтар түбір сөздерге жалғанғанда туынды сөздердің мағыналары түбір сөздердің мағыналары мен оларға жалғанып тұрған жұрнақтардың мағыналарымен сабақтасып, осы екеуінің (түбір мен жұрнақтың) бірігіп барып, қосымша келіп беретін мағынасы ретінде қалыптасады да, жаңадан бір мағына беретін лексема есебінде жаңа бір сөз табына ауысып отырады. Бұл жерде жұрнақ транспозициялық қызмет атқарады: *қой (мал), қойшы (адам)*. Ондай түбір кейде өзінің негізгі мағынасы мен жұрнақ жалғану арқылы туындайтын жаңа мағынасын қатар ұстап, бастапқы мағынасымен өзара бірдей немесе соған ұқсас мағына беретін болады да ауддитивтік (суммативтік) қызмет атқарады: *бас (дене мүшесі), бастық (әкім), басқарма (басқарушы кісі), басшы (жетекші кісі), басқару (басқарушы кісі)*, т.т. Бұл айтылып отырған қосымшалардың екі түрі де (жалғау, жұрнақ) спонтандық әдіспен жасалады.

Қосымшалар, оның ішінде жұрнақтар да, әдетте жеке тұрып қолданылмайтын болғандықтан, «көмекші сөздердің» қатарына жатады да, «үнемі жәрдемші сөздердің есебінде» жұмсалады /3, 381/. Осыған орай көмекші сөздер өзара «көмекші есімдер», «көмекші етістіктер» және «шылау сөздер» болып үш топқа бөлінеді. Олардың бәрі о баста «атаушы сөздерден, демек, әуелдегі дербес мағыналы есімдерден, етістік формаларынан шыққан» /3, 380/. Қазіргі қазақ тілі білімінде қосымшалар осы көмекші сөздердің қатарынан бөлініп, жеке бір топ болып есептеледі де, өз алдына бөлек

қаралады. Оның басты себебі – қосымшалардың жеке сөз тұлғасы сияқты кескін-кейпі, олар тек грамматикалық (тұлғалық) қана мағына бере алады.

Қосымшалар түбір сөздермен не міндетті түрде тығыз байланысты, не осал (относительді, аса міндетті емес байланыста) жұмсалатын морфемалардың тобына кіреді. Оның себебі аффикстер өзінің пайда болу (генезисі) жағы мен жасалу, өзгеру және қалыптасу тарихы, тұрғысынан алып қарағанда, о баста жеке-дара сөз ретінде дербес тұрып мағына бере алатын элемент (лексема) қалпынан өзгере келе, осы күнгі грамматикалық көрсеткіш формасына түскен. Мысалы, қазіргі түркітану ұғымында тұрақталған таным бойынша, *Мен барғанмын, мен барып ем, мен барам* деген сөйлемдердің құрамындағы жіктік жалғау (-мын, -м) о бастағы *мен* деген жіктеу есімдігі болып есептеледі. *Сен барғасын оған айт* деген сөйлемдегі *-сын* тұлғасы *соң* деген шылау тұлғасынан өзгеріп барып қалыптасқан. *Сен келгенсің* дегенді *-сің* деген морфема бір кездегі *сен* деген жіктеу есімдігінен өрбіген. Осы іспеттес мысалдар толып жатыр. Олар энклитика заңына байланысты болса керек.

Аффикстердің жасалуы мен қалыптасу жолдары әрине әр қилы. Оларды танып-білудің әдіс-тәсілдері де әр алуан, бірақ дәл бұл жерде айтылып оырған басты мәселе – жұрнақтардың ең әуелде жеке мағыналы толық сөз екендігін және де оның морфологиялық белгілі тұлғасы бар жеке сөз болғандығын атап өту.

Тарихи қалыптасу тұрғысынан алып қарағанда, жұрнақтарды көне жұрнақтар және жаңа жұрнақтар немесе өлі жұрнақтар және тірі жұрнақтар деп бөлуге болады. Өлі жұрнақтар сөз тудыратын тұлғалар есебінде жұмсалатын болса, тірі жұрнақтар, әдетте (көбінесе) форма тудыратын (ауддитивті, суммативті) тұлғалық көрсеткіштер (формативтер) болып саналады. Бірінші топтағы морфемелер «өзі жалғанған сөзді басқа бір жаңа лексикалық тұлғаға айналдырады да, олардың әрқайсысы басқа-басқа ұғымдарды (мағыналарды білдіреді)», бірақ олар «лексикалық та, грамматикалық та мағыналарды қоса қамтиды» /3, 31/. Екінші топтағы жұрнақтар – сөз тудыратын жұрнақтар мен сөз байланыстыратын жалғаулардың екі арасындағы категория, олар «өзі жалғанатын сөзге сәл де болса жаңа мағына үстейді, түбір сөзді оның «негізгі лексика-семантикалық қазығынан алшақ әкетпейді» /3, 32/. Тап басып дәл айқындап бермесе де, осы пікір 1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінде» де бар /4, 205-209/.

Көбіне өлі түбірге жалғанып, олардан ажыратылмай, бөлінбей қолданылатын жалғаулар ғасырлар бойы түбір сөзбен бірігіп, бірге айтылып жүріп, өздерінің беретін негізгі мәнін-жалғаулық мағынасын жойып алады да, жұрнақтар ұғымын тудыра алатын функцияға көшеді. Мысалы, «қазіргі тіліміздегі *қартай* сөзінің құрамындағы *т*-ны байырғы түбірмен жымдасып кеткен ырықсыз етіс қосымшасы» деп тануға тура келеді. /5, 92/. Сондай-ақ ғалым Ғ. Мұсабаев *ашқылтым, қызғылтым* тәрізді сөздердің құрамындағы *-тым* морфемасын *тым ащы, тым қызыл* деген тіркестерде қолданылатын күшейтпелі үстеу қызметін атқарып тұрған сөзден жұрнақ болып жұмсалатын тұлғаға энклитика және проклитикалы жолымен ауысқан деп есептейді. Сол сияқты осы автор *өмілдірік* деген сөздің морфологиялық құрамын былай талдайды: *ом* («*омырау*» сөзінің түбірі) *-іл* (етістіктің жұрнағы) *-дірік* (көне түркі тілінде «*туруқ*», ол «*тур*» деген сөз бен *ық* жұрнағы арқылы жасалған) тұлғалары арқылы қалыптасқан туынды сөз /6, 20/.

Осы айтқандарымызды қорыта келгенде, бұрын айтылып жүрген мынадай тоқтамның өміршең екендігін көреміз: бүгінгі таңда қолданылып жүрген өлі жұрнақтар бір кезде әдеттегі толыққанды жеке-дара сөз болған, қолданылу барысында ол өзінің беретін мағынасы мен грамматикалық қызметіне, синтаксистік орнына қарай көмекші сөзге айналған, одан әрі жалғау, бара-бара жұрнақ болып ауысқан, ақыр соңында ол қазір өлі жұрнақ болып қалыптасқан. Өлі жұрнақтар сан жағынан барынша көп те, грамматикалық қызметі тұрғысынан алып қарағанда сан алуан мағына беретін үлкен бір топ болып саналады. Мәселенің бұл жөніндегі барысын зерттеп білу өз алдына жеке алып қарастыратын әңгіме болуға тиісті деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кеңесбаев І, Жанұзақов Т. Орысша-қазақша лингвистикалық терминдер сөздігі. – Алматы, 1966.
2. Исаев С. Қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы, 1992.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974.
4. Современный казахский язык. – Алма-Ата, 1954.
5. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988.
6. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің тарихынан. – Алматы, 1975.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала қазақ тіліндегі өлі қосымшалардың қалыптасу тарихына арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена изучению «мертвых» аффиксов в казахском языке.

ОБЩЕЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМАТИКА ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА

Нагиева А.Т. – ст. преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Когнитивная лингвистика в рамках современной антропоцентрической парадигмы существенно расширяет горизонты лингвистических исследований. В конце XX в. язык рассматривается с точки зрения его участия в познавательной деятельности человека, получающего различную информацию. Предметом рассмотрения в когнитивной лингвистике является лишь та часть информации, которая приобретает свое отражение и фиксацию в языковых формах. Когнитивная лингвистика сформировалась в преодолении структурного языкознания, но она не противоречит структурному подходу, более того, она предполагает и в некоторой степени его использование. С когнитивной лингвистикой связаны новые акценты в понимании языка, открывающие широкие перспективы его видения во всех разнообразных и многообразных связях с человеком, его интеллектом, со всеми познавательными процессами. Когнитивная лингвистика выходит за рамки собственно лингвистики. В сферу ее интересов входят *логика, психология, социология, философия*, что расширяет область познания. Речемыслительные задачи непосредственно связаны с использованием языка, ибо язык является наиболее мощной в семиотическом плане из всех систем коммуникаций. Через язык происходит передача и прием информации, знаний, сообщений, благодаря ему обрабатывается получаемая индивидом информация, таким образом строятся специфические языковые фреймы.

Язык создает возможность для упорядочения и систематизации в памяти множества знаний для построения характерной для каждого данного этнокультурного коллектива языковой картины мира. Так, В. Гумбольдт /1/ считал, что язык – главнейшая деятельность человеческого духа, пронизывающая собой все сферы человеческого бытия и познания. Именно в когнитивной лингвистике внимание лингвистов переключается на выявление роли языка как условия и орудия познания. Через язык формируются знания о картине мира. В результате взаимодействия человека с миром складываются его представления о мире, формируется некоторая модель, которая в философско-лингвистической литературе именуется картиной мира. Это одно из фундаментальных понятий, описывающих человеческое бытие. В последние десятилетия проблема отображения в сознании человека целостной картины мира, фиксируемой языком, стала одной из важнейших проблем когнитивной

лингвистики. Картина мира запечатлевает в себе определенный образ мира, который никогда не является зеркальным отражением мира; она есть определенное видение и конструирование мира в соответствии с логикой миропонимания. Термин «картина мира» возник в рамках физики на рубеже XIX-XX веков. С 60-х годов XX века проблема картины мира стала рассматриваться в рамках семиотики при изучении первичных моделирующих систем (языка) и вторичных систем (мифа, религии, фольклора, поэзии, кино, живописи, архитектуры).

Картина мира – это реальность человеческого сознания. «Человек стремится каким-то адекватным способом создать в себе простую и ясную картину мира для того, чтобы в известной степени попытаться заменить этот мир созданной таким образом картиной. Этим занимается художник, поэт, теоретизирующий философ и естествоиспытатель, каждый по-своему. На эту картину и ее оформление человек переносит центр тяжести своей духовной жизни...» /2/. Следует отметить, что мировидение каждого народа складывается в картину мира: «Каждая цивилизация, социальная система характеризуется своим особым способом восприятия мира» /3/. Ученые считают, менталитет любого лингвокультурного сообщества обусловлен в значительной степени его картиной мира, в которой репрезентированы мировидение и миропонимание ее членов. Понятие картины мира (в том числе и языковой) строится на изучении представлений человека о мире. Если мир – это человек и среда в их взаимодействии, то картина мира – «результат переработки информации о среде и человеке» /4/. Явления и предметы внешнего мира представлены в человеческом сознании в форме внутреннего образа. По мнению А.Н. Леонтьева /5/, существует особое «пятое квазиизмерение», в котором представлена человеку окружающая его действительность: «Это – смысловое поле», система значений». Образ мира, по А.Н. Леонтьеву, – не перцептивная картинка, а некоторое относительно стабильное образование, являющееся результатом обработки данных восприятия. Вся новая информация встраивается в некоторую имеющуюся у субъекта структуру. Образ мира регулирует деятельность субъекта. Образ мира, как устанавливают ученые, является ядерной структурой по отношению к картине мира – своему модальному оформлению. Образ мира – иерархическая структура когнитивных репрезентаций; гипотеза о типичном состоянии реальности. Это структура, в которой закрепляются все когнитивные приобретения субъекта.

Итак, образ мира – иерархическая система когнитивных репрезентаций, а картина мира – это система образов. Так, исследователь М. Хайдеггер писал, что при слове «картина» мы думаем прежде всего об отображении чего-либо, «картина мира, сущностно понятая, означает не картину, изображающую мир, а мир, понятый как картина». Картина мира, которую можно назвать знанием о мире, лежит в основе индивидуального и общественного сознания. Язык же выполняет требования познавательного процесса. Концептуальные картины мира у разных людей могут быть различными, например, у представителей разных эпох, разных социальных, возрастных групп, разных областей научного знания и т.д. Люди, говорящие на разных языках, могут иметь при определенных условиях близкие концептуальные картины мира, а люди, говорящие на одном языке – разные. Следовательно, в концептуальной картине мира взаимодействует общечеловеческое, национальное и личностное. Система социально-типичных позиций, отношений, оценок находит знаковое отображение в системе национального языка и принимает участие в конструировании языковой картины мира.

Следовательно, картина мира – целостный, глобальный образ мира, который является результатом всей духовной активности человека, она возникает у человека в ходе всех его контактов с миром. Познавая мир, человек составляет свое представление о мире, т.е. в его сознании возникает определенная «картина мира», или «языковая модель мира». Поскольку возникновение картины мира тесно связано с языком и во

многим им определяется, ее называют «языковой картиной мира». Вейсгербер, образуя от Wort новый глагол *worten*, говорил, что родной язык есть *ein Worten der Welt* – «осмысливание мира, постижение мира в слове» /6/. Картина мира может быть представлена с помощью пространственных (верх – низ, правый – левый, восток – запад, далекий – близкий), временных (день – ночь, зима – лето), количественных, этических и других параметров. На ее формирование влияют язык, традиции, природа и ландшафт, воспитание, обучение и другие социальные факторы. Картина мира может быть целостной – таковы мифологическая, религиозная, философская, физическая картины мира, но она может отражать и какой-то фрагмент мира, т.е. быть локальной. Языковая картина мира отражает национальную картину мира и может быть выявлена в языковых единицах разных уровней.

Между картиной мира как отражением реального мира и языковой картиной мира как фиксацией этого отражения существуют сложные отношения: границы между ними кажутся зыбкими, неопределенными. Таким образом, роль языка состоит не только в передаче сообщения, но, «в первую очередь, во внутренней организации того, что подлежит сообщению» /7/. Возникает как бы «пространство значений» (в терминологии А.Н. Леонтьева), т.е. закрепленные в языке знания о мире, куда непременно вплетается национально-культурный опыт. Формируется мир говорящих на данном языке, или языковая картина мира как совокупность знаний о мире, запечатленных в лексике, фразеологии, грамматике. В процессе жизни конкретного современного человека языковая картина мира предшествует концептуальной и формирует ее, потому что человек способен понимать мир и самого себя благодаря языку. Именно в языке закрепляется общественно-исторический опыт – как общечеловеческий, так и национальный. С одной стороны, условия жизни людей, окружающий их материальный мир определяют их сознание и поведение, что находит отражение в языке, прежде всего, в семантике и грамматических формах. С другой – человек воспринимает мир преимущественно через формы родного языка, который детерминирует человеческие структуры мышления и поведения.

Термин «языковая картина мира» – не более чем метафора, ибо в реальности специфические особенности национального языка, в которых зафиксирован уникальный общественно-исторический опыт определенной национальной общности людей, создают для носителей этого языка не какую-то иную неповторимую картину мира, отличную от объективно существующей, а лишь специфическую «окраску» этого мира, обусловленную национальной значимостью предметов, явлений, процессов, избирательным отношением к ним, которое порождается спецификой деятельности, образа жизни и национальной культуры данного народа.

Интерес к языковой картине мира обнаруживается еще в работах В. Гумбольдта, который писал, что «различные языки являются для нации органами их оригинального мышления и восприятия» /1/. Одним из основоположников сегодняшнего учения о языковой картине мира является также немецкий ученый И. Гердер. В России разработка этой проблемы началась с тезаурусным изучением лексики (работы Ю.Н. Караулова). К концу XX в. появилось много исследований, посвященных данной проблеме – работы С.А. Васильева, Г.В. Колшанского, Н.И. Стукаленко, Е.С. Яковлевой, М. Блэка, Д. Хаймса, коллективная монография «Человеческий фактор в языке. Язык и картина мира» (1988) и др. Сейчас эта проблема разрабатывается также в фундаментальных трудах Н.Д. Арутюновой, Ю.Д. Апресяна, А. Вежбицкой, Ю.С. Степанова, В.Н. Телия, В.Г. Гака и др. Для нас наиболее существенно в этих работах теоретическое положение о том, что картина мира является базисной частью мировидения человека. Язык – факт культуры, составная часть культуры. Культура народа вербализуется в языке, именно язык аккумулирует ключевые концепты культуры, транслируя их в знаковом воплощении – словах. Создаваемая языком модель мира есть субъективный образ объективного мира, она несет в себе черты

человеческого способа миропостижения, т.е. антропоцентризма, который пронизывает весь язык. Тогда концепты – это как бы сгустки национально-культурных смыслов, «ячейки культуры», по словам Ю.С. Степанова. Изучение их помогает выявить особенности мировосприятия народа, представить концептуальную и национальную картины мира. «Языковая картина мира» – это «взятое во всей совокупности, все концептуальное содержание данного языка» /8/. Понятие языковой картины мира, как считает Ю.Д. Апресян, «представляет отраженные в естественном языке способы восприятия и концептуализации мира, когда основные концепты языка складываются в единую систему взглядов, своего рода коллективную философию, которая называется в качестве обязательной всем носителям языка» /2/.

Сейчас существует несколько направлений в изучении языковой картины мира. По мнению Е.С. Яковлевой, это 1) типологические исследования: славянская языковая картина мира, балканская модель мира и т.д.; 2) изучение языковой картины мира в аспекте реконструкции духовной культуры народа; 3) исследование отдельных сторон языка: отражение языковой картины мира в русской лексике, словообразовании, в зеркале метафор и т.д. Другими словами, способ концептуализации мира, свойственный языку, отчасти универсален, отчасти национально специфичен. Поэтому возможна такая последовательность в изучении языковой картины мира: 1) изучаются характерные для данного языка концепты (*душа, тоска, судьба, воля, совесть, авось* и др., характерные для русских); 2) исследуются специфические коннотации для универсальных концептов; 3) исследуется цельный «наивный» взгляд на мир, ибо каждый язык отражает определенный способ восприятия мира, его концептуализации. Выражаемые в нем значения складываются в единую систему мировидения, исходя из которой можно выделить наивную физику пространства и времени, наивную физиологию, наивную этику. Человек обогащает свою концептуальную систему не только благодаря личному опыту, но и благодаря языку, в котором закрепляется общественно-исторический опыт – как общечеловеческий, так и национальный. Последний и определяет специфические особенности языка на всех его уровнях. Это приводит к появлению специфики разных языков, что, в свою очередь, ведет к возникновению специфических языковых картин мира у представителей разных народов. Но существуют также и индивидуальные картины мира, которые несколько отличаются у разных людей. Картина мира отражается в содержательной стороне языка этноса. Ее анализ помогает понять, чем отличаются национальные культуры, как они дополняют друг друга на уровне мировой культуры. Э. Сепиром и Б. Уорфом была выдвинута гипотеза, что люди видят мир сквозь призму своего родного языка. Они предположили также, что языки различаются своими «языковыми картинами мира». Из этих рассуждений следовало, что люди, говорящие на разных языках, имеют разные типы мышления, и все это не просто связано с языком, а обусловлено им.

Таким образом, языковая картина мира тесно связана с концептуальной системой, а также с языком. Формирующаяся картина мира, отображенная в сознании человека, – это вторичное существование мира, закрепленное и реализованное в особой материальной форме, языке. Один и тот же язык, один и тот же общественно-исторический опыт формирует у членов определенного общества сходные языковые картины мира, что позволяет говорить о некоей обобщенной национальной картине мира. Разные языки придают картинам мира лишь некоторую специфику, некоторый национальный колорит, что объясняется различиями в культуре и традициях народов.

Общелингвистическая проблема разрабатывается в казахстанском языкознании. Так, именно обсуждению вопроса о соотношении «картины мира», «языковой картины мира» и «национально-языковой картины мира» посвящена целая глава «Номинация. Картина мира. Смысл» в монографии Э.Д. Сулейменовой /9/ «Понятие смысла в современной лингвистике». Автор работы обосновывает, что формирование

общеязыковой картины мира у человека происходит на базе знания одного языка, в котором действует механизм производства и понимания языковых выражений.

Сама языковая картина мира – это общекультурное достояние нации, она четко структурирована, многоуровневая. Именно языковая картина мира обуславливает коммуникативное поведение, понимание внешнего мира и внутреннего мира человека.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гумбольдт В. фон Язык и философия культуры. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1993. – 398 с.
2. Апресян Ю.Д. Дейксис в лексике и грамматике и наивная модель мира. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1995. – С. 629-650.
3. Арутюнова Н.Д. Аномалии и язык. (К проблеме языковой «картины мира»). – Вопросы языкознания. – № 3. – М., 1997. – С. 3-19.
4. Брутян Г.А. Языковая картина мира и ее роль в познании. – Методологические проблемы анализа языка. – Ер., 1976.
5. Леонтьев А.Н. Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания. – М., 1979.
6. Караулов Ю.Н. Текстовые преобразования в ассоциативных экспериментах// Язык: Система и функционирование. – М., 1988.
7. Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М., 1990.
8. Степанов Ю.С. О трехмерном пространстве языка: Семиотические проблемы лингвистики, философии, искусства. – М.: Наука, 1985.
9. Сулейменова Э.Д. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики 1991-2001: Материалы к докладу на Международной конференции МАПРЯЛ. – Алматы: Арыс, 2001.

РЕЗЮМЕ

В статье разрабатываются вопросы, связанные с изучением языковой картины мира, которая является общекультурным достоянием наций и народов.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ұлттар мен халықтардың жалпы мәдени құндылығы болып саналатын әлемнің тілдік бейнесін зерттеумен байланысты мәселелер қарастырылады.

СЛЕНГТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

Нурпейсова Г.Т. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Кез келген тілдің лексикасы әдеби және бейәдеби болып екіге бөлінетіні белгілі. әдеби тіл лексикасына: кітаби сөз, сөйлеу тілі, бейтарап сөздер жатады.

Бұл аталған барлық лексика кейде көркем әдебиетте, кейде ауызекі тілде де қолданылады. Ал бейәдеби тілге: кәсіптік сөздер, вулгаризмдер, жаргондар жатады. Осылардың қатарына сленгтерді де жатқызамыз.

Кәсіптік сөздер – белгілі бір мамандық, кәсіп иелерінің тіліне тән сөздер.

Вулгаризмдер – әдеби тіл қабылдамайтын дәрежі, қарапайым сөздер мен сөйлемдер.

Жаргондар – белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың басқаларға түсініксіз, құпия мағынада сөйлесуі.

Сленг – күнделікті өмірде белгілі бір заттың атауы үшін қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылды, мәнерлі сөздер. сленг әртүрлі әлеуметтік топтардың ерекше қолданыстағы сөздері.

Кейбір зерттеушілер жаргонды сленгпен байланыстыра қарайды. Сондықтан сленг ерекше лексика, қызығушылықтары ортақ адамдардың қарым-қатынастарынан туындайтын сөздер деп көрсетеді. Олар сленгті әр түрлі себептер үшін қолдануы мүмкін:

- әсер қалдыру үшін
- өзіне сенімділік сезімін беру
- жаңа, өзгеше болу
- басқа біреу түсінбеу үшін
- әзіл ретінде
- белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін
- тілді қорды байыту үшін

«Америка сленг сөздігінің» авторларының бірі стюарт Б. Флекснер мынандай мәліметтер келтіреді. Оның айтуынша, әрбір американдықтың сөздік қорында шамамен 10000-20000 сөз бар. Оның 2000 сөзі сленг қатарына жатады. Яғни сленг жалпы лексика қорының 10-20 пайызын құрайды. Бірақ Стюарт Б. Флекснердің пайымдауынша, бұл лексика қоры әрбір американдыққа толығымен белгілі болса да, күнделікті сөйлеу тәжірибесінде толығымен қолданылмайды. Ғалымдардың есептеуінше АҚШ-та ағылшын тілінің сөздік қорында 10000 сленг сөзі бар, ал оның басқа бір түрлеріне 35000 сөз жатады: олар – кәсіби сленг, жаргонизмдер, арго, қанатты сөздер /2, 100/.

Сленг табиғаты оның үнемі жаңарып отыруын талап етеді. Көптеген сленг сөздері салыстырмалы түрде ұзақ өмір сүрмейді және егер олар тілде тұрақталса, яғни сленг қатарынан жалпы ауызекі тіл лексикасына өтіп кетсе, қолданыстан түсіп қалады. Сленг бойынша әйгілі ағылшын маманы эрик партридж ағылшын тіліндегі «бокмұрын» мағынасындағы сөздің бірнеше қолданылу қатарын келтіреді: blood (1550-1660); masaroni (1760); buck (1720-1840); dandy (1820-1870); swell (1811); toff (1851), бұл қатарға одан бергі spiv және қазіргі заманғы teddy-boy-ды қосуға болады /1, 100/. Жақша ішіндегі сандар сөздің ең бірінші рет тіркелген кезі мен қолданыстан шыққан уақытын көрсететінін айта кету керек. Осыдан сленг сөздері 16-шы ғасырдан бастап өмір сүреді деген қорытынды шығарамыз.

Компьютерлік технологияның отаны америка екені бәрімізге белгілі. Алайда қай аймақта, оларды қалай құрастырды деген сұрақ туындайды?

АҚШ-тың батыс жағалауында орналасқан, шамамен оңтүстік Сан-Францискодан 30 шақырымдай жерде Пало-альта, Маунтин-вью, Лос-альтос және Стэнфорд сияқты шағын қалалар бар. Ал оңтүстік-шығысында Саннивейл, Купертино, Сан-хосей, Санта-клара тәрізді үлкен қалалар бар. Осы қалалардың түйіскен жерін американдықтар «silicon valley» деп атайды. Дәл осы жерде зерттеу орталықтарының негізгі бөлігі шоғырланған. Соңғы онжылдықтағы барлық жаңа технологиялардың көбісі осы жерде жасалған.

Бұл орын әлемдегі ең үлкен чип өндіруші болып табылады. Мұнда көптеген компаниялар мен фирмалар бірлесе отырып түрлі жобаларды іске асырады. Мұнда мыңнан астам ғалымдар жұмыс жасайды. Сонымен бірге мұндағы стенфорд университеті туралы да айтуға болады. Университет бюджетінің бір бөлігін студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға жұмсайды. Кез-келген жаңа технологиялық өнім *silicon valley* зерттеу орталығында дайын күйінде, өз атауын (название) алып шығады. Яғни жаңа нәрселерді ойлап табу барысында жаңа терминдер пайда болады. Қоғам бұл терминдерді қолдануға мәжбүр. Термин өзінің алғашқы формасынан алшақтап, сөйлеу тілінде түзіледі. Нәтижесінде компьютерлік сленг пайда болады.

Компьютерлік сленгте жаңа сөздердің тым жылдам пайда болуы компьютерлік технологияның қарқынды дамуымен байланысты. Егер журнал беттеріне үңіле қалсақ жаңа технологиялардың шығып жатқанын көреміз. Мұндай технологиялық революция жағдайында әрбір жаңа технология мағына, атау алуы тиіс. Өнімдердің барлығы америкада жасалғандықтан атау ағылшын тілінде беріледі. Сондықтан адамдар оригинал терминдерді қолдануға мәжбүр. Қазақ тілінде бұл салада нақты терминдердің болмауы компьютерлік сленгтің пайда болу тенденциясына алып келді.

Көптеген кәсіби сөздерді күнделікті қолдануда ыңғайсыз, дөрекі сөздер өте көп болғандықтан сөздерді қысқарту, жеңілдету белең алды. Мысалы, жиі қолданылатын «motherboard» термині орыс тілінде «материнская плата» ретінде, ал сленгте «мамка», «матрешка» сөздерімен беріледі. Немесе тағы бір мысал, «cd-rom drive» орыс тіліне «лазерлік дискіге жинақтаушы» ретінде аударылса, сленгтегі баламасы «сидюк», «сидюшник» болып табылады. Келесі бір беталысты қысқартылып берілген сөйлемдерден көруге болады. Мысалы: компы бывают двух видов – бимы и маки (персональные компьютеры бывают двух видов – ibm-совместимые и macintosh).

Соңғы уақытта жасөспірімдердің компьютер ойындарымен әуестенуі күшейіп отыр. Бұл тағы да компьютерлік сленгтің пайда болуының көзі. мысалы, ойындағы «ең басты жау» ұғымын білдіретін «бродилка», «аркада», «босс» сленгтері пайда болды. Сонымен бірге doom ойынын ойнаушыны «думер», ал «quake» ойынын ойнаушыны «квакать» деу қалыптасқан.

Тағы бір атап өтетін жайт, компьютерді қолданушылардың көпшілігінің ағылшын тілін білмеуі. ағылшын сөзін дұрыс оқымау барысында сленгтер пайда болып отырады. Мысалы, по саггег хабарламасын дұрыс оқымау барысында сленгте «но карьер» сөзі пайда болған.

Компьютерлік сленгтің пайда болу жолдары мен жасалу тәсілдері әр түрлі. Төрт түрлі жолмен жасалады:

- 1) калька (*device – девайс, message – мессаж*)
- 2) жартылай калька (*application – аппликация, disk drive – дискетник*)
- 3) аударма (*windows – форточка, virus – живность, streamer – мофон*)
- 4) фонетикалық мимикрия (*laser printer – лазерь, break point – брякпоинт*)

Компьютерлік сленгтің басқа сленгтерден айырмашылығы:

- Белгілі бір кәсіп иелерінің (программистердің немесе жай ғана адамдардың) тіліндегі сөздер. Сондықтан олар ағылшын кәсіби терминдерінің синонимі ретінде эмоционалды реңкпен қолданылады.

- Сленгтік атаулар тек сол кәсіп иелеріне қатысты болғандықтан басқа адамдарға түсініксіз. Мәселен *трех пальцевый салют* (*үш саусақты салют*) ұғымы барлық адамдарға түсінікті емес, *ctrl+alt +del* клавиштерін басу арқылы компьютерді өшіру. Компьютершілер осындай арнайы тілдің арқасында өздерін қоғамның жұмбақ мүшесі ретінде сезіледі.

- Бұлардың қатарында вулгаризм сөздер де көптеп кездеседі: групповуха под винды (*windows for workgroup*), анус (протокол *janus*), блястер (*sound biaster*).

Алайда бұл үш ерекшелік компьютерлік сленгтің бейәдеби лексикалық топтардың ешқайсына жатпайтынын және жеке құбылыс ретінде қарауды керек етеді. Яғни компьютерлік сленг терминін анықтауды қажет етеді. Компьютерлік сленг – күнделікті өмірде компьютермен тікелей байланыста болатын, кәсіби лексиканы сөйлеу тілімен, кейде дөрекі реңкте ауыстырып қолданатын адамдар тіліндегі сөздер. Сондықтан мынадай мәселелерге баса назар аудару керек: 1) терминдердің пайда болуы мен қазақ тіліне аударылуы; 2) компьютерлік сленг терминдерінің пайда болу жолдары.

Сонымен сленг тек халықтың түрлі топтарының өкілдері, әсіресе жастардың сөйлеу тілінде ғана қолданылмайды, сонымен қатар ол көркем әдебиет, мерзімді басылымдар беттерінде, газет-журналдарда және сахна мен тіпті жарнамаларда да пайдаланылады.

Ағылшын лингвистикасында әр түрлі түсініктерді «сленг» терминіне біріктіруге тырысу байқалады. Ағылшын лингвистерінің өздері бұл терминнің жеткіліксіздігін мойындайды. «Сленг» терминінің өзінің мағынасын кеңейткені соншалық, бұл сөз әр түрлі түсініктерді білдіруде қолданылады. Бұл сленг пен сленг емес сөздердің арасын айыруда көп қиындықтар туғызады», – дейді әйгілі американдық лингвист Ч. Фриз. Г.А. Судзиловский /3, 11/. Сленгті қолданылу ортасына байланысты жалпыға мәлім және жалпыға мәлім емес, аз қолданылатын деп екі топқа бөледі.

Жалпы сленг – бұл әр түрлі кәсіби немесе әлеуметтік топтардан жалпы қолданысқа түскен сленгизмдердің жиынтығы болып табылады. Бұндай сленгизмдердің жалпы қолданылуы немесе түсінікті болуы олардың әдеби лексика дәрежесіне өтуін білдірмейді. Жалпы сленгтің белгілі бір бөлігі өзіне тән қасиеттерін жоғалтып, әдеби тілге кіруі мүмкін.

Зерттеушінің пайымдауынша, *жалпыға мәлім емес, аз қолданылатын сленг* белгілі бір кәсіби немесе әлеуметтік топтардың біршама шектелген аумақта қолданылуымен байланысты қарастырады. Сондықтан сленгтің бұл тобын «жаргондар» (jargon, cant), «кәсіби сленг» (professional slang), «арго» (argot) және т.б. терминдерімен белгілейді.

И.В. Арнольд /4, 267/ та сленгті екі топқа бөледі: 1. *Жалпы сленг*, яғни әдеби ағылшын тілінің сыртында жататын, эмоционалды бояуға ие, жалпыға түсінікті әрі кең таралған және стилистикалық жағынан әдеби сөздердің синонимдері болып табылатын ауызекі көркем сөздер мен тұрақты тіркестер. Мысалы: bed-sitter (bed-sitting room), bob (shilling), booze (a drink, to drink liquor), to dry straight (to straighten up), hide (human skin), knock-out drops, dope (narcotic drops), a sparkler, a glamour girl (a social success), to work the steam off (to rid oneself of excessive energy). 2. *Арнайы сленг*, яғни белгілі бір арнайы немесе кәсіби лексикаға кіретін сөздер мен сөз тіркестері: теңізші, жауынгер, спортшы, актер, заңгер, студент сленгі және т.б. Әлеуметтік топтар сленгі. Мысалы: кокни, яғни Лондонның қарапайым тұрғындарының диалектісі, зиялылар жаргоны, ағылшын аристократтарының балаларына арналған оқу орындарында қолданылатын сөздер мен сөйлемшелер, ұрылар жаргоны және т.б.

Сленг, жаргон және аргоны бір-бірінен ажырата білуіміз керек. Сленгтің жаргон, аргодан негізгі айырмашығы қолданушы топтың жас ерекшелігі мен кәсіби біліктілігінен көрініс табады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шестикрылов П. American slang. – Москва, 2006.
2. В.Н. Крупнов. В творческой лаборатории переводчика. Издательство: «Международные отношения». – Москва, 1976.
3. Г.А. Судзиловский. Сленг – что это такое? – Москва: Воениздат, 1973.
4. И.В. Арнольд. Лексикология современного английского языка. Издательство: Литературы на иностранных языках. – Москва, 1959.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада сленгтің пайда болу тарихы мен жасалу тәсілдері жайында айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются история и методы образования сленга.

ТІЛДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУДАҒЫ РОЛІ

Оразбаева А.С. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Тәуелсіздік тізгіні қолымызға тиіп, егемен ел болған алғашқы күндерден бастап-ақ, елімізде тіл саясаты мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен сапалы да сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі Жолдауларында тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес.

Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттілігін қойып отыр. Әсіресе жастардың алдында бірнеше тілді білу міндеті тұр /1/.

Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңында «мемлекеттік, орыс және шетел тілдерін меңгеру, әлемдік және отандық мәдениет, тарих, салт-дәстүр, рухани байлығын, жетістіктерін сіңіру» білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі деп көрсетіледі. «Қазақстан Республикасы гуманитарлық білім беру концепциясында» және жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттары, оқу бағдарламалары жоспарларында тілді меңгеру арқылы жан-жақты тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеу, танымын, ой-өрісін кеңейту мақсаттарын көздейді /2/.

Ш. Айтматов: «Бірнеше тілді білу әр түрлі тілдердің, яғни әр түрлі ойлау формаларының, әр түрлі дүниетанымның басын қосады, ал бұл сананың жаңа деңгейге көтерілгенін білдіреді» /3/ – деп баға береді.

Жеке тұлға тәрбиелеуде тілдесім тұрғысынан келу еркін ойлайтын, батыл шешім қабылдайтын, өз білімін практикада қолданатын, өз іс-әрекетіне жауап беретін жан-жақты тұлға қалыптастыруды, сондай-ақ интеллектуалдық деңгейінің өсе түсуін, рухани дүниесінің баюын, шығармашылық қабілетінің дамуын, ішкі мүмкіндіктерінің ашылуын мақсат етіп қойып отыр. Яғни, жеке тұлға қалыптастыруда, тәрбиелеуде шешендік өнердің алатын орны ерекше.

Қазақ халқы тумысынан тілге етене жақындығын, суырып салма шешендікті жоғары бағалағанын, балаларына үлгі еткенін айта кету керек. Нақыл сөздер, әндер, мақал-мәтелдер халық арасына ауызша тараған. Жаттап алу арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

Кез-келген адам білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйренеді. Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан, онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады.

Тіл-адамдардың еңбек ету процесінде, қарым-қатынас жасау тәжірибесінде, сол тілде сөйлейтін халықтың бастан кешірген ұзақ өміріндегі ойлау жұмысының нәтижесі ретінде үнемі дамып отырады. Халықтың тіл қазынасын меңгеру, тілді өткір құрал ретінде қолдана білу – үлкен өнер. Әрбір мәдениетті адам сол өнерді үйренуге, тіл мәдениетін артыруға талпынуы тиіс.

Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Яғни, тілдің эстетикалық әсер етуіне басты назар аударылуы қажет. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты сөйлеу, жазу үстінде де адамның әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасында ғана емес, соған қоса тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуы тиіс.

Тілді меңгеру психологиясының басқа да әдіснамалық жағдайы түрлі ғалымдардың теорияларында айтылған. Мәселен, Л.В. Щерба: «Тіл – коммуникативті

функцияны атқаруға бағдарланады» – десе, В. Гумбольд, М. Алексеев: «Кез-келген тіл нақты көзқарасты бейнелейді» – деген нақты пікірлерін айтады. Ал, В.Ю. Розенцвий, Л.М. Умон тілді қоғамдық құбылыс болғанымен әр адамда жекелей түрде болатынын қарастырған.

Тіл – қоғамдық қажетті және тарихи қалыптасқан, белгілі қоғам адамдарына тән, әлеуметтік-психикалық құбылыс. Ана тілі – ұлттық өзіндік сананы көрсету тәсілі, тұлғаның азаматтық кешенденуінің маңызды критеріі. Бұл ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, стереотиптерді ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа сақтап, жеткізу құралы.

Жан-жақты, жоғары білімді адам халықтар мәдениеті диалогы, ұлтаралық қарым-қатынас, тілдесім жағдайындағы өмірге дайындалады. Бұл жағдайларға бейімделу үшін, ол мәдениаралық қатысым қағидаларын үйренуге, тілдесім дағдысын, дәстүрін білуге талпынады. Адам басқа тілді үйренгенде жаңа ұлттық мәдениетке араласып, тілде сақталған орасан зор рухани байлыққа ие болады. «Тілде бүкіл елдің мінезі, жігері көрінеді, бүкіл Отанның табиғаты, сондай-ақ халықтың рухани өмірінің тарихы көрінеді» – /4/ деп жазады К.Д. Ушинский.

Тіл халықтың әлеуметтік-тарихи жағдайын, мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді, өркендеуіне әсер етеді. XVIII ғасырдың көптеген философтары, мәселен, Ж.Ламетри, К.Гельвеций, П.Гольбах және басқалары «тіл - қоғам мен мәдениеттің қалыптасуының шарты» - деп білді. Тіл мен мәдениеттің байланысы адам проблемасымен бірлікте қаралды.

Ж.Ж. Наурызбай лингвистикалық санасы дамыған адамды жан-жақты мәдениетті адам деген анықтама береді. «Тілдерді білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, жан-жақты дамуына, дүниені кеңінен көруге септігін тигізеді. Лингвистикалық жан-жақты адам өзгерістерге жылдам икемделеді, оның психикасы икемді» \5\ деп баға береді.

Олай болса, тілдің дамуы негізінде тұлға бойында шешендік өнер қалыптасады.

Шешендік сөз ел алдында айтылатын болғандықтан, оны айтудағы үн, әуез бен ырғақтың да маңызы жоғары. Маңызды, мәнді құбылыс туралы терең ойды көпшілікке белгілі жағымды әуезбен, жайлы ырғақпен жеткізгенде ғана оны айтудағы тілдің айқындылығы, әсерлілігі мен бейнелілігі сақтала алады. Шешеннің сөз анықтығы мен айқындығы қандай қымбат болса, шешеннің сөйлеу стилі де айрықша маңызды. Әр шешеннің тек өзіне ғана тән ойлау және сөйлеу ерекшелігі барында сөз жоқ.

Шешендік сөздер – халық даналығынан туған мұра, халықтың асыл қазынасы. Мазмұны халықтың бастан кешірген өмірін, арманы мен қиялын көрсетеді, өмірге деген көзқарасын, ой-өрісін бейнелейді. Халық өзінің қиялдаған арманына қашан да болса жетемін деген сенімнен айрылмаған. Өмірдің сан алуан құбылыстарын бір-бірімен теңеп, салыстырып, болашағын болжап, қиялдап айтылған даналық сөздер халықты үнемі жеңіске, табысқа жетектеп, құлшындырып, рухтандырып отырған. Қуаныш үстінде дем берушілік, реніш тұсында жұбатушылық қызмет атқарған.

Ломоносов М. «Шешендік - кез-келген нақтылы бір нәрсе, материя туралы шебер сөйлеу өнері және сонымен қатар өзгелерді өз пікіріне ойыстыру деген сөз. Сол тіл өнерімен жасалған нәрсе сөз немесе шешендік деп аталады»- \6\ деп анықтама берген болатын.

Шешендік сөз дегеніміз- көне дәуірден қазіргі жылдарға сұрыпталып жеткен ұлағатты ділмарлықтың түйіні: ақылды ойлы көркем тіл арқылы өз ойына өзгені иландыру, сендіру, мойындаттыру. Әрбір сөйлеушінің алдында екі түрлі мақсат болады. Біріншіден тыңдаушының сезімін ояту болса екіншіден ой санасына қозғау салу болып табылады.

Қазіргі жоғары оқу орнының негізгі мақсаты студенттің білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде қоғамның белсенді азаматын, жоғары мәдениетті кәсіби маман тұлғасын қалыптастыру.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, гуманитарлық білім беруді күшейту, білім сапасын көтеру және студенттердің оқу-тәрбие үрдісіне қарым-

қатынас сипатының өзгеруі кәсіби білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер қажеттілігін туғызуда.

Яғни, әрбір ел басқаратын, қоғам болашағы үшін елге қызмет жасайтын әрбір жас өзінің ана тілін ерекше құрметтеп, тіл тазалығын сақтап, кәсіби тұрғыда мәдениетті сөйлей білуі қазіргі заман талабы, әрбір адамзат міндеті екенін ескеруіміз қажет.

Сонымен қатар жаңа білім беруде басқа шетел тілдерін, жаңа технологияларды меңгеру қарқынды даму үстінде. Олай болса, шетел тілдерін оқыту барысында студенттерді шешендік өнерге баулу, шетелдік шешендер мен ғұлама ғалымдардың ғылыми еңбектерін салыстыру, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді аударма түрінде мағынасын түсіндіру арқылы шешендік өнерді студент жастар бойына дарытсақ, кәсіби білім сапасының көтерілуіне, пән аралық сабақтастықтың дамуына, ойға алғанымыз орындалып, мүдделі тілдіктің бәріне де қолымыз жетері хақ.

Кез-келген маман қалыптасқан жағдайдан басқа шарттар да жұмыс істей білуі қажет, ендеше оның нақты кәсіби дағдылары қалыптасқан болуы керек. Осының негізі жоғары оқу орнында оқылатын пән мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қалануы керек.

Сондай-ақ, шет тілі сабағында тіл материалдарын есте сақтаудың тиімділігін күшейтуге болады. Студенттерге оқытудың барлық сатысында СӨЖ тапсырмаларына үлкен көңіл аударылады.

Соның нәтижесінде студенттердің санасында тиімді тілдік тәжірбие жинақталады, ал мұндай тілдік тәжірбиенің болуы ауызша сөздің, атап айтқанда, сөйлесу дұрыстығының алғы шарттарының бірі болып табылады. Көп іздену арқылы студенттердің шетел тілдерінде оқуға да сөйлеуге де дағдыланады. Сонымен қатар оқыған материалдардың мазмұны сөйлеу дағдыларын жетілдіруге арналған жаттығуларға негіз бола алады: сұрақ-жауап, әңгімелесу, дебат және т.б. шетел тілі сабағында студенттердің шеберлігі берілген материалдарды талдағанда қолайлы педагогикалық технологияларды қолдану арқылы қалыптасады.

Сондай-ақ, шетел тілдерін үйренген кезде тілдік аспектілерді меңгеру, қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуге дағдылану. Осы тұрғыда одақ кезінде шетел тілін оқытудың ғылыми негізі жан-жақты қарастырылған. Шетел тілін үйрету барысында психологиялық аспектілерге көңіл бөлмеу мүмкін емес, ол-адам сана-сезіміндегі шындықтың психикалық заңдылықтарының адамның рухани жан сезімдерінің ойлау іс-әрекетінің көрнісі.

Әрбір сабақтың мазмұнына қарай әдістер мен педагогикалық технологиялар қолдануда студенттердің жеке даралық, психологиялық ерекшеліктеріне айрықша мән беріледі. Әсіресе студенттердің логикалық ойлауы, өзіндік пікірінің маңызы зор. Демек, студент оқу материалдарын терең түсініп, саналы меңгеруі үшін, оның ішкі заңдылығы мен өзара байланысын дұрыс анықтап, тиісті қорытынды жасай білуі қажет.

Сөз әрекеті тілдік материалдардың бәрін оқу-тәрбие ісін жүргізу барысында іскерлік пен дағдыға мықтап айналдырылғанда ғана іске асады. Л.С.Рубинштейн дағдыны саналы түрде орындалатын іс-әрекеттің жаттығулар арқылы автоматтандырылған компоненті деп қарайды [7].

Психологтар дағдыларға қоса оқушы өз ойын дәл жеткізуге септігін тигізетін іс-қимыл, дауыс ырғағы т.б. да қолдану қажет деп есептейді. Ойын сөзбен жүйелі түрде жеткізе алуы үшін адамда алдымен ой туады, ал ой мен сөйлеу-бір-бірімен өте тығыз процесс. Неғұрлым жан-жақты терең ойланған сайын адамның айтпақ болған ойы соғұрлым нақты, айқын болып шығады.

Сөйлеудің негізі ой болып табылатынын айта келе И.А.Зимняя шетел тілін үйренушіні әуелі қызықтыру, талпындыру арқылы ойландыруға жағдай жасау керек екендігін айтады. Ол үшін түрлі көркемдегіш сөздер, қажетті сөз тіркестері, шешендік сөздер, суреттер, ситуациялар, қосымша материалдар қолданылады.

А.А.Леонтьев бұл жүйеде мынандай кезеңдер бар екенін көрсетеді:

а) талпыныс; ә) айтылатын ойдың жоспары, бағдарламасы; б) ойдың іске асырылуы; в) ойдың іске асырылуын сол ойдың өзімен салыстыру\8\.

И.А.Зимняя қазақ тілінде сөйлеу әрекетінің ерекшелігін ескере отырып, оны үш кезеңге бөледі:

- 1) талпындыру;
- 2) қалыптастыру;
- 3) іске асыру;

Сөйлеуге талпындыру кезеңі талпыныс, мақсат, қажеттілік, өзара бірігуі арқылы іске асады. Талпыныс, мақсат, қажеттілік біріге келе сөздің тууына әсер етеді. И.А.Зимняяның тұжырымдауынша қажеттілік пен талпыныс адамды белгілі бір іс-әрекетке итермелейді\9\.

Тіл адам психикасында қажет бола қалған сәтте пайдалана алатындай дағды түрінде болады. Біз А.А.Леонтьевтің «қарым-қатынас жасау үшін қалыптасқан сөз дағдылары жеткіліксіз, ол үшін сөйлеу іскерлігі де қажет» /8/ деген пікірді құптаймыз. Іскерлік шығармашылық іс-әрекетке жетелейді, өйткені ол ойлаумен, сезіммен, қиялмен байланысты.

Дегенмен, ел басқаратын, қоғам болашағы үшін елге қызмет жасайтын әрбір жас өзінің ана тілін ерекше құрметтеп, тіл тазалығын сақтап, кәсіби тұрғыда мәдениетті сөйлей білуі қазіргі заманның талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байшоноу М. Үш тұғырлы тіл-уақыт талабы. Егеменді қазақстан // 2009 қазан.
2. Қазақстан Республикасы «Білім беру заңы» Алматы, 1998.
3. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. (Мұғалімдерге арналған оқу құралы). – Алматы, 1988.
4. Ушинский К.Д. Избранные педагогические соч. В 2-х т. М., 1982.
5. Наурызбай Ж. Этнокультурное образование школьников: взгляд родителей. Журнал «Мысль», 1997 г, № 2, с 81-85 с.
6. Ломоносов М.В. В значение его деятельности для развития просвещения: тезисы докладов Всесоюзной научно-практической конф. /Текст/. -Архангельск, 1986. – 326 с.
7. Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. - М., 1960
8. Леонтьев А.А. Психология общения. 2-ое изд., испр.и доп. М., 1997.
9. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. Алматы, 2005. - 436

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада шешен сөйлеу өнерінің сөйлеу мәдениетіндегі өзіндік ерекше рөлі, шешендік сөздердің қазіргі қоғамдағы мемлекеттік тілге тікелей қатынасы туралы айтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль особенности ораторского искусства в культуре речи, высказывания о красноречии в традиционной культуре, а также прямое отношение ораторского искусства к государственному языку в современном обществе.

ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АРАБ-ПАРСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ЖАЙЫНДА

Отарбекова Ж.К. – ф.ғ.к, доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Тілдің даму процесінде кейбір сөздердің бір тілден екінші тілге кіруі заңды. Бір тілге басқа тілден сөздердің ауысуы сол тілді байытудың бір жолы болып табылады. Араб-иран тілдерінен қазақ тіліне ауысқан лексика я сол тілдердің тікелей қарым-қатынасының әсерінен, немесе Орта Азия халықтарының тілдері, оның ішінде тәжік, өзбек тілдері арқылы ауысқан. Ол сөздер: шаруашылық қарым-қатынастар, саудасаттық арқылы, мәдени және ғылыми қарым-қатынастар, ақындардың шығармалары арқылы қазақ даласына ислам дінінің келіп кіруімен және ислам діні өкілдерінің шығармалары, діни кітаптар арқылы ауысқан.

Қазақ тіліне араб-парсы сөздері көбіне орта ғасырларда Орта Азия ғылымының, мәдениетінің біраз өрлеуіне байланысты енген. Бірақ, орта ғасырдан бұрын араб-парсы сөздері түрік тілдеріне ауыспады деуге болмайды. XI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген М.Қашқари сөздігіндегі «Көне түркі тілдерінде араб-иран тілдерінен ауысқан сөздер мүлде жоқтың қасы» деген пікірді мақұлдай беруге болмайды, өйткені бұл сөздіктен де бұрынғы көне жазбаларда, мысалы көне ұйғыр жазбаларында араб-парсы сөздері кездесе береді. Кейбір көне сөздерді кейде бұл тілдердің қайсысына жатқызу керектігі қиынға соғады, өйткені олар араб-парсы тілдерінде де, түркі тілдерінде де қолданылады. Мысалы, дәрі-дәрмек.

Дәрі және емдеуге қажетті шипалы заттарды осылай да атаймыз. «соңғы кезге дейін... сенімді дәрі-дәрмек болмай келді» (Е. Оразақов).

«Дәрі» мағынасы жеке қолданылса да түсінікті. Қазақ тіліне парсылардан ауысқан. Қос сөздің екінші сыңары да парсы тілінен келген. Парсы тілінде алғашқы тұлғасы – «дарман» болып келеді. Біздің тілімізге сіңіскеннен кейін дыбыстық құрамына сәл өзгеріс кіріп, «дәрмек» қалпына жеткен. Сөйтіп, дәрі-дәрмек қос сөзінің екеуі де парсы тілінен ауысқан және мағынасы жағынан бір тектес.

Өмір-бақи, мәңгі-бақи. Оның беделі өмір-бақи жадынан өшпеске керек еді («Жұлдыз»). Жүністің мәңгі-бақи көздегені Шұғыладай болу ғой (Х.Е.). Бақи сөзі араб тілінен ерте кезден енген. Өйткені ол көне жазбаларда кездеседі, бақи өмірлік деген мағынада жұмсалады. Қазақ тілінен басқа да түркі тілдерінде қолданылады. Түркі тілдерінде бақи өмірлік мағынасынан басқа қалдық, қалған мағыналарында ұшырайды. Қазақ тілінде және басқа түркі тілдерінде қолданылатын баяғы сөзі осыдан туған болу керек. Мұнда «к», «к» дыбыстары «я»-мен алмасқан. Мәңгі сөзі араб тілінде «маһлум» болып айтылады, ақырын, баяу мағынасында жұмсалады. Қазіргі түрік тілінде «маһлүк» болып айтылып, жаратылған, жасалған мағыналарында қолданылады. Көне жазбаларда мәңгі болып келеді. Ең көне жазбалардың бірі болып саналатын Күлтегінге қойылған ескерткіште бұл сөз «мәңгі» болып жұмсалған. Бұл сөз араб тілінен енген бе, әлде түркі тілінің төл сөзі ме оны айту қиын.

Ерлі-зайыпты. Қазіргі тілімізде ер сөзі көбіне *еркек, күйеу, жігіт, ел жақсысы, батыр* мағыналарында қолданылады. Бұл сөз басқа түркі тілдерінің бәрінде де жұмсалады /1, 57-58/. Көне түркі жазбаларында *еркек* дегеннен басқа, ер сөзі *күйеу* мағынасында да айтылған. *Зайып* сөзі *қатын, әйел* сөздеріне синоним. Л.А. Покровская араб тілінің *зағиф, дәрменсіз*, ауыспалы мағынада *әлсіз жыныс, әйел, қатын* мағыналарында жұмсалатын сөзі дейді /1, 60/. Қазақ тілінде *зайып* сөзі жеке қолданыла береді.

Жетім-жесір, жесір-жебір. Әрі кедей, әрі жалғыз жетім-жесір боп қалды (М.Ә.). Жалпақшы Ақ тайлақпен қоса шауып,

Найманды жесір-жебір қылған талап (А.). *Жетім* сөзінің түбірі *жет* болуы керек. *Жесір* сөзі қазақ тілінде көбіне *байсыз, күйеуі өлген әйел, қалыңдық*

мағыналарында жұмсалады: Осы көп мал мен бай ауылдың иесі болған, мына дырдулы көштің басшысы болған жалғыз *жесір* әйел – Қаракөз (М.Ә.).

Жесір сөзі түркі тілдерінің барлығында қолданылмайды, қарақалпақ, қырғыз т.б. тілдерде ғана кездеседі. Бұл сөздің орнына түркі тілдерінде *тұл* сөзі жұмсалады. Көне жазбаларда «*тулы*» /2, 493/.

Қазақ тілінде *тұл* сөзі *жесір әйел* деген мағынадан басқа малдың, дүниенің т.б. заттардың *жетім, иесіз қалуы* мағынасында айтылады. Содан бері Қаракөз қаралы тор бұлбұлындай *тұл төсектің иесі* (М.Ә.).

Жебір (жабрун) араб тілінде *зарлау, күш көрсету* мағыналарында келеді. Қазақ тіліндегі *жемқор, обыр* мағыналарындағы *жебір* сөзі талдап отырған *жебір* сөзімен түбірлес емес, соңғысы *жебір (зиян, жапа, қорлық)* сөздерімен туыстас болуы керек. *Жер* сөзі қазіргі тілімізде ауыспалы мағынада қолданылатын (ана жері, мына жері дегендегі) жер сөзінен туған.

Әуре-сарсаң, көл-көсір, шат-шадыман, хабар-ошар. *Әуре-сарсаң* осы болушы ма еді, бұл қалай болды, Ербол? – деді (М.Ә.). Ұзамай өзеннің мұзы бұзылып, сеңі жүрді; ойпаң жерлерді тегісімен тасқын су басты; иірім-иірім алқаптарды, қамысты қойнауларды ернектете толтырып *көл-көсір* жайылған ызғарлы бозғыл су сел қылып жіберді (Х.Е.). «Қайырлы болсын, *шад-шадыман* екенсіздер, қайырлы болсын!» – деді. (М.Ә.). *Хабар-ошар* көп болатын себебі де сол (М.Ә.).

Әуре-сарсаң. Азабы мол, әбігерге түсу мағынасында тілімізде осы қос сөз арқылы да беріледі (Түс. сөздік). Мысалы: Бүгінгі күн тұтасымен осындай *әуре-сарсаңмен* өтті (М.Ә.).

Алғашқы «әуре» қазақ тілінде жекеше айтыла береді әрі мағынасы да белгілі. Біздің түсінік беріп, төркінін іздегелі отырғанымыз – «*сарсаң*» сөзі. өйткені ол қазақ тілінде қос сөз құрамында ғана кездеседі де, мағынасын біле бермейміз. Түркі тілдерімен туыс саналатын манжур тілінде «*сэрсэн, сарсан*» сөз тіркесі кездеседі. Мағынасы – қалшылдап, дірілдеп, селкілдеп дегенді мегзейді. Мұның өзі әбігерге түскен кісінің бойында болатын құбылыстар. Осыған қарағанда, *сарсаң* сөзінің *әбігермен* қосарлануы заңды құбылыс тәрізді. Енді осы пікірге жүгінсек, әуре-сарсаң қос сөзі әуреге түсіп, селкілдеп деген ұғымға сәйкес келеді.

Сонымен қатар «*саррун*» араб тілінде *қастық, қиянат, шығын* мағыналарында айтылады. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде де кездеседі. Башқұр тілінде – «*сәрсәләнсу*» (диалект) ақымақ болу, өзбек тілінде *сарсон – сасып қалу, есінен тану, абыржу*, ал тәжік тілінде *сарсон – қамын ойлау, абыржу, дымы құру, әуреге салу*. Түркі тілдеріне бұл сөз парсы, тәжік тілдері арқылы енгенге ұқсайды.

Көл-көсір. Бұл қос сөзінің *өте көп, ағыл-тегіл, молшылық, аста төк* мағынасында қолданылатынын байқаймыз. Мұндағы «*көсір*» сөзі тілімізде жеке қолданылмайды. Түп-төркіні түркі тілдеріне жатпайды. Қарастыра келгенде оның «*кусер*» болып келетін араб сөзі екені, *молшылық* мағынасын беретіні анықталды /3, 49/. Араб тілінен «*касир*» сөзі көп мағынасында кейбір түркі тілдеріне енген. Түрік тілінде «*кесир*» көптеген, толып жатқан мағыналарында айтылады. Қазақ тілінде көл сөзі ауыспалы мағынасында ұшы-қиырсыз мол дүние, көп мағыналарын береді. Бұл жағынан *көл* мен *көсір* синонимдес, *кәсір* сөзі қазақ тіліне кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшырап кірген.

Шат-шадыман. Көңілі көтеріңкі, масайраған, мәз-мейрам қалыпты білдіретін қос сөз. Қазақ тілінде және басқа да түркі халықтарының кейбірінде қос сөздің әр сыңары жеке-дара қолданыла береді. Шат осы күнгі түркі тілдерінің біразында *қуаныш* мағынасында қолданылады. Бұл да парсы тілінен енген. Көне ескерткіштерде *шадман, шаттық, қуаныш* мағынасында жұмсалған /1, 424/. Түрік тілінде осы мағынада араб тілінен енген *шатыр* сөзі де қолданылады.

Хабар-ошар. *Хаварун, хавара* араб тілінде *жауап, әңгіме, сөйлесу* /4/. Бұл сөз түрік тілінде *хабер* (хабар, жаңалық) болып жұмсалады. Ошар көпше түрі. Қазақ тілінде ошарлану – *жиналу, топталу, ұйлығу* мағынасында айтылады.

Этимологиялық зерттеулер, яғни тіліміздегі сөздердің төркінін табу арқылы қазақ халқының әр алуан дәуірде басқа халықтармен жасаған қарым-қатынасын немесе өзінің ертеректегі жай-күйін танимыз. Өйткені тіл лексикасының тарихынан сол халықтың өткендегі тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүрінің, мәдени-рухани өмірінің, өзге ел-жұртпен аралас-құралас болғандығының ізі, сәулесі көрініп тұрады.

Жоғарыдағы қос сөздердің көмескі сыңарларына қатысты талдаулар қазіргі тіл тұрғысынан мағынасы түсініксіз сөздердің қай-қайсысының да бастапқыда толық мағыналы сөздер болғандығына туыстас түркі тілдерінің, көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдарына сүйене отырып көз жеткізуге болатынын көрсетіп отыр. Дәрі-дәрмек, өмір-бақи, мәңгі-бақи, ерлі-зайыпты, жетім-жесір, жесір-жебір, жер-жебірі, әуре-сарсаң, көл-көсір, шат-шадыман, хат-хабар т.б. сөздердің мағынасын анықтау барысында қазақ тілінде мағынасыз сөз жоқ, қос сөздердің қай-қайсысы болсын толық мағыналы сөздер болған деген қорытынды жасауға болады. Бұл құбылыс сонымен қатар қос сөздердің жасалу, қалыптасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Қосарлама қос сөздердің қай-қайсысы болсын мәндес, мағыналас немесе қайшы мәндес сөздерден жасалғанына көз жеткіземіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – А., 1966.
2. Махмуд Қашқари. Түркі тілдері сөздігі. – 1960-1967.
3. Нұрмағамбетов Ә. Қос сөздердің құпиясы. – А., 1991.
4. Ондасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – А., 1989.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ тілінде кездесетін, бір сыңары күңгірттенген қос сөздердің этимологиясы қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается этимология некоторых парных слов казахского языка, которые в настоящее время не являются полными словами.

ТЕМАТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ ПУБЛИЦИСТИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ – ОСНОВА ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ “ПАЛИТРЫ” ГАЗЕТНОГО АФОРИЗМА

Румянцева Е.В. – к.филол.н., и.о. доцента (Алматы, КазгосженПУ)

Газетный афоризм (ГА) как фрагмент дискурса русскоязычной прессы Казахстана обладает функциональными возможностями на основе общестилевых признаков. Соединение этих признаков позволяет ГА занять промежуточное положение в системе функциональных стилей, используемых в газетном тексте. Феномен срединности положения ГА (в рамках художественно-публицистического стиля) объясняется целевой установкой авторского намерения, стремящегося к охвату широкого культурологического аспекта (современные реалии, ментальные особенности, уровень развития ценностных предпочтений и др.).

Уровень личностного выражения факта (иначе субъективизация) определяет иерархию газетных текстов и соответственно выявляет их функции, вместе с этим, публицистичность в средствах массовой информации актуализирует оценочность,

воздействие и интегрирует это в текстовых материалах. ГА выделяется функциональными параметрами на основе общестилевых признаков: отчетливо представленной авторской оценкой, основанной на культурно-ценностных предпочтениях; авторским видением мира; концептуализацией изложения, включающей когнитивные модели; включением экспрессивных языковых средств; присутствием равноправных логических и образных элементов в повествовании и др. ГА, рассматриваемый в соотношении “коммуникативная задача – языковая форма”, обладает функционально – стилевыми чертами, помогающими дифференцировать его самостоятельность как жанровой структуры. Ведущими стилевыми чертами афоризма являются следующие: информативная емкость языковых (лексических средств), коммуникативная четкость, экспрессивная насыщенность, компактность изложения, обобщенность плана содержания и плана выражения (на кванторной основе), семантико-эстетическая автономность. Аутентичный текст афоризма обладает содержательными полемическими оценками, подкрепленными коннотациями, концептуально-понятийным аппаратом, что в конечном итоге приводит к прагмалингвистической значимости и выполняет экспрессивно-стилистическую функцию в газетном дискурсе.

Мотив прямого пожелания, который реализуется в зоофорных антропонимах. В русском языке в основе зоофорных имен лежат мотивы дескриптивного характера – сходство именуемого с тем лежат мотивы дескриптивного характера – сходство именуемого с тем или иным животным (метафорический перенос), либо мотив предохранения, то есть фактор табуистического характера. Хотя на ранних этапах развития русского языка (дохристианский период) бытовало мифологическое представление об имени, однако в русских зооформах именах тотемизм на современном этапе не ощущается.

- мотивы, восходящие к названиям растений. Образование антропонимов от нарицательных имен – названий растений имело и в русском языке в ранние периоды становления антропонимической системы. Отголоски этого процесса нашли отражение в русских фамилиях: Арбузов (арбуз), Дубов (дуб), Горохов, Малинин (малина), Тополев (тополь), Репин (репа), Липов (липа).

- мотивы восходящие к названиям камней, металлов. В русском же языке встретилось лишь одно имя, восходящее к мотивам металлов и камней: Алмаз. Однако этот мотив на более ранних этапах единично встречался в именах: Бриллиант, Гранат, Самоцвет, Серебро, Топаз.

Анализ антропонимии казахского и русского языков позволяет нам сделать о принадлежности сопоставляемых языков в сфере антропонимов к двум разным мотивационным типам.

Первый мотивационный тип характеризуется абсолютным планом мотивации; антропонимам присуща отапеллятивная мотивация, внутренняя форма антропонима полностью не исчезает, в той или иной мере она высвечивается в любом употреблении личного имени. Антропонимы этого типа в большей мере ориентированы на различительную функцию. Примером первого мотивационного типа служит антропонимическая система казахского языка.

Второй мотивационный тип представлен антропонимической системой русского языка. Для него характерны относительный план мотивации, отантропонимическая мотивация; система антропонимов является замкнутой, в одновременном употреблении находится узкий круг антропонимов, наблюдается высокая частотность небольшого круга имен, что естественно не позволяет русским антропонимам в должной мере выполнять свою главную функцию – различительную. Антропонимы второго мотивационного типа в большей мере ориентированы на социальные и ритуальные функции.

При сопоставительном изучении истории становления антропонимических систем казахского и русского языков выявляются следующие явления:

1. И в русском языке, и казахском языке первый этап развития антропонимии характеризуется богатством мотивов именовании, и при этом большинство мотивов совпадает: названия животных (русс. Барсук, Бык, Конь, Корова; каз.: Арыстан,

Борибай, Жылкыбай, Каскырбай), небесных светил (русск. Звездин, Месяц, Солнцев; каз.: Айжан, Айжамал, Айтуган, Шолпан), названия внешних данных человека (русск.: Беззуб, Горбач, Плакса; каз.: Акбас, Кисык, Каракоз), отражение обстоятельств рождения (русск.: Вешняк, Неделя, Поздняк; каз.: Аманжол, Жанбырбай, Каржау), место рождения (русск.: Казанцкв, Муромец, Ростовцев; каз.: Балхаш, Едил, Жамбыл, Ташкенбай).

2. В первом периоде и в русской, и в казахской антропонимии наблюдается тесная связь между апеллятивами и антропонимами, круг антропонимов свободно пополняется за счет нарицательных основ (русск.: Жданко, Найден, Невзор; каз.: Алтын, Бори, Кумис, Жибек).

3. В обоих языках на ранних этапах становления антропонимии существовали охранные имена (русск.: Злоба, Горянин, Некрас; каз.: Жаман, Жыланкоз, Италмас).

4. В антропонимии обоих языков, начиная со второго периода, наблюдалось сильное влияние религии и языка распространения этой религии – ислама и арабского языка на казахскую антропонимию (Жусип, Муса, Мухаммед) до настоящего времени казахским именам придается сакральное значение; христианства и греческого языка на русскую антропонимию (Ангелина, Арсений, Герасим, Муза, Тихон, Трофим). Необходимо подчеркнуть, что после крещения Русь обогатилась именным наследием: с византийскими святыми пришли греческие, еврейские, римские и другие имена. Многие из них настолько обрусели, что популярнейшими русскими именами стали считаться древнееврейские Иван да Марья.

5. В обоих языках, начиная с раннего периода и кончая 1917 годом, наблюдалось социальная дифференциация, что проявлялось, во-первых, в структуре личных имен. Одноосновное имя и в русской, и казахской антропонимии, в основном характерно для рядовых представителей народа. Имена знати, высшего сословия были двухосновными. Двучленные и трехчленные наименования вначале были распространены также среди высшего сословия.

6. Особенность истории русской антропонимии состояла в том, что, начиная с X-XI вв., русская антропонимическая система жестко регламентируется сначала религиозными канонами, церковью, а затем, XVII-XVIII века – государством, что привело к серьезным изменениям – к формированию антропонимии как замкнутой системы, потерявшей связь с апеллятивами. Замкнутость, разобщенность личных имен и апеллятивных основ в последние два периода, привела и изменению мотивационного типа русских антропонимов, к преобладанию внешней мотивации: благозвучие, необычное звучание, ассоциация с чем-то приятным и т.д. Личное имя воспринимается лишь как идентифицирующий знак, не имеющий ничего общего со значением апеллятивной основы, от которой образован антропоним.

7. Казахская антропонимическая система, хотя и испытывала влияние ислама, однако такой жесткой регламентации, как это наблюдалось в русской антропонимии, процесс именования в казахском языке не подвергался. Отсутствовало, вплоть до 1917 г., и давление государства. В силу этих обстоятельств развитие казахской антропонимии шло в соответствии с тенденциями, наметившимися еще на ранних этапах развития языка, к которым относится тесная связь антропонимов и апеллятивных основ, четко выраженная и ясно ощущаемая мотивированность антропонимов, преобладание внутренней мотивации, наличие большого количества мотивов именования.

В казахском языке до настоящего времени в антропонимах ощущается отождествление имени и человека, вера во власть имени. Закрытость антропонимической системы русского языка и открытый характер казахской антропонимии проявляется в несоизмеримости количества русских и казахских имен, находящихся в обращении. Казахских имен намного больше, чем русских.

8. В обоих языках наблюдается отантропонимическая мотивация, когда выбор имени обусловлен не значением апеллятивной основы, а человеком или персонажем-

носителем этого имени: Олжас (не от сочетания ол жас, а от Олжаса Сулейменова), Шынгыс (от Чингиза Айтматова) Индира (от Индиры Ганди, очень распространено в казахском имянаречении), Юрий (от Юрия Гагарина), Татьяна (от Татьяны Лариной).

9. Спецификой казахского имени следует считать наличие антропокомпонентов, восходящих к наименованиям титулов, чинов, такие как: -бек, -бай, -султан, -хан.

10. В истории антропонимии и русского, и казахского языка зафиксированы случаи переименования или дополнения имени человека в уже во взрослом возрасте в соответствии с его поступками: Аблай-хан, Александр Невский.

11. И в русском, и в казахском языках формула именования прошла путь: одночленное (личное имя), =====> двучленное наименование (личное + патроним). Далее пути их несколько разнятся: русская антропонимическая формула становится трехчленной: личное имя + патроним + фамилия (Ирина Евгеньевна Самойлова, Петр Сергеевич Романов). На современном этапе с трехчленной формулой конкурирует двучленная формула (личное имя + фамилия: Алла Пугачева, Николай Басков и т.д.).

Казахский же язык утверждается в двучленной формуле (личное имя + патроним): Алмас Жомарт улы, Молдир Касымхан кызы. Трехчленная формула именования в казахской антропонимии существовало в советскую эпоху в результате влияния русского языка и факторов политического характера. В настоящее время сосуществуют и двучленная (личное имя + патроним) и трехчленная (личное имя + патроним + фамилия), но тенденция в казахской антропонимии идет к двучленной формуле.

В последнее время как в русской, так и казахской антропонимии появились древние имена: Зарина (Зор ене), Тумар (Томирис, Тумар-ханым), Забава, Добрыня, Василиса и очень популярны имена в русском языке: Александр, Анастасия, в казахском языке – Асхат, Санжар, Асем, Айжан, Динара (данные 2009 года).

Таким образом, исследование антропонимических систем казахского и русского языков в современном их состоянии являются результатом действия многих экстралингвистических факторов, во многом определивших характер мотивационного типа этих систем.

ЛИТЕРАТУРА

1. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М., 1973. – С. 45.
2. Бондалетов В.Д. Русский именник, его состав, статистическая структура и особенности изменения. – В сб.: Ономастика и норма. – М.: Наука, 1976. – С. 12.
3. Рустемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. – Алма-Ата: Мектеп, 1989.
5. Джанузаков Т. Социально-бытовые мотивы в казахской антропонимике // Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. – М., 1970. – С. 194-200.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы генезиса мотивации антропонимов казахского и русского языков.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ және орыс тілдерінің антропонимдерінің генезисі қарастырылады.

ҰЛТТАНУҒА ҚАТЫСТЫ ТІЛ БІЛІМІНІҢ САЛАЛАРЫ

Тәжіғұлова С. – жоғары санатты мұғалім (Алматы қ-сы, №95 мектеп)

Тіл ғылымында тілді ұлтпен байланыстыра қарастыратын салалар қалыптасты. Олардың бастылары – лингвомәдениеттану мен этнолингвистика. Бұл салаларды білу өзге тілді аудиторияда қазақ тілін үйретуде өте маңызды. Өйткені тіл арқылы ұлтты танудың мүмкіндігі мол.

Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этика-эстетикалық, рухани және тұрмыстық қатынастар мен олардың заңдылықтарын тілдік құрал арқылы зерттейтін тіл білімінің бір бағыты. Осы тұрғыдан алғанда лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты-ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, халықтың танымдық рухани болмысын, мәдениетін таныту.

Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл өз бойында ұлт тарихын, тіл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылысына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, мәдениет. Сондықтан оны зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіндігі шектеулі. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде бір бүтін етіп тұтастырушы. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. салалары өріс алып келе жатыр /1, 251/.

Кез келген тілдік құбылыстың табиғатын оның тек тілдік заңдылықтарына сүйеніп қана қоймай, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына назар сала қарау лингвомәдениеттану пәнінің үлесіне тимек.

Қазақ тіл білімінде Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова т.б. мәдениетті тілден бөліп алып қарамай, тіл-мәдениеттің бір көрінісі, ол екеуінің арақатынасы ерекше де маңызды деп санайды]. Себебі, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнелеп көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі. В.Гумбольдт айтқандай: «Ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл».

Лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көріністерін, тіл фактілері мен халықтық танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады.

Этнолингвистика ғылымы қазақ тіл білімінде ең алғаш 80-жылдардан бастап сөз етіле басталды. Қазақ тіл білімінде ғылымның бұл саласы Ә.Т. Қайдарға дейін арнайы сөз болған емес. Белгілі ғалым Ә.Т. Қайдар осы пәннің мақсаты мен міндеттері жөнінде айта келіп, мынадай тұжырым жасайды: «Этнолингвистика, егер оның түп – тамырына тереңірек үңілсек, этнография мен лингвистиканың жай қосындысы емес бір шаңырақ астында әрқайсысы өз бетінше тон пішіп, өзінің жырын жырлайтын шартты түрде ғана қосарласқан дүние емес, этнолингвистиканың объектісі – этнос және тіл, тілсіз этнос, этноссыз тіл өмір сүруі мүмкін емес» /2, 18/ – дей келе, академик Ә. Қайдардың «Ана тіліміздің бай қоры - ұлттық болмыс – бітімді танытатын тілдік этнодеректердің қазынасы» деген пікірі қазақ этнолингвистикасының негізін салып, аталмыш ғылым жайында: «этнолингвистика – этностың (одан ұлыс, халық, ұлт) инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қолданып, рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге

үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі құнарлы саласы» /2, 475/.

Этнолингвистика мен мәдениеттану халық мәдениетімен, тарихымен, тілімен тікелей байланысты. Бұл жайында М. Копыленко «Это направления изучает этнос зеркале языка. В нем нет симбиоза дисциплин, поскольку язык представляется главным и непосредственным предметом анализа: этнология, культурология, история, и прочие нелингвистические дисциплины привлекаются как вспомогательные» /3, 111/, – дейді.

Ғалымдардың этнолингвистика мен лингвомәдениеттануға берген ғылыми тұжырымдары, пікірлері, дәлелдері арқылы осы екі саланың ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын байқауымызға болады:

- Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика ғылымдары тілдік фактілерді мәдениеттану аспектісі негізінде халықтың рухани, материалдық мәдениетін зерттейді;
- Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика тарих, этнография ғылымдарымен тығыз байланысты, өйткені осы пәндердің деректерінсіз мәдениетті тану мүмкін емес;
- Лингвомәдениеттану мен этнолингвистикаға ортақ нәрсе – ұлт, этнос, тұлға, менталдық, дүниетаным;
- Этнолингвистика – көне дүниелерді қарастырса, лингвомәдениеттану халықтың өткені мен бүгінгі қазіргі күн тұрғысынан қарастырады;
- Тіл-қоғамдық құбылыс, ал мәдениет – адамзат баласының жемісті еңбегі, демек, тіл, мәдениет – ғасыр тарихы;
- Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика ғылымдары сол халықтың мәдени өмірін туыстас халықтардың этнографиялық мәдениетімен байланыстыра қарастырады және т.б.;

Дегенмен де, этнолингвистикалық зерттеулердің алғашқы нышаны ретінде тіліміздің байлығы мен мәдениетіміздің рухани қазынасы ретінде осы салада зерттеу жұмыстарын жүргізген С. Жақыпов, К. Күркебаев, М. Күштаева, М. Мұсабаева, Р. Панзарбеков, А. Сейілхан, Ш. Сейітова, Ұ. Серікбаева, Ә. Хазимова және т.б. еңбектерін атауымызға болады.

Қазір қазақ тіл білімінде соңғы жылдары дамып келе жатқан этнолингвистика саласындағы зерттеу жұмыстары баршылық. Мысалы, К. Ароновтың «Қазақ тіліндегі халықтық космоимдердің этнолингвистикалық табиғаты», Қ. Ғабитханұлының «Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер», С. Жанпейісованың «Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы», Р. Иманалиеваның «Этнолингвистические вопросы изучения средств выражения пространственной ориентации в казахском языке», Г. Кусимованың «Фразеологизмы в казахском эпосе», Ж. Манкееваның «Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы», А. Мұқатаеваның «Этнолингвистические изучение лексикки казахского языка», Н. Оңғарбаеваның «Қазақ жұмбақтарының тілі», С. Сәтенованың «Образно-фоновые основа устойчивых выражении на основе лексикки скотоводства в казахском языке», Б. Уызбаеваның «Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты» т.б.

Этнолингвистиканың зерттеу материалдарының бірі – тіліміздегі этномәдени лексикалар тобы. Бұл жөнінде де қазақ тіл білімінде біраз зерттеулер бар.

Тіл білімінің осы жаңа саласын көптен бері зерттеп келе жатқан ғалым Е. Жанпейісов «Этнолингвистика қазір өз алдына дербес пән ретінде ғылымның алдыңғы шебіне шығып, басқа білім салаларымен өзінің ара-жігін объектісі мен зерттейтін материалын, міндетін анықтап алу, қалыптасу сәтін бастан кешіруде. Этнолингвистика өзінің бітім болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі, ол этностың қазіргісін емес, көбіне-көп өткенін зерттейді. Ал

этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқын көрінеді. Этномәдени лексикаға сол этнос мекен еткен аймаққа тән табиғат құбылыстарының заттық мәдениет лексикасы, рухани мәдениет лексикасы жатады» /4, 7/, – дейді.

Қазақ тілі этнолексикасының негізін тіліміздегі мағынасы күңгірттенген, тіл иесі сөйлеу барысында бұл сөзді қолданғанымен де, мағынасына терең бойлап, жете түсіне бермейтін, не қолданыстан шығып, архаизмге айналған сөздер құрайды. Олардың көбін фразеологиялық тіркестердің сыңары ретінде кездестіруге болады. Этнолингвистиканың осындай тобын зерттеуде қазақ тіл білімінде Р. Ғ. Сыздықтың еңбектері ерекше құнды. Ғалым кейінгі жылдарда эпостық және лиро – эпостық жырлар мен жыраулар тіліндегі көнерген сөздерге текстологиялық таңдаулар жасады. Бұлардың көпшілігі «Сөздер сөйлейді» кітабына енеді.

Тілде әрбір халықтың ұлттық сана – сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез – құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары тіл арқылы ұрпақтан – ұрпаққа ауысып отырады.

Жалпы тіл – мәдениеттің барлық саласының дамуына дәнекер. Адамзат қоғамы тілдің осы қасиеті арқылы ілгерілеген. Қандай халық болмасын оның ұлттық тілі сонау рулық, тайпалық, халықтық сатысынан бастау алып сол дәуірдегі мәдениетпен бәрге өмір сүріп, әр дәуірдің мәдениетін жалғастырып, қазірге дейін жетуіне арқау болған. Ал осы ұлттық мәдениетімізді зерттеу, мәнін ашу – этнолингвистиканың үлесі. Өйткені этнолингвистика тілді ұлттық мәдениетпен, халықтық менталитетпен байланысты зерттеуге бағдарлайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 3 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997. – 272 б.
- 4 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1970. – 13 б.
- 5 Копыленко М.М. Основа этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – С. 71.
- 6 Жанпейісов Е.М. Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 7 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазақ лингвистикасында тілдік бірліктер этнос пен қоғамның бірлігі ретінде жаңа бағытта қарастырылып жүр. Оған түрлі ғылымның тоғысуынан туындаған этнолингвистика, лингвамәдениеттанымдық зерттеулер жатады.

РЕЗЮМЕ

В казахской лингвистике развиваются новые направления, рассматривающие языковые единицы в диаде этнос (нация) и общество. К ним относятся лингвокультурология и этнолингвистика, которые появились в стыке разных наук.

ПРОБЛЕМА НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ СПЕЦИФИКИ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Ханкишиева Э.М. – ст. преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

К настоящему времени достаточно четко оформились направления исследования национально-культурной специфики деятельности социума: физиологический, нейрофизиологический, психический, культурологический (философский, исторический, лингвистический).

Важно уточнить, что в лингвистике и психолингвистике за последние десятилетия уже сложилась традиция изучения отражения национально-культурной специфики в

языке и речевой деятельности, в большинстве случаев это исследования, касающиеся лексики различных языков.

Так, Н.Л. Шамне выделяет два аспекта изучения национальной специфики семантики лексической единицы: первый аспект связан с изучением национально-специфической семемы (семем) в семантической структуре слова, причем эта семема является безэквивалентной, хотя может и иметь некоторые переводные соответствия; в рамках второго аспекта исследуется наличие национально-специфических компонентов в структуре значений лексических соответствий, эти несовпадающие компоненты значений выявляются при анализе векторных соответствий, при словарном рассмотрении единицы /1, с. 173/.

За разные виды национальной специфики семантики, как утверждает И.А. Стернин, отвечают разные макрокомпоненты значения. Национально-культурная специфика, обнаруживаясь в случаях полной (мотивированной) безэквивалентности или отсутствия/наличия определенных компонентов значения, обусловленном отсутствием/наличием соответствующих признаков в называемых словом объектах материальной и духовной культуры, сосредоточена в денотативном и эмпирическом компонентах значения; национально-концептуальная специфика, выявляемая в случае немотивированных лакун и межъязыковых родовидовых несовпадениях, сосредоточена в денотативном компоненте; национально-оценочная и национально-эмоциональная – в коннотативном; национально-языковая специфика, отражающая различия между единицами двух языков, связанные с исторически сложившейся системой языков и не связанные с культурой или особенностями мышления народа, представлена в структурном макрокомпоненте значения /2, с. 116-120/.

Современных исследователей интересует прежде всего интроспективный подход, поскольку сравнительно-историческое языкознание, предоставляя огромное количество материала о специфике языковых систем, не решает проблему порождения механизма этой специфики. В связи с этим Д.О. Добровольский справедливо замечает, что интроспективный подход более полно может реализоваться в психолингвистических исследованиях, когда выявляется национальная специфика языка глазами его носителей, осознающих свои собственные национально-культурные характеристики и через их отражение в языке /3/.

Многими учеными отмечается фрагментарность, несистемность таких исследований /4, с. 189/. Отдельные неполные исследования, не учитывающие всего многообразия факторов, влияющих на этнически специфичную речевую деятельность в целом, не могут претендовать на вскрытие механизмов, лежащих в основе такой деятельности. Известно, однако, большое количество работ по сопоставительному языкознанию, в рамках которого поуровнево исследуются языковые системы практически всех языков мира. Зафиксированные в ходе сопоставительных исследований языковые различия не отвечают на вопрос о специфике речевой деятельности того или иного этноса и тем более не дают представления о способах ее преодоления в практическом отношении. Постулирование необходимости знания или, по крайней мере, учета культурного компонента значения, самих реалий чужой культуры для обеспечения понимания в межкультурной коммуникации, давно уже стало аксиомой; предлагаются многочисленные методики описания национально-культурной специфики различных единиц языка, однако не обнаружен механизм межкультурного взаимодействия и общения, потому и не разработаны методики по достижению эффективной коммуникации. Более того, оставаясь в рамках зафиксированных значений, пусть даже с выявленными национально-культурными компонентами, не удастся объяснить процессов их понимания/непонимания, усвоения/неусвоения, принятия/непринятия. Поэтому в современной науке и возникают направления по поиску национального (этнического) сознания, национального (этнического) компонента сознания, национальной (этнической) картины мира,

менталитета (ментальности) и т.п., как точке сосредоточения национально-культурной специфики.

Следует отметить, что в настоящее время возможность моделирования картины мира (концептуальной системы) индивида (этноса) не вызывает сомнения. При необходимом различии картин мира в определенных компонентах или в целом сущность концептуальной картины мира понимается как деятельностная и определяется как система информации об объектах, репрезентируемая в деятельности индивида. Национальная или национально-культурная специфика обуславливается наличием соответствующего компонента в картинах мира индивидов, интеграция которых и обеспечивает национальную (этническую) целостность и самосознание.

Национально-культурная специфика речевого общения, по утверждению А.А. Леонтьева, складывается под влиянием системы факторов, действующих на разных уровнях организации процессов общения и имеющих разную природу. Это факторы, связанные с культурной традицией; факторы, связанные с социальной ситуацией и социальными функциями общения, соотносятся с функциональными подъязыками и функциональными особенностями, а также с этикетными формами; факторы, связанные с этнопсихологией в узком смысле, т.е. с особенностями протекания и опосредования психических процессов и различных видов деятельности; факторы, определяемые спецификой языка данной общности /4, с. 191-192/.

Как известно, культура – это совокупность искусственных порядков и объектов, созданных людьми в дополнение к природным, заученных форм человеческого поведения и деятельности, обретенных знаний, образов самопознания и символических обозначений окружающего мира.

К компонентам культуры, несущим национально-специфическую окраску, относят традиции как устойчивые элементы культуры, а также обычаи и обряды, выполняющие функцию неосознанного приобщения к господствующей в данном обществе системе нормативных требований; быт, бытовую культуру, тесно связанные с традициями; повседневное поведение (привычки), мимический и пантомимический коды, используемые некоторой лингвокультурной общностью; национальные картины мира, отражающие специфику восприятия окружающего мира, национальные особенности мышления носителей некоторой культуры; искусство.

В современной культурологии выделяется несколько научно-исследовательских направлений. В основу ценностной концепции положено понимание культуры как совокупности материальных и духовных ценностей, имеющих свой аспект рассмотрения в структуре различных наук.

Деятельностный подход рассматривает культуру как внебиологически выработанный и передаваемый способ человеческой деятельности. Так, С.А. Арутюнов выделяет две модели межкультурного взаимодействия: взаимодействие локальных культур с общемировой индустриально-городской культурой и взаимодействие локальных культур друг с другом (в частности, между этническими культурами), при этом одна из культур выступает донором, а другая – реципиентом /5, с. 157/. С.Г. Ларченко и С.Н. Еремин исследуют один из аспектов межкультурного взаимодействия – межэтнический, содержанием которого служит изучение взаимодействия систем производства человека, а также формирования новых этнических общностей. Культура, в их интерпретации, это конкретно-историческое единство системы социальной деятельности. Оставаясь в рамках деятельностного подхода к сущности культуры, исследователи говорят об односторонней направленности межкультурных взаимодействий: передача накопленных культурных ценностей от высокоразвитой культуры к слаборазвитой /6, с. 161-163/.

Знаковый подход, изучая культуру как совокупность знаков и знаковых систем (мифология, язык, религия, искусство и т.д.), обосновывает двунаправленность межкультурных взаимодействий. Культура, согласно данному аспекту, представляет

собой механизм коллективной памяти, интеллектуальные свойства которого подразумевают наличие коллективного сознания. Коллективная память этноса формируется в результате семиотического освоения окружающего природного и социального мира. Процесс освоения включает в себя определение себя и других в качестве объектов своего сознания и осмысления взаимодействий с ними. Осознание отличий между представителями «своей» и «другой» этнической общности в результате сопоставления, основанного на принципе «мы – они», способствует возникновению представлений об общих для всех членов данного этноса специфических чертах, отражающих особенности «мы».

Этнокультурная проблематика уже давно привлекла внимание представителей самых разных наук, однако, несмотря на многолетние диспуты, до сих пор отсутствует какое-либо общепринятое определение этнической культуры. Современная отечественная этнология рассматривает этническую культуру как совокупность присущих этносу способов освоения условий своего существования, направленных на сохранение этноса и воспроизводство условий его жизнедеятельности. Главным здесь является функциональный аспект культуры, понимание ее как адаптивного механизма, облегчающего человеку жизнь в окружающем мире. Более того, защитные механизмы этнической культуры направлены на преодоление конкретной угрозы извне. Так, С.В. Лурье, говоря о действии защитного механизма этнической культуры и уровнях адаптации этноса к окружающей среде /7, с. 41-42/, утверждает, что, во-первых, в качестве защитного механизма выступает сама этническая культура – такая первичная систематизация мира, которая дает принципиальную возможность действовать. Это связано с формированием центральной зоны культуры, содержанием которой являются этнические константы, т.е. с формированием этнического бессознательного. Во-вторых, это адаптация центральной зоны культуры к конкретным условиям существования этноса, что связано с кристаллизацией вокруг центральной зоны инвариантов этнической картины мира и способствует самоконструированию этноса. В-третьих, это искаженное восприятие членами этноса реальности, а именно невосприимчивость их к информации, противоречащей содержанию этнических констант (можно смотреть, но не видеть).

При столкновении с опасностью этнос первым делом старается вписать ее в уже существующую картину мира, часто не замечая имеющиеся несоответствия между ними, что объясняется высокой устойчивостью этнической картины мира. Только когда реальность слишком явно не укладывается в эту картину, традиционное сознание этноса начинает распадаться. Это означает, что этносу нужно сформировать новую картину мира, сохраняя в неприкосновенности центральную зону культуры. Будучи не в силах изменить мир, этнос меняет себя. Начинается период смуты, который есть не что иное, как кризис самоидентификации.

Таким образом, изучение межкультурных взаимодействий представляет собой исследовательское направление, в рамках которого категория культура в большей степени приспособлена к освещению различных аспектов взаимоотношений между этническими группами в сравнении, например, с исследованием межнациональных отношений.

Центральной в этом аспекте остается проблема межкультурной коммуникации. Основные вопросы, возникающие при обсуждении понятия межкультурная коммуникация, таковы: а) насколько значимы различия в индивидуальном, универсальном и этническом (национальном) той или иной культуры; б) каковы закономерности межкультурной коммуникации; в) отличаются ли они от коммуникации в монокультурной среде и др.

Известны различные коммуникативные модели и схемы, включающие такие компоненты, как адресат, сообщение (вербальное и невербальное), адресант, обратная связь. Межкультурная коммуникация в узком смысле означает культурное

взаимодействие между разными актантами одного общества и одного языка, коммуникация же между актантами разных обществ и разных языков понимается как межкультурная коммуникация в широком смысле /1, с. 28/.

Выстраивая свою концепцию межкультурного общения в современной отечественной психолингвистике, Е.Ф. Тарасов обращает внимание на то, что межкультурное общение является патологичным, поскольку «нарушается обычно автоматизированный процесс речевого общения и становятся заметны составляющие его части, не различимые в норме» /8, с. 11/. Более того, рассматривая специфику культур в оппозиции своя и чужая, оказывается, что своя культура – это норма, она наделена положительными качествами, она адаптивна, чужая же культура воспринимается как отклоняющаяся от нормы. Как полагает Е.Ф. Тарасов, главная причина непонимания при межкультурном общении – различие национальных сознаний коммуникантов /8, с. 8/.

Межкультурная коммуникация как коммуникация между представителями различных лингвокультурных сообществ возможна, разумеется, при наличии общего кода и протекает эффективнее в случае общности психических ассоциаций и языковых коннотаций: «общность присвоенной культуры... определяет общность сознаний коммуникантов, которая... обеспечивает возможность знакового общения, когда коммуниканты, манипулируя в межсубъектном пространстве телами знаков, могут ассоциировать с ними одинаковые ментальные образы» /9, с. 10/.

Важно отметить, что термины представляют собой один из важнейших культурных элементов ориентации человека в окружающей действительности. Выступая в качестве посредников в процессе специальной коммуникации, термины способствуют постоянному развитию познавательной и преобразующей человеческой деятельности.

В качестве носителей специальной информации термины выступают необходимым условием существования, хранения и развития профессионально-научного знания. При этом терминологическая информация обладает свойством открывать перед нами завесу прошлого, учить настоящему и вводить в будущее; посредством данной информации можно передавать сведения о самом факте существования соответствующих реалий, об источниках их появления, о контактах народа – носителя данного языка – с другими народами, об уровне развития культуры этих народов. Изучение этимологии термина позволяет определить место и время его создания, соотнести процесс образования термина с закономерностями формирования конкретной терминосистемы, вскрыть взаимодействие внешних и внутренних языковых факторов. Тем самым открывается возможность для получения важнейшей культурологической информации, которая помогает воспроизвести многие социально-исторические события и представить процесс обретения профессионально-научных знаний в целом.

Рассмотрим один из самых ярких аспектов проявления национального своеобразия языковой семантики – выбор признака вторичной номинации, при этом можно увидеть общий для всех языков механизм, лежащий в основе именования. Как правило, это характеристика предметов или явлений с точки зрения свойственных им черт, составленная на основании их сравнения с другими предметами или явлениями, обозначенными словами соответствующего языка.

Так, термин *ана тілі (родной язык)* соотносится с общеупотребительным словом «мать» (букв. *язык матери*), в то время как его русский эквивалент – со словом «родной», но в обоих случаях именуемое терминологическое понятие квалифицируется сквозь призму образно-ассоциативного восприятия.

Часто выбор мотивирующей основы для нового понятия диктуется специфически национальными внутренними и внешними языковыми факторами, которые выступают во взаимной обусловленности. В таких случаях создаются, как правило,

мотивированные термины с "живой" внутренней формой, осознаваемой носителями языка. При этом нередко для обозначения тождественных понятий в разных языках в качестве основания номинации избираются отнюдь не тождественные признаки, хотя соотносятся они обычно с наиболее существенными сторонами именуемого явления.

Своеобразие национального информационного отражения связано с выбором различных признаков терминологической номинации для именованного объекта.

Возможности национального языка могут диктовать выбор определенной основы в качестве ведущего признака номинации при образовании того или иного термина. При этом выбор ведущего признака представляет собой одновременно и оценку, и интерпретацию именуемого объекта, которые сочетают в себе субъективные и объективные моменты, ибо выделенные признаки, послужившие основанием номинации, "поставляют", как правило, объективную информацию о соответствующем предмете или явлении. Так, внутренняя форма термина *түбір* непосредственно связана со значением слова *түбір* – «корень дерева», «пень», термин *тырнақша* (*кавычки*) мотивирован значением слова *тырнақ* – «ноготь», «коготь», слово *дауысты* в терминологическом словосочетании *дауысты дыбыс* мотивирован значением слова *дауысты* – «обладающий голосом».

Таким образом, аккумулируя ценную когнитивно-культурологическую информацию, термин становится источником социального знания, которое проявляется на двух уровнях. Первый характеризуется национально-культурной спецификой языкового выражения данного знания; второму уровню присущи интернациональные черты, обусловленные общечеловеческим характером мышления. В этой связи выявление национально-культурной специфики лингвистических терминов в современном казахском языкознании выступает актуальным направлением исследования.

ЛИТЕРАТУРА

1. Шамне Л.Н. Актуальные проблемы межкультурной коммуникации: Уч. пособие. – Волгоград: Изд-во Волг. ун-та, 1999. – 208 с.
2. Стернин И.А. Структурная семасиология и лингводидактика // Русское слово в лингвострановедческом аспекте. – Воронеж: Изд-во Ворон. ун-та, 1987. – С. 104-121.
3. Добровольский Д.О. Национально-культурная специфика во фразеологии // Вопросы языкознания. – 1997. – № 6. – С. 37-48.
4. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М.: Смысл, 1997. – 287 с.
5. Арутюнов С.А. Народы и культуры: развитие и взаимодействие. – М.: Наука, 1989. – 247 с.
6. Ларченко С.Г., Еремин С.Н. Межкультурные взаимодействия в историческом процессе. – Новосибирск, 1991.
7. Лурье С.В. Историческая этнология: Учебное пособие для вузов. – М., 1997. – 448 с.
8. Тарасов Е.Ф. Межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания // Этнокультурная специфика языкового сознания. – М.: ИЯ РАН, 1996. – С. 7-22.
9. Тарасов Е.Ф. Введение // Язык и сознание: парадоксальная реальность. – М.: ИЯ РАН, 1993. – С. 3-12.

РЕЗЮМЕ

В статье определяется необходимость исследования национально-культурной специфики терминов казахской лингвистики.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ лингвистикадағы ұғымдардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеудің қажеттілігі анықталады.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ ОЙЛАРЫ

Юсуп А.Н.- аға оқытушы(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің дамуы мен қалыптасуында маңызды орын алатын Алаш зиялылары қазақ халқының рухани-мәдени өрлеуіне зор ықпал жасады. Олар сол кезеңдегі кеңестік жүйенің адуынды саясатына қарамастан, қазақ лингвистикасына айтарлықтай үлес қосты. Қазақ тіл білімінің атасы саналатын А.Байтұрсынов сынды ұлы оқымысты бастаған қазақ тіл білімі айналасы он-он бес жыл көлемінде тіліміздің дыбыстық жүйесі, сөздік қоры мен құрамы, әдеби тілі, грамматикасы, оқыту әдістемесі, терминологиясына қатысты өздерінің көзқарастарын білдіріп, келешек саналы ұрпаққа сүбелі еңбектері мен ғылыми зерттеулерін қалдырды. Осындай бай мұраға ие болған тілші-ғалымдар уақыт өте келе аталған еңбектердің әділ бағасын берері анық. Бұл туралы Е.Тілешов өз еңбегінде былай деп ой қорытады: «Алаш зиялылары қалыптастырған зиялы қауым өкілдерінің ана тіліміз – қазақ тіліне арналған еңбектері, тіл жолындағы күрестері – сол дәуірдің тарихи мәні бар деректері ғана емес, сонымен бірге өміршең дәстүр қалыптастырар тағылымды мұра болуымен де құнды. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы – осы ұлт азаматтарының ізденімпаздығы мен білімпаздығын байқатады» /1,3б/. Ғалымның ойын ары қарай сабақтар болсақ, жалпы Алаш зиялыларының қазақ тіл білімінде салған сара жолын төмендегідей жіктеуге болады:

- 1) қазақ тіл білімінің ғылыми негізін жасады;
- 2) қазақтілді ұлттық баспасөзімізді қалыптастырды;
- 3) тілдің қоғамдық-әлеуметтік, танымдық мәнін айқындады,
- 4) қазақтың жазба әдебиетін қалыптастырды;
- 5) қазақ тіл білімінде аударма теориясының негізін қалыптастырды;
- 6) қазақ терминологиясының ғылыми негізін жасады;
- 7) ресми-іскери құжаттар стилін қалыптастырды.

Осы тұрғыдан алғанда, біз өз мақаламызда негізінен Алаш зиялыларының тілтанымдық ой-пікірлері мен көзқарастарын сараптауды көздедік.

Алаш зиялылары XX ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани, әлеуметтік, саяси, мәдени өркендеуіндегі асыл қазынаның бірі тіл екенін жете түсінді. Олар сол рухани байлығымызды, яғни ана тілімізді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін алға тарта отырып, қазақ тілінің мұңын жоқтап, оның қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне айрықша мән берді. Міне, сол себепті олардың асыл тіліміз туралы айтқан тұжырымдары мен көзқарастары қазақ тілтанымның қалыптасуына түрткі болды десек қателеспейміз. Өз еңбектерінде олар тіліміз туралы алғашқы танымдық тұжырымдар жасап, осы тіл арқылы бірде қоғамтану, бірде елтану, бірде адамзаттану міндеттерін шешіп, жалпы, құрғақ сипаттама шолудан гөрі, тіл біліміндегі өзекті болған жеке мәселелерді тереңінен түсінуге өз зерттеулері мен ғылыми мақалаларын бағыттап жазды. Оған дәлел ретінде А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы, М.Тұрғанбаев, т.б. секілді ұлт оқығандарының еңбектеріне назар аударған дұрыс. Бұл еңбектерінде қазақ оқығандары тіліміздің мән-мағынасын ашып қана қоймай, сонымен бірге тілді танудың маңыздылығын саралайды. Мысалы, А.Байтұрсынов өзінің зерттеулерінде «Тіл - құрал» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, оған тек құрылымдық бірлік ретінде ғана қарамай, тіл табиғатын түсіндірудің амалдарын қарастырып, оны адамзат болмысының өзіндік бір бөлшегі ретінде қарастырады. Оның қолданған сөздері мен сөйлемдері, ол түрлеген қазақ терминологиясы қазақ тілінің төл табиғатынан шығып, ұлттық таным-түсінікті қалыптастырып, ұлттық ойлаудың деңгейін қалыптастырды. Қазақ сөзінің қасиетін, табиғатын танытуға тырысқан ғалым тіл туралы былай дейді: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын

қаруының бірі. Осы дүнияды адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық түсер еді» /2,86/. Осылай ой қорытқан ұлт ұстазы тілдің қоғамды, әлемді танудағы асыл қасиеті туралы мынандай ой қорытады: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» /2,343б/. Бұл тұжырымдары арқылы ғалым тіл дегеніміз – бір адамның керегіне ғана жарататын дыбыстау мүшесінің бірі емес, керісінше жалпыадамзат баласының ойды жеткізу, дүниені танудың аса құнды құралы екендігін көрсетеді. Өзінің теориялық ойларын тілдік материалдармен дәлелдеген ол сол сөздерді танытатын белгі тіл екендігін баса айтады. Мысалы, өзінің сөз өнері туралы ойын былай деп өрбітеді: «Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды: мәселен, пышақты көріп, «мынау пәлен ұстаның қолы екен» дейді; ерді көріп, «мынау пәлен ершінің қолы екен» дейді. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін көріп оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзі танытатын белгі – тіл...» /2,343б/. Ғалым өзінің «Тіл – құралы» арқылы қазақ мәдениетінде бұрын соңды болмаған бетбұрыс жасады. Аталған еңбекті қазіргі таңда қазақ тіл білімінде когнитивистер, этнолингвистер, социоллингвистер кеңінен пайдалануда. Оның бұл еңбегінде бұғанға дейінгі жүйеленбеген, зерттелінбеген тілдің табиғаты айқындалып, дыбыстық жүйесі, тілдің лексикалық байлығы, сөз таптары мен сөз тұлғалары, сөйлем құраудың ерекшеліктері дәйектелді. А.Байтұрсынов қалыптастырған терминдер тіліміздің термин жасаудағы байлығы мен икемділігін танытты, ол жасаған терминдер қазақ тіл білімінде де, әдебиеттану ғылымында да өз өміршеңдігін байқатты. С.Шүкірұлының сөзімен айтар болсақ, «Ахаңның тіл білімі – күрмелген қазақ тілінің бауырын жазды, Ахаң ілімі – әдебиеттануда төрге озды, Ахаң жинап қаттаған халық әдебиеті мен мәдениетінің мұралары – рухани қазынаға қосылды» /3,96б/.

«Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққандай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым...». Дәл осы сөздерді ХХ ғасырдың басында айтқан, тағдыр талайы қиын да күрделі қазақ тілінің мұңын жоқтап, тілтанымдық ойларын дамытқан ұлт зиялыларының бірі – М.Дулатов. Ол сол кездің өзінде-ақ «қазақ, қырғыз, ноғай, башқұрт, өзбек, түрікпен секілді бұратана жұрттар үшін» зор саяси мәселелердің бірі болған тіл мәселесін көтеріп, «енді әр халық өз тілінде оқуға, өз тілінде жазуға, өз тілінде тергеуге тиіс. Мемлекет заңынан бастап, ауылнай комитеттердің ісіне шейін, жазу әр халықтың өзінде болуы керек», – деп үндеу салды /4, 332 б/. А.Байтұрсыновтың тілтанымдық ойларын қолдаған қоғам қайраткері қазақ тілінің мұң-мұқтажын жоқтап, мәртебесін көтеруді көздеді. Өзінің мақалаларында тіл мәселесін күн тәртібінің басты мәселесі етіп алып, газет тілін қазақыландыруды, емле мәселесін ізгілендіруді, қазақша жазушылардың тілін сындыруды баса айтты. Сол себепті «қазақ тілін іске асырып, қазақ әдебиетін күшейтеміз» десек, мынадай кемшіліктерден арылуымыз керек деп көрсетті. Олар: 1) дыбыс жүйесі жағынан болатын кемшілік; 2) сөз жүйесі жағынан болатын кемшілік; 3) сөйлем жүйесі жағынан болатын кемшілік; 4) жалпы кемшілік, яғни қазақ тілінде жазамын, қазақ тілінде сөйлеймін деген тұлғаның бойында ниеті болуы керек /4, 265б/. Осы тұрғыдан алғанда, М.Дулатовтың ашық айтқан тілтанымдық көзқарастары сол кездегі жүргізілген кеңестік саясатқа үлкен соққы болғаны анық.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім,

Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.

Таралған түрік бауырларыңа,

Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім! /5, 64б/ - деп ұлт тілінің мұнын жоқтаған Алаш зиялыларының бірі – М.Жұмабаев. М.Жұмабаевтың қазақ халқына қалдырған еңбектерінің ішіндегі ең көлемдісі де, ең маңыздысы да – «Педагогика» еңбегі. Осы еңбегіндегі «Тіл», «Тілдің адам өміріндегі һәм ұлт өміріндегі орны», «Баланың тілі» деген тарауларында өзінің тілтанымдық ойларын саралайды. Әсіресе, тілдің ұлт өміріндегі, әлеуметтік қоғамдағы, жеке тұлғаның тұрмыс-тіршілігіндегі мән-мағынасы, адамзат баласының өмірінде алатын орны туралы ойлары терең. «Адамның толық мағынасы мен адам аталуы да тілдің арқасында» деп ой түйген ақын тілдің мынадай қасиеттері мен қызметін атап көрсетеді: 1) тіл ғылымы хат тану, оқу, жаза білудің құралы; 2) тіл – адам жанының тілмашы; 3) тіл – ойды сыртқа шығарудың құралы; 4) тіл – ұлттың ұлт болу шарты. Өзінің тілтанымдық ойларын осылай таратқан ақын былай дейді: «тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті» /5, 64б/.

Қорыта келгенде, Алаш зиялыларының тілтанымдық ойлары бүгінгі таңда мемлекеттік тіл төңірегінде қордаланып отырған бірқатар өзекті мәселелерді шешуде орасан зор рөл атқаруы ықтимал. Алаштың тілдік мұрасының өміршеңдігі мен маңыздылығы да осында. Бұл тілдік мұра ұрпақтан ұрпаққа таралып, қазақ халқының тіл тарихында алтын әріптермен жазылары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұлағатты ұлт ұстазы. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2010.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2009.
3. Шүкірұлы С. Қолтаңба. «Сардар» баспа үйі, 2009.
4. Дулатов М. Шығармалары. Алматы: «Жазушы» баспасы, 1991.
5. Жұмабаев М. III-том. Алматы: «Жазушы» баспасы, 2003

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Алаш оқығандарының қазақ тілі білімінің қалыптасып, дамуындағы рөлі мен еңбектері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье дан анализ научной и общественной работе Алашордынцев в становлений и развитии языковедения.

МАГИСТРАТУРА

РОЛЬ И ВАЖНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТОДА ПРОЕКТОВ В ОБУЧЕНИИ

Булекбаева Л.А. – магистрант (Алматы, КазгосженПУ)

Метод проектов не является принципиально новым в мировой педагогике. Его называли также методом проблем, и связывался он с идеями гуманистического направления в философии и образовании, разработанными американским философом и педагогом Дж. Дьюи, а также его учеником В.Х. Килпатриком. Дж. Дьюи предлагал строить обучение на активной основе, через целесообразную деятельность ученика, сообразуясь с его личным интересом именно в этом знании. Отсюда чрезвычайно важно было показать детям их личную заинтересованность в приобретаемых знаниях, которые могут и должны пригодиться им в жизни. Для этого необходима проблема, взятая из реальной жизни, *знакомая и значимая для ребенка*, для решения которой ему необходимо приложить полученные знания, новые знания, которые еще предстоит приобрести.

Преподаватель может подсказать источники информации, а может просто направить мысль студентов в нужном направлении для самостоятельного поиска. Но в результате студенты должны самостоятельно и в совместных усилиях решить проблему, применив необходимые знания подчас из разных областей, получить реальный и осязаемый результат. Вся работа над проблемой, таким образом, приобретает контуры проектной деятельности.

Разумеется, со временем идея метода проектов претерпела некоторую эволюцию. Родившись из идеи свободного воспитания, в настоящее время она становится *интегрированным компонентом вполне разработанной и структурированной системы образования*. Но суть ее остается прежней – стимулировать интерес учащихся к определенным проблемам, предполагающим владение определенной суммой знаний и через проектную деятельность, предусматривающим решение этих проблем, умение практически применять полученные знания, развитие рефлексорного (в терминологии Джона Дьюи или критического мышления). Суть рефлексорного мышления – вечный поиск фактов, их анализ, размышления над их достоверностью, логическое выстраивание фактов для познания нового, для нахождения выхода из сомнения, формирования уверенности, основанной на аргументированном рассуждении. "Потребность в разрешении сомнения является постоянным и руководящим фактором во всем процессе рефлексии. Где нет вопроса, или проблемы для разрешения, или где нет затруднения, которое нужно преодолеть, поток мыслей идет наобум. Проблема устанавливает цель мысли, а цель контролирует процесс мышления".

Метод проектов привлек внимание русских педагогов еще в начале 20 века. Идеи проектного обучения возникли в России практически параллельно с разработками американских педагогов. Под руководством русского педагога С.Т. Шацкого в начале прошлого века была организована небольшая группа сотрудников, пытавшаяся активно использовать проектные методы в практике преподавания.

В основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания, умений ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического и творческого мышления. *Метод проектов* – это из области дидактики, частных методик, если он используется в рамках определенного предмета. *Метод* – это дидактическая категория. Это совокупность приемов, операций овладения определенной областью практического или теоретического знания, той или иной деятельности. Это путь познания, способ организации процесса познания.

Поэтому, если мы говорим о *методе проектов*, то имеем в виду именно *способ* достижения дидактической цели через детальную разработку проблемы (технология), которая должна завершиться вполне реальным, осязаемым *практическим результатом*, оформленным тем или иным образом. Дидакты, педагоги обратились к этому методу, чтобы решать свои дидактические задачи. В основу метода проектов положена идея, составляющая суть понятия "проект", его прагматическая направленность на результат, который можно получить при решении той или иной практически или теоретически значимой проблемы. Этот результат можно увидеть, осмыслить, применить в реальной практической деятельности. Чтобы добиться такого результата, необходимо научить детей или взрослых студентов *самостоятельно мыслить, находить и решать проблемы, привлекая для этой цели знания из разных областей, умения прогнозировать результаты и возможные последствия разных вариантов решения, умения устанавливать причинно-следственные связи* /1/.

Метод проектов всегда ориентирован на самостоятельную деятельность учащихся – индивидуальную, парную, групповую, которую учащиеся выполняют в течение определенного отрезка времени. Этот метод органично сочетается с групповыми (collaborative or cooperative learning) методами /3/. Метод проектов всегда предполагает решение какой-то проблемы. Решение проблемы предусматривает, с одной стороны, использование совокупности, разнообразных методов, средств обучения, а с другой, предполагает необходимость интегрирования знаний, умений применять знания из различных областей науки, техники, технологии, творческих областей. Результаты выполненных проектов должны быть, что называется, "осязаемыми", т.е., если это теоретическая проблема, то конкретное ее решение, если практическая – конкретный результат, готовый к использованию (на уроке, в школе, в университете в реальной жизни). Если говорить о методе проектов как о педагогической технологии, то эта технология предполагает совокупность исследовательских, поисковых, проблемных методов, творческих по самой своей сути.

Основные требования к использованию метода проектов:

1. Наличие значимой в исследовательском, творческом плане проблемы, задачи, требующей интегрированного знания, исследовательского поиска для ее решения (например, исследование демографической проблемы в разных регионах мира; создание серии репортажей из разных концов земного шара по одной проблеме; проблема влияния кислотных дождей на окружающую среду, пр.).

2. Практическая, теоретическая, познавательная значимость предполагаемых результатов (например, доклад в соответствующие службы о демографическом состоянии данного региона, факторах, влияющих на это состояние, тенденциях, прослеживающихся в развитии данной проблемы; совместный выпуск газеты, альманаха с репортажами с места событий; охрана леса в разных местностях, план мероприятий, пр.);

3. Самостоятельная (индивидуальная, парная, групповая) деятельность учащихся.

4. Структурирование содержательной части проекта (с указанием поэтапных результатов).

5. Использование исследовательских методов, предусматривающих определенную последовательность действий:

- определение проблемы и вытекающих из нее задач исследования (использование в ходе совместного исследования метода "мозговой атаки", "круглого стола");
 - выдвижение гипотез их решения;
 - обсуждение методов исследования (статистических методов, экспериментальных, наблюдений, пр.);
 - обсуждение способов оформления конечных результатов (презентаций, защиты, творческих отчетов, просмотров, пр.);
 - сбор, систематизация и анализ полученных данных;

- подведение итогов, оформление результатов, их презентация;
- выводы, выдвижение новых проблем исследования.

Для типологии проектов предлагаются следующие типологические признаки:

1. *Доминирующая в проекте деятельность*: исследовательская, поисковая, творческая, ролевая, прикладная (практико-ориентированная), ознакомительно-ориентировочная, пр. (исследовательский проект, игровой, практико-ориентированный, творческий);
2. *Предметно-содержательная область*: моно проект (в рамках одной области знания); межпредметный проект.
3. *Характер координации проекта*: непосредственный (жесткий, гибкий), скрытый (неявный, имитирующий участника проекта, характерно для телекоммуникационных проектов).
4. *Характер контактов* (среди участников одной школы, класса, города, региона, страны, разных стран мира).
5. *Количество участников проекта*.
6. *Продолжительность проекта*.

Реализация метода проектов и исследовательского метода на практике ведет к изменению позиции учителя. Из носителя готовых знаний он превращается в организатора познавательной, исследовательской деятельности своих учеников. Изменяется и психологический климат в классе, так как учителю приходится переориентировать свою учебно-воспитательную работу и работу учащихся на разнообразные виды самостоятельной деятельности учащихся, на приоритет деятельности исследовательского, поискового, творческого характера /2/.

Отдельно следует сказать о необходимости организации внешней оценки проектов, поскольку только таким образом можно отслеживать их эффективность, сбои, необходимость своевременной коррекции. Характер этой оценки в большой степени зависит как от типа проекта, так и от темы проекта (его содержания), условий проведения. Если это исследовательский проект, то он с неизбежностью включает этапность проведения, причем успех всего проекта во многом зависит от правильно организованной работы на отдельных этапах.

Следует остановиться и на общих подходах к структурированию проекта:

1. Начинать следует всегда с выбора темы проекта, его типа, количества участников.
2. Далее учителю необходимо продумать возможные варианты проблем, которые важно исследовать в рамках намеченной тематики. Сами же проблемы выдвигаются учащимися с подачи учителя (наводящие вопросы, ситуации, способствующие определению проблем, видеоряд с той же целью, т.д.). Здесь уместна "мозговая атака" с последующим коллективным обсуждением.
3. Распределение задач по группам, обсуждение возможных методов исследования, поиска информации, творческих решений.
4. Самостоятельная работа участников проекта по своим индивидуальным или групповым исследовательским, творческим задачам.
5. Промежуточные обсуждения полученных данных в группах (на уроках или на занятиях в научном обществе, в групповой работе в библиотеке, медиатеке, пр.).
6. Защита проектов, оппонирование.
7. Коллективное обсуждение, экспертиза, результаты внешней оценки, выводы.

Телекоммуникационный проект

Особое место в образовательной деятельности школы занимают телекоммуникационные региональные и международные проекты. Особенно интересны международные проекты для иностранного языка, ибо с их помощью создается естественная языковая среда и формируется потребность в языковом общении. Кроме того, создаются реальные условия для межкультурного общения.

Появившись в начале восьмидесятых годов, телекоммуникационные сети первоначально использовались в сфере науки и образования лишь как удобный и оперативный вид связи, поскольку вся сетевая работа тогда заключалась в обмене письмами между учащимися. Однако, как показала международная практика и многочисленные эксперименты, в отличие от простой переписки, специально организованная целенаправленная совместная работа учащихся в сети может дать более высокий педагогический результат. Наиболее эффективной оказалась организация совместных проектов на основе сотрудничества учащихся разных школ, городов и стран. Основной формой организации учебной деятельности учащихся в сети стал учебный телекоммуникационный проект /4/.

Под учебным телекоммуникационным проектом мы понимаем совместную учебно-познавательную, исследовательскую, творческую или игровую деятельность учащихся-партнеров, организованную на основе компьютерной телекоммуникации, имеющую общую проблему, цель, согласованные методы, способы деятельности, направленную на достижение совместного результата деятельности.

Решение проблемы, заложенной в любом проекте, всегда требует привлечения интегрированного знания. Но в телекоммуникационном проекте, особенно международном, требуется, как правило, более глубокая интеграция знаний, предполагающая не только знания собственно предмета исследуемой проблемы, но и знания особенностей национальной культуры партнера, особенностей его мироощущения. *Это всегда диалог культур.*

Международные проекты, которые проводятся на английском языке, целесообразно включать, если позволяет программа, в структуру содержания обучения для данного класса, курса и соотносить его с той или иной темой устной речи и чтения.

Проблематика и содержание телекоммуникационных проектов должны быть такими, чтобы их выполнение совершенно естественно требовало привлечения свойств компьютерной телекоммуникации. Другими словами, далеко не любые проекты, как бы интересны и практически значимы они не казались, могут соответствовать характеру телекоммуникационных проектов. Как определить, какие проекты могут быть наиболее эффективно выполнены с привлечением телекоммуникаций?

Телекоммуникационные проекты оправданы педагогически в тех случаях, когда в ходе их выполнения:

- предусматриваются множественные, систематические, разовые или длительные наблюдения за тем или иным природным, физическим, социальным, пр. явлением, требующие сбора данных в разных регионах для решения поставленной проблемы;
- предусматривается сравнительное изучение, исследование того или иного явления, факта, события, происшедших или имеющих место в различных местностях для выявления определенной тенденции или принятия решения, разработки предложений;
- предусматривается сравнительное изучение эффективности использования одного и того же или разных (альтернативных) способов решения одной проблемы, одной задачи для выявления наиболее эффективного, приемлемого для любых ситуаций, решения, т.е. для получения данных об объективной эффективности предлагаемого способа решения проблемы;
- предлагается совместная творческая разработка какой-то идеи: чисто практической (например, выведение нового сорта растения в разных климатических зонах, наблюдения за погодными явлениями, пр.), или творческой (создание журнала, газеты, пьесы, книги, музыкального произведения, предложений по совершенствованию учебного курса, спортивных, культурных совместных мероприятий, народных праздников и т.д. и т.п.);
- предполагается провести увлекательные приключенческие совместные компьютерные игры, состязания

Параметры внешней оценки проекта:

- значимость и актуальность выдвинутых проблем, адекватность их изучаемой тематике;
- корректность используемых методов исследования и методов обработки получаемых результатов;
- активность каждого участника проекта в соответствии с его индивидуальными возможностями;
 - коллективный характер принимаемых решений (при групповой работе);
 - характер общения и взаимопомощи, взаимодополняемости участников проекта;
 - необходимая и достаточная глубина проникновения в проблему; привлечение знаний из других областей;
 - доказательность принимаемых решений, умение аргументировать свои заключения, выводы;
 - эстетика оформления результатов проведенного проекта;
 - умение отвечать на вопросы оппонентов, лаконичность и аргументированность ответов каждого члена группы.

Таким образом, выбранная тема для телекоммуникационного проекта будет органично вписываться в систему обучения, включая весь программный языковой материал. Если международный проект предусматривается по другим предметам школьной программы, который также должен выполняться на английском языке, но который не соответствует программному материалу по английскому языку, то такой проект выполняется во внеклассной работе, как правило, не всей группой, а отдельными учениками.

ЛИТЕРАТУРА

1. Современная гимназия: взгляд теоретика и практика. Под ред. Е.С. Полат. – М., 2000.
2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Под ред. Е.С. Полат. – М., 2000.
3. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка. Иностранные языки в школе. – № 2, 3. – 2000 г.
4. Полат Е.С. Типология телекоммуникационных проектов. Наука и школа. – № 4, 1997.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются важности применения проектной работы в обучении, а также основные требования к ним.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада оқытуда жобалық жұмыстың маңызы сөз етіліп, оны қолдануда басты міндеттер мен арнайы нұсқаулар ұсынылады.

ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Жанабаева Н. – магистрант (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Әрбір ұлттың ұлттық дүниетанымы мен мәдениетін танып білу мақсатына сол ұлттың құндылықтарының жиынтығын зерттеу арқылы қол жеткізуге болатынын соңғы кездері орындалған ғылыми жұмыстар дәлелдеп отыр. Бұл құндылықтар ұлттың тілінде, сөздік қорында сақталған.

Антропоцентристік және экспансионистік бағыттардың тіл білімінде кеңінен өркен жаюы тілдің ұлттық шынайы табиғатын тілдік емес, яғни экстралингвистикалық факторлармен байланыстыра зерттеуімен түсіндіріледі. Бұл бағыттардың аясында қалыптасқан тіл білімінің салаларының бірі – лингвомәдениеттану.

Лингвомәдениеттанудың қалыптасып, дамуына сүбелі үлесін қосқан ғалымдар: жалпы тіл білімінде В. фон Гумбольдт, Я. Гримм, Р. Раск, А. Потебня, Г. Штейнталь, В.А. Маслова, Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия, ал қазақ тіл білімінде Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Б. Хасанов, Г. Смағұлова және т.б.

Ұлттық мәдениеттегі символдық, бейнелік-метафоралық мәнге ие және мифтерде, аңыздарда, салт-дәстүрде, халықтық және діни шығармаларда, поэтикалық және прозалық мәтіндерде, *фразеологизмдер* мен метафораларда, символдар мен мақал-мәтелдерде сақталып қалған адамның архетиптік және прототиптік танымының нәтижелерін біріктіретін тіл бірліктері лингвомәдени бағыттағы зерттеулердің пәні болып табылады /1, 36/.

«Тілдің фразеологиялық қоры – халықтың, ұлттың ділі мен мәдениетінің қайнар көзі, ұлттың өзіндік ерекшелігі мен рухы, қайталанбастай бейнеленетін кез келген ұлттық тілдің жаны» деп ғалым В.А.Маслова фразеологиялық бірліктердің ұлттың болмысын тануда, ұлттың ұлттығын сақтауда аса маңызды екендігін атап көрсетеді /2, 82/.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыра отырып, олардағы әр халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибеде қалыптасқан түсініктердің көріністерін ашып, ұлттық және танымдық сипатын айқындауға талпыныс жасалды.

Үш тілдегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді салыстыру кезінде сөзбе-сөз қайталанатындарын, түрлі сөздермен берілсе де, мағыналары ұқсас болып келетіндерін айқындадық.

- Аз да болса, көптей көру /3, 20/
- Довольствоваться малым
- Be content with very little /4, 57/

Аз нәрсеге қанағатшыл болу керектігі жайлы үш тілде бірдей айтылып тұр. Қанағатшыл болған адамдар өмірде көп жетістіктерге жете алатынын, қай кезде қандай жағдай болса да, сабыр мен қанағатқа жол беру керектігін насихаттайтын ертегілерді, аңыз-әңгімелерді осындай тіркестермен түйіндеп аяқтау көптеген халықтардың салтында бар құбылыс.

- Екі шоқып, бір қарау
- Глядеть в оба
- Keep one's eyes open

Жоғарыда келтірілген фразеологизмнің беретін мағынасы – сақ болу. Бұл мағынаның қазақ тілінде берілуіндегі ерекшелікке мән берер болсақ, «шоқу» деген сөзді қазақ халқы құсқа қатысты қолданатыны белгілі. Яғни құстың сақтығындай сақтықта болу керек деген мағынада қолданылып тұр. Орыс тіліндегі нұсқада екі көзді ашып тұрып, бар назарды сонда аудару деген мағынаны беріп тұр. Ағылшын тіліндегі нұсқаның сөзбе-сөз аудармасы – «өзіңнің көзіңмен қоса өзге біреудің көздерін ашып, сақ болу». Бұл жерде байқайтынымыз, сақ болу мағынасы үш халықта да көз сөзімен қатысты берілуі. Көздің сақтық үшін, қырағылық үшін орны ерекше мүше екендігін үш халықтың тілінде де көрініс беріп тұр. Мұның себебін әлемді, шындық өмірді ортақ түсініп, қабылдау әрекетімен түсіндіруге болады. Лингвомәдениеттанудың ең негізгі басты категориясы – әлем бейнесі ұғымы. Әлемнің тілдік бейнесінің екі типі болады, олар: универсалды және идиоэтникалық. Сонымен бірге әлемнің тілдік бейнесінің жалпы ұлттық, ұжымдық және жеке, мифтік-діни деген түрлері бар. Әлемнің тілдік бейнесінің екі типі жекелеген ұлттар мен адамзат ұғымымен байланысты.

Әлемнің тілдік бейнесінің универсалды типіне жалпы адамзаттық тәжірибенің тілде бекітілуін жатқызамыз. Яғни жалпы адамзаттың дүниені қабылдап, тұжырымдауы нәтижесінің тілдегі көрінісі.

- Қолды ету
- Прибратъ к рукам
- Lay hands on

«Ұрлау», «ұрлап алу» деген мағынаны білдіретін бұл тіркесте басты әрекет етуші «тұлға», адамның дене мүшесі – қол. Қолдың алдау құралы ретінде қолданылуы бұл мүшенің адамзат үшін ең басты әрекет етуші мүше деп қабылдануымен байланысты. Қолға қатысты сөз қолданыстары әртүрлі, жағымды, жағымсыз позицияда жеткізілуі түрліше. Себебі қол жақсылықты да жасайды, жамандықты да жасайды. Осы фразеологизмде қол жағымсыз позицияда қолданылып тұр.

- Екі өкпесін қолына алып жүгіру
- Брать руки вноги и бегом
- Grab one's legs

«Бар күшімен жүгіру», «қатты жүгіру» деген мағынаның үш тілде берілуінде кішкене өзгешелік бар. Қазақ халының адам тәнінің сырын түсіне білгендігі осы тіркестен көруімізге болады. Өкпе – тыныс алу мүшесі, яғни ағзанының тыныс алуын қамтамасыз етіп отыратын басты мүше. Егер өкпе болмаса, өмір сүру мүмкін еместігін жақсы түсіне білген. Жүгірер кезде де өкпенің маңызы зор екендігін тілге тиек етеді. Сонымен бірге, қазақ тілінде «өкпесі өшу» – шаршады деген мағынаны білдіретін қолданыс та бар. Яғни өкпе болмаса еш әрекет болмайтындығын айтады. «Екі өкпесін қолына алып жүгіру» деген тіркесте бар күшін, демін жинап жүгіру мағынасы беріліп тұр. Орыс тіліндегі нұсқада жүгіруде аяқпен қоса қолды да іске қосу арқылы екпінмен жүгіру делінсе, ағылшын тіліндегі нұсқада біреудің аяғын қоса алып жүгіру делінген. Өзіңмен қоса тағы басқа адамдарды іске қосу арқылы іс-әрекетті күшейту, екпіндету мәнінде қолдану ағылшын халқының сөз қолданысында жиі кездесетіні байқаймыз.

- Бір оқпен екі қоянды ату
- Убить сразу двух зайцев
- Kill two birds with one stone

Бір іс-әрекет арқылы екі мақсатқа не екі олжаға қол жеткізу мүмкіндігі сөз болады, қазақ және орыс тіліндегі нұсқада сөзбе-сөз ұқсас беріліп тұр. Бұл сөз өрнегінен тұрмыс-тіршіліктен хабар алуымызға болады. Аңшылық кәсібімен екі халық та айналысқаны белгілі. Аңшылықтан олжамен оралу, табысты болу – қуаныш, мерей. Сол қуаныш, табысты болу, олжалы болу ұғымымен байланысты қалыптасқан сөз өрнегі халықтың тілінде осылай көрініс беріп тұр. Ағылшын тіліндегі нұсқада екі құсты бір таспен атып түсіру деген тіркес қолданылған. Бұл да қолға түсуі қиын екі табысқа бір әдіспен жету мәнін білдіреді.

- Оқ бойы озу
- Остаться в выигрыше
- Win by a neck

Ұлттық спорт ойындарында немесе жарыстарда алда келе жатқан жеңімпаздың іс-әрекетін сипаттауда қолданылады. Яғни, жеңу, алға шығу мәнін білдіреді. Қазақ халқының ұлттық ойындары – бәйгеден, көкпардан озық нәтиже көрсеткендердің жеңісін айтуда оқ бойы озып келді деп қолданылады. Ағылшындықтардың ат жарысында осы сөз өрнегі жиі қолданылады екен.

- Тырнағын батыру
- Показать когти
- As hard as nails

Күш көрсету мәнін білдіреді. Мұнда басты мәнді ашуға тірек болып тұрған сөз – тырнақ. Тырнақ сөзі озбырлықтың, қатыгездіктің символы ретінде қалыптасқанын әр

елдің, әр ұлттың халықтық әдеби мұрасынан да, наным-сенімінен де, сөз өрнектерінен де байқауымызға болады. Шығыс халықтары мен батыс халықтарына ортақ ертегі, аңыз кейіпкері жез тырнақ жалмауыз екендігі белгілі. Тырнақ алапат күштің, сиқырдың иесіне тиісті деп түсіну жалпы адамзаттық мифологиялық түсінік болып табылады. Сол түсініктің көрінісі тілде қалыптасқан тұрақты тіркестерден байқалады.

Үш тілдің фразеологизмдерін салыстыра талдау арқылы әлемнің тілдік бейнесінің әр халықтағы көріністері, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілді. Осы зерттеуді жүргізу барысында фразеологизмдерді лингвомәдени аспектіде қарастыру арқылы олардың бойында көрініс табатын ұғым-түсініктерде халықтың танымдық білімдері жинақталғанын білеміз. Осындай фразеологизмдерді экспансионистік және антропоцентристік бағыттарда зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы олардың ұлттық және танымдық сипатын ашып көрсетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва, 2001. – 36 б.
2. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва, 2001. – 82 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 20 б.
 - Ағылшынша-қазақша сөздік. – Алматы: Мектеп, 2006. – 57 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің ұлттық және танымдық сипаты сөз болады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается национальное и познавательное описание фразеологизмов в казахском, русском и английском языках.

СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЙЫНДА

Рысбай Ж.И. – магистрант (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі студент – еліміздің ертеңгі маманы. Болашақ маман – мемлекеттің болашағын құрушы негізгі тұлға. Қарқынды дамып келе жатқан мемлекетіміздің ұрпағын білімді, саналы, отансүйгіш етіп тәрбиелеу, әрине, көтерер жүгі ауыр мамандық – мұғалімдердің қолында. Мұғалім мамандығына оқып жатқан студенттердің сөйлеу мәдениеті, сөз саптауы, өз ойын түсінікті, анық етіп жеткізе алуы өзекті мәселе. Мұғалімге қарап, шәкірт, айналасындағы адамдар ой, бой түзейді.

Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» дегеніндей жауапкершілігі мол істі атқару үшін, ертеңгі маман – бүгінгі студенттің жан-жақты білімді, мәдениетті, жан-жақты қаруланған болуы міндетті. Ал мәдениеттілік, білімділік «Сөзіне қарап кісіні ал, кісіге қарап сөз алма», – деп ұлы Абай айтқандай адамның сөйлеген сөзінен, сөйлеу әдебі мен мәнерінен бірден байқалады.

Бүгінде жастардың сөйлеу мәнері, сөйлеу әдебіне, сөз саптауына қатысты көп ой айтылуда әрі жазылуда. Жастардың басым бөлігі студент қауымы екені белгілі. Әсіресе, болашақ мұғалім мамандығына оқып жүрген студенттердің сөйлеуіне аса мән беру керек. Болашақ мұғалім алдындағы шәкіртіне айтар ойын нақты сөзбен айта біліп,

түсінікті етіп жеткізе білуі қажет. Әлбетте, тілдің тазалығы, бұл – ой тазалығы. Сондықтан да бүгінгі студент – ертеңгі маман сөйлеген сөзінің тазалығына, мазмұнына, сөйлесушімен сөйлесу жағдайына мән беруі тиіс.

Айтар ойымызды тілдік құралдардың көмегімен сыртқа шығарып, өз ойымызды өзгелерге жеткіземіз, осы процесс сөйлеу деп аталады. Бірнеше процестердің жиынтығынан туатын сөйлеуге қысқаша тоқталсақ:

Сөйлеу – адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу процесі айтылатын пікірдің мазмұнына, пікір айтудың жағдайына (пікірді ауызекі немесе жазбаша айту, екі-үш адам қатысқан диалог түрінде сөйлесу, көпшілік алдында шығып сөйлеу, тыңдаушының білім дәрежесін, жасын ескеру т.б.) сай түрліше құралады. Сондықтан да сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайға сай ыңғайланған стилі болады. Сөйлеу стилі де қалыптасып, көпшілікке ортақ болып келеді. Мұнымен бірге сөйлеу үстінде әр кісінің өзіне ғана тән сөз жұмсауы, сөз тіркесін, сөйлем құрау ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер өз ойын дәл, әсерлі етіп немесе мәнерлеп айту талабынан туады /1, 368/. Сөйлеудің келесі түрлері болады: сыртқы және ішкі сөйлеу. Сыртқы сөйлеу өз кезегінде ауызша, жазбаша болып, ал ауызша монологтық және диалогтық болып бөлінеді.

Жоғарыда атағанымыздай, *сыртқы сөйлеу* ауызша және жазбаша болады. Жазбаша сөйлеуде тілдік қатынас мәтін арқылы жанама болады. Жазба сөйлеудің, ауызшаға қарағанда, мазмұны жинақты келеді. Біреудің дыбыстауынан құлағымызға жеткен сөз *ауызша сөйлеу* деп аталады. Ауызша сөйлеуде кеңістік және уақытқа байланысты біраз шектеулер болады. Әдетте, әңгімелесушілер бірін бірі көріп тұрады немесе дауыс жететіндей алшақтықта болуы мүмкін. Осы жағдайларға орай сөйлеудің сипаты өзгеріске түседі. Мысалы, телефонмен сөйлескенде сөз қысқа, жедел сұрақ-жауап кейпінде байқалады.

Адам ауызекі тіл арқылы қатынас жасағанда да, жазба тіл арқылы қатынас жасағанда да, белгілі бір мазмұнды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге сол мазмұнға өзінің қатынасын, қалай қарайтындығын да білдіреді /2, 17/.

Ауызша сөйлеу *диалогтық және монологтық* түрде болады /2/. *Диалогтық сөйлеу* – әңгімелесушілердің өзара қысқа сөз алысуы, түзілетін сөйлемнің құрылымы толық болмауымен ерекшеленеді, өзара түсіністік мұндайда бұрынғы әңгіме желісінен, тақырып барысынан және іс-әрекет мазмұнына орай жетіледі. Ауызша сөз, әдетте, әңгімелесуге қосылған адамның ниет ықыласына, болмаса қоршаған орта ықпалдарына орай жасалған жауап ретінде жүзеге асады.

Студенттердің ауызша сөйлеу, соның ішінде оның диалогтық түрінде көбірек сөйлесетінін ескере отырып, осыған тоқталайық. «Сөз басы – сәлемдесу» дегендей орыс тілінің әсері әлі де басым болғандықтан, студенттердің амандасу кезіндегі жиі қолданатын сөзі мынадай: «Привет». Дегенмен де қазақи «Сәлем» деп амандасатын студенттеріміз де жоқ емес. Ары қарай бір-бірлерінің жағдайларын сұрастырулары да диалогтық сөйлеу түріне тән қысқа ғана сұрақ-жауап түрінде жүзеге асады:

- Қалайсың?

- *Нормально*, өзің?

Студенттердің сөйлеу тілінде әсіресе тілдің тазалығына мән берілмей жатады. Бірде ана тілінде сөйлесе, бірде өзге тілде сөйлеп сөздің сәнін кетіріп жатады. Екіншіден, студенттер жан-жақтан келгендіктен олардың сөйлеу тілдері өзгеше болып, тіпті кейде бір-бірлерін түсінбей жатады. Мәселен, бірі сүлгіні шашық десе, бірі орамал дейді. Демек, бұл – студенттер тіліндегі диалектілердің болуы. Оқуға алғаш түскен кезде өзге студенттермен сөйлесу кезінде диалектілер біраз қиындықтар тудырады. Ал жоғары курстарда студенттер айналасына қарап, диалект сөздерден қашуға, әдеби сөздерді қолдануға тырысады. Бұл, әрине, қарым-қатынасқа түскенде сөйлесушімен тез түсінісуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар студенттердің сөйлеу кезінде қысқарған сөздерді көп

қолданатындығы байқалады. Мысалы, жатақ, тиви т.б. шетел сөздері.

Б.М. Теплов: «Сөйлеу мәдениеті өспейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жетуге болмайды» деген екен. Демек, болашақ мұғалімдердің ақылды ұрпақ тәрбиелеулерінің негізі – сөйлеу мәдениетіне тікелей қатысты болмақ. Біз ойымызды тіл арқылы жеткіземіз, ауызша, жазбаша сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсеміз.

Студент қауымның сөйлеу дағдыларының мақсатқа сай қалыптасуы үшін төмендегі мәселелерді ескеру қажет:

1) Сөйлесушіге өз ойыңды айтпас бұрын жақсылап ойлан, сөйлер сөзіңді жоспарла;

2) Сөйлеу үдерісінде диалект, жаргон сөздерді қолданудан сақ бол, әдеби тілде сөйлеуге тырыс;

3) Әрбір студенттің бір-бірімен әңгімелесіп, сөйлесу үшін, өздері бір-біріне немесе мұғалімге, т.б. сұрақ қоя білу әдісін меңгеруі аса қажет.

Ж. Аймауытовтың пікірі бойынша, жеке тұлғаның танымдық түсінігі мен ұғымының қалыптасуы, өзінің ой-пікірін немесе ой қорытындысын мазмұнды жасай білуінің негізгі құралы-сөйлеу тілі /3, 32/.

Жоғарыдағы мәселелерді ескеріп, күнделікті дағыланса, студенттердің сөйлеуді әр ортаға, жағдайға, сөйлесушінің жеке тұлғалық қасиетіне қарай бағыттауы дұрыс болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 508 б.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2005. – 147 б.
3. Аймауытов Ж. Жан жүйесі мен өнер таңдау. – Алматы, Қазмембас, 1926.–86 б

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттердің сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности разговорной речи студентов.

ЕТІСТІК ТҮЛҒАЛЫ ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Шәмшекова Ә. – магистрант (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ата-бабаларымыздың ежелгі мекені – сайын дала, төсегі – көк майса жасыл жайлау, қорғаны – көк тіреген заңғар таулар, айнадай жарқыраған керім көлдері мен арнасынан арындап аққан асау өзендері, сылдырап аққан бұлақтары, қойнауы байлыққа толған осынау қазақ жері тарихқа, сырға толы болған.

Адамзат қоғамының ілгері дамуы үшін географиялық атаулардың мәні айрықша болған, бола да бермек. Бір мемлекет ішіндегі тұтас халықтар арасындағы саяси-әлеуметтік өмір ырғағын былай қойғанда, ең елеусіз деген хабардың өзін белгілі бір мекен-жайын айтып алмаса, түсіну мүмкін емес. Демек, жер-су атауы географиялық, лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір бір өңірдің топониміне қарап, сол өңірді мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезімі-сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ең бір елеусіз деген географиялық атаудың астарында тұтас романға бергісіз шытырман тарих тұнып жатуы кәдік. Себепсіз, мән-мағынасыз кездейсоқ қойыла салатын географиялық атау болмайды. Ол

жердің тілі, төсін мекен еткен ұрпақтардың ұғым-түсінігінен, тіршілік-тынысынан қалған мұра болып табылады.

Бүкіл өмірін табиғат аясында өткізген ел өзін қоршаған әлем туралы білгісі келіп, сол объектінің ерекшелігін ескеріп немесе тіршілігінің қажеттілігіне байланысты, я болмаса қиялға ерік беріп неше түрлі миф, эпсана, аңыз шығарған. Адам мен жер, табиғат оның орын тепкен мекен-жайы осыған байланысты ұғымы, тілі деген проблема көркем әдебиет үшін, яғни образбен ойлау өнері үшін халықтың айнала әлемді бейнелі суретпен, кейіптеу жолымен тануы үшін алғашқы материалдар болған. Солай пайда болған фольклорлық жанрдың бірі – белгілі бір мекен, жер-су, өзен-көл, тау-тас ерекшеліктері мен тарихын әңгімелейтін топонимикалық аңыз. Алайда, жер-су мекен аттарына байланысты әңгіменің бәрі түгелімен аңыз болмайды. Жер-су, мекен аттарын түсіндіретін этнологиялық (себеп-салдар) мәндегі әңгіме аңыз болып саналмайды. Егер әңгіме сол жерде болған оқиғаны, ешқандай тылсым ұғыммен байланыстырмай баяндаса, сондай әңгімені топонимикалық аңыз деп білеміз.

Жер-судың түріне, топырағына, жаратылыс қасиетіне қарай қойылған атаулардың бәрі сол жердің географиялық, биологиялық ерекшелігінен хабар беріп тұрады. Осы орайда біраз жыл қозғаусыз жатқан солтүстік өңірлердің жер-су атауларына байланысты ой-пікірлерді жинақтап, құнттап, тарихи-археологиялық құны зор, шежіре деректер арқылы зерттеулер жүргізген жөн. Осыған байланысты В.У. Махпировтың «в советском языкознании больших высот достигла тюркская ономастика» – деп, кеңес заманындағы терең зерттелген мәселелердің бірі жалқы есімдер, оның ішінде жер-су атауларын айтып кеткен /1, 4/.

Топонимдердің семантикасы аталып отырған белгілі бір объект жайында тиісті дәрежеде мағлұмат беріп қана қоймай, сол жер-суға адамның қатыстығын да көрсетіп, білдіріп отырады. Сондықтан топонимдер семантикасының қыры мен сырының егжей-тегжейін жан-жақты, терең де мазмұнды етіп айқындап, анықтай түсуде кеңінен қолданылатын аталмыш методтың ең басты жолы – лексика-семантикалық классификациясы болып табылады. Ол арқылы топонимдерді алуан түрлі семантикалық топқа бөліп саралауға болады.

Семантикалық классификацияның белгілі түрколог-ономастар еңбектерінен де орын алғаны мәлім. Оны Г.Ф. Саттаров, А. Әбдірахманов, С. Атаниязов, О.Т. Молчанова, О.А. Сұлтаньяев, А.А. Камалов, К. Конкобаев т.б. зерттеулерінен көреміз.

Бұл ғалымдардың ішінде О.Т. Молчанова, О.А. Сұлтаньяев, К. Конкобаев ұсынған семантикалық классификациялардың негізі бір, өзара сабақтас та, мазмұндас. Аталмыш ғалымдардың айтуынша, қазақ, алтай, қырғыз тілдеріндегі географиялық атаулар лексика-семантикалық тұрғыдан таптастырғанда екі топқа бөлінеді: 1) объектінің физика-географиялық сипатын көрсететін атаулар; 2) адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатыстарын көрсететін атаулар.

Ал лексика-семантикалық классификацияға наза аударудың ең басты мәні – топонимдерді лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мән-мағынасын ашу, олардың адамның іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірімен байланысын анықтап білу болып табылады.

Міне, осы тұрғыдан келгенде, зерттеліп отырған Қазақстанның топонимдерін екі үлкен топқа бөліп қарастырамыз: 1) қоршаған ортаның физика-географиялық қасиетін көрсететін атаулар; 2) адамдардың іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірін көрсететін географиялық атаулар.

Топонимдердің, жалпы ономастикалық категориялардың құрылысы, оның лексикалық қоры, морфологиялық құрылымы тіл-тілде алуан түрлі. Тіптен қазақ ономонологиясының материалдары мен олардың құрылымдары да регионалдық сипаты жағынан әр алуан боп келеді.

Тілдік материалы жағынан алып қарағанда да, тіпті тіркесе қолдануы мен орналасу тәртібінен біршама өзгешеліктер байқалып отырады. Кейде олардың

құрамындағы жалғау-жұрнақтардың да өзіндік ерекшеліктерге ие екендігін байқаймыз. Ол жалғау-жұрнақтардың бір тобы байырғы тілдік заңға тән болса, екінші бір саласы басқа бір топқа тән тілдерден ауысқаны көрінеді.

Алайда, топонимдер мен анротопонимдер, этноним, космонимдерге байырғы тіліміздің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысының сөз жасау, өзгерту тәсілінің ізі берік сақталған.

Түркі тілдерінің құрылысы жайлы айтқан ой-пікірлерінде атрибутивті тіркеске назар аударған. Әсіресе, изафет деп дұрыс аталмай келген дәстүрлі атаудың құрылымдық табиғатына терең тоқталады да оған жаңа атау: детерминативті (дәстүрлі изифет) тәуелді жалғаулы сөз тіркестерін (дәстүрлі изафет II және III) берген. Түркі тілдеріндегі бұл конструкциялар жалқы есімдерде, оның ішінде, географиялық атауларда кеңінен қолданыс тапқан. Зерттеушілердің пайымдауынша, *таудың басы* деген тіркес *тау басы* деген тіркестен көне. Соған қарағанда, тәуелдік жалғауларының екеуі бірдей кездесетін географиялық атауларды ең көне, бір ғана тәуелдік жалғаумен келген немесе жалғаусыз конструкциядағы топонимдерді соңғы дәуірлерге тән деп түюге болады. Тәуелдік жалғауының топонимдердің көбінде түсіп қалған, яғни элизиялық жайттар тілдік заңдылықтарға тән құбылыс.

Топонимдердің құрылымдық сипаттарын баяндаған ғылыми еңбектер жер-жерде баршылық. Олардың баса назар аударған мәселелері – синтаксистік құрылыстағы топонимдердің компоненттері, олардың орын тәртіптері.

Қазақстан топонимдері құрылымдық типтеріне қарай: *дара, біріккен, тұлғалы және көп құрамды* болып үшке бөлінеді. Алайда, бұларды құрамына қарай кейде екі топқа бөліп: толық құрамды атаулар – дара тұлғалы және күрделі тұлғалы топонимдер деп атаймыз. Дара тұлғалылар негізінен аппелятивтерден (жалпы есім сөздерден) жасалып, көбіне жұрнақ-жалғаусыз келеді. Мәселен, Айыр – тау асуларының бірі /2, 29/, Аса – Жамбыл облысындағы өзен аты /2, 52/ т.б. Бұл топтағы топонимдер жасалуы жағынан тілдік заңдылыққа, оның нормасына тікелей бағынышты. Дара тұлғалы атаулар ежелден белгілі, дәстүрлі қалыптасқан жолмен жасалып отырады. Оларға қосымшалар жалғау нәтижесінде жаңа тұлғалы атаулар пайда болады. Оны *туынды тұлғалы топонимдер* дейміз. Мәселен, Жарық – мекен, өзен, көл аты /2, 113/, Жыланды – Қазақстан бойынша әр тараптарындағы мекен аттары /2, 121/, Қайрақты – Қазақстанның оңтүстік және батыс атыраптарындағы далалы мекендердің және бұлақтардың аттары /2, 143/. Бұл топонимдердің құрамындағы қосымшалар: *-ық, -ды, -ті, -ты* т.б.

Топонимдердің, жалпы ономастикалық категориялардың түрленіп, тұлғаларының өзгеріп отыруында қосымшалардың рөлі зор.

Топонимдердің морфологиялық құрылымына қарай саралап жіктеу барысында анықтауыштық қызметі жағынан, әсіресе есім сөздердің басым екендігі байқалады. Ең көп кездесетін атаулар зат есім, сын есім, сан есім сөздерден жасалып отырған. Осындай есім сөздерден қатар топонимдік атаулар жасауға басқа да сөз топтары – етістік тұлғалар, есімдік, үстеу және басқалар қатысып отырғаны анық көрінеді.

Морфологиялық құрылымына қарай жіктеп, саралау барысында зерттеліп, отырған аймақтағы топонимдердің сөз таптарынан жасалу бірдей еместігін байқаймыз. Сан есім, үстеу сияқты сөз таптарынан жасалған топонимдерге қарағанда, өлкеде етістіктер мен етістік тұлғалы сөздердің қатысуы арқылы жасалған топонимдер дара, біріккен және күрделі тұлғаларда кездеседі. Олардың ішінде етістіктің ашық рай тұлғаларымен қатар көсемше тұлғаларымен келетін топонимдер де аз емес.

Етістік тұлғалы топонимдер тек Қазақстан топонимдеріне ғана тән құбылыс емес, олардың басқа да түркі тілдері топонимдерінің жүйесінде бары кейбір топонимстер еңбегінде бұрыннан айтылып жатқан мәлім.

Етістікті топонимдерді ішінара топтағанда: а) нағыз етістіктен жасалған топонимдер; б) қатыстық (жартылай) етістік тұлғалардан жасалған топонимдер бары байқалады.

Дара тұлғалы етістіктен жасалған топонимдер:

Бұқпан – Орталық Қазақстандағы және Сарқан өңіріндегі (Жетісуда) мекен аттары. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бұқпан сөзінің етістік мағынасын ғана ашыпты. Бұқпан атауларының мәнін объект есебінде «бұқпа» немесе «қалқан» есімдерімен тең мағынада деуге болады /4, 84/.

Демікпе – Жоңғар Алатауының шоқысының аты. *Демік* (ет. бұйрық райына) + *-пе* қосымшасын жалғау арқылы жасалған ороним /3, 105/.

Кешпе – мекен аты. *Көне түр. «кешу»* (ет.) түріндегі атау тұлғасы. «*Кечік, Кечув, Кесік*» формаларымен мәндес /2, 130/.

Балаөлген – Сарыарқадағы жайлау аты. Өсімдік сипатына сай қойылған атау. Бұзауөлген атауының аналогиясы бойынша: *балау* өлең тіркесімен қалыптасып, айтыла келе, біраз ықшамдалған, сөйтіп *бала өлген* формасын қабылдаған топоним /2, 63/.

Етістіктен жасалған топонимдер зат есім, сын есімдерден жасалған топонимдерден гөрі аз. Олардың ішінде нағыз етістіктен гөрі етістік тұлғалы сөздерден жасалған топонимдер, көбінесе есімшенің –ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер формалары арқылы жасалып, сол жер аты ретінде аталып отырған жердегі іс-әрекет, жай-жағдай, белгілі бір болған оқиғадан мағлұматы береді.

Етістік тұлғалы жер-су аттары: Барсакелмес, Кескентал, Кескенбегім, Көшкентал, Қашқанбегім, Қашқансу, Бөрітүскен, Оразбайқойған, Биесойған, Қалмаққырған, Балакескен, Қызкеткен, Күнтимес, Қостіккен, Терісаққан, Төрелелді, Қарынсалды, Ұзынқашқан, Есекқырылған, Сиырқырған, Тасқашаған, Жолбұзар, Ұзақөлген, Найзатапқан, Атбайлаған, Есекартқан, Желтмис т.б. /3, 35-48/.

Жер-су аттарын зерттеудің ғылыми мәні зор. Жер-су аттары дегеніміздің өзі ертеде сол атырапта өмір сүрген халықтың сөйлеу тілінің қалдықтары. Оған дау жоқ. Ол халықтар мейлі жойылып кетсін немесе бөтен өңірге ауып, олардың орнына басқалар келсін, бәрібір топонимдер тапжылмай ғасырдан-ғасырға өмір сүре береді. Топонимика сол жерде өткен және өзінің иесі боп табылатын халықтың тарихи сырын, аты-жөнін ажыратумен бірге оның этнографиялық шегін де ажыратады.

Қорыта келе айтарымыз, ұлан байтақ қазақ жерінің елді мекен, жер-су атаулары өзіне тән, еліміздің өзге аймақтар топонимдеріне ұқсамайтын стратиграфиялық ерекшеліктерге ие болуда. Қалай дегенмен де оның негізгі стратиграфиялық қабаттары аймақ топонимиясының ерекшеліктерін анықтауға белгілі бір дәрежеде маңызды рөл атқаруда. Бұл әлі толығымен зерттеуді талап ететін мәселенің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. – Алматы: Ғылым, 1190. – 159 б.
2. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
3. Жерінің аты. Елінің аты. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Арыс, 2005. – 150 б.
4. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: Сөздік-Словарь, 2010.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада етістік тұлғалы жер-су аттары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются топонимы глагольного происхождения.